*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылы 3-мамырда тіркеліп, №2904-Ж куәлік берілген*

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

**Ай сайын шығатын республикалық ғылыми-әдістемелік журнал**

**Меншік иесі – "Қазақ тарихы" ЖШС**

**№4 (171), СӘУІР 2019 жыл**

**1993 жылдың шілде айынан бастап шығады**

БАС РЕДАКТОР –
**Әбділдабек САЛЫҚБАЙ**

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
**Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков,** – *т.ғ.д. акад.;* **Б.Аяған, Ә.Мұқтар** – *т.ғ.д., проф.;* **Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ысмағұлов** – *т.ғ.д. доц.;* **Н.Әлімбай, А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева, Д.Салқынбек, Қ.Құнапина** – *т.ғ.к., доц.;* **С.Дүйсен** – *п.ғ.к.,* **Қ.Қарамандаев** – *тарихшы-зерттеуші.*

* * *

**С.Әбішқызы** – *тұңғыш бас редактор.* **Б.Матекова** – *ұстаз-әдіскер.* **Д.Игенбаева, Г.Серікбаева, С.Ишебаева** – *озат ұстаздар.*

Басуға 08.04.2019 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 1/16.
Шартты б.т. – 4. Офсетті басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1500.
**Индексі – 75748.**
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып, "Акимбаев" ЖК-де басылды.

*Ғылыми-теориялық мақала авторлары орысша, ағылшынша түйін және магистранттар тарихшы докторлардан жазбаша пікір ұсынуға міндетті. Мақаланың ғылыми нақтылығына, тілінің жатықтығына автор жауапты.*

***Ал ұстаздар журналға 1 жылға толық жазылған түбіртегінің көшірмесін салуы қажет.*** *Авторлардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Көшіріп басылса не пайдаланылса, сілтеме жасалуы тиіс.*

# МАЗМҰНЫ

## *Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар*

**Наргиза Сейсенбай.** Қазақ халқының қалыптасуындағы саяси факторлар...2
**Айнагүл Қайыпбаева, Ардақ Нұрмұхамбетов.** Қазақ қоғамындағы руханияттың дамуы ....4
**Сейітқали Дүйсен.** Қазақстанның көне тарихы ....7
**Өтеген Исенов.** Жалшылар – қазақ қоғамындағы әлеуметтік топ ....8
**Нұргүл Демеуова.** Ресейдің қазақты шоқындыру саясаты тарихынан ....11
**Назым Ақымжанова.** Қазақ жазуының қалыптасу тарихы ....14
**Тұңғышбек Байқұлов.** Мұстафа Бұралқиев – Алаш қайраткері ....16
**Оразгүл Мұхатова.** Архив ісінің маманы ....19
**A.E.Tuyakova, E.T.Seitov.** The contribution of A.N.Bokeikhan in the development of historical science of Kazakhstan....22
**By Gulnaz Razdykova.** Ethno-pedagogical traditions in the islamic education of Kazakh children ....24
**Айнұр Құдайбергенова, Мақпал Әлі.** Тәуелсіз Қазақстандағы саяси партиялар....27
**Еркін Киккаринов.** Ата-баба ерлігін насихаттау ....28
**Ботагөз Бауыржанқызы.** Павлодар облысының демографиялық дамуы ....31
**Ляззат Кожакеева.** Современные проблемы развития малых городов Казахстана ....33
**Гүлжанар Шуланбекова.** Жастар жылы ....35
**Арайлым Байгөбекова.** Мұстафа Шоқай эмиграция жылдарында ....37
**Диана Құндызбай.** Қазақ қоғамындағы әйел мәселесінің зерттелуі ....39
**Тайыржан Оразхан.** "Афина мектебі"....41
**Шаяхмет Әбуханов.** Құқықтық мемлекет құрудағы БАҚ-тың рөлі .... 43
**Асхат Сүмесінов.** Қала және ауылдың этнодемографиялық ахуалы ....44
**Асан Сүлейменов, Әлия Мамытбаева.** Ұлттық рухтың жаңғыруы ....46
**Раушан Балгозина.** Женшины в обществе военного времени .... 48
**Гульнара Исатаева.** Теория локальных культур О.Шпенглера .... 49
**Камшат Алпысбаева.** Политико-правовое значение свода законов "Жеті жарғы" ....51
**Ерғали Омарғазы.** Қазақстандағы денсаулық сақтау мәселелері....53
**Қанағат Ермекбай.** "Мәңгілік Ел" идеясының тарихи маңызы .... 55
**Жанар Тұрниязова.** Қазақстандық патриотизм....57
**Арайлым Қызырова.** Студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу ....59
**Лазиза Сарсен.** Философские аспекты виртуальной реальности....61

## *Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.*

**Гүлбаршын Қырғызхан.** Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі .... 64
**Г.Каненова, А.Ерманова, Р.Оразбекова.** Елжандылыққа тәрбиелеудегі өлкетанудың маңызы....66
**Рахия Дәрменова, Әсел Рахым.** Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру....69
**Айымкүл Қасымбекова.** Қазақтардың 1860-1870 жж. азаттық күресі.... 70
**Ләззат Жұмабекова.** Қазақ хандығының құрылуы ....72
**Светлана Қисымова.** Еңбек шарты ....73
**Әлия Байсақалова.** Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі ....74
**Лариса Қожахметова.** Талап Сәрсенғалиев – білім беру ісінің білгірі....75
**Самал Сейілқызы.** Даналық балалықтан басталады ....76
**Сәуле Қанағатова.** Ұлы Жібек жолы ....77
**Анар Жәкібалаева.** 1917-1924 жж. Ресей қаншалықты өзгерді? ....78
**Қарлыға Зайырлиева.** Тоқырау жылдарындағы Қазақстан.... 79
**Мая Нұркенова.** Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ ....79



**© "Қазақ тарихы" №4 (171), 2019 ж.**

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ САЯСИ ФАКТОРЛАР

*(XIII-XV ғасырлар)*

**Наргиза СЕЙСЕНБАЙ,**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2-курс магистранты**

**XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуы** – Қазақстан аумағындағы ежелден күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан этникалық процестің мәдени, рухани дамуының жалғасы және өзіне дейінгі өмір сүрген барлық тайпалардың заңды қорытындысы. Қазақ халқының қалыптасуындағы саяси жағдайды қазіргі талаптар тұрғысынан жаңаша көзқарастармен зерттеу –кезек күттірмейтін маңызды мәселе. Сондай-ақ қазақтың қалыптасуының XIII-XV ғасырдағы саяси факторлары арнайы тұрғыда зерттелмегені, тек этнос көлемінде ғана қарастырылғаны тағы аян. Сондықтан қазақтың қалыптасуындағы негізгі саяси факторларды анықтап, оларға баға беру басты мақсат ретінде алынып, **төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:**

*Халық болып қалыптасудағы негізгі фактілерді анықтау;*

*Қазақ халқының қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлін көрсету;*

*Әбілқайыр хандығы тұсындағы халықтың жағдайын анықтау.*

Жоғарыда көрсеткен міндеттерді қарастыра отырып, Қазақ хандығын жоғары деңгейде зерттеп жүрген т.ғ.д., профессор Б.Б.Кәрібаев, Б.Е.Көмеков, Т.И.Сұлтановтардың еңбектерімен танысу. Ондағы айтылмай қалған ойларды нақтылау. Зерттеуді қажет ететін дүниені ашу көзделді.

**Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап қазақ халқының қалыптасуы, хандықтың құрылуы туралы біршама еңбектер жарық көргені белгілі.** Олар – Б.Е.Көмеков [1], Т.И.Сұлтанов [2], Б.Б.Кәрібаев [3], т.б. ғалымдардың еңбектері.

**«Этнос» сөзі халық деген ұғымды білдіретіні мәлім. Этностың басты үш тарихи түрі бар.** Алғашқы қауым тұсындағы тайпалық одақ дами келе белгілі бір халыққа айналды. Халық дами келе тілдік, территориялық бірлікке, әлеуметтік, экономикалық тығыз байланысқа негізделген этностың ең жоғары түрі ұлттарды қалыптастырды [8, 4-б.]. Ұлттың маңызды айрықша белгісі этникалық сана-сезімі мен тілінің ортақтығымен, мақсат-мүддесінің бірлігімен анықталады. Халықтың толассыз қоныс аударуы бір ұлысқа жатып келген этностың әр түрлі ұлтқа айналуына итермелейді.

**Халық болып қалыптасу өте күрделі процесс. Ол үшін төмендегідей жағдайларды қажет етеді:**

*1.Халықтың өзіне тән мәдениетінің қалыптасуы;*

*2.Белгілі бір шекаралық аймақтық бөліністің болуы;*

*3.Қоғамдық-этникалық сананың көрініс табуы;*

*4.Өзін бір халықтың өкілі санайтын елдік, халық саны орнығуы;*

*5.Біртұтас қалыптасқан ортақ тіл;*

*6.Халықтың ортақ атауының қалыптасуы.*

**Осы фактілерді негізге ала отырып кез келген халықтың қашан, қалай қалыптасқанын, қалыптасуына негіз болған деректерді айқындаймыз.** Қазақ халқының қалыптасуы оның этногенезімен тығыз байланыста жүргеніне назар аударамыз [3, 10-б.]. Яғни сонау замандағы сақ, ғұн, үйсін, қаңлылардан бастап, түрік дәуірінде даму үстінде болып жетілгені, ал XIII-XV ғасырларда халық болып қалыптасып, ұлттық сипатта көрінуін байқауға болады. Ұлттық сипатта болу – ұлттық термині ұлтқа тиесілі дегенді білдіреді. **Ұлт – ортақ тіл, қалыптасқан мәдениет, біріктіруші салт-дәстүрлер мен діні бар адамдардың әлеуметтік құрылымы.** Кез келген ұлт бір уақытта құрылмайтыны белгілі. Оған дейін өмір сүрген тайпалардың жиынтығы болып табылады. **Әбдуәли Туғанбайұлының «Қазақ қандай халық» еңбегінде:** Қазақ – Азия даласындағы үш түрлі толқыннан тарағаны көрсетіледі. Олар: Орал-Алтай, сақ-скиф, ғұндардан кейін пайда болған халық деп көрсетеді [12, 10-б.]. Сонда біздің қазақтың негізгі өзегін сақтардан бастаймыз. Және де бертін келе халықтың қалыптасуы жайлы саяси факторлар да әсер етеді. Мәселен, басқа халықтардың шапқыншылығы, олардың үстемдік етуі де негізге алынады. Моңғол шапқыншылығы кезеңі соның дәлелі болып табылады. Негізгі саяси фактор ретінде қарастыра отырып қазақ хандары Керей мен Жәнібектермен салыстырғанда, Кенесары алғашында Шудың бойына тоқтамай, Іленің оң жағалауына өтіп кетті деп жазады. Жазда жаулауға Көксу мен Іленің аралығындағы Майтөбе жерін жайлады [13, 442-б.]. Яғни саяси көзқараста жер мәселесінің орны жоғары екенін көрсетеді.

**XIV-XV ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ пен Солтүстік Моғолстан халқының тұтас этнос ретінде қалыптасуына тарихи жағдай туды.** Қазақ этносы қалыптасқан аймақтарды Қазақ хандығы рутайпаларды біріктіре бастады. Біресе өзбектер, біресе өзбек-қазақтар, енді бірде қазақтар атанған Ақ Орда тұрғындарының, қазақ ұлыстарымен тығыз араласқан шығыс ноғайлардың, Жетісуда «моғол» деген атаумен аталатын дала көшпелілерінің ортақ этникалық сипаттары басым түсті. Ортақ тіл қалыптасқан этникалық аумақ шекаралары анықталды, мәдени-шаруалық түрі, бірыңғай материалдық және рухани мәдениеті қалыптасты. Адамдар санасында біртұтас халық екендігін мойындау сезімі нығая түсті. Қазақ этносы мен Қазақ хандығының пайда болу тарихы XVI ғасыр авторы Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде баяндалған. Онда қазақтардың жағдайы, даму ерекшелігі, мемлекет билеушілері, оларға бұл атаудың берілу себептері туралы арнайы сөз қозғалады [14, 112-б.]. М.Х.Дулат: *«Керей мен*

*Жәнібекпен еріп кеткендер өздерін «қазақтармыз» деп атады да, осы атау оларға біржолата бекіді»*,– деп жазады. Ұзақ жылдарға созылған қазақ халқының құрылу жолындағы этникалық құбылыстың ең жоғарғы сатысы «қазақ» этнонимінің пайда болуы және Керей мен Жәнібек хандар басқарған Қазақ хандығының құрамы 1468 ж. Әбілқайыр хан өлгеннен кейін топ-тобымен ағылып келе бастаған жаңа рулар мен тайпалардың есебінен ұлғая түсті. Қазақстанның кең байтақ даласындағы өз географиялық шептерінде күні бүгінге дейін тұрып жатқан «қазақ» этникалық қауымдастығы біржола орнықты. Қазақ – шын мәнінде жалпыхалықтық атау. Оның есептері бар. Әуелі, «қазақ» сөзі ертеден қолданыста еді. Тұрмыс-тіршілігі ұқсас, көшіп-қонып жүрген еркін тайпалар «Қазақ» атанған. Сөз мағынасы – «еркін», басқаша жорамалдауда – жылжымалы, көшпелі, т.б. Белгілі бір саяси билікке байланбаған, «еркін», қарулы адам – «қазақ». Бірлікке ұмтылған халыққа ортақ атау қажет болған. Қазақстанда күшті, ықпалды ру-тайпалар көп, бірқатары ертеде жеке мемлекет, жеке халық болған. Кең мағыналы атаулардың өзі ел ынтымағына шақырмады. Бірі – «өзбек», бірі – «моғол». Жетісу «моғолдары», «қазақ» деген ортақ атауды ұстанды. Сол атау бүкіл халықтың атауы, оның мемлекетінің атауы болып қабылданды. Қазақ хандығының құрылған уақытынан бастап, XV ғ. екінші жартысынан бері қарай жазба әдебиетінде де «Қазақтар» деп жазыла бастады. XVI ғасырда бұл атау өзге атаудың бәрін ығыстырып, негізгісіне айналды.

**Моңғол ұлыстары – Қазақ мемлекеті тарихының аса елеулі де күрделі кезеңдердің бірі.** Кезең 1224 жылы Жошы ұлысы шаңырақ көтергеннен бастап Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі уақытты қамтиды [4, 259-б.]. Аталған кезеңде өткен уақыттарда Шыңғыс хан бастаған моңғолдардың жауапкершілік саясаты тұрғысынан бір жақты жазылып келгендіктен, осы кезең туындысы болып табылады. XIV ғасырдың басында Жошы ұлысының қазіргі Қазақстанның Жайық өзенінің шығыс жағындағы және Арал теңізі мен Сырдарияның солтүстік жағындағы кең-байтақ аумақты қамтыған шығыс бөлігі Ақ Орда құрамына кірді [5, 108-б.]. **Ақ Орда – Алтын Орданың шығысындағы протоқазақтық ұлыс, кейіннен тәуелсіз мемлекет** [6, 808-б.]. Осы тұста Ақ Орданың алатын орны бөлек. Өйткені бұл мемлекет державадағы Қазақтың өзегі болып табылады. Егер ағаштың өзегі тамыр болса, онда Қазақ халқының өзегі Ақ Ордадан десек, қателеспейміз...

Моңғол жаугершілігінен біраз уақыт өткеннен кейін шапқыншылықтан зардап шеккен аудандар қалпына келтіріліп, қайта жанданып, шаруашылығы мен мәдениеті, сауда қатынастары дами бастады.

**Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жаңғыруы және біртіндеп нығая түсуі жергілікті түркі, түркіленген билеушілердің мәртебесін үстем етті.** Осыған орай Жошы мен Шағатай ұлыстарының билеушілері халық бұқарасының Алтын Ордаға наразылықтарын ұтымды пайдаланып, Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісуда өздерінің саяси билігін орнату мақсатында күрес жүргізді. Ымырасыз күрес біраз уақытқа созылды. Соның нәтижесінде XVI ғ. бас кезінде Алтын Орда құрамынан Солтүстік Шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аумақтары бөлініп шығып өз алдына бөлек Ақ Орда атты мемлекет құрылды.

**Орда Ежен билігінің саяси шекарасы жайлы Ш.Маржани былай деп хабарлайды:** *«Орда Ежен Ертістен Сырдарияның орта сағасы және бұл өлкеге сұғынып жатқан Ұлытау, Кішітау қойнауы, Іле мен Шу аралығында көшіп-қонып жүрген тайпаларды биледі»* [7, 82-б.]. Аталмыш өлкелерде қазақ халқының негізін құраған Арғын, Найман, Керей, Қоңырат, Жалайыр, Қаңлы, Дулат, Үйсін бөлімдері, үш арыстың ұрпақтары Алшын, Шөмекей, Кете топтары мекендейтінін көруге болады [4, 270-б.]. Бірақ барлық тайпалар бұл кезеңде қыпшақтар деген жалпы этносаяси атауға ие болды.

**Ақ Орда хандарының ішінде алғаш өз атынан ақша соқтырған Мүбәрәк қожа болды.** Ол осы қадамы арқылы іс жүзінде ел тәуелсіздігін жариялады [9, 313-б.]. Хандардың өз атынан ақша соқтыру ол кезде саяси билік дербестігінің белгісі болғандығын көрсетеді.

**Ақ Орда билігіне Орыс ханның келуі Ақ Орданың дәуірлеу кезеңі болды.** Мұндай дәуірлеуге үлес қосқан және бір тұлға – Тоқтамыс хан [4, 274-б.]. Қаншама қайшылықта болғанымен, Орыс хан мен Тоқтамыс екеуі де бір Ақ Орданың түлектері. Орыс хан Орда Еженнің екінші ұлы Қонша тармағынан, Тоқтамыс Орда Еженнің жетінші ұлы Хулэг әулетінен тарайды. Бірақ Ақ Орданың соңғы дәуірлеу тұсы да, құлдырау кезеңі де аталған екі тұлғаның атымен тікелей байланысты. Екі тұлға да пікір қайшылығы салдарынан Қазақ даласын түгелімен бағындыра алмады. Жетісудың батыс бөлігі ғана уақытша Темір билігіне өтті де, Моғолстанмен саяси одақ құруының арасында Ақ Орда территориялық дербестігін сақтап қалды. Жоғарыда мысал келтіргендей халықтың қалыптасуына ең бастысы жер керек екендігін көрсеттік. XIII-XV ғасырларда саяси оқиғалардың халық болып қалыптасуындағы негізгі рөлі күшейді. 1423-1428 жж. Орыс ханның немересі Барақ біраз уақыт бойы Ақ Ордадағы өз әулетінің билігін қалпына келтірді. Ақ Орданың соңғы ханы Барақ Самарқанның билеушісі Темірдің немересі Ұлықбекті жеңіп, Сырдарияның бойындағы көптеген қалаларды өзіне қаратады. Бірақ ол көп ұзамай қаза табады, сосын Ақ Орда жеріндегі билік Шайбан ұрпағы Әбілқайырдың қолына көшеді. Саяси жағынан іс жүзінде дербес, экономикалық жағынан тәуелсіз болған, сыртқы саясатта өзіндік бағыт-бағдары, билеуші хандарының әулеттік жөн-жосығы бар Ақ Орда мемлекеттік бірлестігі XIV-XV ғасырларда Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Түркістан жеріндегі этникалық топтардың, тайпалар мен халықтардың бастарын қосып, біріктіруде маңызды рөл атқарды. Кейін Ақ Орда мемлекеті Қазақ хандығының құрылуына негіз болды.

**1428 жылы Орыс ханның немересі Барақтың өлімі Ақ Орданың шаңырағын шайқалтты.** Осының салдарынан Ақ Орда біраз уақыт шайбанилердің қол астына өтті. Ақ Орда «Ноғай Ордасы» және «Әбілқайыр ұлысы» болып саяси дербестікке бөлінді. Билік қолдан-қолға ауысқанымен мемлекеттік билік жүйесі моңғолдық жүйесі бойынша, мемлекет билігі әскерге, әскери күшке сүйенді. Тарихи жазбаларда қалыптасқан *«даруғалар мен басқақтар негізінен салық жинаумен шұғылданды»* деген пікір нақты емес. Десек те халықтың белгілі бір жерге орнығып, қалыптасуына негіз болатын фактор, әрине – салық [10, 137-б.].

XV ғасырдың бірінші ширегінде Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында тұтанған соғыстар мен таласт-тартыстар Шайбани ұрпағы, Дәулет-Шайхтың баласы

Әбілқайырды жоғары көтерді [5, 156-б.]. Әбілқайыр хан Шайбани ұлысында билік басына тайпалардың едәуір бөлігінің – қыпшақ, найман, маңғыт, қарлұқ, қоңырат, қаңлы, ұйылған, күрлеуіт, кенегес және басқа тайпалардың билік етуші үстем таптарының қолдауымен келсе де, ол билеп-төстеген қырық жыл бойы оның мемлекетінде талас-тартыс толастаған жоқ.

Халық болып қалыптасудың негізі ретінде жаңа жерлерді игеру негізделеді. Далалық аудандарда билігін нығайтып алған Әбілқайыр өзін қолдаған көшпелі феодал ақсүйектердің көңілдерінен шығу үшін, жаңа жерлер басып алып, бағындыру мақсатымен оңтүстік аймақтар мен елдерге әскери жорықтарға шыға бастады. Ол қысқа мерзімде Хорезмді басып алып, Үргеніштi тонады. Артынан Самара мен Бұқараға тап берді [11, 327-б.].

Яғни Әбілқайыр хандығы тұсында халық барынша бірігуге талпынғанымен, арасында дау-дамай, ұрыс-жанжалдар болып тұрды. Бұлай болуы заңды еді.

**Қысқасы, халық болып қалыптасу – күрделі процесс.** Қазақ хандығының қалыптасуы саяси құбылыс болып көрінгенімен, этникалық үрдістің де бірге жүретіні мәлім. Сол себепті қазақ халқының қалыптасуына шамамен үш мың жылдай уақыт кетті. Сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың ежелгі Қазақстан тарихында орны қандай болса, олар қазақ халқының қалыптасуының бастауы болады. Түркі дәуірінде нығая түсіп, Алтын Орда кезінде бірігіп, кейін Керей мен Жәнібектің Қазақ хандығын құруы орын алды. Қазақ халқының мерейі үстем болғай.


### РЕЗЮМЕ

В этой статье определяются и оцениваются политические факты в формировании казахского народа. Предоставляются идентификация процессов, лежащих в основе формирования населения. В нем также описывается политическая ситуация в XIII-XV вв.



**Ключевые слова:** Казахи, народ, Белая Орда, Абулхаирское ханство, этнос.


***


In this article, political facts are determined and evaluated in the formation of the Kazakh people. The identification of the processes underlying the formation of the population is provided. It also describes the political situation in the XIII-XV centuries.



**Keywords:** Kazakhs, people, White Horde, Abulkhair Khanate, ethnos.


### ӘДЕБИЕТТЕР


1. **Көмеков Б.Е.** Қазақ халқының қалыптасуы.«Қазақ әдебиеті», 1993 ж.
2. **Сұлтанов Т.И.** Қазақ хандығының тарихы.
3. **Кәрібаев. Б.Б.** Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы, «Сардар», 2015 ж.
4. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелден орта-ғасырлық кезең). Алматы 2007 ж.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том.– Алматы: «Атамұра», 2010 ж. – 640 б.
6. Айбын. Энциклопедия. // Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 2011 ж.
7. **Мингулов Н.Н.** К некоторым вопросам изучения истории Ак-Орды. // Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). А., 1981 г. С.82.
8. **Бизақов С.** Түбі бір түркілер.Қазақ энциклопедиясы. Алматы, 2000 ж.
9. **Греков Б.Д., Кубовский А.Ю.** // Золотая Орда и ее падение. -М-Л., 1950.
10. Лувсанданзан. «Алтын Товч». –УБ., 1989 ж.
11. Тарихи Абу-л-Хайр хани, л. 236 б.
12. **Әбдуәли Қайдар.** Қазақ қандай халық?. Алматы, 2008 ж.
13. Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова (сборник документов). – Алматы: Гылым, 1996. – 512 с.
14. **Жолдаспаев С.М.** Х.Дулати және XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы. Алматы: Қазақ университеті, 2000 ж.


# ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ РУХАНИЯТТЫҢ ДАМУЫ:
## парасаттылық пен данышпандықтың көріністері


**Айнагүл ҚАЙЫПБАЕВА,**
**тарих ғылымдарының кандидаты,**
**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық**
**университетінің қауымдастырылған профессоры,**
**Ардақ НҰРМҰХАМБЕТОВ,**
**Т.Жүргенов атындағы ҚазҰлтӨнАк аға оқытушысы, PhD,**


**Қазақ халқының рухани өмірі бірегей әрі тәрбиелік мәні жоғары дәстүр мен жөн-жоралғыға өте бай.** Мұның басты құпиясы ұрпақ тәрбиесіне алаңдаушылық болса керек. Ата-бабаларымыздың өсиеттері мен өнегелі өмірі алдымен адами қасиеттерді, кісілік келбетті түзіп, данышпандық кемеліне жеткен парасатты тұлға қалыптастыруға бағытталған. Осы тұрғысынан келгенде дәстүрлі қазақ қоғамындағы парасаттылық пен данышпандық түсініктері мен тұлғаның бойына осындай асыл қасиеттер қалай қалыптасады, бағыт беруші кімдер деген мәселенің айшықталуының маңыздылығы артады.

**Парасаттылық – адам бойындағы ең асыл әрі жоғары кісілік қасиет.** Әдетте парасаттылық ұғымы тұлға бойындағы білім, мәдениет, көрегенділік пен зерделілік мағынасында да қолданылып отырады. Парасаттылық ұғымы өз бойына адами асыл қасиеттерді топтастырған. Сондықтан парасаттылықты жинақтаушы ұғым ретінде қабылдауға толық негіз бар. Мысалы, парасаттылық ұғымының аясына адамгершілік пен салиқалылық, мейірімділік пен инабаттылық, ізгілік пен әдептілік, ұстамдылық пен талғампаздық сынды қасиеттерді жатқызуға болады. Сонымен қатар күнделікті өмірде парасаттылық

ұғымы ақыл, пайым деген сөздерімен тіркестене қолданылады. Ал даналық ұғымы өмірлік тәжірибемен келіп, адамның сол өмір жолында жинаған білімі мен рухани ілімінің қосындысынан тұрады. Демек, даналық тұлғаның зияткерлік тұрғыдан кемелденуі немесе дамуының жоғары шыңы болып табылады. Бір белгілісі даналық ұғымына нақты анықтама айту әсте мүмкін емес немесе оның мазмұндық ауқымы өте кең. Ал аталмыш ұғымдар түсінікті болса қазақ қоғамындағы парасаттылық пен данышпандылықтың тарихи бастаулары қайда жатыр деген келесі өзекті мәселе қызығушылықты тудырады.

**Парасаттылық пен данышпандықтың тарихи бастаулары – ел ішіндегі өнегелі жандар мен олардың қасиеті мол асыл өсиеттері.** Мұндай адамдар және олардың қисса, әңгімелері қазақ халқының күнделікті өмірінде көптеп кездеседі. Сондай тұлғалардың бірі – әулилер.

**Әулие – арабтың «уәли» сөзінің көпше түрі және мағынасында «қасиетті» ұғымында пайдаланылады.** Сонымен қатар бұл сөз «Аллаға жақын», «дос» сияқты мағыналарда да қолданылады. Ең бастысы бұл ұғым қазақ халқы ислам дініне мойын бұрғаннан бастап, қолданысқа енген. **Әл Хәкім ат-Термези:** *«Пайғамбар тек Аллаға ғана емес, әулиенің демеуіне де иек артады, себебі әулие пайғамбардан төмен болғанымен оның сайрап тұрған қызыл тілі ұдайы Алла Тағаланы еске түсіруге қызмет етеді, ал лүпілдеген жүрегі Алланың нұрымен нұрланған»,–* деген екен [1]. Міне, осындай Алла жолындағы адал қызметі туралы аңыз-әңгімелер халық арасында кеңінен таралып, белгілі дәрежеде әулиелерге деген құрмет пайда болды. Тіпті діннен хабары аз немесе діни ілімнен алыстау жатқан халықтың бөлігінде әулие культі де қалыптасып үлгерген. Негізінен әулиелерді бойында таңғажайып қасиеті бар, әрі береке мен бірліктің бастауына айналған тұлға ретінде таниды. Ал олардың қабірі басына тұрғызылған кесенелері мен мазарлары сол ғасырдың сәулет өнерінің керемет ескерткіші ғана емес, зиярат орнына да айналып жатады. Елімізде халық арасында аса танымал болған Арыстанбап, Ахмет Яссауи, Шайқы Ибраһим, Бекет ата және т.б. әулиелер басына тұрғызылған кесенелер халық көп жиналатын орынға айналды. Қазақ арасында ислам дінін таратып, осы жолда өмірін сарп етіп, жанын қиған Арыстан бап, Қожа Ахмет Иасауи, Масат ата, Укаша ата секілді арғы тегі хазірет пайғамбардан таралған әулилер ерекше ілтипатқа ие. Олардың тұқым-жұрағаттарын халық қожа деген әлеуметтік қабатқа жатқызып, ақсүйек деп ардақтап келеді. Сонымен бірге дінді тарату жолына күш салып, бұқараны имандылыққа үндеген жергілікті халықтан шыққан Әулие ата (Сатық Бұғра Қара хан), Бахауиддин Нақышбанд, Бекет ата, Науан хазірет, Марал ишан, Қалжан ахун, Мәшһүр Жүсіп Көпей, Шәкәрім секілді тұлғалар да әулиелік жолды жалғастырушылар болып есептеледі [1].

**Әулиелерді таңғажайып тылсым күш иелері ретінде қарастырғандықтан, олардың кесенелері мен мазарынан ауруына шипа іздеп келетіндер де көптеп кездеседі.** Қазақ халқы арасында әулиелерді айшылық алыс жерді бір сәтте жүріп өту, ғайыптан әрекет ету сынды тылсым әрекеттердің иесі деп таныған. Мысалы, қалмақтың ханы Тоқбура мен Көгентүп атты жігіттің арасындағы аңыз. *«Ол кезде Түркістан маңын қалмақтың Тоқбура деген ханы билеп тұрған екен. Мейманасы тасқан жауыз күнде қазақтың бір қызын қойнына салып отыруды әдетке айналдырыпты. Бұл қорлыққа жау езгісіндегі халық қарсы ештеңе істей алмай күйзеліпті. Содан күндердің бір күнінде кезек Көгентүп деген жігіттің қарындасына келіпті. Бұл арпа орып жатқан жаз мезгілі екен. Көгентүп егін орағының басында жүрсе керек. Оның бойында әлдебір қасиет-күш болыпты. «Қарындасына кезек келді» дегенді естігенде намыстан өртеніп, ызаланған жігіт арпаны алақанына салып үгітіп, масақ қылтанағын дұшпанды бағыттай үрлеп жібереді. Сол қылтанақ ұшып барып әміршінің жүрегіне қадалып өліп кетіпті. «Жауыз хан ажал құшыпты» дегенді естіген ел бұған қатты қуанады. «Дұшпанға өлім қаптырған кім болды екен» деген сөз тараған кезде, әр жерден «мен өлтірдім» деушілер де шығыпты. Сонда Көгентүп: «Хан неден, қалай өліпті, соны біліңіздер, егер жүрегіне арпа масағының қылтанағы қадалып, содан өмірем қатса, онда ажал менің атқан арпа оғымнан келгені»,– дейді. Соның айтқаны рас болып шығады. Содан бастап Көгентүп есімді әлгі жігіт Оқшы атанған екен. Қазір Шиелі жерінде әулиелер қорымында үлкен кесенеде жатқан Оқшы ата сол Көгентүп дейтін аңыз бар»* [2, 125-б]. Міне, ел арасындағы мұндай қисса, әңгімелер әулие адамды таңғажайып тылсым күш иегері ретінде сипаттау ертеден қалыптасқан және әр әңгімеге арқау болған әулиенің өмірі үлгі аларлық дәрежеде сипатталады.

**Қазақ халқының парасаттылық және данышпандық сынды асыл қасиеттерін ел ішінде әрі өскелең ұрпаққа сіңіруде септігін тигізетін тұлғалар аз емес.** Солардың қатарында кедейдің мұң-мұқтажын жоқтап, әділетсіз бай алдындағы кеткен есесін қайтарып бере алатын тұлға – Алдар көсе. Ол – қазақ халқының арасында кеңінен тараған аңыз-әңгіме кейіпкері. **Алдар көсе туралы Е.Д.Тұрсынов өзінің «Генезис казахской бытовой сказки» атты еңбегінде:** *«Подобные циклы имеются и у туркмен и киргизов, хотя по объему циклы сказок об Алдаре у этих народов далеко уступают казахскому циклу. У туркмен, например, Алдар косе уступает место Насреддину... У киргизов же с именем Алдара связано всего несколько сюжетов. У других тюрок (татар, турок, азербайджан, крымских татар, ногайцев, кумыков) такого цикла нет вообще. У турок, крымских татар и азербайджан герой фигурирует просто как Косе, без прибавления к этому имени второго – Алдар. У сибирских тюрок и монгольских народов героя Алдара или Косе нет вообще. Следовательно, тип сказочного персонажа Алдар косе и цикл сказок и анекдотов, связанных с его именем, сложились вначале у казахов, а уже потом этот герой в составе ряда сюжетов перекочевал к туркменам, киргизам и татарам (у последних имя Алдар тоже изредка встречается в бытовых сказках). К такому выводу на основе других данных пришел в свое время А.Маргулан»,–* деген болатын [3, 159-б.]. Әрине, Алдар көсе бейнесі тек қазақ қана емес, өзге де түркі халықтарына да тән кейіпкер. **Алайда тек қазақ халқының күнделікті өмірінде ғана белсенді айтылып келеді. Оның себептерін Әлкей Марғұлан:** *«Отсюда ясно, что многие легенды и сказания, возникшие в период гузов и кипчаков, органически вошли в казахский эпос, вместе с племенами, вошедшие в казахский союз. Кроме того, этот факт дает нам основание заключить, что героический эпос, легенды и*

*предания, относящиеся к периоду гузов и кипчаков, в основном складывались на территорий Казахстана и в тот период, когда они кочевали между степями Центрального Казахстана и Сыр Дарьей (VII-IX). И не случайно, что такие легендарные образы, как "Коркуд" и "Алпамыс", "Алдар-Косе" ярче всего сохранились в степях Казахстана»,–* деп Алдар бейнесін жасаушы тайпалардың кейіннен қазақ халқының этникалық құрамына енуін алға тарта отырып, қазақ халқы неліктен Алдар көсе бейнесін өздерінің аңыз-әңгімелерінде көп пайдаланғанының себептерін ашқан [4, 80-б.]. Дегенмен, шығыс ертегілерінің ортақ кейіпкері болып табылатын Алдар көсенің өмір сүрген тарихи кезеңі мен оның өмірбаянына қатысты нақты деректер жоқтың қасы. Тек оның әкесі туралы мәліметтер кездеседі. Мысалы, *«Алдардың әкесі Алдан момын адам болыпты. Оның өмір бойы кәсібі қой бағу екен. Баққан қойы байдікі болған»,–* деп басталатын аңызда Алданды бай өз жұмысына жалдаған кезде *«Асты жатып ішесің... Бардан ауысады, балдан жұғысады, жүзді айдап, бірді жетелейсің»,–* деп алдап, жылдап бағып ақысын сұрағанда *«есің кетсе, ешкі жи»* деген деп, жалғыз ешкі жетектетеді. Алдан ақысын даулап алдына барса, оны хан да алдайды, «шариғат солай» деп қазы да алдайды. Басы ауырып барса, бақсы да алдайды. Базарға барса, саудагер де алдайды. *«Көзіңді жұмсаң керемет көресің»* деп, ұры да алдайды. Сөйтіп Алдан ешкімнен әділдік, теңдік таппай зарығып, торығып жүргенде Алдар туады. Алдарды әлдилеп отырып әкесі:

*Алдаушы арсыз көбейіп,*
*Ардан тойдым, қарағым.*
*Әділеттік таба алмай,*
*Заңнан тойдым, қарағым.*
*Арсыз заман – азаптап,*
*Жаннан тойдым, қарағым.*
*Арашашы болсын деп,*
*Алдар қойдым, қарағым,–*

деп, жауыздықтан көрген қорлығын, ызасын баласының бойына ана сүтімен, бесік жырымен бірге сіңіреді [5, 37-б.]. Осы тұлғаның да өмірі мен тауып айтқан әңгімелері әділдік пен парасаттылық, данышпандықтың қайнар бастауына айналған.

**Қазақ халқының дәстүрлі қоғамында парасаттылық пен данышпандық сондай-ақ дана, бишешендердің де өнегелі қызметтерінен жарқын көрінеді.** Дәл тауып, қара қылды қақ жарған әділ шешімдері арқылы өскелең ұрпақ парасаттылық пен данышпандықтың рухын бойына сіңіреді. Қазіргі таңда би сөзінің этимологиясы туралы қалыптасқан нақты пікір жоқ. Атап айтқанда осы мәселе төңірегінде өз зерттеу жұмыстарын жүргізген В.Радлов пен Г.Вамбери би сөзінің шығу тегін биіктік, жоғарылық ұғымдарымен байланыстырған. М.Әкетай өзінің *«Қазақ халқының дәстүрлі сот жүйесінің ерекшеліктері»* атты зерттеу жұмысында би сөзінің мағынасын түркі тілінен бастау алатындығын атап өтіп, ұғым ретінде бұл сөз басқару, сонымен қатар билік немесе билеу сөздерімен астасып жатқандығын көрсеткен [6, 10-12-бб.]. Қазақ халқының тарихында әр рудың ішкі істеріне жауапты, оларды шешу бір сөзбен айтқанда сот қызметін атқарған билері болған. Кез келген даулы мәселенің шешімін билер кеңесі қарастырып, қос тарапты да қанағаттандыратын әділ шешім шығарған. *«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»* деген нақыл сөздің түп-төркіні де дәл осы даулы істерді шешер кезде туған-туысым деп бұра тартпай, істің әділ шешілуіне жағдай жасау керектігін білдірген. Алайда ру істеріне жауапты билер шешімі даулы болса, немесе шешім шығару қиындық тудырса, істі төбе би шешіп отырған [7, 78-б.]. Әрине би ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын лауазым санатына жатпайды. Би болу үшін қазақ халқының әдеті мен ғұрпы, салты мен дәстүрін, өткен тарихы мен қоғамның бүгінгі жағдайынан толық хабардар, қоршаған ортаның табиғи құбылыстарының ерекшелігін терең білетін, тумысынан тапқыр адам болу қажет.

**Ал шешендердің пайда болуы белгілі бір қоғам сұранысы немесе қоғамның дамуымен тығыз байланысты.** Демек, шешендік қоғамдық құбылыс санатына жатады деп айтуға толық негіз бар. Өйткені олардың пайда болуы мен қызметі қоғам игілігі үшін жұмсалады. Әсіресе, олардың халыққа бірлікті насихаттап, елдікке жетелеуі сияқты мысалдар жұрт арасында көптеп кездеседі. Шешендердің ерекшелігі – олардың от ауызды, орақ тілді болып келуінде. Ұлы Дала жеріндегі шешендік өнер тым әріден басталады. Мысалы, XII-XIII ғасырлардағы Майқы би, Кетбұға би, XIV ғасырлардағы Жиренше шешен сынды заманының от ауызды, орақ тілді тұлғалары жеріміздегі шешендік өнердің бастауында тұрды. *«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би»* дейтін нақыл сөз де қазақ даласындағы шешендік өнердің бастауы екендігінің анық дәлелі [8, 31-б.]

**Ал жер жаһанға танымал болған әл-Фараби, әл-Хорезми, ибн Сина және тағы да басқа ғалымдардың жаңалықтары білімнің салтанат құрған кезеңіне жетелейді, идеяларын өміршең етеді.** Ұлы Дала жерінен шыққан ойшыл-ғалымдардың еңбектері жалпы философиялық мәселелермен қатар діни, эстетикалық тұрғыда жазылуымен ерекшеленеді. Ғалымдардың еңбектерінен олардың жанжақтылығы мен сол кезеңдегі еуропалық ғалымдар көтерген мәселелерді де қамти білген [9].

Жоғарыда аталған тумысынан ерекше жандар – Ұлы Дала жеріндегі парасаттылық пен данышпандықтың жарқын өкілдері және олардың өмірі мен қызметі бүгінгі ұрпақ бойына ұлтжандылық пен отансүйгіштік қасиеттерді сіңірудің таптырмас жолы.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Тойшанұлы А.** Әулие // Электрондық ресурс: http://adebiportal.kz/kz/news/view/15524

2.**Ысымұлы А.** Қожаберген жырау және тарих тағлымы // Дауылпаз баба Қожаберген жырау. – Тарихитанымдық жинақ. – Астана, 2014. – 376 б.

3.**Турсунов Е.Д.** Генезис казахской бытовой сказки. – Алматы, 2004. – 192 стр.

4.**Маргулан А.** О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Казахского филиала АН СССР. – серия историческая. – Алматы, 1946.

5.**Молдатаев Қ.Б.** Алдар көсе жайлы зерттеулер // ҚазҰУ хабаршысы. – №3 (149). – Алматы, 2014.

6.**Әкетай М.** Қазақ халқының дәстүрлі сот жүйесінің ерекшеліктері // Заңгер. – 2015. – №6 (167).

7.**Оразбаева А.** Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы, 2004. – 206 б.

8.**Жұбаниязова Қ.О.** Шешендік сөздерді оқыту. – // Тіл және әдебиет. – Алматы, 2013 ж. – №5.

9.**Қасымжанов А.** Рухани тамырлар // Қазақ. – Алматы, 1994. – 98 б.

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨНЕ ТАРИХЫ
## *және Ақжан Машанов*

**Сейітқали ДҮЙСЕН,**
**Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты**

**Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушылардың бірі, алғашқы корреспондент мүшесі Ақжан Жақсыбекұлы Машанов (1906-1997) –** жан-жақты білім иесі. Бес томдық «Қазақстан тарихы» еңбегінің 4-томында республика Ғылым академиясы құрамына алғашқы сайланған ғалымдардың аты-жөндерін көрсете келіп, сол кездегі *«...республика ғылымының дамуы осы ғалымдардың есімімен байланысты болды»* деген баға беріледі [1,551]. Ақжан Жақсыбекұлы тау-кен ісін, жер құрылысын зерттейтін ғалым болғандықтан, республиканың жер-су атауларына, тарихи географиясына да көңіл бөліп отырды.

Соның бір дәлелі – **А.Машановтың (әл-Машани) ежелгі қазақ тарихы мен археологиясына қатысты «Жер сыры. Жер құрылысы. Қазақстанның тас-қола дәуірі мирастары»** (3-кітабы) **және «Таста түйілген тарих»** (4-кітабы) еңбектеріндегі Орталық және Шығыс Қазақстан өңірлерін мекендеген ежелгі адамдардың кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімдері, солардан қалған тарихи-мәдени ескерткіштер туралы жазбалары мен ой-пікірлері.

А.Машанов өз уақытында ұлтының ежелгі тарихына қатысты зерттеулердің жұтаңдығын ескере отырып, өзінің экспедициялар кезіндегі геологиялық барлау жұмыстарымен қатар қазақ жерінде кездесетін заттай тарихи деректерге де назар аударып, көне көш жолдарындағы отырықшы мәдениеттің ескерткіштеріне, архитектуралық құрылыстарға, яғни ежелгі қала мәдениетінің іздеріне зер салып, жәдігерлер кездессе, жинақтап, археолог ғалымдарға хабарласып отырды. Бір жағынан өзі де ізденіп, жартастардағы белгісіз суреттердің, кездескен көне жәдігерлердің сырын ашуға ұмтылды.

Тарих ғылымдарының докторы Гүлбану Жүгенбаева Ақжан Машанов қазақ тарихына қатысты деректердің маңызды бір бөлігіне сайын даладағы материалдық, заттай деректерді жатқызды деп пайымдайды [2,108].

**Кәсіби тарихшы болмаса да Ақжан Жақсыбекұлы:** *«... Жазба тарих жиналмаған жерде ауызша шежіре алысқа бара алмайды. Сол себептен біздің қазақ халқының шежіресі Шыңғыс ханның төңірегінен әрі ұзамайды»*,– деп түйеді «Әл-Фараби және Абай» еңбегіндегі «Мәдениет тарихы» деген тарауында [3, 296].

Ақжан Машанов өзінің геолог ғалым Т.А.Ақышевпен бірігіп жазған «Қазақстанның тас-қола дәуірі мирастары» еңбегінде Қазақ даласын көне замандарда мекендеген ежелгі адамдардың табиғи ортаға жақсы бейімделген тұрмыс-тіршілігі, кәсіптері туралы қытай, шығыс және орыс деректеріне, қазақ даласында кездесетін тарихи-мәдени ескерткіштерге және геолог ретінде көне кен орындарының қалдықтарын зерттей отырып құнды пайымдаулар жасайды.

Әрине, Ақжан Жақсыбекұлы кәсіби тарихшы болмағандықтан, сол кездегі тас, қола, темір дәуірлеріндегі Қазақстан жерін мекендеген көне рутайпаларды «гундар» «сақтар» деген жалпы ортақ атаумен береді.

**Ғалым ежелгі ру-тайпалардың қоғамдық өмірі туралы былай деп толғайды:** *«...Кешірек гун деген скиф типтес тайпалар тарих төріне шықты. Жун және Сюн тайпалары, біздің заманымыздан бұрынғы VII-IV ғасырларда, немесе осыдан 2700-2400 жылдар бұрын Енисей маңайынан Орта Азияға дейін Жундер мен Сюндер көшіп-қонып өзінің қарсыластары қытайлармен қаншама қақтығыстар жүргізді. Олардың көшбасшылары мықты адамдар еді»,*– деп сипаттайды [4,184].

*«Мал шаруашылығы, тары өсіру – олардың негізгі кәсібі. Көшбасшысынан бастап әрбір үйге дейін әркім өз малын өзі баққан. Бір-біріне еңбек ету дұрыс деп саналмаған. Ет, қымыз олардың негізгі тамағы болатын. Киімдерін жүннен тоқып киетін еді. Жундер есіктері күннің шығысына қараған киіз үйлерде тұратын. Сол киіз үй, ол үйдің есігінің оңтүстік шығысқа қарауы – осы замандағы қазақ даласында әлі сақталып келеді»,*– деп пайымдайды А.Машанов [4,184]. Автор бұл жерде алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі қоғам мүшелері арасында әлі меншік, мүлік теңсіздігі болмаған кезеңді сипаттайды.

А.Машанов ғұндардың қоғамдық-саяси құрылысы туралы айта келіп, көш және ру басшылары өте күшті, айлакер батырлар болған. Бір қоныс көш басшысына бағынған. Жүз үйден мың үйге дейін бір тайпа болып аталған. Маңызды мәселелерді шешуде жасы үлкен әйелдердің пікірі есептелген. Соғыс мәселесі күрделі деп саналып, оны көш басшылары бірігіп шешкен. Ғұндардың жоғары басшылары төменгі басшыларға оң көздерімен қарап, қамқорлық көрсетіп отырған, ал төмендегілері жоғарыларға өздерінің шын жүректен берілгендіктерін, адалдықтарын көрсетіп отырғанын жазады.

Автор Моңғолия мен Қытай мемлекеттерінің қазіргі территорияларының жапсарларында кейбір қалалардың аты ғұн-сақ тайпаларының атымен аталады деп, дәлел ретінде Жун-Булен (Жунн), Гун-Гуань (Гунн), Синьбинь (Сяньби), Хунь-Чунь (Хунн Чунн), Дунь-Хуа (Дунху) қалаларын келтіреді [4,185].

А.Машанов өз еңбектерінде ғұндардың металл өңдеу кәсібі туралы мол мәліметтер береді. Ғұндардың шеберлер, ұсталарын жинап жерден металл табуды алға қойып, металл тастардан металл алу жолдарын іздеу жұмыстарын талдайды.

Автор шеберлер, ұсталар тайпа басшыларына мыс, қалайы, алтын, күміс, утас тапқандарын айтып, олардың металл бұйымдарын көрсеткен. Ғұн басшылары шеберлер мен ұсталардан кішігірім топтар жинап, жер қыртысынан металл іздеуді тапсыратын. Ғалым ғұн ұсталары тотыққан мыс рудаларын көптеп тапқанын жазады.

*«Ғұн ұсталары,– дейді автор,– мыс минералдарын көк, жасыл, көкжасыл, қоңыр-күрең түстері арқылы іздеген, әсіресе, металды мыстар бірнеше килограмынан 10-15 килограмға дейін табылған. Мысалы, сол кездері 500-600 жылдар ішінде Жезқазған кен орнында тотыққан минералдар, металды мыс 10 мың тоннаға дейін алынған. Қазылған ашық орындар осы заманға дейін сақталып, XIX ғасырдың аяғында ағылшын, одан соң орыс*

*іздеушілері жергілікті қазақтардың көрсетуімен Жезқазған рудасын ғұн тайпаларының «кен қазған апандарының» орны арқылы анықтап картаға түсірген. 1927-1929 жылдары қазақтың ұлы ғалым геологы Қаныш Сәтбаев ескі ғұн кен қазған орындарын «выработки чудских времен» немесе «Чудские выработки» деп атаған. Оның мағынасы ерте ғасырлардағы «жабайы адамдар» қазған орын деген сөз»,*– деп түйіндейді [4,186].

**Автор көне орындар металл жыныстарын алу үшін 15-25 метр тереңдікке апарылған.** Археологтар осындай жерлерден тас, сүйек, ағаш, мыс, қола заттардан жасалған қашаулар, сынықтар, балталар, ұрғыштар, сыналар, руда салынған қапшықтар, адамдардың сүйектерін тапқандарын келтіреді. Адам сүйегінің қаңқасының табылуы апандарда кенет құлаулардың болғанына куә (өлімнен сақтану өте қиын болған) деген ой айтады [2,191].

Ақжан Жақсыбекұлының бұл жазбаларынан біз Қазақстан жерінде ежелгі замандарда ата-бабаларымыздың кен қазып, металл өңдеген орындары арқылы ресейлік және кеңестік геологтардың кен орындарын ашып, солардың негізінде кейінгі замандарда ірі өндіріс орындарының салынуына пайдасы тигені туралы тың деректер білуге болады.

Ғұн шеберлері мыстан жүген, ер-тоқым, балға, шоқпар жасаған. Қоладан найза, қылыш, пышақ, балта, шот, қасық, ожау, қазан, ыдыстар жасаған.

Автор ғұн тайпаларының темір металлургиясын меңгеріп, таза металл алғанын, біздің эрамыздан 2000 мың жыл бұрын мыс, қола, қалайы, қорғасын, мырыш, никель және темір алудың металлургиясын жақсы меңгергенін жазады. Кішігірім руда қорытатын пештерді ойдағыдай жасай білген.

**А.Машанов Қазақстан жеріндегі ежелгі металлургтердің металл қорыту технологиясы процесін тәптіштеп тұрып жазады.** *«Олар әуелі мыс, т.б. металдардың рудаларын тас соққыштармен уатқан, одан соң ұнтақтаған. Металсыз тастардың бірыңғай ұнтақталған байытылған бөлігін бірыңғай жинаған, осыны Қоңырат, Саяқ, Құмадыр, Жезқазған, Кенқазған кен орындарынан көруге болады. Олар ұнтақта мыстың, т.б. металдың қанша проценттік қоспасы бар екенін дәл білмесе де, жабайы өлшеуішпен анықтаған. Мыс ұнтағы 10 пайыздан 20 пайызға дейін, мырыш 2-4, темір 40-50, қорғасын 5-10, қалайы 1-5 пайызға дейін жеткізілген.*

*Халькопирит, борнит, ковеллин, халькозин, галенит, сфалерит, магнетит, т.б. минералдарды ғұн шебер ұсталары тас арасынан жақсы анықтап іздей білген. Ең әуелі тотыққан рудаларды малахит, лазурит, хризокола, куприт, т.б. еритіп алатын болды. Сондай-ақ металды мыс, қорғасын, темір рудаларынан алды. Ол үшін оларды ұсатады, ұсақтайды, содан соң ағаш немесе тас көмір қосып, сары топырақтан жасалған шахт-пеш ішінде жағылып қорытылады. Температураны жоғарылату үшін пештің астыңғы бүйірлерінен қолданылған тесіктер арқылы пайдаланылатын көріктер арқылы жел үрлеп, оттың қызуын жоғарылатқан»,*– деп тұжырымдайды [4,189].

Автор металл қорыту үшін күлі аз, қызуы күшті тас көмірді қазіргі Баянауылдың оңтүстік шығыс жағында 45 шақырымдағы Қызылтау деген жерден алғанын көрсетеді [4, 194].

Ақжан Жақсыбекұлының пікірінше қазақ даласындағы ежелгі металлургтер мыс алу үшін температураны 1600$^0$С-қа дейін жеткізе білген. Мыстың тамаша қасиеті, оның басқа металдардан қоспалар беруі. Мыстың осы қасиетін гун шебер ұсталары жақсы қолданған. Мысалы, мыс пен цинк қоспаларынан жез, ал мыс пен қалайы қоспаларынан қола алғанын жазады. Сонымен қатар автор қара мысты әрі қарай қорыту, қайнату арқылы таза мыс алған болар деп болжайды [4,190-191].

Біздің ойымызша А.Машановтың сол ежелгі адамдардың қарапайым тәсілмен болса да, кен өндіру, металды өңдеу технологиясы туралы тұжырымдары маңызды және қызықты.

**Ақжан Машанов геологиялық экспедиция кезінде тапқан археологиялық жәдігерлерді кезінде академик Әлкей Марғұланға табыстап отырған.** Археолог ғалымның Орталық Қазақстан мәдениетіне арналған 1979 жылы шығып, А.Машановқа сыйға тартқан кітабында *«Ардақты Ақжанға! Мәдениеттің үлгілі түрлерін жақсы көруің үшін. Жазушыдан. Әлікей Марғұлан. 3.04.1980»* деген қолтаңбасы осыған куә [4, 215].

Қорыта айтқанда А.Машанов басқа саланың ғалымы болса да, оның көне замандағы ел-жер тарихына қатысты еңбектерін Орталық және Шығыс Қазақстанның тарихи географиясын және археологиясын зерттеуге арналған жанама еңбектер қатарына қосуға болар деп түйеміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 4-том. - Алматы: «Атамұра», 2010. -752 бет.

2. «Ғұлама ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машанидің ғылыми мұрасының ұлттық идея контексіндегі тарихи құндылығы» атты ғылыми-тәжірибелік семинардың материалдары. - Астана: Мемлекет тарихы институты, 2014. - 234 б.

3. «Әл-Фараби және Абай». 2-кітап. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2005. - 296 бет.

4. **Машанов А.** «Жер сыры. Жер құрылысы. Қазақстанның тас-қола дәуірі мирастары». 3-кітабы. - Алматы: «Алатау» баспасы, 2006. - 288 бет.

# ЖАЛШЫЛАР – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТОП

**Өтеген ИСЕНОВ,**
**тарих ғылымдарының кандидаты, Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры**

**Дәстүрлі қазақ қоғамында ауыл шаруашылық жұмысына жалданған адамдарды – жалшылар деп атады.** Жалшы – бай-феодалдарға жалданумен еңбегін сатып, күнін көрген кедейленген әлеуметтік топ өкілдері. Жалшылар ауыл шаруашылығында: жер шаруашылығымен айналысатын аймақтарда егістік жерлермен бау-бақшаларды суландыру жүйесін орналастыру, егістікті егу және қорғау, шөп шабу,

арық қазу, мал бағу, қыста малға суат ою, үй, қорақопсыны салу сияқты құрылыс жұмыстарымен қатар терең құдық қазу6 т.б. мехнаты көп, қиын да жалақысы мардымсыз ауыр қара жұмыстарға жалданды [1, 143-б.]. **Жалдану сипатына қарай жалшылар екі топқа бөлінді:** бірі – бай шаруашылығына ұзақ мерзімге жалданып, онымен көшіп-қонып жүрді [2]. Екінші тобы – маусымдық жұмыстар істеп, кейін өз шаруашылығына қайта оралып отырғандар. Оған егін шаруашылығымен шұғылданатын оңтүстік аудандардағы науқаншы егінші орақшыларды жатқызуға болады [3, 14-б.].

**Жалшыларға байлардан еңбегіне ақы талап ету де оңайға түспеген.** Жалшы тобының тарихи аренаға шығуы қазақ ауылына капиталистік қатынастардың енуімен тығыз байланысты болды [1, 143-б.] И.Завалишин өз зерттеуінде Жетісу өлкесінде *«сұлтандар, билер мен саудагерлердің әрқайсысында мал басы 1000-нан кем болмаған. Жатақтардың байларға мал бағуға («қонсы») [2] баратыны, шептегі казактарға батырақтыққа жалданатынын»* жазады. Жалшылар көбінесе байларға қойшы ретінде жалданып жұмыс істеді. Г.Колмагоров, қазақ байларында жұмыс істейтін жұмысшылардан басқа кедей жалданған жұмысшылардың да бар болғандығын және жалданған жұмысшылар қожайындарының тапсырған жұмыстарының барлығын атқаратынын [1, 143-б.] айтады. Қазақ қоғамындағы батырақтар басқа руларға барып жалданып жұмыс істеген. Ата дәстүр бойынша, батырақтардың өз руларының ішінде жалданып жұмыс істеулеріне тыйым салынған ереже сақталған [1, 143-б.]. Патриархалдық тәртіп бойынша, бір рудың адамдары бір-біріне алыс-жақын туыстас болып келетін. Сондықтан бір рудан тарағандар бір атаның баласы деп танылған руластар қазақ ауылында «ата баласы» [4, 66-б.],– деп аталды. Бұлардың қарым-қатынастары белгілі бір шартты түрде емес, формальды түрде болған. Сондықтан аталас адамдар бір-біріне жалданып, жалшылық жұмыс жасауына болмайтын еді. Оның есесіне рулас бай адамдар жалақы беріп кісі жалдағанның есесіне «ата баласы» дегенді желеу етіп, рулас ата баласының «көмегін» тегін пайдаланғанды жөн көрген. **Мұндай жұмыспен өтеудің бүркемелі сипаты туралы академик Е.Бекмаханов:** *«Сұлтандар мен феодал шонжарлар туысқандық көмек деген желеумен кедейлерге құралдар мен тұқым берді, бұл үшін жарлыжақыбайлар қожайынның жерін жыртып, өз еңбегі үшін егіннің болмашы бөлігін алғандығын»* [5, 76-б.] жазған.

Көшпелі қазақтар өздерінің қысқы қыстаулары жанына құнарлы жердің шағын учаскелеріне дән сеуіп, басқалармен бірге жайлауға кететін. Кейбір жағдайларда көшіп жүретін егіншілер егістікті күзету үшін белгілі бір ақы төлейтін болып өздерінің кедей туыстарын қалдыратын. Қазақтардың өздеріне бағынышты қалмақтарды, қарақалпақтарды және басқаларын егіншілікпен айналысуға мәжүбір еткені көп кездесетін [3, 14-б.].

**Жалшылар жалдану мерзіміне қарай «жылдық», «маусымдық», деп бөлінген.** ***Жылдық дегеніміз*** **–** белгілі бір жылдар бойы қожайынға жалданып жұмыс істеген жұмыскер. Жылдық аталатын жалшылар бір байдың ауылына қоныстанған. Байдың дастарханынан ас ішіп, сауынға мал алатын, есесіне қожайынының шаруашылығын атқарған, өз отбасының басқа мүшелерімен байдың үй шаруашылығында да жұмыс атқарған. Жалпы жалшымен есеп айырысуды байлар қыс айларына қарай белгілеген. Байға қарызға батқан жалшы қарыздарын өтеу үшін феодалдың жылдар бойы жұмыс істеген жұмысшысы ретінде қалады. Кей жағдайда алды қыс болғандықтан үйренген жерінде қыстап шығуды ұйғарған жалшы келесі жылға жалданып қалуға мәжбүр болған. ***Ал «маусымдық» жалшылар*** белгілі бір уақытқа дейін келісіп, жалданып жұмыс істеген. Белгілі бір маусымдық мерзімге жалданған жалшылар «айлықтар» [5, 267-б.] аталған.

**Оңтүстік Қазақстанда маусымдық егін шаруашылығы жұмыстары ақпаннан қарашаға дейінгі айларды қамтыды.** Жалшылар ерте көктемнен қара күзге дейін, егістікті жинау кезеңінде жұмыс істеді (науқаншы, орақшы). Маусымдық жұмыскерлерді бай адамдар ұстады. Олар жалданған жұмысшыларды жеті айға, яғни сәуір айынан бастап, қыстың басына дейін немесе қыстың бес айына қараша айынан бастап жалдады. **Байдың малын бағуға жалданған жалшының тұрмыс-тіршілігін Абай Құнанбайұлы өлеңмен былайша шынайы бейнелген еді:**

*...Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай*
*Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай.*
*Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,*
*Ықтырма мен күзеуде отырар бай*
*Кедейдің өзі жүрер малды бағып,*
*Отыруға отын жоқ үзбей жағып.*
*Тонған иін жылытып, тонын илеп,*
*Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып* [6, 336-б.],

– дейді.

**Маусымдық жалшылар белгілі бір уақыттан кейін алған табысымен өздерінің жеке шаруасымен айналысуға отбасына оралатын болған.** Ауыл шаруашылығындағы кедей батырақтардың жағдайы ауыр болды. Деректерге жүгінсек, Түркістан қаласының маңында егіншілікке жалданған жалшы егін науқанының мерзімінің ішінде істеген еңбегі үшін егін орағынан түскен өнімінің бестен бір бөлігі мен екі ауыстырып киетін киім алатын болған. Ал егін шықпай қалған қуаңшылық жылдары жалшы маусымдық мерзімінің аяғына дейін жұмыс атқаруға міндетті болған [7, 267-б.].

**Қазақ қоғамындағы жалдау шарты бойынша жалданған жұмыскерлерге жалақы төлеуден басқа, бай өзінің есебінен тамақ беруге және киіндіруге, ал қыста тұрғын үй беруге міндетті болған.** Бұл жалдау шарты дұрыс сақталмайтын жағдайлары да болған. Жалшы мен жұмыс берушінің арасындағы келісім шарты туралы XIX ғасырдағы куәгерлердің айтуынша жазып алынған деректе: *«Жалшы келісім шартты бұзған жағдайда, қожайыны берген (киіп жүрген) киімдерін де қайтаруға тиесілі болған»* [7, 267-б.]. Жалшының еңбек жалақысының мөлшері жылына екі қой және бір атпен бағаланып берілген. Малмен есептескенде ірі қара малмен есеп айырысу сирек болған. Жалшы еңбегіне көбіне ұсақ мал – қой-ешкімен есеп айырысқан. **Жалшының тұрмыс жағдайы туралы Абай Құнанбайұлы:**

*...Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,*
*Артық қайыр артықша қызыметке орай.*
*Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,*
*Аңдыстырған екеуін құдайым-ай, – десе,*
*Алса да аяншақтау кедей сорлы,*
*Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.*
*Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,*
*Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы* [6, 336-б.],– дейді. Жалшы байға жалдану арқылы

жан бақты, отбасын асырады. Мұның бәрі бір сөзбен айтқанда, жалшылар қауымының байлардың шаруашылықтарына жалданып, жан сақтап күн көргендерін жоққа шығармайды. Қазақта: *«Бермесе де бай жақсы, жемесең де май жақсы»,* деген нақыл сөздер сол кездерден қалса керек-ті [8]. Жалшылыққа сүйегі қатпаған жеткіншек балалар да жалданған. Жалданатын жұмыскерлерге сегіз жасқа толған балалар алынған. Кәмелетке толмаған балаларды жалшылыққа ата-анасының келісімі бойынша алатын болған [1, 146-б.]. Кеңес өкіметі құрылып жатқан тұста *«Кеңес үкіметі халыққа теңдік әпереді. Жалшылар мен батырақтарды жарылқайды екен»* деген әңгімелер ел арасына кең тарайды. **Сонда бір жалшы батырақ:**

*...Айналайын батырақ,*
*Күнің туды жадырап,*
*Үкіметтен ақша алам,*
*Бай боламын қазір-ақ* [1, 146-б.],– деген екен. Жалшылардың өздерінің әлеуметтік тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін, өз шаруашылықтарын оңалтуға ешқандай мүмкіндіктері болмаған.

**Қорыта келе айтпағымыз:** жалшы ерекше бір құқыққа ие болған емес. Олар басқа жұмысшылар сияқты, байлардың қол астында жұмыс істегеннен кейін, сотта өздерінің қожайынына қарсы куә ретінде сөз сөйлей алмайтын. Жалшыны жалдаған жұмыс беруші келісім шартын өзінің қалауы бойынша бұза алатын болды. Феодалдық шаруашылықта жалдамалы жұмыскерлер, жатақтар жұмыс істеген, яғни бұл қазақ қоғамында елеулі өзгерістер болғанын көрсетеді. Жалпы қазақ қоғамындағы жалшылар әлеуметтік тобы XIX ғасырдың бірінші жартысында ғана жаппай етек алып, жалдамалы жұмысшылар қатарын көбейтті. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топ – жалшылардың пайда болуы сол кездегі қазақ даласында тұрақты капиталистік-өндірістік қатынас элементтерінің және қазақ жұмыскерлерінің қалыптаса бастағанын көрсетеді [9, 184-185-б.].


### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопрос социального слоя бедняков «жалшы» (наемных рабочих) в казахском обществе.

***

The article deals with the issue of the social stratum of the poor “miserable” (hired workers) in Kazakh society.


### ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жүйесі.: Оқу құралы. – Қостанай: ҚМПИ, 2010. – 207 б.

2.**Исенов Ө., Тастекова Г.** // Қоңсылар институты. Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті **ғылыми хабаршысы.** – №1. 2016. 05. – 321-326 бб. www.vestnlkstu.kz

3.**Исенов Ө., Балғабаева Г.** // Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топ – егіншілер. Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. №7. 2017. – 14-15-бб.

4.**Исенов Өтеген.** Дәстүрлі қазақ қоғамы: тұлғалар тұғыры. / Монография. – Қостанай, Шапақ ЖШС баспасы, 2016. – 355 б.

5.**Бекмаханов Е.** Қазақстан XIX ғасырлардың 20-40-жылдарында. – (Оқу құралы). – Алматы, Санат, 1994. – 416 б.

6.**Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.** Шығ. екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар – 1995. – 336 б.

7.**Зиманов С.З.** Общественный строй казахов первой половины XIX века и Бокеевское ханство. – Алматы: Арыс, 2009. – 400 с.

8.**Исенов Ө.И.** Дәстүрлі қазақ қоғамындағы байлар институты. // Академик Зұлқарнай Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті ғылыми хабаршысы. № 2. Мамыр. 2014. – 196-203 б. www.vestnlkstu.kz

9. **Исенов Ө.И.** Қазақ жұмыскерлері. Ғылыми журнал Атырау мұнай және газ институтының жаршысы. – №2 (29) 1212. – 76-82 б.


*ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!*




## "ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХИВ ІСІ" ЖАРЫҚ КӨРДІ

Тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор А.Қ.Ахметтің «Қазақстандағы архив ісі» (– Алматы: ЖШС «Лантар Трейд», 2018. – 424 б.) монографиясы жарық көрді. Монографияда Қазақстандағы архив ісінің қалыптасу тарихы жан-жақты қарастырылады. Тарихымызды тануда архивтің алатын орыны ерекше. Архив – ел игілігіне, келешек ұрпақтар мүддесіне қызмет ететін мәңгілік қазына. Зерттеу еңбек Алматы, Қызылорда, Орал, Атырау және Ресей Федерациясының Москва, Астрахан, Орынбор қалаларындағы архив қорларында сақталған тарихи мұраларға, түпдеректік құжаттарға сүйене отырып жазылған. Еңбек «Архивтану мәселелері», «Қазақстанда архив ісінің ұйымдастырылуы», «Қазақстанда архив құжаттарын сақтаудың тарихи тәжірибесі», «Құжаттар құндылығын анықтау тәжірибесі», «Мемлекеттік архив қорын пайдалану қызметі» және «Тәуелсіз Қазақстандағы архив ісінің жаңғыруы» атты тараулардан тұрады.

Зерттеу еңбек студенттерге, магистранттар мен доктрантарға, архив мамандарына, тарих сүйер қауымға арналған.

**Редакция.**

ОӘЖ: 93/94:327.2 (574) (045)

# РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚТЫ ШОҚЫНДЫРУ САЯСАТЫ ТАРИХЫНАН

**Нұргүл ДЕМЕУОВА,**
**С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың**
**Қазақстан тарихы каферасының аға оқытушысы,**
**тарих ғылымдарының кандидаты**

**Ресей империясы қазақты толықтай жаулап алғаннан кейін оларды ана тілінен, ғасырлар бойы ұстанған дінінен, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінен айырып, рухани құлдықта, мәңгүрттікте ұстауды көздеді.** Қазақ халқын шоқындыру патша шенеуніктері мен шіркеу миссионерлерінің негізгі міндетіне айналды. Патша өкіметінің жергілікті халықтарды «сауаттандыру ісінде» әкімшілік органдарға ең жақын, жанашыр көмекшілері православтық шіркеу мен оның миссионерлері болды. **Түркістан өлкесіндегі православиялық шіркеудің ең белсенді миссионерлерінің бірі Н.И.Ильминский 1860 жылы орталық үкіметке:** *«Қазақтар – мұсылман емес, олар шамандар. Сол себепті оларды христиан дініне кіргізу оңай болады»* [1],– деп баяндаған болатын. Себебі XIX ғасырдың ортасында сол кездегі отырықшы өзбек, татарлармен салыстырғанда көшпелі қазақ қауымында Ислам діні берік орнығa қоймаған еді.

**1886 жылы православ миссионерлері бірлігінің жиырма жылдығына арналған *«Көшпелі халықтар христиан діні мен мәдениетін қабылдауды қалай ма?»* атты жиында Н.П.Остроумов өзіндей миссионерлердің негізгі назарын қазақ даласына аударып:** *«Ресейге бағынатын азиялық көшпенділердің адамдық және мәдени тұрғыдан жетілуі және православтық орыс халқымен бірігуі үшін христиандықты қабылдаудан басқа жолы жоқ. Егер азиялық көшпенділер христиан дінін қабылдамаса, мұсылмандықты қабылдап, еліміздің дамуын тежейді, саяси үстемдік пен тұтастыққа қатер төндіреді»* [2,15-17-б.],– деп, қорытындылады.

**Тарихшы У.Ибраев өзінің «Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстандағы отарлық жүйесі» тақырыбындағы зерттеу еңбегінде:** *«отарлық билік жүйесі қазақ даласын жаулап алған күнінен бастап-ақ, жергілікті халықты өздерінің исламдық діни сенімдерінен ажыратып, христиан дінінің православтық ағымына сиындыру бағытын ұстанды. Бұл мақсатты жүзеге асыруда патша өкіметі бірнеше айла-тәсілдерге де көшкен еді, сонымен қатар мұсылман халықтарының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін зерттеуді, жергілікті әкімшілік орындарына міндеттеме ретінде қойды»* [3, 112-б.],– деп тұжырым жасайды. Яғни, патшалық билік бұл мәселеге ең күрделі істердің бірі ретінде, жылдар бойы өздерінің тікелей қадағалауында ұстағанын аңғаруға болады.

Алғашында Н.И.Ильминский мен Н.П.Остроумов секілді миссионерлердің қатаң талап етуімен қазақтар мен орталық азияның түрік халықтары қолданатын алфавитті ауыстыру бірінші кезекке шықты. **Н.И.Ильминский мен Н.П.Остроумов:** *«Алфавит әрдайым дінмен бірге қабылданады. Мысалы, Батыс Еуропа латын алфавитын латын шіркеуі, орыстар кирилл алфавитін славян шіркеуі арқылы қабылдаса, татарлар, қазақтар мен басқа да түрік халықтары, мұсылман елдері сияқты араб тілін ислам діні арқылы қабылдады. Араб тілі түрік халықтарын мұсылмандыққа жақындастырған ең маңызды жағдай болып табылады. Сол себептен де түрік халықтары жазуының күшін жойып, орнына кирилл алфавитін әкелсек, олар әрі христандықты қабылдайды, әрі мұсылмандықтан алыстайды»* [4, 20-б.],– деп, өз пікірлерімен бөлісті. Бірақ, олардың бұл жобалары іске асырылмай қалды.

**Миссионерлер Остроумовтың тікелей басшылығымен «Түркістан халықтарының рухани болмысын» зерттеуге бағытталған бағдарлама әзірледі.** Бағдарлама негізінде Н.П.Остроумов мұсылман халықтарының, әсіресе, қазақтың мұсылмандық пен ислам дініне деген ұстанымын тексеріп, кейіннен оларды шоқындыруды ойластырды. Дайындалған құжатта жергілікті отарлық әкімшілік мектеп, мешіт, медреселердің сандық есебін жүргізуге, орыс-түземдік мектептердің тұрғылықты ұлт өкілдерін орыстандыру жолындағы жүргізіп жатқан іс-шараларын анықтауға, патша өкіметіне қарсы өлкеде орын алуы мүмкін, теріс «пиғылдардың» алдын-алуы міндеттелді. Сонымен қатар, Сырдария мен Жетісу облыстарына қоныс аударған орыс шаруаларының есебін жүргізіп, қоныстанушылардың мекен-жайы, селолары мен поселкелеріне, шіркеу мен діни мектептер құрылысына Әулие Синодпен, халық ағарту басқармалары өз қаржыларынан қажетті мөлшерде ақша бөліп тұруға уағдаласты. Н.П.Остроумов бастаған миссионерлер тобына, Жетісу облысына қарағанда, Сырдария облысында христиандық діни ілім таратуы өте қиынға соқты. Бұған өзіндік себептер де бар болатын, яғни, Оңтүстік уездердегі сарттар мен бұқарлықтардың ислам діні мен мұсылманшылдыққа байланысты ұстанымдары қазақтарға қарағанда біраз ілгері еді, осы жағдайлар миссионерлердің бұл облыста қажырлы еңбек етулерін керек етті. Мәселен, Н.И.Ильминский Әулие Синодтың обер-прокурорына жазған хатында, шәкірті Остроумовқа үлкен үміт артатынын, оның бұл ауданда миссионерлік қызметін жоғары белсенділікпен атқаратынына сенім білдіреді [3, 112-б.].

Сол уақыттардағы Түркістан өлкесіндегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайды қарастыра отырып, **Ресейдің Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі көздеген мүддесін, академик А.Н.Кононов өзінің «История изучения тюркских языков в России» атты еңбегінде:** *«Для политики экономического освоения восточных окраин российской империи, было необходимо их*

*предварительное, идеологическое освоение путем привлечения живущих там народов и народностей в лоно православной церкви. Решение этой задачи взяли на себя православные миссионеры, которые проходили курс специальной подготовки в особых учебных заведениях для овладения языком и ознакомления с бытом и обычаями своих будущих подопечных»* [5, 90-б.],– деп, ашық көрсетеді.

**Қазақстан мен Орта Азиядағы православиялық миссионерлердің идеялық жетекшісі И.Ильминский Түрістан өлкесінде көптеген діни мектептер мен орталықтардың ашылуына тікелей себепші болды.** 1867 жылы соның басшылығымен Қазанда «Әулие Гурия» атты миссионерлік ұйым құрылды. Ұйымның бөлімшесі Түркістан епархиясынан да ашылып, жергілікті отарлық жүйенің шенеуіктері мен православиялық діни басшылық өкілдері кірді. Мәселен, ұйымға Ташкент пен Түркістан епископтары, Түркістан генерал-губернаторы барон А.Б.Вревский, Жетісу облысының әскери губернаторы, инфантерия генералы Г.А.Колпаковский, 1883-1901 жылдар аралығында Ташкент қаласындағы гимназияның директоры, «Туркестанская туземная газетасының» көп жылдық редакторы қызметтерін атқарған Н.П.Остроумов та кірді. Н.П.Остроумов өмірінің басым бөлігін ислам дінін зерттеумен айналысып, қазақ халқын шоқындыру жолында тынымсыз еңбек етті. Жоғарыда келтірілген лауазымды шенеуніктер аймақтық ұйымның негізін қалап, халықты шоқындыру мен орыстандыру ісінде түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланды. **Мысалы, отаршыл биліктің орыстандыру саясатын жүргізуші миссионерлердің пікірі бойынша:** *«...орыстану ұғымы: орыс тілі, орыстық әдет-ғұрып, орыстық сот және де басқа орыстық құндылықтар, дін бірінші кезекте, бір сөзбен айтқанда орыс рухы»* [6, 91-б.].

**Христиандық діни ілімді қазақтар арасында насихаттау ісі өлкеде миссионерлік қоғамның бөлімшелері ашылған соң кең өріс жая бастады.** 1899 жылы 28 мамырда Мәскеу митрополиті Владимирдің ұсынысы бойынша, Түркістан епископы өлкеде «Православиялық миссионерлік қоғамның» бөлімшелерін ашуды қолға алды. Осының нәтижесінде 1901 жылы 11 қарашада Верный қаласында ресми түрде епархилық комитет құрылып, оның құрамына қаланың ірі қызметтік шенеуніктері мен әскери шенді адамдары, көпестері енді [7, 31-б.].

**Миссионерлік қоғам әрдайым Әулие Синодтың бақылауында болып, ұйымның төрағалығын мәскеудің митрополитеті жүргізіп отырды.** Арнайы ашылған епархия Түркістан өлкесінің халқын шоқындыруда саяси мәселелермен айналысты. Түркістан епархиясының 1901-1902 жылғы «Шіркеулік және қоғамдық білім беру мектептерінің» есебінде епархияның бақылайтын аймағы анық көрсетілген. Онда: *«Түркістандық епархия 939683 шаршы версті алып жатыр, бұл аумаққа бүкіл Түркістан өлкесі мен Дала генерал-губернаторлығының бір облысы кіреді. Епархия құрамы төрт облыс, 19 уезден құралған бір бөлімше және 8 аймаққа бөлінген үш участоктан тұрады»* [3,114-б.],–деп, православиялық діни басшылықтардың аймақтарға қарай миссионерлік ұстанымдарын анықтап, белгілеу қажеттілігі айтылды.

XIX ғасырдың соңғы онжылдығында Қазалы, Перовск, Түркістан және Шымкент уездерінде орыс қоныстанушыларының арта түсуіне байланысты, әрбір құрылған село мен поселкеде приходтық орындар кеңінен ашыла бастады. Олар орыс шаруаларының сыйынатын орталығына және жер мәселесін талқыға салатын орынға айналды. Приходтарда православ дінінің қасиетті кітаптары көптеп сақталып, олар орыс шаруаларының балалары білім алатын ошақтарға айналып, жаңа шоқынған жергілікті ұлт өкілдерінің де келіп, православиялық діни білімін тереңдететін орталық қызметтерін атқарған, сонымен қатар, олардың құрамына он шақты оқушыға жоспарланған шіркеулік мектептерде жұмыс істеді. **Кейбір деректерде**: *«Орыс қоныс аударушыларының жаңадан қалыптасып жатқан поселкелерінде, приходтық мектептердің ашылуының басты әрі негізгі мақсаты, жаңа шоқынған қазақтарды христиан дінінде мықтап ұстап тұру және олардың орыстармен етене жақын араласуын қамтамасыз ету үшін орыс поселкелерінде орыс-түзем приходтық мектептерін көптеп ашу керек»* [3, 114-б.],– деп, приходтардың ашылу мақсаты мен міндеттерін ашық белгілеп берді.

Шіркеулік приходтық мектептердің саны артқанымен онда оқитын балалар саны аз еді. Жергілікті әкімшілік өкілдері осынау мектептерге қазақты қорқыту арқылы балаларды жинауға көшкен еді. **Оқушы балаларды мектепке келтірудің айла-тәсілдерін Қостанай уезінің басшысы былайша көрсетті:** *«У меня приказчик – киргиз не несет детей. Я предложил ему отдать сына в церковно-приходскую миссионерскую школу. Тот не согласился, и я пригрозил увольнением. Три дня плакал приказчик и отдал наконец сына; затем кое-за-кем дольщики были по векселям,– вот и набрались ученики»* [8, 78-б.]. Осылайша, Христиан миссионерлері мұсылман діниндегі халықтарды шоқындырып, олардың аттарын өзгертуге әуес болды. Мәселен, Перовск қалалық училищесі шәкірттерінің бірі, Торғай облысының қазағы Қыпшан Жұманыхожинов Қостанай қаласында христиандықты қабылдап, аты-жөнін Алексей Петрович Степанов деп өзгертті [3, 114-б.].

**Патшалық әкімшіліктің бұл әрекеттері, яғни христиан миссионерлері жүргізген шоқындыру саясаты бірте-бірте нәтиже бере бастады**. Бірақ, шоқынған қазақтар негізінен әлеуметтік-экономикалық мұқтаждықтан, мәжбүрліктен осындай әрекеттерге барған. **1914 жылы «Қазақ» газетінің бетінде «Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау» деген мақалада осындай іс-әрекеттер әшкереленіп:** *«Алтай һәм қазақ миссиясының 1893 жылғы есебінде, ... христиан дінін оңай қабыл еткіштер – жарлылар»* [9, 84-б.],– деп, келтіріледі. Ресей патшалығының өлкедегі шоқындыру, орыстандыру саясатының іске асырылуын **Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ тарихы» атты еңбегінде былайша көрсетті:** *«Қазақты шоқындыру саясаты туды. Мұны орындау үшін ел арасына миссионерлер шыға бастады. Бұлардың ісі ұлттыққа зияндығы сезіле бастаған соң, қазақтар қарсы құрал қылып, исламға өте бейімделді. Дүниеге қызығып шоқынған орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлерден, ашаршылық жылдарда өлім халіне жеткендерден, рудан пана таба алмағандардан бірен-саран шоқынғандар болды»* [10, 25-26-бб.]. Бұл жағдайды отарлық билік те мойындайды. **1902 жылы «Землевладение» газетінде жарық көрген И.М.Головачевтың мақаласында:** *«...олар отырықшылыққа, егіншілікке және православияға өте аз көлемде өтуде. Православияны көбінесе кедей*

*қазақтар қабылдауда»* [11],– дейді.

**Енді отаршыл билік жергілікті жерлерде христиандық діни мекемелерді ұйымдастыруға көшті.** Мәселен, Әулиеата қаласында Әулие Синодтың бастамасымен шіркеу құрылысы басталды. Құрылыс барысын бақылау үшін арнайы комитет құрылды. Бұл комитет Әулие Синодтың бөлген қаражатының жеткіліксіз екендігін айтып, Сырдария облысының әскери губернаторына, Әулиеата уезіндегі шіркеу құрылысына, жергілікті халыққа салық салу арқылы қажетті қаражатты жинауын сұрады. Алаш қозғалысы басшыларының бірі, қазақ халқының біртуар перзенті М.Дулатов, Ресей империясының жүргізіп отырған бұл саясатына ашына былай деп жазды: *«Енді патша шенеуніктері біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға тиісе бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды»* [12, 38-б.].

**Оңтүстік Қазақстан өңірінде ХХ ғасырдың бас кезінде бірнеше шіркеу мектептері ашылды.** Мәселен, 1913-1914 жылдардағы Түркістан епархиясының есебі бойынша: екі мектеп ашылған, біріншісі – Шымкент уезіне қарасты Арыс ауылында, екіншісі – Арал теңізіне жақын Мойнақ ауылында. Арыстағы мектеп 1913 жылы 1 желтоқсанда ашылып, мектептегі діни дәрістерді дін қызметкері Алексей әкей беретін, ал қалған сабақтарды Моисей Заграфский өткізетін. Мектепте жалпы саны 50 оқушы білім алып, олардың 26 ер, 24 қыз бала болды. Бұл оқу орындарына негізінен Арыс маңына қоныстанған орыс шаруаларының балалары оқыды. Кейінгі жылдары бұл мектептерге қазақ балаларын көптеп тартып оқыттырды. Түркістан өлкелік епархиясының тікелей қамқорлығымен және басшылығымен ашылған шіркеулік мектептер бір немесе екі сыныптық еді. ХХ ғасырдың басында өлкеде 85 шіркеулік мектеп өз қызметтерін атқарған. Олардың 3-і ер баларға арналса, 21-і қыз балаларына, қалған 61-і аралас мектептер болып құрылды. Статистикалық мәліметтер бойынша шіркеулік мектептердің ең көп ашылған аймағы Жетісу облысы болса, ал Сырдария облысында бар болғаны алты шіркеулік мектеп ашылды. Әулие Синод бұратана халықтарының қыздарын православиялық рухани ұстанымда тәрбиелеу керектігіне әрқашанда баса назар аударды. Орыстың қыздары мен жергілікті халықтың қыздарын араластырып білім берудегі мақсаттары: *«Болашақ ұрпақтың аналары әрі тәрбиешілері ретінде қыз балаларға ер балалардан кем түспейтін «керекті» білім беру, әсіресе түзем халқының қыздарына»* [3, 117-б.],– деп, кейін олар өз балаларын осы діни сенімде тәрбиелейді деген ой болатын.

**Ресей ғалымдары негізінен баспасөз арқылы миссионерлік ойлары мен идеяларын тарату, сондай-ақ түрлі діни кітаптар мен жинақтарды басып шығаруды көздеді.** 1875 жылы миссионерлік қоғамның кеңесінде православие дінінің қасиетті кітаптарын басып шығару мәселесі көтеріліп, Ильминскийдің басшылығымен аудармашылар қоғамы құрылды. Ильминский қоғамның төрағалығы қызметін атқарған жылдары татар тіліне 31 кітап аударылса, қазақ тіліне 15 кітап аударылған болатын [13, 21-22-б.]. Орыс отаршыл өкіметі жергілікті халықты христиандандыру мақсатындағы жүргізген іс-әрекетіне, **1919 жылы құрылған «Ерік» партиясы төмендегідей баға берді:** *«Түркістанды жаулап алушы ұлт, ол – орыстар. Ал орыстардың отаршыл саясаты, Индияны отарлаған ағылшындардың саясатынан ерекшелігі мынада, отарлау саясатының басты ойы мен мақсаты өлкені толықтай әрі біржолата орыстандыру мен христиандандыру»* [14, 9-10-б.].

Отаршыл Ресейдің қазақ жерінде жүргізген миссионерлік қызметтері қазақты дәстүрлі ислам дінінен айыру жоспарлары жоғары нәтижелерге қол жеткізген жоқ. Оған себеп болған нәрсе қазақ халқының өзіне тән әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге негізделген мұсылмандық жүйеге сүйенгендігінде еді. Дегенмен, патшалы ресейдің қазақ даласында жүргізген шоқындыру саясаты әлі де жан жақты зерттеуді қажет етеді.


## РЕЗЮМЕ

В данной статье автор описывает историю псевдополитики в казахских степях России. Раскрывается политика царского правительства, направленная на достижение таких целей, как искоренение родного языка, отделения от религии, уничтожение вековых обычаев и традиций, насаждение духовного рабства. В заключение, высказывается мнение о том, что политика царской России в казахской степи должна изучаться на комплексной основе.

* * *

In the following article, author describes in details the history of pseudo-politics in Kazakh steppes of Russia. Its primary focus is devoted to the policy of the tsarist government, aimed to deprive local kazakh people of their native language, the religion preserved for centuries, customs and traditions in order to promote spiritual slavery and mankurtism. As a concluding remark, it is suggested to study the policy of tsarist Russia in Kazakh steppe on a comprehensive basis.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1. **Улфет.** 13 февраля 1906. – №12.
2. **Остроумов Н.П.** Способны ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры. – М., 1896. – 17 с.
3. **Ибраев У.С.** «Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстандағы отарлық жүйесі (Граф К.К.Паленнің сенаторлық тексеру комиссиясының материалдары негізінде)». Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы: 2008. –144 б.
4. Туркестанские ведомости. 2 апреля 1891. – №14.
5. **Несипбай К.Р.** Колониальная политика России и религиозная ситуация в Казахстане в середине XIX и в вначале XX вв. // ҚазҰУ хабаршысы, Тарих сериясы, 2007. – №2 (45). – С. 90-94.
6. **Садвокасова З.Т.** Русификаторская политика царизма в области образования нерусских народов. // Отан тарихы, 2008. – №1. – С. 90-99.
7. **Мырзахметов М.** Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра, 1993. – 127 б.
8. **Маляревский Г.** Очерк истории и современного состояния народного образования в Сибири // Народное образование, 1896 гг. – VIII-IX. – 567 с.
9. Қазақ газеті /Құрастырған Ү. Субханбердина және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
10. **Кемеңгерұлы Қ.** Қазақ тарихынан. – М: СССР халықтарының кіндік баспасы, 1924. – 66 б.
11. **Головочев И.М.** Взаимное влияние русского и инородческого населения в Сибири. Землевладение, 1902.– №2.
12. **Дулатов М.** Шығармалары. – Алматы, Жазушы, 1991. – 384 б.
13. **Благовещенский А.** История Казанской Духовной Семинарии. – Казань. 1881. – 76 с.
14. **Валеев Д.Ж., Мадьяри А., Ураксин З.Г., Юлдашбаев А.М.** Судьба и наследие башкирских ученых и эмигрантов. – Уфа, ВЭГУ. 1995. – 143 с.

# ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

**Назым АҚЫМЖАНОВА,**
**Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің магистранты**

**Жазу туралы түсініктің қарапайым ережесі – адамдардың қашықтықта тұрып қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету.** Өйткені жазу қоғамдық қажеттіліктен туындаған. Адамдар арасындағы түрлі қоғамдық қатынастардың дамып жетілуіне ауызша сөйлеу жеткіліксіз болды. Сондықтан жазудың пайда болуы ең алдымен қарым-қатынастың маңызды бір құралына деген қоғамдық мұқтаждықпен байланыстырылады. А.Байтұрсынов: *«Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман»,–* деген. Жазусыз өркениеттің болуы мүмкін емес, себебі жазудың арқасында адамзат көптеген мәдени жетістіктерге жеткен.

**Жазу – тілді жаңғыртудың, бекітудің құралы.** Жүйесі мен құрылымы бар тілдік таңба жазуға түсіп, денотаттық тұрпатқа ие болғаннан кейін мәңгілік құндылыққа айналды. Өйткені жазу ауызша сөзді таңбалап қана қоймайды, адамның тіл туралы түсінігін кеңейтеді және тереңдетеді. Ауызша сөйлеудегі еркіндікті тілдік қалыпқа салу, яғни жазуға түсіру кез келген адамның қолынан келмейтін нәрсе. Адам күнделікті қарым-қатынас тілімен біреуге хат жазу мүмкіндігіне ие болғанмен, өзінің ойын жүйелі, толыққанды, мазмұнды етіп жазбаша жеткізуде түрлі қиындықтарға тап болады.

**Сондай-ақ жазу – адам ойының материалданып, жарыққа шығуының, дәлірек айтқанда шығармашылық әрекетінің негізгі құралы.** Жазудың көмегімен қағазға түскен шашыраңқы ойды жүйелеуге болады. Жазудағы стандарттық құрылымдар, сөйлем мүшелерінің нормативті орын тәртібі сыртқа шыққан адам ойына өзгеше сипат береді. Жазудың арқасында сөз екінші өмірге, дербес өмірге ие болады. Жазу – қарым-қатынас құралы болмаса да, адам ойын монологті түрде жарыққа шығаратын сананың материалдану құралы.

Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. 5-4 ғ.) пайдаланған көне (“Есік жазуы”) жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енесай, Талас ескерткіштеріне негіз болған “руна” жазуы (5 – 12 ғ.), көне ұйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап күні бүгінге дейін қолданылып (Қытай қазақтары ағарту жүйесінде) келе жатқан араб жазуы, бір кездерде (1929 – 40; Қытай 1960–1970) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі Қазақ жазуының негізі болып саналады. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынов реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді, ол 30-жылдарға дейін “төте жазу” деген атпен қолданылып келді. Бұл жазудың емлесі морфол. дәстүрлі шарттарға негізделген. 1940 ж. орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфографиясы емлесіне әр кезде (1957, 1970), әр түрлі өзгерістер енгізілді. Кіріл (Кириллица) негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты кейінгі жылдары (1993 жылдан бастап) қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізіне көшіру мәселесі қойылып отыр.

**Қазақ жазуы** – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақ халқы өз алдына XV ғасырдың орта тұсында отау тіккенімен, оның құрамына енген рутайпалық одақтардың (үйсін, қаңлы, дулат, қыпшақ, арғын, найман, алшын, т.б.) тарихы тым әріде. Түркі халықтарының Орхон-Енесай, Талас жазбалары (V-VIII ғасыр), ерте ортағасырлық «Құтадғу білік» (XI ғасыр), кейінгі ортағасырлық «Мұхаббатнама» (XIV ғасыр) тәрізді әдеби жәдігерліктері болған. Ерте кездердегі жазба әдеби тіл мен халық тілінің өзара байланысын көрсететін М.Қашқаридың «Диван лұғат ат-түрік» (XI ғасыр), «Кодекс Куманикус» (XIII ғасыр), «Оғызнама» (XIV ғасыр) сияқты ескерткіштері де бар.

Орхон-Енесай, Талас ескерткіштеріне негіз болған “руна” жазуы б.з.б. V ғ. б.з. X ғ. түркі тайпаларының ортақ жазуы саналады. Руна жазуының ерекшеліктерінің бірі – жазудың әліпбиінде 40-қа жуық графема бар. Көне түркі руника жазуы жұмбағын 1893 жылы В, Томсен шешкен. Орхон ескерткіштерінің тұңғыш тәржімаларын 1894 жылы В.В. Радлов жасаған.

**Орхон-Енесай жазбаларының енді бір ескерткіші – Тоныкөк құлпытасындағы жырлар.** Онда да сол кездегі түркілердің өмірінен мағлұмат беретін он төрт жол жазылған. Түркі халқының табғаштарға тәуелді болып қалу тарихы, азат қалған түркілердің бірігуі, қаған сайлауы, Тоныкөктің ықпалымен Елтерістің қаған болуы, Оғыз мемлекетінің тыңшылары түркілерге қауіп төндіргені, қарсыластармен болған шайқастар, анталаған жаудың бетін қайтаруда Тоныкөктің ерлігі, ұрыс-шайқастардың жүргізілуі, түркілердің түрлі тайпалармен жауласу жолдары баяндалып, Тоныкөкті мадақтау берілген.

Енесай өзені аңғарынан құпия жазуы бар құлпытастар табылғаны туралы алғашқы хабарды Н.К.Видзен, С.У.Ремезов, сондай-ақ Сібірде айдауда жүрген швед офицері И.Т.Страленберг пен немістің белгілі ғалымы Д.Г.Мессершмид, т.б. бергенін XVIII ғасырдың бас кезінде жазған мақалалары мен хаттарынан білеміз.

1893 жылы 25 қарашада Дания корольдік ғылым академиясының мәжілісінде Вильгельм Томсен ғылыми әлемді дүр сілкіндірген мәлімдеме жасады. Ғалым Орхон мен Енесай өзендері бойынан табылған ескерткіштердегі құпия жазуды оқудың кілтін ашқандығын хабарлады. Ғалымның ең алдымен оқыған сөздері «тәңірі» және «түрік» деген сөздер екен.

Дәл осы кезде академик В.В.Радлов та өз бетінше ізденіп, руна жазуының он беске жуық әрпін анықтап алған еді. Арада көп уақыт өтпей, В.В.Радлов Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастардағы мәтінді толық оқып, аударып шықты.

Орхон жазба жәдігерліктерін ұзақ жылдар бойы түбегейлі зерттеген білікті ғұламалар М.Жолдасбеков пен Қ.Сартқожаұлының бірлесіп жазған ірілі зерттеуі жарық көрді. Л.Н.Гумилев Орхон жазба ескерткіштерін «Көк түріктердің өздері туралы» жазған шежіресі деп біледі.

**Көне түркі жазуы (Орхон-Енесай жазуы деп те, руникалық жазу деп те аталады)** – б.з.б. V - X ғасырлардағы түркі тайпаларының жазуы. Оның руникалық жазуы деп аталу себебі – германдық халықтары өзінің ертедегі пайдаланған руна жазуына ұқсас болғандығынан (бірнеше руналарда бірдей дыбыстық және кескіндік тығыз ұқсастығы бар).

**Араб халифаты Орта Азияны өзіне қаратқаннан кейін, ислам дінімен қоса араб әліпбиі қазақ халқына енген болатын.** Қазақ қоғамындағы араб жазуына қатысты зерттеулерде араб жазуы «қадим», «жәдид» деп екіге бөлінеді. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қадим жазу үлгісіне XVI-XVII ғ.ғ. аралығындағы тарихи негізі бар жылнамаларды, құжаттарды және түркі халқына ортақ еңбектерді, ал жәдид жазуына «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» тәрізді алғашқы қазақ газеттерінде қолданылған жазу үлгілерін жатқызады. Қазақ халқы сан ғасыр бойы араб әліпбиін пайдаланып келді. Қазақ жазба мұраларының көпшілігі араб әліпбиі арқылы біздің заманымызға жетті. Мысалы, «Гулистан би-т-Турки» (Сайф Сараи), «Диуани лұғат-ат-Түрк» (Махмұд Қашқари), «Құтадғу біліг» (Жүсіп Баласағұн), «һибатул-хақаиқ» (Ахмет Иүгінеки), т.б. шығармалар.

**Араб жазуында 28 әріп бар.** Олардың үшеуі (а, и, у) созылыңқы дауысты дыбыстарды, қалғандары дауыссыз дыбыстарды бейнелейді. Дауыссыз дыбыстардың асты-үстіне харакаттар (көмекші белгілер) қойылады. Бұл белгілер Құранда, сөздікте, оқу құралдарында міндетті түрде қойылып, ал қалған кездерде қойылмауы мүмкін.

Қадим жазу жүйесінің басты бір ерекшелігі дауысты дыбыстардың таңба арқылы емес, диакритикалық белгілермен берілуі, яғни дауысты дыбыстардың қызметін харакаттар атқарған. Харакаттар үшеу: «фатха», «дамма», «кесра». Бұл белгілер қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген, фатха – «а», «ә»; дамма – «ұ», «ү», «о», «ө»; кесра – «ы», «і», «е» дыбыстарының мәнінде жұмсалып отырған. Мысалы, мен – من (мн) , Ешдәулет – ایشداولت (Ешдәулт), сөзлешүб – سزلەشب (сзлешіб), көңілі – كنكلى (кңлі), бүлдірген – بلدركان (блдрген).

**Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады.** Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кездегі зиялылар жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенінің айғағы – олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

**XX ғ. бірінші ширегінде Орта Азия халықтарының арасында латын әліпбиіне көшу үдерісі үдей түседі.** Алғашқыда осы жөнінде алдыңғы қатардағы қазақ оқымыстылары баспасөз беттерінде арнайы мақала, пікірталас ретінде өз ойларын білдіріп отырды. Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» деген мақалалары оған дәлел бола алады. Соңында латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне көшіру жұмысы басталады. Жалпы Шығыс елдеріне жақын орналасқан дамымаған мемлекеттердің алғашқы жазу графикасы ретінде латын әліпбиінің енуі 1924-32 жылдар аралығын қамтиды. Байқап қарасақ, сол кезде латын графикасын дүниежүзі болып қабылдау мақсатын жүзеге асыру сияқты жаһандық проблеманы алға тарту көзделген болуы керек. Осындай саяси идеологияның негізінде көптеген елдерде латын графикасы қабылданып, шама-шарқынша қызмет етті.

**Кириллица – славян әліпбиінің алғашқы екі түрінің бірі (екіншісі – глаголица).** Әліпби славян ағартушысы Кириллдің атымен аталған әліпби. Кирилл 827 жыл шамасында Фессалоники (Солунь) қаласында туған. Кирилл славян елдеріне христиан дінін уағыздау үшін славян әліпбиін жасайды. Грек жазуының 25 әрпіне славян тілінің дыбыстарын белгілеу үшін қосымша 18 әріп қосып, 43 әріптен тұратын әліпби құрастырды. Қазіргі Кириллица 43 әріптен тұрады, ол әуелде 38 әріптен құралып, оған 5 әріп кейін қосылды. Кириллицаның әріптік құрамы көне славян тілінің дыбыстық жүйесіне сай келеді, сондықтан ол қазіргі славян тілдерінің көпшілігінің әліпбиіне негіз болды. Кириллица грек жазуы негізінде жасалған. Ресейге Кириллица X ғасырда енген. Орыс әліпбиінен Кириллицаның 12 әрпі шығарылып, екі жаңа әріп (й, е) қосылған.1940 жылы Кеңес Одағы

халықтары біртекті әліпбиді қолдануы қажет деген саясатпен КСРО құрамындағы халықтардың жазуы жаппай кириллицаға көшірілді. Оның ішінде қазақ жазуы да кирилл әліпбиіне көшіріліп, бүгінге дейін қолданылып келеді. Орыс тілінде жоқ қазақ тілі дыбыстарының таңбалары кирилл таңбаларына ұқсастырылып (қ-к, ғ-г, о-ө, ң-н), қазіргі қазақ әліпбиі қабылданды. Бұл әліпбидің қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін толық таңбалай алмауына байланысты қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі көбірек көтерілуде.

**Қазақ жазуының 1940 ж. латын графикасынан орыс графикасына көшуінің бірнеше себебі болды:** 1) өзге идеология мен саясат ұстанған Түркия мемлекеті мен Кеңестер Одағындағы түркі халықтарының араласуына кедергі жасау; 2) араб және латын графикасына негізделген қазақ жазуының негізін қалаған қайраткерлердің «халық жауы» болып шығуы; 3) бір мемлекет (ССРО), ортақ астана (Мәскеу) астындағы халықтардың ортақ мемлекеттік жазуы болуы керектігі (орыс тілі мен жазуы); 4) термин сөздердің орыс тілі арқылы игерілуі; 5) жазу емлесіндегі ала-құлалық, т.б.

**1940 жылдан бастап қазіргі күнге дейін осы алфавит жүйесін қолданып келеміз.** Қазіргі қазақ орфографиясындағы қиындықтар емлені нормалаудың алғашқы жылдарында кеткен олқылықтардан туындайды. 2025 жылдан бастап қазақ тілін латын графикасына көшіру жоспарлануда. Оның қаншалықты нәтиже беретіндігі уақыт еншісінде.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1. **Волков А.А.** Типология алфавита, графики и орфографии: автореф. канд. дис. фил. наук:. М, 1974. – 30 с.
2. **Истрин В.А.** Развитие письма. М.: АН СССР, 1961. – 394 с.
3. **Күдеринова Қ.Б.** Қазақ жазуының онтоногездік дамуы: ф.ғ.д.дис. Алматы, 2006.
4. **Уәлиев Н.** Қазақ грамматикасы орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 1993. 162 б.
5. **Әбілқасымов Б.** Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971. – 170
6. Резолюция тюркологического съезда о новом латинированном алфавите // Культурное строительство в Казахстане (1918-1933), Алматы, 1965. – 564 с.
7. **Алтынсарин И.** Начальное руководства к обучению киргизов к русскому языку. Оренберг, 1979.
8. **Әміржанова Н.С.** Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы. Канд. дисс. Алматы, 2009.




# МҰСТАФА БҰРАЛҚИЕВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ



**Әулие-Ата өңірінен шығып, Алаш қозғалысына өзінің үлесін қосқан азаматтың бірі – Мұстафа Бұралқиев.** Оның өмірі мен қызметі туралы мәліметтерді қалың көпшілік біле бермейді. Энциклопедиялық анықтамалықтарда қысқаша өмірбаяны көрсетілгені, бірен-саран естеліктерде айтылғаны болмаса, ол туралы түбегейлі зерттеулер де жүргізілмеді. Осылайша ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы қиын-қыстау кезеңде және одан кейінгі жылдары да туған халқының қамын ойлап, Алаш қозғалысының бел ортасында жүріп, басын бәйгеге тіккен Мұстафаның ерен еңбегі күні бүгінге дейін ескерусіз қалып келді.

**Мұстафаның әкесі Бұралқы 1865 жылы Әулие-Ата уезіндегі Шу-Мойынқұм өңірі, қазіргі Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Құмөзек ауылында дүниеге келген.** Ел арасында әділ де беделді кісі болғандықтан, Құмөзек пен Қарабөгет аралығындағы ел-жұрты оған сенім білдіріп, бірауыздан болыстыққа сайлап отырған. Бұралқы 18 жыл бойы Шу өлкесінің әйгілі болысы болып, атақ-даңқы алысқа жайылды.

Бұралқы болыс әрі бай Кеңес өкіметінің саясатына мойынұсынып, биліктің әр түрлі шараларына да қолдау көрсетті. Өткен ғасырдың 20-жылдарында Әулие-Ата қаласында бірінші қазақ бастауыш мектеп-интернаты ашылып, соны қаражатпен қамтамасыз ету жағы болыстар мен байларға жүктелген екен. **Сол кезеңде Бұралқы болыс та өзге би-болыстармен бірге Әулие-Атада мектеп ашуға атсалысқаны жайында қазақтың біртуар батыр ұлы Бауыржан Момышұлы мынадай мәліметтер келтіреді:**

*«Уездік партия комитетінің секретары Сыдық Абланов, уездік атқару комитетінің төрағасы (председателі) Қарынбай Қошманбетов, қырғыздың уездік аткомының председателі Алиев.*

*Осы үшеуі елдің ықпалды жақсыларын (олардың ішінде Жантас би, Текебай би, Қонысбай болыс байтана руынан..., Бұралқы болыс, Бошай би бестерек руынан...) жинап, жаңа мектеп ашу мәселесін талқылап шешкен екен. Қаржы-қаражатты бюджет көтере алмағандықтан, елге жүктепті»* [1].

**Гүлнар Міржақыпқызының жұбайы Әбен Сағымбекұлы өзінің естелігінде:**

*«Әр ауыл-ауылдың белгілі кісілердің атымен аталатын. Бұралқы жәкемнің ауылымен біздің үй жақын отыратын. Бұралқыны жұрт «Болыс жәке» дейтін де, үйін «үлкен үй» деп атайтын. Жәкемнің түр-сипаты көз алдымда: орта бойлыдан жоғарырақ, шымыр денелі, қою қара сақалы қызыл шырайлы дөңгелек жүзін көркейтіп көрсететін, қыр мұрынды, қой көздері сөйлегенде күлімсіреп, жылы жүзбен қарап, кісіні еріксіз үйіріп әкететін. Бойын тік ұстап жүретін. Киген киімі жыл мезгіліне лайықты, көк шұғадан тігілген қиғаш жағалы бешпент киетін. Басына елтірі бөрік, қыста күзен ішік киетін. Басқа байлардай оқалы-зерлі шапан үстіне ілмейтін, өте қарапайым жүретін. Бұралқы той-томалақ кезінде өзін көңілді қалыпта ұстап, бар өнерін жұртқа көрсететін. Ат құлағында ойнап, жоғарыға ілінген күміс жамбыны*

*мылтығымен бір сермеп атып түсіретін керемет қол мерген, ат үстінде шауып келе жатып, денесін төмен тастап, жерден теңгені іліп алудың шебері, көкпар тартысуда шабандоздығымен мәлім болған кісі»,–* деп болыстың сыртқы келбеті арқылы ішкі жан-дүниесіне, ақыл-парасатына және адамгершілік қасиеттеріне тереңірек үңіледі [2].

**Ел-жұртына қамқоршы болған Бұралқы байдың малы мен дүние-мүліктерінің бәрін Кеңес өкіметі тәркілеп, өзін 1928 жылы Оралға жер аударады.** Бұл кезде оның үлкен баласы Мұстафа Ташкент қаласындағы Халыққа білім беру институтында (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ-дың алғашқы құрылған кезі) оқытушы әрі оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүрген еді. ОГПУ қызметкерлері «байдың баласы» деген сылтаумен Мұстафаға да тыныштық бермейді.

**1930 – 1932 жылдары Мұстафа Бұралқиев қамауда болып, одан кейін жер аударылғаны жайында мынандай дерекке назар аударайық:**

*«1930 жылы 8 қазанда Ташкент қаласында ұсталып, этаппен Алматы ОГПУ-НКВД түрмесіне жіберілген. 1932 жылы 20 сәуірде ОГПУ үштігінің шешімімен 58-11, 58-10 статьясы бойынша 5 жылға Воронежге жер аударылған»* [3].

**Ботагөз Асқарқызы Дулатованың естелігі:**

*«Мұстафа Ташкендегі САГУ-ді бітірейін деп жүрген кезі еді. Сол кезде Әулие-Атада тәжірибе ретінде май, сыр шығаратын өндіріс құрылып, ол сонда практикада жүрген екен. Ол біздің үй-ішімен Танкин (Ә.Танкин – Мұстафаның бөлесі) арқылы танысып, келіп-кетіп жүрді.*

*Мұстафа ұзын бойлы, бұйра шашты, мінезі биязы, әдепті еді, балаларға дейін «сіз» дейтін, ал біреуден көңілі қалса кешірмейтін, өзін қатал принципте ұстайтын және онысын білдірмеуге тырысатын. Ол орысша, қазақша екі тілге бірдей жүйрік, өлеңді орысша да жазатын. Абайдың бірталай өлеңдерін аударған ақындығы да бар, мәдениетті қазақ зиялыларының бірі еді. Орыс-қазақ сөздігін Қошке Кемеңгеровпен бірге қосылып жазды. Кейін жеке өзі де құрастырған болатын, бірақ аяқтауға үлгере алмады.*

*Әулие-Атаға барған сапарымда Мұстафа екеуміздің көңіліміз жарасып, бір-бірімізді сүйіп, бір түнде Ташкенге жүріп кеттік.*

*1928 жылы Ташкеннің Казинпросында (Халыққа білім беру институты) Мұстафа сабақ беріп жүрген кезінде Сәкен Сейфуллин осы мекеменің директоры болып тағайындалды. Содан бастап отбасымызбен араласа бастадық. Сөйтіп жүргенімізде Мұқтар Әуезов Ленинградтың институтын бітіріп, Ташкенге келісімен аспирантураға түсті, көп ұзамай Валентина Николаевнаға үйленді. Ол кісімен де тығыз байланыста болдық.*

*Ташкенде бізбен таныс, ең жақын жүретін кісілер көп-ақ еді, олар оқымысты қазақтың ығайлары мен сығайлары екен-ау! Олар: Сұлтанбек Қожанов, Файзолла Ғалымжанов, Есім Байғаскин, Қошке Кемеңгеров, Жүсіпбек Аймауытов, Мұқтар Әуезов, Әлімгерей Ершин, Әлімхан Ермеков, Елдес Омаров, Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтар, Иса Қашқынбаев, Мағжан Жұмабаев, Абдолла Байтасов, Жұмақан Күдерин, Әбілхамит Ақпаев, Дәрібай Қойайдаров, Нәшір Қожамқұлов, Аққағаз Досжанова, т.б. болатын.*

*Сол кезде Мұстафа Алматыға жұмысқа шақырылды. Мен ол жұмысқа орналасып, пәтер алғанша Ташкенде тұрып жаттым. Жұмыс істегеніне бір жыл толмай жатып, Мұстафаны 1930 жылы тамыз айында қайтадан Ташкенге шақырып алды.*

*Біздің ойлаған мақсатымыз орындалмады, жұртпен бірге менің де басыма қайғы-қасірет түсті, Мұстафаны барысымен қамауға алды. Содан 1932 жылы оны түрмеден босатып, Воронежге жер аударды. Мұстафа ЦЧО-да (Центральная Черноземная область) қиын жағдайда агроном болып жұмыс істеді»,–* деп Ботагөз Асқарқызы еске алады.

**Бауыржан Момышұлы өзінің шығармаларының бірінде Мұстафа Бұралқиев туралы былай деп жазды:**

*«Он нашелся через 45 лет. Я не вхожу в его почти полувековой отрезок времени, в его биографию, а перечень таков:*

*Один из первых ученых агрономов из казахов.*

*«Враг народа» – 1937 года, реабилитирован.*

*Много знает. Молчит. Работает. Иногда на веселье, в узком кругу поет. Настоящий бывалый казах – с оттенками русофильства. Не возгордившийся и сгорбившийся Гражданин Советского Союза.*

*Стихи он сам мне подарил. Я уверен, что у него есть личный архив».*

*«Годы текли,*
*Дни уходили в пучину времени.*
*И веков круговорот*
*Не мало свершил свой космический обход.*
*И ты, твердокаменная Москва,*
*Не мало пережила бед,*
*Тяжелый груз скорби*
*И радости торжества побед.*
*Дорогая мать,*
*Как мне вас не вспоминать.*
*Пока во мне ютится разум,*
*Ведь вы создали меня, грудью вскормили.*

***М.Буралкиев»*** [4].

**Мұстафа Бұралқиевтың кейінгі тағдыры және шығармашылық мұрасы туралы Қылышбай Ахметов қарияның естелігі:**

*– Мен Мұстафа Бұралқиев жайында білетіндерімді айтып берейін,–* деді қария. *– Ол қазақтан шыққан алғашқы жоғары білімді агроном, орыс пен қазақ тілдерін жетік меңгерген аудармашы және Алаш қайраткерлерінің бірі. Өзіндік ұстанымы үшін жазықсыз жазаланып, түрмеге қамалып, жер аударылса да мойымаған қайсар жан.*

*Мұстафа Бұралқыұлы 1899 жылы Мойынқұм өңірінде дүниеге келген. Ол алғашында ауыл молдасынан арабша сауатын ашады. Оның орыс тілін үйренуіне әкесінің тілмашы көмектескен. Жасынан зерек, айтқанды бірден ұғатын баласын әрі қарай оқыту үшін Бұралқы болыс Әулие-Ата қаласына жақын орналасқан Аса ауылындағы орыс мектебіне кіргізеді.*

*Орыс мектебін үздік бітірген Мұстафа 1920 жылы Ташкент қаласындағы Түркістан Мемлекеттік университетінің жұмысшы факультетіне оқуға түсті. Бұл оқуды бітірген соң Мәскеу қаласындағы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясында білім алып, содан соң Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің ауыл шаруашылығы факультетіне ауысады.*

*Мұстафа Ташкентте агроном мамандығына оқып жүрсе де орыс тілінде таза сөйлеп, өзбек, қырғыз, неміс тілдерін меңгереді. Оқу озаты, білімге құмар Мұстафа оқып жүрген кезінде-ақ шекара мәселелері бойынша ғылыми экспедицияларға қатысты. Өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен және қарақалпақ халықтарының тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін және шаруашылығын зерделеп, зерттей-*

*ді. Көшпелі халықтарды қоныстандыру, шекараны анықтау сияқты жұмыстармен айналысып, сонымен қатар халық санағына да қатысты. Мұстафа экспедицияның басшысы ретінде жинаған материалдарының негізінде университеттің ғылыми мәжілістерінде баяндамалар жасап, өзінің жан-жақты білімділігімен көзге түседі. Оның экспедицияда жинаған ғылыми материалдары 1924-1925 жылдары Қазақстанның Оңтүстік облыстары мен Орта Азия республикаларының шекараларын белгілегенде таптырмас құрал ретінде пайдаланылды.*

*Ол САГУ-де оқып жүріп-ақ Орта Азияның Шығыстану курсындағы және САГУ-дің ауыл шаруашылығы факультетіндегі студенттерге қазақ тілінен сабақ берді. Жасынан ізденгіш, білім қуған Мұстафа студент кезінде қазақтың тұңғыш орысша-қазақша аударма сөздігін жасап, оны 1926 жылы Мәскеу қаласында бастырып, жарыққа шығарды.*

*Мұстафа Бұралқиев 1927 жылы Орта Азия Мемлекеттік университетін бітіріп, агроном мамандығын алады да осы университеттің «Советтік шаруашылық және құқық» факультетіне оқуға түседі. Алайда 3-курста оқып жүрген кезінде «байдың баласы» деген айып тағылып оқудан шығарылды.*

*1930 жылы Ташкентке қайта оралып, Орта Азия мақта және политехника институтының экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру кафедрасында ассистент болып жұмыс істейді. Мұстафа оқыған және Қазақ халық ағарту институтында еңбек еткен жылдары Алаштың көрнекті зиялы азаматтарымен және ақын-жазушыларымен тығыз қарым-қатынаста болды. Олар: Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанбек Қожанов, Әлімхан Ермеков, Әлімгерей Ершин, Жұмахан Кудерин, Иса Қашқынбаев, Дәрібай Қойайдаров, Әбілхамит Ақпаев, Нәшір Қожамқұлов, Мұқтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Файзулла Ғалымжанов, Көшке Кеменгеровтар болатын.*

*Көп ұзамай Мұстафа Бұралқиев «халық жауы» ретінде жазықсыз абақтыға қамалды. Сол кезеңде Алаш қайраткерлерін қандай жолмен болса да «қылмысты» деп түрмеге қамау, қоғамнан аластату – НКВД-ның алдына қойған мақсаты еді. 1935 жылы қазан айында жазасын өтеп келген Мұстафа Алматыдағы Вильямс атындағы егін шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына аға ғылыми қызметкер болып орналасады. 1937-1938 жылдардағы зобалаңда атылудан аман қалған ол 1942 жылы тағы да негізсіз айыпталып, бір жыл абақтыда отырып шықты.*

*1945 жылы Бұралқиев Мұстафа Мәскеудегі Бүкілодақтық Ленин атындағы ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу академиясына орналасып, сол академияның өкілі ретінде Жамбыл облысының «Красная звезда» колхозында бас агроном болып еңбек ете бастады. Бұрын қант қызылшасын өсірумен айналыспаған шаруашылықтың колхозшылары Мұстафаның үйретуімен тәтті түбірді өсіруде үлкен табыстарға жетіп, атақ-даңқы бүкіл Одаққа белгілі болды. 1950 жылы қант қызылшасын өсірудегі бұрын-соңды болмаған керемет жетістіктері үшін колхоз төрағасы Нұрбаев Мұхаметқали, қызылшашылар Сындыбала Оңғарбаева, Дариға Жантоқова және т.б. Социалистік Еңбек Ері атанды.*

*Байдың баласы, ұлтшыл, «халық жауы» деген айыптардың кесірінен Мұстафаның ауыл шаруашылығына сіңірген орасан еңбегі сол жылдары Кеңес үкіметі тарапынан еленбей қалды, ғылыми еңбектері жарияланбады.*

*1951 жылы Мұстафа Бұралқиев Жамбыл облысында ауыспалы егістің жаңа тәсілін қолданады. Бұл тәсіл ҚССР-нің Ауыл шаруашылығы министрлігінде жоғары бағаланды. 1953 жылы өзінің жаңалығын Свердлов атындағы колхозда бас агроном болып жүргенде тәжірибеге енгізді. Облыстағы ауыл шаруашылық басқармасында Мұстафаның ұсынысы қаралып, барлық шаруашылықтарға озық тәжірибе ретінде насихатталды.*

*Жан-жақты білімді, озық ойлы азамат Бұралқиев Мұстафа бос уақыттарында қазақ тілін дамыту мәселесімен және аудармалар жасаумен айналысады. Көптеген орыс, өзбек және шетелдік шығармаларды оқып, еркін меңгерді. Қазақтың ақын-жырауларының өлеңдері мен дастандарын, халық жырлары мен мақал-мәтелдерін жетік білгендіктен жатқа айтатын. Мәскеу қаласының іргесі қаланғанына 800 жыл толуына орай орыс тілінде поэма жазған. Оған қоса орыс тілінде жазылған көптеген өлеңдері бар.*

*Поэманы екінің бірі жаза бермейтіні анық. Мойынқұм құмының арасында туып-өскен Мұстафаның орыс тілінде еркін сөйлеп поэма жазуы, оның ерекше дарынды екенін көрсетеді. Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романын орыс тіліне аударып, Мәскеудегі «Советский писатель» баспасында жарыққа шығарды және Мағжан Жұмабаев пен Абай өлеңдерін де қазақшадан орысшаға аударған. Сонымен бірге Мұстафа өзбек классиктерінің еңбектерін де қазақшаға аударды.*

***Мұстафа Бұралқиев 1979 жылдың 11 қазанында Жамбыл (қазір Тараз) қаласында көз жұмды.***

*Өкініштісі сол, большевиктердің жымысқы саясатының кесірінен оның туа біткен ерекше қабілетіне балта шабылып, оның еркін жұмыс істеуіне мүмкіндік берілмеді. Алайда Мұстафа қайсарлықпен барлық ауыртпалықтарға төзіп, алдына қойған мақсатынан жалтарып кетпеді, Кеңестік билікке қызмет ету арқылы туған халқының тәуелсіздігі үшін Алаш қайраткерінің бірі ретінде аянбай күрес жүргізді.*

*Мұстафа Бұралқиевтың ағайын-туыстары қазіргі кезде Байзақ ауданындағы Ақжар ауылында және Тараз қаласында тұрады»,*– деп Қылышбай қария әңгімесін аяқтады.

**1958 жылы 22 қаңтарда Қазақстан КСР Жоғарғы соты Мұстафа Бұралқиевты ақтады** [5].

Алаш қайраткері Мұстафа Бұралқиевтың халқына жасаған қамқорлығын, ғылыми шығармашылық еңбектері мен өнегелі істерін тарих қойнауынан алып шығып бүгінгі және келешектегі өскелең ұрпаққа жеткізу – біздің азаматтық парызымыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Момышұлы Б.** Айтылмаған ақиқат. Көптомдық шығармалар жинағы, 9 том, Алматы «Өнер», 2009, 55-56 -бб.

2. **Дулатова Г.М.** Алаштың сөнбес жұлдыздары. Алматы «Мектеп», 2010, 225-226-бб.

3. **Тілешов Е., Қамзабекұлы Д.** Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы «Сардар», 2014, 130-б.

4. **Момышұлы Б.** Айтылмаған ақиқат. Сонда, 243-245-бб.

5. **Тілешов Е., Қамзабекұлы Д.** Алаш қозғалысы. Сонда, 130-бет.

**Тұңғышбек БАЙҚҰЛОВ,**
**Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері.**

ӘӨЖ 930 (574)



# АРХИВ ІСІНІҢ МАМАНЫ

*(Сұлтанбек Ысқақовтың жеке қор құжаттары [1,13-п] бойынша*)*

**Оразгүл МҰХАТОВА,**
**тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық архиві елдегі ең жас архивтердің бірі болып саналады.** Елорда Астанаға көшірілген тұста жас мемлекеттің тарихи мұрасын сақтайтын тұрақты мекеме қажет болды. Осы кезде ұлттық архив құрылды. Қоғамның түрлі салалары бойынша жинақталған құжаттармен қатар архивте жеке тектік қорлар да құрылды. Жеке қор құжаттарын құрушылардың басым көпшілігі мемлекет және қоғам қайраткерлері болып табылады. Архивтің қоры енді ғана толықтырылып келе жатқандықтан, жылына ең аз дегенде 2-3 жеке қор құрылады. Мәселен, 2018 жылдың 13 сәуірінде архивтің жылдық жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халық Қаһарманы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаевтың жеке қоры ашылды [2].

Архивтегі бірқатар көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қорларының қатарында ҚР еңбек сіңірген қайраткері, архивші Сұлтанбек Ысқақұлы Ысқақов (Исхаков) (1947-2012 жж.) 182-қоры бар. С.Ы.Ысқақовтың жеке тектік құжаттарын оның әпкесі Гүлзада Ысқақова 2013 жылы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық архивіне тұрақты сақтауға әкеліп өткізген. Құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу нәтижесінде 1962-2012 жылдар аралығын қамтитын 14 іс (116 құжат) №1-тізбе және 1979-2012 жылдар аралығын қамтитын 4 іс (36 құжат) №2-тізбе жасалды. Тізбелердегі құжаттар тақырыптық-хронологиялық принцип бойынша жүйеленген [3]. Тұрақты сақтаудағы істер тізбесі төрт бөлімге бөлінген. Бірінші бөлімнің алғашқы бөлімшесіне архившінің жеке құжаттары, яғни орта білімі туралы аттестаты, паспорты, партия билеті, КПСС мүшесінің есеп кітапшасы, кәсіподақ билеті, жеке анықтамасы, Қазақ политехникалық институтын, Қазақстан КП Арқалық горкомы жанындағы марксизм-ленинизм университетін, Алматы жоғары партия мектебін бітіргені жөніндегі дипломдары, СССР ИТР МЦМ біліктілігін көтеру куәлігі, қызметтік куәліктер, мандаттар, құттықтау жеделхаттары, хаттар, 50, 55, 60, 65 жылдық мерейтойларына байланысты көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінен, әріптестерінен, достарынан, туысқандарынан келген ашық хаттар тіркелген.

Екінші бөлімшесіне марапаттау туралы құжаттары жинақталған. Осы бөлімшеден мақтау қағаздарын, құрмет грамоталарын, куәліктерді, үздік спорт дайындығы, Торғай облысы мемлекеттік органдарындағы ұзақ әрі мінсіз еңбегі үшін дипломдарды, ОБСЕ саммитін дайындау және өткізуге белсенді араласқаны үшін ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алғыс хатын, Астана қаласының әкімі И.Тасмағамбетовтың Елорданың 10 жылдық мерекесін өткізуге қатысқаны, VII Қысқа Азиада ойындарын өткізуге көмектескені, архив ісін дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс хаттарды және т.б. табуға болады. Үшінші бөлімшеде шақыру билеттері, бағдармалар жинақталған.

Тізбенің екінші бөлімінде шығармашылық құжаттары тіркелген. Нақты айтатын болсақ, Астана қаласының архив қызметі жөніндегі «Егемен Қазақстан», «Вопросы документооборота», «Елорда мұрағаттары» тәрізді бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде жарияланған мақалалары сақтаулы. Сондай-ақ қайраткердің түрлі жиналыстар мен салтанатты мәжілістерде сөйлеген сөздері, сұхбаттары, құттықтаулар да осы бөлімнен орын алған. Үшінші бөлімінде қызметтік құжаттары, ал төртінші бөлімінде қор құрушының жеке архивінен алынған құжаттар жинақталған.

**Сұлтанбек Ысқақұлы 1947 жылы 7 ақпанда Қостанай облысы Жангелді ауданы Торғай кентінде дүниеге келген.** 1970 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Өндірістік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1984 жылы Алматы жоғарғы партия мектебін тәмамдады. Сұлтанбектің еңбек жолы 1970 жылы Арқалық қаласындағы Торғай бокситкенбасқару құрылыс участогының прорабы қызметінен басталды. Осы жерде ол 1973 жылға дейін жұмыс істеді. 1973-1975 жылдары Қазақстан ЛКСМ Арқалық қалалық комитеті жанындағы бүкілодақтық озат комсомол құрылыс штабының бастығы болып жұмыс жасады. 1975-1978 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы (бұдан әрі – Қ КП) Арқалық қалалық қалалық өндірістік көлік бөлімінің инструкторы, 1978-1981 жылдары ҚКП Торғай облыстық комитеті құрылыс бөлімінің инструкторы, ал 1981-1982 жылдары осы бөлімнің меңгерушісі қызметін атқарды. Жоғарғы партия қызметін абыроймен атқару үшін ол өзінің білімін шыңдауды жөн санады. Торғай облыстық партия комитетінің қолдауымен және арнайы жолдамасымен 1982 жылы Алматы жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды. Партиялық мектепті бітіргеннен кейін ҚКП Торғай облыстық комитетінің құрылыс бөлімі инструкторы, 1986-1989 жылдары ҚКП Арқалық қалалық комитетінің екінші хатшысы, 1989-1990 жылдары Жетіқара қалалық комитетінің екінші хатшысы қызметтеріне тағайындалды [4].

**Ел тәуелсіздігіне қол жеткізген тұста Сұлтанбек Ысқақұлының қызметінде де айтарлықтай өзгерістер орын алды.** 1990-1992 жылдары Торғай облыстық әкімдігі кәсіпорындарының қызметін, халық тұтынатын тауарларды өндіру және тұрмыстық қызмет көрсетуді реттейтін бөлім меңгерушісі болды. Бұдан кейінгі уақытта Сұлтанбек Ысқақұлының қызметтік мәртебесі өсіп, 1994-1997 жылдары Торғай облыстық халық депутаттары маслихатының хатшысы, ал 1997-1998 жылдары Арқалық қаласы әкімінің ауыл шаруашылық әкімдіктерімен өзара байланыс мәселелері бойынша кеңесшісі ретінде өзінің туған еліне

* Мақала АР 05134617 Жеке қор құжаттары Қазақстан тарихының дерегі ретінде (ХХ ғ. – ХХІ ғ. басы) тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.

танылды. Торғай облысы мәслихатының хатшысы қызметін атқарған тұста 25 қазан – Республика күніне (2000 жылдардың соңына дейін 25 қазан Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның қабылданған күні ресми түрде аталып өтілетін. Осы күні 1990 жылы Қазақ советтік социалистік республикасы Кеңес Одағының құрамында бола тұра өзінің егемендігін жариялады) арналған салтанатты мәжілісте 1997 жылы жасаған баяндамасы назар аударалық. Қорда осы баяндаманың компьютерге терілген нұсқасы сақтаулы. **Баяндамада тәуелсіздіктің құндылығына тоқтала келе, Сұлтанбек Ысқақұлы былай деп жазды:** *«Адамзаттың саналы өмірі қалыптасқан сан ғасырлық тарихтың қатпарына қарайлап, назар салсақ адам баласының ең үлкен де, ең мәнді арман-мақсаты – елінің еркіндігі мен бостандығы, тәуелсіздігі болған. Алайда, бұл тәуелсіздік еш мемлекетке тегіннен-тегін, оп-оңай ешуақытта келе қоймаған. ... Тәуелсіздік елдің елі ғана, ұлттың ұлты ғана қол жеткізетін биік мұра»* [5, 1-п.]. 1990 жылдардағы терең экономикалық дағдарыстан шыға білген елдің қазіргі ахуалын тани алған автор оның болашағына сенді. Баяндамадан С.Ы.Ысқақовтың көркем сөз саптауы, ұшқыр ойы, прагматикалық ұстанымы анық байқалады. Сұлтанбек өзінің туған жері Торғай даласының ерекшелігін қадап көрсетті. **Оған автордың мына бір сөздері дәлел бола алады:** *«Торғай десек, осыған дейін үзілмей келген азаттық жолындағы күрес дүбірлері көз алдыңа елестейді. Торғай қазақ тарихындағы тәуелсіздік ұлт-азаттық күресінің әманда алдыңғы қатарында болып келді. Алысқа бармай-ақ қазақ мемлекеті, қазақ хандығы құрылғаннан бергі жоңғарлармен жағаласуда, қалмақпен қақтығысуда, патша отаршылдарымен алысуда Торғай елінің тәуелсіздік, азаттық жолындағы ерлік күресі қазақ елінің тарихында кел мұндалап тұр. Ол ешқашан ұмытылмайды»* [5, 4-п.]. Қазақстанның саяси тұрақтылығын қамтамасыз етудегі **Торғай облысында атқарылып жатқан жұмыстарды тізбектеген баяндама авторы былай түйіндейді:** *«... көп ұлтты Торғай өлкесін мекендеп отырған халықтардың бұрыннан қалыптасқан достық пен түсiністік қағидасын бұқаралық ақпарат құралдары барынша пәрменді насихаттап келеді. Мәселен, Торғай облыстық телерадиокомпаниясы «Біз – Қазақстан халқымыз» атты айдармен берілетін тұрақты хабарлар топтамасында орыс, татар, украин, қазақ тағы басқа ұлттар арасындағы достық пен туысқандық туралы жүйелі материалдар беріп жүр. Мұндай жарқын мысал «Тургайская новь», «Торғай таңы» және бірқатар аудандық газеттердің беттерінде де жиі жазылады»* [5,7-п.]. Сұлтанбек тәуелсіздікті нығайту жолында торғайлықтардың атқарған істерін қысқаша түрде көрсеткен. Мына төмендегі мәліметтер өлке тарихын зерттеушілер үшін маңызды екендігі дау тудырмаса керек. **Мәслихат хатшысы келтірген статистикалық мәліметтер мынадай:** *«Облыстағы шаруашылықтар мен кәсіпорындар биылғы жылдың 9 айы ішінде 2, 97 млрд теңгенің өнімін өндірді. Өткен жылмен салыстырғанда облыс бойынша 30 кәсіпорын өнім көлемін 47, 0%-ке өсірген»* [5, 7-п.]. Торғай облысы аграрлық аймақ ретінде көбінесе астық егумен айналысып келді. Сондықтан да баяндамашының *«Халықты ұнмен қамтамасыз етуде де біршама істер атқарылуда. Осы уақыт ішінде ұн өндіру 2,4 есеге, макарон тағамдары 2,1 есеге өсті. Жаңа цехтар мен ұн диірмендерін іске қосуда да айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде, аталған мерзімнің ішінде 11 наубайхана, 21 ұн диірмені, барлығы 44 цех жұмыс істеп, елге қызмет ете бастады. Биылғы жылдың 8 айының қорытындысы бойынша бюджетке түскен пайда 65,4 млн теңгені құрады»* [5, 9-п.].

**Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін республикалар арасында қалыптасқан байланыстар үзілді.** Бір орталықтанған жоспарлау жүйесінен нарықтық қатынастарға өту оңай болмады. Кеңес Одағынан мұрагерлікке қалған тұралап, қайшылықтарға, дағдарысқа ұшыраған экономика одан әрі терең шыңырауға түсті. Қазақстан өнеркәсібінің 93 пайызы өзінің өндірген тауарларын Ресейден бастап, басқа ТМД елдерінің кәсіпорындарына жіберетін. Енді ол байланыс үзіліп, тұтынушылардың өнім алатын қаражаттары болмай, өнім талап етілмей қалды. Әрі барлық жерде ашық нарықтық қатынастарға көшуге байланысты әуел баста ол өнімдердің сапасы да базар талабына сай болмай шықты. Оған негізгі себептердің ең бастысы өнеркәсіп жабдықтары мен технологияның ескіруі еді. Ауыл шаруашылығы да құлдырады. Жекешелендіру деп аталған реформаның барысында біраз қателіктер мен кемшіліктерге жол берілді. Онсыз да мемлекеттің қаржысының көмегімен өмір сүрген ауылдар күйреді. Міне, осындай жағдайда кәсір орын, халыққа қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру және т.б. нысандар сатылымға шығарылды. Жекешелендіру Торғай өңірін айналып өтпеді. 1997 *«жылдың басынан бері жалпы сомасы 9,2 млн. теңге тұратын 75 объект сатылды, оның ішінде 30-ы сауда объектісі, 8-і тұрмыс қажетін өтеу, 3-еуі қоғамдық тамақтандыру, 2-еуі коммуналдық шаруашылық объектісі сатылған»* [5, 10-п]. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел терең экономикалық құлдырауға ұшырап, жаңа мемлекет құру, тың реформалар жүргізу қиын асулар мен өткелдерге тап келді. Қоғамда қылмыс, әсіресе ұйымдасқан қылмыстың түрлері, зорлық-зомбылық, ұрлық, заңсыздық, бей-берекеттік өрістеді. Сұлтанбек Ысқақұлы баяндамасында сондай келеңсіздіктерді жасырмады. *«Алайда біз басқа да бірсыпыра міндеттерді шеше алмадық. Жалақы мен зейнетақының уақытында төленбеуі, жұмыссыздық, алдағы уақыттағы жүзеге асыруға тиісті маңызды шаралардың бірі»* [5, 10-п.],– деп, орын алған ахуалды ашып көрсетті. *«Уақыт талабына сай елдің қазіргі жағдайына жауап таба білу - біздің болашақтағы міндеттеріміздің бірі деп сезінеміз»* [5, 10-п.],– деген тоқсан ауыз сөзінің тобықтай түйіні тәуелсіз елдің ертеңіне нық сеніммен қарайтын көзқараспен жасалды.

**Қор құжаттары бойынша Сұлтанбек Ысқақұлының архивтік қызметі 1998 жылдан Астана қаласына көшіп келгеннен кейін, ҚР Орталық мемлекеттік архивіне бас маман қызметінен басталды.** Біраз уақыт өткеннен соң, яғни 2001 жылы ол Елордадағы архивтерді және құжаттаманы басқару бойынша комитет өкілеттілігінің жетекшісі етіп тағайындалды. Осы қызметті С.Ы. Ысқақов 10 жыл атқарды. Өмірінің соңғы жылдары Астана қаласы мемлекеттік архивін басқарды. Оның бастамасымен астаналық архивтің ғимараты қайта қалпына келтірілді. Сұлтанбек Ысқақұлының жетекшілігімен елордалық архившілердің біртұтас, шығармашылық ұжымы қалыптасты. Тәжірибелі ұйымдастырушы тек Астана қаласының ғана емес республиканың да архив ісінің дамуына қомақты үлес қосты. Ол архив ісіне және құжаттаманың проблемаларына қатысты түрлі конференцияларда, семинарларда баяндама жасап, мерзімді басылым беттерінде жарияланымдар жасады. Сұлтанбек Ысқақұлының есімі архившілер арасында ҚР «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңын құрастырушылардың бірі ретінде кеңінен танымал. Бұл Заң Қазақстан Республикасы архив қызметін реттейтін ең алғашқы нормативтік-құқықтық акт болып табылады. Бұл

заңнама ҚР Конституциясына негізделді. Заң 6 тараудан және 27 баптан тұрды. Бірінші тарауы «Жалпы бөлім» деп аталады, онда бұл Заңның архив ісі, архив құжаты, архив, архив қорлары, архив коллекциясы, ведомстволық архив, мемлекеттік архив, Ұлттық архив қоры және тағы басқа сол сияқты негізгі ұғымдарының мәні ашылған. «Ұлттық мұрағат қоры» деп аталатын екінші тарауында 7 түрлі құжаттар кіретін Ұлттық архив қорының құрамы анықталған. Олар: заңнамалық актілер және өзге де ресми құжаттар, басқарушы, ғылыми-зерттеу, жобалық-конструкторлық, технологиялық, патенттік-лицензиялық, картографиялық, геодезиялық, телеметрикалық және басқа әлеуметтік, машинаға бағытталған, аудиовизуалды құжаттама, тарихи және мәдени ескерткіштер, жеке тектік құжаттар мен ұлттық құндылықты білдіретін өзге де Қазақстан Республикасының меншігіне жататын құжаттама құжаттардың сақтандыру көшірмелері. Үшінші тарау Ұлттық архив қорына тұрақты түрде сақтауға берілген құжаттарды мемлекеттік есепке алу, сақтау, сақтауды қамтамасыз ету мәселелеріне арналған. Құжаттарды пайдалану мәселелері төртінші тараудың бес тармақшасында қарастырылған. Архив ісін мемлекеттік реттеу жіне басқару мәселесіне ерекше назар аударылып, оған жеке бесінші тарау арналған. Алтыншы тараудың баптары халықаралық байланыстар мен қарым-қатынастарды, келісім шарттарды, шет елдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың мұрағатқа қол жетімділігі тәртібін баяндайды [6]. Жетінші тарау – бұл қорытындылаушы бөлім. Осы Заңның негізінде Қазақстан архивтері ұлттық жадты, яғни ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды, толықтыруды және пайдалануды қамтамасыз етуді жалғастыруда.

**Қорда Сұлтанбек Ысқақұлының Астана қаласындағы архивтерді және құжаттаманы басқармасның бастығы қызметіндегі «О состоянии и перспективах работы по обеспечению сохранности и использования документов в архивных учреждениях города Астаны» атты Елдорда маслихатының тұрақты комиссиясы мәжілісінде 2008 жылы жасаған баяндамасының түпнұсқасы сақтаулы.** Баяндама орыс тілінде дайындалған. Баяндамада отандық архив ісінің маңыздылығына назар аударылып, архивтердің қызметін жандандырудың қажеттілігі баса көрсетілген. Архив ісін дамытуда тың көзқарастарды қалыптастыру *«Тарихты жасаушы – халық, ал оны келер ұрпаққа жеткізуші мұрағат деген ұлағатты сөз бар. Олай болса өз-өзімізді танып, ұлттық санамызды оятып, қасиетті халқымыздың тарихи естелігі мен жылдар шежіресі сақталған мұрағаттарға жаңаша көзқарас қажеттіг айқын»*,– деген сөздерінен анық көрінеді [5, 20-п.]. Сонымен қатар баяндамадан астаналық архивтердің жай-күйі туралы мәліметтер келтірілген. *«Қазіргі кезеңде елорда да мұрағат ісінің қалыптасуы аяқталып, қалада мұрағат жүйесінің іс қимылы және мұрағат ісі дамуының оңтайлы үлгілері жасалынды. Мемлекеттік мұрағаттың материалдық-техникалық базасын жетілдіру, әртүрлі бағыттағы мұрағат ақпараттарының сақталу мерзімдерін арттыруды қамтамасыз ететін, жоғары технологиялық құралдарға қол жеткізу мәселелері жүзеге асырылауда»* [5,20-п.],– деген фактіден астаналық архивтердің қажетті құрал-жабдықтармен және құжаттардың тұрақты сақтауды қамтамасыз етілуі деңгейі анық байқалады. Кез келген архивтің ерекше функциясы құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету болып табылатындығы белгілі, құжаттың ешқайсысы мәңгі сақтауға арналып дайындалмаған. Сондықтан да құжаттарды ұзақ уақыттарға тұрақты сақтау мақсатында архивтерде арнайы жағдай жасалады. Алайда жағдай жасау архившіден кәсіби дайындықты, білімді талап етеді. Сондай-ақ қомақты қаржы да қажет, өткені архивті арнай ғимаратпен, жылумен, ылғалдықпен, жарықпен, желдеткішпен және т.б. қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Архив құжаттар олардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайда сақталады. Архив құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету – бұл сақтаудың қолайлы жағдайын жасау, құжаттарды сақтаудың нормативтік режимін сақтау және құжаттардың ұрлануы мен жоғалуына жол бермей, қалыпты физикалық жай-күйін қамтамасыз ететін шаралар кешені [7]. **Сұлтанбек Ысқақұлының баяндамасында сол шаралардың Астананың мемлекеттік архивінде жүзеге асырылуы көрініс тапқан.** Мәселен, «*архив қоймаларының көлемі 2 мың шаршы метр, құжаттар металл және құрамалы стеллаждарда орналасқан, температуралық-ылғалдық режимі нормаларға сәйкес, норманы сақтап тұру мақсатында кондиционерлер сатып алынған. Мемлекеттік архивте бос орын түйткілінің жоқ, есесіне басты проблема – құжаттарды реставрациялау. Бұл мәселе өте баяу жүргізіледі, сондықтан да осыған назар аудару қажет»* [5,21-22-пп.].

Қорда бұдан өзге Астана қаласы архивтер және құжаттамалар басқармасының бастығы С.Ысқақовтың Ұлттық архив қорын қалыптастыру мәселесіне арналған республикалық семинарда сөйлеген сөзінің қысқаша мәтіні сақтаулы. Құжатта ҚР Президенті Н.Назарбаевтың *«Жаңа онжылдық –жаңа экономикалық өрлеу – қазақстанның жаңа мүмкіндіктері»* атты жолдауының еліміздің әлеуметтік-мәдени кеңістігін кеңейтуді халықтың шын мәніндегі ізгі ниеті мен ыстық ықыласын туындадатын және қазақ елінің салт-дәстүрі, мәдениеті, тілі мен діні сияқты ұлттық құндылықтарына ерекше орын берілген игі шара болуымен қатар ел тарихын зерделеп, оның мұрасын қалыптастыру ісімен қоян-қолтық айналысып жатқан сала қызметкерлеріне де үлкен жауапкершілік жүктеп отырғандығы айтылады. Осы бағытта Астана қаласындағы архив ісінің қалыптасу үрдісінің аяқталып, оны дамытудың оңтайлы үлгілерінің жасалғандығы көрсетіледі. Баяндамашы мемлекеттік архивтің материалдық-техникалық базасын жетілдіруді, жинақталған құжаттардың сақталу мерзімдерін арттыруды қамтамасыз ететін осы заманғы жоғары технологиялық құралдарға қол жеткізу мәселелерінің ойдағыдай жүзеге асырылып жатқандығын қадап айтқан. Баяндамашының пайымдауынша, оған дәлел Астана қаласы архивтер мен құжаттамалар басқармасының 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының бекітілген. ҚР Премьер-министрінің *«Қазақстан республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»* ҚР 2009 жылғы 4 маусымдағы №135 Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» өкіміне орай Астанада қақалық сараптау-тексеру комиссиясы құрылды [5, 24-25-п.].

2009 жылдың 25 қыркүйегінде ҚР мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының №128 бұйрығымен мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау мен құжаттамаларды басқарудың жаңа тұрпатты ережелері, сонымен қатар сақтау мерзімдері белгіленген, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметі барысында қалыптасатын жаңа тұрпатты құжаттардың тізімдері бекітілді. Осы нормативтік актіге және ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі ақпарат және мұрағат комитеті 2009 жылдың 16 қарашасындағы 2010 жылға арналған жоспары мен есептерін дайындау туралы барлық архивтерге тапсырма берген. Осы тапсырмаға байланысты Астана қаласы мемлекеттік архиві С.Ысқақовтың басшылығымен 2010 жылға арналған

жылдық және операциялық жоспар құрылды. Архив нормативті-құқықтық актілерді сала мамандарына түсіндіру мақсатында арнайы семинар ұйымдастырды. Семинарда архив қоры құжаттарының құрамына талдау жасау, Ұлттық архивтің аса құнды құжаттарының сақтау мерзімін ұзарту, ақпараттарды өңдеу мен қайта жаңғырту, деректерді цифрлық тасымалдағыштарға көшіру жұмыстарын талапқа сәйкес шешу жолдары қарастырылды. Архивтік толықтыру көздері болып табылатын қаладағы 49 мекеме мен ұйымның іс жүргізу және құжаттарды сақтау жағдайына тексеру жүргізілді. Архившінің ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына арналған көрме өткізілді. Сұлтанбек Ысқақұлы басқарма мен мемлекеттік архив қызметкерлерінің бірлескен Астана қаласы архивінің жолсілтері бірінші бөлімі және «Астана көшелерінің тарихи анықтамасы» жарық көруіне мұрындық болды. Оның басшылығымен архивтер және құжаттамалар басқармасы қаладағы ведомствоға бағынышты ұйымдардың тиімді қызметін қамтамасыз ету мақсатында түрлі деңгейдегі семинарлар мен басқосулар өткізіп, архив қызметкерлеріне әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетіп отырды. Ол архивтердегі кадр мәселесін де назардан тыс қалдырмады. «АСУ» гуманитарлық-техникалық колледжінің іс жүргізу және архив ісін жүргізу мамандығымен тығыз байланыс орнатып, студенттерді тәжірибеге шақырып, үздік дегендерін жұмыспен қамтыды.

Елдің архив ісінің дамуына қосқан жемісті еңбегі және Елорданың өркендеуіне қосқан жеке үлесі үшін 2008 жылы Сұлтанбек Ысқақұлына «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Еліне сіңірген адал еңбегі үшін әр жылдары ол мерейтойлық медальдармен марапатталған. Мәселен, 2001 «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», 2005 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», 2008 жылы «Астанаға 10 жыл», 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарының иегері атанды [8].

**2012 жылы қарашада Сұлтанбек Ысқақұлы мезгілсіз дүниеден озды.**

**Ұлы Дала Елінің архив ісін дамытуға үлес қосқан тұлғалар көп емес, саусақпен санарлық қана. Солардың бірі – Сұлтанбек Ысқақұлы.** Өйткені ол Елорда архивтерінің, соның ішінде Астана қаласы архивінің жандану жолында адал еңбек етіп қана қоймай, ұлттық архив ісінің заңнамалық негіздерін жетілдіруге барын салды. Осылайша архившілерге үлгі боларлықтай қызмет етті. Елдің болашағы үшін асыл мұраны сақтау, толықтыру, насихаттау жолында аянбай тер төкті.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1.Национальный архив Республики Казахстан. - Фонд -182. Исхаков Султанбек Исхакович (1947-2012), заслуженный деятель РК, архивист. - Д.4.

2. http://ulttykarhiv.kz/ru/

3. Национальный архив РК. - Фонд -182. Исхаков Султанбек Исхакович (1947-2012), заслуженный деятель РК, архивист.

4. Национальный архив РК. - Фонд -182. Исхаков Султанбек Исхакович (1947-2012), заслуженный деятель РК, архивист. Предисловие.

5. Национальный архив Республики Казахстан. - Фонд -182. - Д. 10. Выступления фондообразователя.

6. О национальном архивном фонде и архивах. Закон Республики Казахстан от 22 декабря 1998 года №326-1// Казахстанская правда. 29 декабря 1998 года.

7. Мұрағаттық құжаттарды сақтау тәртібі//http:// http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000575

8. Национальный архив Республики Казахстан. - Фонд -182. - Д. 11. Благодарственные письма и награды Исхакова С.


# THE CONTRIBUTION OF A.N.BOKEIKHAN IN THE DEVELOPMENT OF HISTORICAL SCIENCE OF KAZAKHSTAN


**A.E.TUYAKOVA,**
**Kazakh University of economics, finance and international trade, candidate of historical sciences**
**E.T.SEITOV,**
**Kazakh University of economics, finance and international trade, candidate of historical sciences**


A.N.Bokeikhan as an outstanding scientist-encyclopedist, who made a huge contribution to the development of Kazakhstan science, conducted a comprehensive research work on the study of various aspects of the history of Kazakhstan.

One of the results of this work was the scientific work *“Historical destinies of the Kyrgyz region and its cultural successes”* [1]. This work was written jointly with A.N.Sidelnikov and S.D.Chadov. They as well as Alikhan Bokeikhan became an active member of the West Siberian Department of the IRGS. This work is one of the best in the history of Kazakhstan, published in the pre-Soviet period. It contains a detailed description of the archaeological sites located on the territory of Kazakhstan, a description of life, life and form of management of various peoples who inhabited the region since ancient times. The exit to the historical arena of the Turkic tribes, which were the basis of formation of the Kazakh nation and statehood, is in detail analyzed. Not ignored by the authors of the Kazakh Zhuz acceptance of Russian citizenship. Various stages of colonization of Kazakhstan, questions of development of education in the region, book and publishing business are also considered.

Another scientific work, considering various aspects of the past and modern history of the Kazakh society, is the work called “Kirghiz”. It was first published under the title “Forms of the national movement in modern States” (edited by A. I. Kastelanskiy) in 1910 in St. Petersburg. Subsequently reprinted by the Society for Central Asian studies at Oxford University in 1985 [2]. The interest of British scientists in this work is not accidental. It provides extensive analytical information about the life of the Kazakh society: the origin of the Kazakh ethnic group, its number, a detailed description of the socio-economic, political and cultural life of the Steppe region. Analyzing the socio-political processes in Kazakhstan after its accession to the Russian Empire, Oxford University scientists rely primarily on this work. This can be traced by comparing the texts of

the English edition and the "Kirghiz", whose assessments and conclusions are largely similar.

A.N.Bokeikhan considered problems of national history in close relationship with the contemporary reality of the late XIX - early XX centuries. Analyzing the socio-economic situation of the Kazakhs, he noted that their economic life did not fit into a simple formula of "primitive economy of a semi-wild nomad". *"Kazakhs settled on the ground. The usual, old idea of them as an ever-nomadic people is a simple anachronism and testifies only to the ignorance of our bureaucracy"* [3]. According to Alikhan Bokeikhan different types of management have developed in the Kazakh steppes historically as the only rational in these conditions from environmental, socio-cultural and economic points of view. He opposed the radical, "revolutionary" break the existing economic relations, consistently evolutionary development.

Paying attention to the historical experience of mankind A.N.Bokeikhan noted that all civilized nations went to the settlement by the evolution of the existing economic relations. In his opinion, the policy of the Russian state in relation to the Kazakhs had to be based not on the destruction of their economy, but on its arrangement. Only in this case it would be possible to gradually settle the Kazakhs on the ground, the simple allocation of which did not contribute to the transition to a sedentary lifestyle. Analyzing this problem, A.N.Bokeikhan came to the conclusion that cultural evolution (in the broad sense of the word) is the only true way of development of all mankind.

This point of view was based not on the momentary political situation, but on a deep scientific understanding of the foundations of the development of Kazakh society as an integral part of world civilization. This indicates that as a scientist, A.N.Bokeikhan has reached a new, global level of scientific worldview.

The existence of the laws of development common to the world civilization, which must be taken into account from a specific historical point of view, is unconditional. Deliberately "misunderstanding", or even the absence of any understanding of this undoubted scientific truth has repeatedly led to very sad consequences. Evidence of this is many examples from the national history, when the Kazakh society (without taking into account the peculiarities of its historical development) was plunged into the abyss of "revolutionary changes", especially in the period of collectivization. One of its negative consequences was the destruction of the traditional, centuries-old structure of the Kazakh society, the usual way of life for the Kazakhs. According to A.N. Bokeikhan, the thesis about the" cultural backwardness " of the Kazakhs is a manifestation of national arrogance and arrogance on the part of those who put forward this thesis. For, the centuries-old history of development of the Kazakh culture testifies to the opposite.

Giving a General assessment of the policy of tsarism in relation to Kazakhstan, Alikhan Bokeikhan states its selfish nature, which had the goal of even greater involvement of the region in the orbit of its political and economic interests. The colonial policy of tsarism found expression in the most various abuses that couldn't but cause discontent of the Kazakhs taking various forms, up to armed fight.

The significance of the works "Historical destinies of the Kyrgyz region", "Kirghiz", considering the problems of the history of Kazakhstan in their historical and chronological relationship, is huge. However, A.N.Bokeikhan wasn't limited to them. He paid serious attention to certain historical periods, in particular, to the events associated with the accession of the Kazakh lands to Russia. This is evidenced by some scientific materials published in such publications as the «Memorial book of the Semipalatinsk region», «Notes of the Semipalatinsk sub-department of the West Siberian Department of IRGS, Semipalatinsk regional statements [4].

The problems of the history of his native land interested Alikhan Bokeikhan not only as a scientist-historian, but also as a statesman, politician, who tried to understand and relate the historical past with contemporary reality. This can be explained by his interest in the personality of Kenesary Kasymov and the movement under his leadership. It is quite clear the appeal of the leader of the Kazakh national liberation movement of the early twentieth century to the experience of his predecessor, who tried to return the former independence of the Kazakh people by armed uprising. The book *"Materials to the history of Sultan Kenesary Kasymov"* [5], small in volume, but especially significant in its content and meaning, is the first scientific work in the historical science of Kazakhstan, in which an objective assessment of K. Kasymov's movement, which had anti-colonial, national-liberation character, is given.

In the work 1916-1926 " [6], written by A.N.Bokeikhan co-authored with professor A.Shestakov and published in Moscow in 1926, specifically for the 10th anniversary of the uprising in 1916, it first received an objective historical assessment, one of the aspects of which was, in the opinion of the authors, not a class, but a national liberation and anti-colonial character of the event.

A.N.Bokeihan showed considerable interest in historical monuments, located on the territory of Kazakhstan, as evidenced by his regular scientific work *"A list both on the river Rally in Korzhunkulskiy administrative territorial part Akmola region"* [7].

It is impossible to ignore another work of Alikhan Bokeikhan, considering the literary work-the epic "Kara Kypshak Kobylandy" [8]. It is of particular historical interest that the author approached the analysis of the Kazakh folklore from the point of view of its historical truthfulness, revealing a deep knowledge and understanding of the medieval history of Kazakhstan.

The study of scientific works of A.N.Bokeikhan, considering various aspects of the history of the Kazakh society, suggests the importance of his heritage as a scientist and historian. It is quite natural that the analysis of various historical stages of development of society, modern reality had a certain influence on the formation of its socio-political views. However, as a scientist-historian, Alikhan Bokeikhan proceeded primarily from the principle of scientific and historical objectivity.

Nowadays various aspects of resettlement colonization, the history of the national liberation movement and other topical problems of the work of A.N.Bokeikhan, are the subject of scientific discussions, which indicates the preservation of continuity in the national historical science and serves as another proof of the great importance of its scientific heritage.


### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада отандық тарих ғылымының дамуына ғалым-тарихшы ретінде Ә.Бөкейханның зор үлес қосқаны қарастырылады. Қайраткер ғалымның отарлық мақсаттағы қоныстандырудың әр түрлі қырларын, Қазақстанның ұлттық-азаттық қозғалысының тарихын, қазіргі уақытта ғылыми пікірталастың нысаны болып табылатын басқа да мәселелерді терең талдаған еңбектеріне қазіргі ғылым тұрғысынан баға беріледі.



**Түйінді сөздер:** Ә.Бөкейхан, тарих, даму, қоғам, дүниетаным.



### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается одна из значимых проблем наследия А.Н.Букейхана как учёного - историка, внёсшего огромный вклад в развитие исторической

науки Казахстана.

Представлена собственная концепция современной научной оценки основных трудов А.Н.Букейхана, рассматривающих различные аспекты переселенческой колонизации, истории национально-освободительного движения Казахстана, другие проблемы, являющиеся сегодня предметом научных дискуссий.

**Ключевые слова:** А.Н.Букейхан, история, развития, общества, мировоззрения.

### LITERATURE


1. **Сидельников А.Н., Букейханов А.Н., Чадов С.Д**. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // Россия. Полное географическое описание нашего Отечества.- СПб, 1903, т. 18. гл. 4.

2. **Букейханов А.** Киргизы // Формы национального движения в современных государствах (под ред. А.И.Костелянского), СПб, 1910; Казахи о русских до 1917 года // Общество исследования Средней Азии. Оксфорд, 1985.

3. **Букейханов А.** Киргизы - С. 26.

4. **Букейхан А.Н**. Из переписки хана Средней Киргизской Орды Букея и его потомков // Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 год, выпуск V. Семипалатинск, 1901; Из переписки киргизских ханов, султанов и пр. // Памятная книжка Семипалатинской области на 1902 год. Семипалатинск, 1902; Из бумаг султана Большой Киргизской Орды Сюка Аблайханова // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. Выпуск 1. Семипалатинск, 1903

5. **Букейхан А.Н.** Материалы к истории султана Кенесары Касымова. Ташкент, 1923

6. **Букейхан А., Шестаков А.**1916-1926. М., 1926

7. **Букейхан А.Н.** Список оба на реке Слеты в Коржункульской волости Акмолинского уезда // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. Семипалатинск, 1907, № 3

8. Қыр баласы. Қара қыпшақ Қобыланды // Қазақ, 1915, №№ 126-129.


# ETHNO-PEDAGOGICAL TRADITIONS IN THE ISLAMIC EDUCATION OF KAZAKH CHILDREN


**By Gulnaz RAZDYKOVA,**
**Associate professor of Pavlodar state university,**
**candidate of historical sciences, Pavlodar, Kazakhstan**


**Introduction.** Believing Kazakhs did not limit themselves to showing kindness to their parents and children, they also treated their relatives, the severance of ties with them was considered a great sin.

In Kazakh society, family, family and clan relations were considered unshakable and holy. Therefore, from an early age, children were explained that the reason for the destruction of family, clan relations is explained by the injustice, envy, arrogance of individual members of the family. Thus, the foundation of social justice was first laid in the family, and then spread to the whole society.

In moral education, a great place was occupied by the formation of the ability to forgive and to be just. In the family, they strove to follow the commandments of the Koran, which read: “Hold on to the petition, encourage the good, and detach yourself from the ignorant”[1].

Further, the educational process in the Kazakh family included the formation of such qualities as: responsibility for one’s words, deeds, fidelity to one’s obligations and promises. In the Holy Quran it was said: *“Speech is good and forgiveness is better than charity, followed by offense”* [2]. For the nomadic people there was nothing more valuable than honor and conscience. Parents tried to instill these qualities from their young years to their children. They knew that a person with pure thoughts, unselfish, kind, is universally respected everywhere and everywhere. In this connection, the following sayings have arisen about conscience and honor. For example:

All my acquired good is a sacrifice of the soul,
And the soul is a victim of my honor.

Much attention in the upbringing of the younger generation, especially girls, was given to the development of a sense of modesty, which was to be kept from dishonorable actions. To this end, the girls were told: *“Kyzғa қугуқ үyden tyyu”* (“The education of the girl - the cause of the whole family”).

**Main part.** The upbringing of the Kazakh girls differed from the Central Asian, they were brought up more freedom-loving. Respect for the girls was so great that even arose the belief: *“The girl who came to visit should be seated in a place of honor where elderly and revered people usually sit, otherwise misfortunes will fall on the head of the owner of this house.”*

Sometimes they condescended to their little pranks. For example, according to the informant Kazhyken Zhukenov, there is a comic parable in Kazakh society: “daughter- in-law, while at home and doing homework, shouted to the street, to someone who was going to go into the house: *«*Whatever you are, grab the poker!*”*. This person was her father-in-law, she was embarrassed by her request and asked him to take the poker to its place.*”* Even after marrying, they could allow a joke with the parents and relatives of her husband. In the folk proverb it is said: *“Әзілің жарасса, атаңмен ойна»* (“If you have enough tact, joke with the beak”). There are two directions in the education of a Kazakh girl. Firstly, she could behave freely, secondly, she still respected the older in her age.

Unlike the education of boys, girls were instructed on the right path very gently, using, for example, this approach: *“Kizim sa’an aytam, kelinim sen tynda.”* (“Daughter, I tell you, daughter-in-law, you listen”). When the father wanted to make a comment on the girl, he could not directly tell this daughter, so he told the mother or another elderly person, in the hope that the daughter would take their words into consideration. Moral education of girls was carried out by the following methods - beliefs, personal positive example of seniors and parents, training, exercise, encouragement, praise, approval, punishment [3].

The Kazakhs had such a broad notion that characterizes the important quality of the educated girl - «Kizdy inabattyly» («The virtue of a girl»), which implied the girl’s respect for elders, complaisance, patience. The moral basis of women, her kindness were considered the honor and conscience of the people. Since birth, the girl was inspired by the rules of behavior in the family and society. Such education of girls was in full conformity with Muslim traditions.

In the Islamic education system, much attention was paid to the material support of the family. In one of the

hadiths it is stated that *"the best dinar a person can spend is the dinar that he will spend on his children"*. This principle of Islam had a kind of refraction in the Kazakh society, rich relatives had to help their poor congeners.

In family education, a great role was played in shaping the sense of responsibility of parents for their children. Mother and father were obliged to surround with the warmth, love, kindness and care of their children. In Islam, leaving children, leaving them without means of livelihood, condemning them to need and death was considered a crime. There were a lot of proverbs about the parents' great love for children, who dream of making them even better: *"Karғa balasyn appagym deydi, kirpi balasyn mamygym deydi"* (The crow calls its young one "my white", the hedgehog calls it "my soft").

A special place in the Kazakh society was occupied with the issue of orphans, who were mentioned many times in the Koran: *"But do not oppress the orphan, but do not drive away the beggar"* [4]. *"And give their property to orphans"* [5]. Therefore, if the wife remained a widow, then all the relatives of her husband had to help her. Raising children, parents taught to rejoice in the successes of their neighbor, not to cursive, do good as far as possible. They said: *"Do not be evil or anger, but patience and kindness should dominate in the relationship between people. In you they throw stones, and you return bread".*

Labor education took a huge place in the formation of the child. The highest duty of parents was the formation of diligence in children, and laziness was the result of poor family education («Human work feeds and laziness – spoils»). Parents attracted children to work together. Children have always been brought up in a spirit of reverence for the earth and bread as sources of human life.

Parents cared not only about the physical development of the child, but also about the spiritual. In addition to the Koran, the children were taught instructive folk tales, legends, dastans and acquainted with wise proverbs and proverbs, sang lullabies and other songs.

Kazakhs, being hospitable people, brought up children correctly to meet visitors and correctly behave in a society. Of great interest for centuries is the elaborated ban on postures for the dastarkhan. «You can not sit resting on anything - this is the pose of a sick person. You can not sit with your arms:

a) the ground is a pose of sorrow and grief for the dead person;

b) lower back - this position means koshi ketken, i.e. «The male potency is gone» or the pose of the mourner;

c) cheek or forehead (which is an expression of sadness or preoccupation)».

The true Kazakh did not have much right to do at the table: lay his hands behind his head, stretch himself with outsiders, clasp his hands with a lock, stretch his legs forward, squat. With regard to the last posture, the master quite reasonably could ask: «Jundep otsirsaңshy! «Do you want to sit down properly, will your flock, or something, get mixed up?».

In Kazakh families much attention was paid to the implementation of personal hygiene standards. For example, it was mandatory to wash hands before eating and rinse your mouth after eating. Without washing their hands, they did not sit down at the table. Before the meal was served, the guests and after the meal, the owners or their relatives avoided everyone present with a kumgang (teapot) of warm water so that they could rinse their hands. rinsing your hands, you had to wash every finger. In accordance with the norms of Islam, the Kazakh family cultivated the purity of the body, the order in the clothes and the arrangement of the dwelling. Common superstitions among the Kazakhs contributed to the propaganda of purity. So, drinking water from a bucket (sipping) was considered unhygienic, besides it was a bad sign. The striving for purity among the Kazakhs is noted by the famous historian I. Andreev, who notes that the craving for purity among the Kazakhs is much stronger than that of the Mongols. Kazakhs have known the tradition of making soap since ancient times, which have been preserved in literature and in people's memory. So, for example, I. Andreev writes: *"Soap is made from bacon and ashes in the same cast iron boilers, in which they cook food. This soap is very black and strong as a stone, but it is very good and soothing for washing, because all of the stains are removed from the laundry"* [6].

The famous ethnographer G.N.Potanin in the article «Comparison of the Kazakh and Mongolian people» notes the following features of the Kazakhs in comparison with other tribes: *"Mongols do not know washing clothes; Once the dress is made, the Mongol wears it to wear. Mongols do not make soap and do not consume it. A layer of dirt accumulated from time on faces and hands is not washed off by hands, but falls off by itself with peeling epidermis, forming on the dark background of the face light nezhinki. The Kirghiz in this respect are happily different from the Mongols; Kirghiz wash linen and even know how to cook soap and cook potash. The Kyrgyz costume differs from the Mongolian one in that it is designed for neatness"* [7]. Also, the informant, resident of Bayanaul, Pavlodar region, Khadish Mukanova, shared the soap making recipe: «Kara Sabyn Kainatu, Kazaқtar – «sa›ar» Kainatu dep te atagan». «Ala bota» is the degenerate shpypti, syyrdy «to» mayyn zhne kul «sozady eken». («Soap preparation process, Kazakhs called» sahar. «To make soap, it is necessary to mix the grass» ala bota «, cow›s fat and ash»).

The nomadic life of the Kazakhs required not only physical endurance, but also fortitude of the spirit. Therefore, in family upbringing, attention was focused on the Muslim commandments: in no case should you drop your hands, but act in such a way as to change your existence for the better, not to lose self-esteem, to remember: «*Who is rich, let him be temperate, and who is poor, let him eat dignity ".*

Nomads traveled with their herds every year for long distances. Growing cattle is a long process. This formed in the psychology of the nomad a special feeling of "great" time, so different from the representative of agricultural cultures. And therefore, a chronology system was needed, which allows foreseeing insidious climate changes. And it had to work for many years to come, no less than the time for which the youngest of any of the "tөrt tylік mal", that is, from four species of cattle bred by nomads (horses, sheep, cows, camels), would have managed to grow and give offspring. This concept of «big time» was aimed at cultivating patience, persistence before trials, tranquility and ignoring the transitory details of life.

The basis of the world outlook, the sacred life cycle of the Kazakhs was 12 years (muchel). The Kazakhs, like all the Central Asian nomads, knew well what each year brings with them - how much moisture and winds, grass and sunny days, thaws and cold weather. They knew what years were successful for their main work - nomadic cattle: syyr, barys, zhylan, zhyly (cow, leopard, snake, horse), and what years of unsuccessful - tyshan, lly, meshin, tauy, dozyz (mouse, wolf, Pleiades, a bird, a wild boar). The life of an individual, the chain of twelve years, is subordinated to the circles of time. «Muchel zhas» comes to every person after 12 years. This is a transitional period, accompanied by the instability of personal circumstances, deteriorating health, psychological and social difficulties. These are years of life, requiring special attention, caution. Mucheli zhas coincides with the periods of the restructuring of the human hormonal

system known to modern medicine, temporarily removing the body and the psyche from the state of equilibrium. The transition from one muchel to another was conceived as an abrupt change, a dangerous moment of life when a person is especially vulnerable to disease and all sorts of misfortunes. Such transitions were mythologically interpreted as death in one quality and birth in a new one. At the end of the border period, Kazakhs are usually given their favorite thing to a younger relative or friend with the wish that he also safely passes the test that is coming to him. This custom is similar to the distribution of things of the deceased elder who lived a long happy life. This once again emphasizes the interpretation of the transitional moment as the time of a real stay in a special space between this and that world, dangerously close to non-being.

The world of the moral culture of Islam is represented in Muslim hadiths (legends of the prophet Muhammad and his companions), which state: a believer should not be a rude, foul language, dissolute and immoral person; Whoever deceives us is not one of us; try not to quarrel with people; be kind to those who have treated you badly; tell the truth, even if it is not in your best interest; the slave of money and things is unhappy; Do not lift a person from his place to sit yourself, but try to expand the circle and give everyone a place; do not envy each other; do not hate; do not listen to the conversing; Do not be stingy egoists and money-grubbers; Do not seek faults with other people. The above moral values were a moral code, by the rules of which the Kazakh people were brought up, carefully guarding their language, culture, way of life and customs.

A connoisseur of the peoples of Central Asia and Kazakhstan, N.P.Ostroumov emphasizes the importance of language for the development of the people. He notes: *"The Kyrgyz language can satisfy the spiritual needs of its people, perceive the elements of other languages and develop in accordance with the development of the people themselves. ... We consider it the best proof of the ability of the Kyrgyz to education and gradual mental development, and through him and to universal progress"* [8].

It was said in the "Kyrgyz Steppe Newspaper" that, in the mass of their parents, not knowing the basics of pedagogical science, they gave their children *"a fairly tolerable upbringing. Such parents instinctively guided by the rules of reason, personal experience and beliefs in the education of their children. Parental love and sincere affection were the basis of such education. And parental love and affection is the greatest blessing for children. By sincere affection, the Kyrgyz parents fed their children, and for love guarded them from evil and protected from various vices. Good examples, good advice and edification of them threw the first seeds of goodness into the heart of children"* [9]. The pedagogy of the Kazakhs was based on the principles of education: humanism, age and individual characteristics, etc.

**Conclusion.** In practice, various methods of educating children were developed and used: teaching, instruction, hinting, inclusion in activities, the example of parents and adults, encouragement and punishment. In the method of raising a child in the family an important place was given to the factor of the influence of the environment on the formation of the child's personality. Therefore, the faithful Kazakh studied his child's environment, his interests and needs. If parents saw that the environment had a negative impact on the behavior of the child, they tried to protect the child from bad influence by referring to the Koran as a mentor on the right path.

Since childhood, parents have sought to instil in their children a sense of justice, to cultivate such qualities as honesty, responsibility for their actions. Much attention was paid to the education of the girl as a future mother, keeper of the home. The peculiarity of the education of steppe girls was the preservation of a certain freedom for them. While parents had to fulfill her desires, they also had to keep her strictly, to teach decency from an early age. The nomadic way of life of the Kazakhs influenced the uniqueness of the educational process, which required not only physical but also spiritual endurance: restraint, nobility, optimism, strong will.

Considering the peculiarities of religious education in the Kazakh society at the end of the 19th and the beginning of the 20th centuries, we see that the Kazakhs harmoniously educated their children in accordance with Muslim rituals and national traditions without falling into the paroxysm of extreme religiosity. They paid attention to both moral, labor, sexual, and sanitary-hygienic education. The origins of upbringing came from the family. The specificity of the upbringing of children in the Kazakh society was that the Kazakhs saw a priority in obtaining an education. Under the influence of Islam and the moral values accumulated in the Kazakh society from time immemorial, the ideal of a person gradually crystallized, in which the best qualities of a person were concentrated: love of the native land, respect for the elders, care of the parents, veneration of relatives etc.


## ТҮЙІН

Бұл мақалада қазақ балаларына исламдық тәрбие берудің этнопедагогикалық дәстүрлері қарастырылады. Революциядан кейінгі 20-жылдардың екінші жартысындағы және XXI ғасырдың басындағы әр түрлі түпдеректер мен әдебиеттер сараланады. Әр халықтың тарихында ұрпақтан ұрпаққа, рудан руға, шаңырақтан шаңыраққа беріліп отыратын тозбас құндылықтар бар. Осы міндетті іске асыруда этностың ерекшеліктері мен дәстүрлеріне негізделіп, тәрбие және тұлғаны әлеуметтендірудің құралдары мен әдістерінің жүйесі туралы қалыптасқан түсініктердің жиынтығы болып табылатын этнопедагогика ерекше рөл атқарады.



## РЕЗЮМЕ

В данной статье описывается этнопедагогические традиции в исламском воспитании казахских детей. В работе рассматриваются различные источники и литература послереволюционных исследований литературы во второй половине 20-го и начале XXI века. В истории каждого народа есть непреходящие ценности, которые передаются из поколения в поколение, из рода в род, из семьи в семью. Особую роль в реализации этой задачи играет этнопедагогика как обусловленная спецификой и традициями этноса совокупность представлений о воспитании и системе сложившихся в их рамках средств и методов социализации личности. Принципиальная особенность современной этнопедагогики проявляется в том, что она интегрирует накопленный веками народный опыт и научные знания о закономерностях воспитания.


## REFERENCES


1. Koran. - Surah "The barrier", verse 198.
2. Koran. - Surah "The Cow", verse 265.
3. **A.E. Daibarbaeva.** Moral education of girls in Kazakh folk pedagogy: Author's abstract from dissertation of cand.of ped. sciences. - Almaty, 1993. - P. 14-15.
4. Koran. - Surah «Morning», Ayat 9.
5. Koran. - Surah «Women», Ayat 2.
6. **I.G. Andreev**. Description of the Middle horde of Kirghiz-Kaisaks ... - P. 96-97.
7. **G.N. Potanin.** Sob. cit .: In 3 tomes - Pavlodar: NPF «ECO», 2005. - T. 3. - P. 68-74.
8. On the Kirghiz // Terjuman. - 1897. - 10 November. - P. 169.
9. Kirghiz Steppe Newspaper. Man, society, nature (1888-1902).

# ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР:

## құрылу тарихы мен қызметін танып білу

*(«Нұр Отан» партиясының 20 жылдығына орай)*

**Айнұр ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА (Кудайбергенова),**
**Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты**
**Мақпал ӘЛІ (АЛИНА),**
**Павлодар облысы Ақсу қаласының №1 қазақ орта мектебінің тарихы пәні мұғалімі**

**Әлеуетті партиялық жүйені қалыптастыру мен саяси саланы демократияландыру – даму деңгейі бір-біріне тәуелді болатын өзара байланысты екі процесс.** Бүгінде дәл осы ықпалды саяси партиялар бүкіл әлемде демократиялық дәстүрлердің жалғастырушысы болып, олардың саясат сахнасындағы маңызды рөлі мен өзектілігін сақтап, әрі дамытып отыр.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев стратегиялық перспектива ретінде белгілеген қоғам мен мемлекетті жаңғырту бағыты жақтастар мен пікірлестерді біріктіретін идеологиялық және ұйымдық тұрғыдан берік орталық құруды талап етті. Бұл уақыттың өзіндік сынқатері болғандықтан, оған лайықты жауап қайтару өзекті болатын. 1999 жылы өзекті мәселе өз шешімін тапты. Сол жылы, қазіргі «Нұр Отан» партиясының бастауына айналған «Отан» республикалық саяси партиясының құрылуы электораттың сенімі мен уақыттың талабына дөп келді. Сондықтан да партия өз қызметінің бастапқы кезеңінен бастап елдегі қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, Елбасы жақтастарының сеніміне сүйене отырып Қазақстанның партиялық алаңында жетекші орынға ие болды.

Қазіргі заманда саяси партиялар халықтың әр түрлі топтарының өкілдігін қамтамасыз ететін, саяси қатынастардың маңызды субъектілері болып табылады. Бүгінгі күні мемлекеттік билік пен билік қатынастарын жүзеге асыру процесін мұндай қоғамдық институттарсыз елестету мүмкін емес.

Өзі мемлекеттік билікте болмаса да саяси партиялар функционалды түрде билік қатынастары жүйесіне енгізілген, мемлекет пен азаматтар арасында байланыстырушы дәнекер болып, саяси жүйенің тұтастығы мен орнықтылығын қамтамасыз етеді. Партиялар әр түрлі топтардың мүдделерін біріктіріп, олардың атынан өкілдік ететіндіктен, көп жақты мүдделерді үйлестіретін қоғамсыз және қоғамдағы бұқараның билігін қолдайтын мемлекетсіз саяси партиялардың қызметін елестету мүмкін емес.

**Саяси партиялар – қазіргі қоғам дамуының маңызды факторы.** Егер 70-жылдардың соңында 100-ден астам елде 500-ден артық партиялар жұмыс істесе, ал отыз жылдан соң 190-нан астам елде олардың саны 1000-ға таяды.

Саяси партиялардың мәнін саяси субъекті ретінде теориялық қайта пайымдау саясаттану ғылымында маңызды орын алады. Теоретиктердің бірнеше буыны (саясаттанушылар, партиятанушылар, философтар, т.б.) «саяси партия» ұғымына түпкілікті анықтама беруге ұмтылған болатын, алайда олардың барлығын қанағаттандыратын, ортақ қабылданған анықтама әлі жоқ. **Жалпы әлемдік ғылыми қоғамдастықты қоспай-ақ, тек Ресейдің саясаттану ғылымында бұл ұғымның 200-ден аса анықтамасы бар.**

*-біріншіден, саяси партиялардың рөлі мен маңызы уақыт өте келе өзгерістерге ұшырайды, бұл олардың болмысын бағалау мен анықтауға әсер етеді;*

*-саяси партиялардың қоғамдық институттар ретінде мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қарым-қатынастарда бірегей орны бар, әйтсе де олардың ықпалы әр түрлі саяси жүйеге байланысты әрқалай болып келеді. Бұл өз кезегінде олардың саясат және азаматтық сектордың субъектілері ретінде әр түрлі анықтамаларының болуына әкеледі.*

**«Саяси партия» ұғымын анықтаудың екі негізгі тәсілін бөліп қарастырған жөн.** Оларды шартты түрде институционалды және қызметтік тәсіл деп атауға болады.

Жаңа ғасырдың басталуы елдің саяси спектріне күрделі өзгерістер енгізді. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүргізілген 1998 жылғы конституциялық реформа елдің саяси өміріндегі партияның рөлі мен мәнін қайта қараудың негізіне айналды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 жылғы 7 қазандағы ҚР Заңында Конституцияның 19-бабы нақтыланды және толықтырылды. Мәжілістің саны 10 мандатқа көбейді және пропорционалды өкілдік жүйесі енгізілді.

Конституциялық өзгерістерден кейін 1999 жылдың күзінде Орталық Азия өңірінде алғаш рет Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне сайлау аралас схема бойынша өтті, ол саяси партияларға барабар өкілдіктің негізінде партия тізімі бойынша Парламентке сайлану мүмкіндігін береді. Осы өзгерістен кейін өткен сайлаулар жоғары саяси пікірталаспен және баламалылықпен ерекшеленіп, парламенттік үлгідегі саяси партияларды құру процесін жандандырды.

**1999 жылдың 10 қазанында республика Парламентіне жаңа, аралас сайлау жүйесі бойынша сайлау болып өтті.** Бір мандатты 67 округ бойынша Мәжіліс сайлауына 547 кандидат тіркелді, олардың ішінде: қоғамдық ұйымдар ұсынған кандидаттар 80 (14,6 %); саяси партиялар ұсынған кандидаттар113 (20,7%); өзін-өзі ұсынған кандидаттар 354 (64,7%) болды.

«Нұр Отан» партиясының барлық қалыптасу мен даму тарихы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атымен тығыз байланысты. Оның тікелей басшылығымен партия елдің жетекші саяси күшіне айналды, ауқымды демократиялық реформаларды іске асыруға қатысты, қазақстандықтардың құрметі мен беделіне ие болды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» партиясының басты идеялық рух берушісі болды.

Тарихты оқыту әдістемесі тарих ғылымдарымен бірге философия, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика, психологая, дидактика, логика сияқты ғылым салаларымен де тығыз байланысты дамиды. Бұл салалардың материалдарын пайдалану шығармашылық сипат алады, өйткені әдістеме пәні оларды тарихты оқыту процесін жетілдіру мақсатында қорытып, жаңғыртып пайдаланады.

Тарих пәнін оқыту теориясы мен әдістемесінде сабақтың мақсаты мен міндетін анықтау жөнінде бекітілген қағида жоқ, яғни бұлардың бәріне ұстаздар шығармашылықпен қарағаны дұрыс. Мұндай әр қилылық сабақтың тұрпатын, құрылымын анықтауда да, әдіс-тәсілдерді таңдауда да кездеседі. Бір сөзбен айтқанда, ұсынылып отырған сабақ жоспарының бәрін бірдей мұғалімнің мүлтіксіз орындауы талап етілмейді.

1990 жылдан бастап халық ағарту саласында болып жатқан үлкен өзгерістерге және де Қоғамтану, Қоғам және адам, Қазақстан тарихының мектептің оқу жоспарына дербес пән болып енуіне байланысты ол құрамындағы көптеген әдістемелік ұсыныстардың қазіргі талаптарға жауап бере алмайтыны түсінікті.

**Ал қазіргі күнде мектепте тарихты оқыту жайындағы көзқарас өзгерді. Оны өзгертудегі басты бағыттар мыналар:**

*-Тарихи білімнің нәтижеге бағдарлануы;*

*-оқушының дайын білімді енжар алушыдан білімдегі үдерістің белсенді субъектісіне айналуын талап ететін білімдік моделді қалыптастыруға бағытталуы;*

*-мектепте үзіліссіз білім беру жүйесінде тарих пәнінің білімдік, танымдық және тәрбиелік рөлін күшейту.*

Оқыту әдістері оқу-тәрбие үдерісінің сапасы мен тиімділігінің жеке оқушылардың шығармашылық танымдық әрекеттерінің үлес салмағының артуларына мүмкіндік жасауы, мәселелерді талқылау барысында еркін пікірлесуге жағдай тудыру керек. Оқу құралында оқушылардың Қазақстан тарихына, тарихи үдеріс пен тарихи оқиғалардың логикасын тануға деген қызығушылығы мен бағдарламадан тыс білімдерді меңгеруге ықыласын туғызуға басты назар аударылған. Оқушылар өздігінен тарихи фактілер мен құбылыстарды сұрыптау, оларды тиісті дәуір және аймақпен байланыстыра алуы, меңгерген білімдерін жаңа жағдайлармен сабақтастыра білулері керек.

**Қоғамдық білім негіздерін құрайтын білімдер тобы мектептердің жаңа құүрылымы бойынша үш деңгейде жүрзілетін болады.** Бірінші деңгейде қоғамдық білімдер негізгі мектептің 9-сыныбына арналған «Адам. Қоғам. Құқық» деп аталатын курс арқылы алға тартылады. Екінші деңгейде қоғамдық білімдер жаратылыстану-математикалық бағдарлы мектептерде, үшінші деңгей қоғамдық-гуманитарллық бағдарлы орта мектептерде қоғамдық білімдердің бұрын болып көрмеген мол көлемде қамтылып оқытылуымен ерекшеленеді.

**Негізгі мектепті бітіретін жастарға арналған бағдарламада қоғам туралы білімдер тобына күнделікті өмірде жиі ұшырасатын ұғымдар мен түсініктер енгізілді.** Қоғамның әлеуметтік құрылымына қатысты материалдардың ішінен негізгі мектепті бітірушілер үшін аса қажеттілері ғана іріктеліп алынды. Олардың қатарына әлеуметтік құрылым ұғымы, әлеуметтік қамтамасыздық мәселелері, Қазақстанның ұлттық құрылымы, отбасы, т.б. жатады.

Негізгі мектеп пен бағдарлы мектептерде оқытуға ұсынылып отырған білім мазмұнының құрылымына ерекше көңіл бөлінуі керек. **Бұл жерде басшылыққа алынатын негізгі ұстанымдар мыналар:** негізгі мектеп бітірушілер қоғам мен табиғаттың даму барысында болып жататын құбылыстар мен үдерістер туралы ғылыми түсініктер алады, айғақты мағлұматтармен танысады, жекелеген санаттарды білдіретін терминологияны меңгереді. Мұнда құқықтану білімдері қоғам өмірінің саяси аясын сипаттайтын білімдермен кіріктіріліп берілген. Негізгі мектепті біріктірушілер қоғамдық білім негіздерінің аяқталған, жүйелі курсынан білім алып шығады.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1.Основы теории политических партий: Учебное пособие / под. ред. Заславского С.Е. – М.: «Европа», 2007. – 12 б.

2.Теория государства и права: Учебник / Пиголкин А.С., Головистикова А.Н., Дмитриев Ю.А., Саидов А.Х.; Под.ред. А.С.Пиголкна. М.: Юрайт-Издат, 2007.–255 б.

3.**Барабанов М.В.** Партиии много партийность в современной России; возникновение, основные тенденции развития. Учебное пособие. – Москва: Издательство МГОУ, 2011.

4.**Назарбаев Н.А.** Евразийский Союз: идеи, практика, перспективы. 1994-1997. – М., 1997. – 385 б.

5.ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Н.М.Петухованың «Нұр Отан» партиясының Сарыарқа филиалының конференциясында сөйлеген сөзі, 18 қазан 2013 ж. http://www. parlam.kz/ru/blogs/petuhova/Details/4/10250.

6.**Төлеубаева К.,т.б.** Қазақстан тарихы: Әдістемелік нұсқау. – Алматы: Мектеп, 2014. – 96 б.

7.**Тұрлығұл Т.** Қазақстан тарихы: Әдістемелік нұсқау. – Алматы: Мектеп, 2013. – 136 б.

8.**Өскембаева Г.** Адам. Қоғам. Құқық. Әдістемелік нұсқау. – Алматы: Мектеп, 2014. – 108 б.



**ӘОЖ 130.1.3**


# АТА-БАБА ЕРЛІГІН НАСИХАТТАУ –
## рухани жаңғыруымыздың кепілі


**Еркін КИККАРИНОВ,**
**Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау**
**мемлекеттік университетінің докторанты**


**Тас ғасырынан бергі уақыттан қару-жарақ жасауды, оның технологиясын жетілдіруді адамзат үнемі меңгеріп келеді.** Жазу пайда болған кезден бастап, ірі тарихи құбылыстар, шайқастар, табиғаттың тылсым өзгерістері барлығы хат бетіне жазыла бастады. Еуразияның кең байтақ сахарасын, қазіргі уақытта әлемнің 9-шы территориясы саналатын Қазақстанды мекендеген халық басынан талай нәубеттерді өткізген. Көптеген маңызды оқиғалармен бірге, ел билеген дана билеушілер, қол бастаған қаһарман батырлар, айбынды найзалы жауынгерлердің есімдері Отан тарихына алтын әріптермен жазылды. Сонымен қатар, бейбіт заманның батырлары, домбырасын ту қылған жыраулар, ха-

лықты рухтандырған жазушылар, жаңа заманның ыстық лебін сезген ғалымдар бейнесі қасиетті тарихымыздың беттерінен орын алды. Темір дәуіріндегі сақ кезеңінің басты кейіпкері Томирис, түрік заманының қолбасшысы Күлтегін, Қазақ хандығының қаһарлы Қасым ханы мен Хақназары, жоңғармен шарпысқандағы мәмілегер Абылай хан, ұлт-азаттық соғысының батыры Кенесары қазіргі Қазақстанның брендіне айналды. Қазақ отбасыларында Томирис, Абылай хан, Кенесары жиі кездесетін есімдерге айналды. Тәуелсіздік алған халықтың, ел қамын ойлаған тұлғалардың есімдерін сәбилеріне таңдауы, ұлттық болмысты қалыптастыруда тарихтың рөлін арттырды. Үшінші мыңжылдыққа қадам басқан Қазақ елі XXI ғасырда өзінің бейнесін жоғалтпау үшін өз тарихын қастерлеуі керек. Сонымен қатар, аттары брендке тұрарлық есімдерді, тарихи шайқас орындарын насихаттау өте маңызды, және сол үгіт-насихат жұмысында жаңа төртінші өндірістік революция технологияларын пайдалану керек.

**2018 жылы 21 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялады.** Осы мақаласында еліміздің сан ғасырлар бойы жүріп өткен сара жолына талдау жасай келе Елбасы таланттан кенде емес қазақтың жерінде: «*әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет. Сондай-ақ, бұл жерде классикалық қалыптан тыс, баламалы жастар өнерінің креативті әлеуетін де пайдаланудың мәні зор*»,– деген болатын [1]. Қазақстан қоғамының бетке ұстар азаматтары, зиялы қауым өкілдері ұлт көшбасшысының мақаласын санасынан өткізіп, өте маңызды ойларды талқылап, пікірлерін білдіре бастады. Отандық бұқаралық ақпарат құралдарында, бірқатар интернет-портал беттерінде сарапшылардың пікірлері жарияланды. Сонымен қатар, шетелдік бұқаралақ ақпарат құралдары президенттің мақаласына назар аударды [2, 3].

Елбасы мақаласындағы «*ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясына*» байланысты қандай іс-шаралар жүріп жатыр және осы жұмыстарға жастардың креативті әлеуетін қалай пайдалануға болады? 2017 жылы Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» мақаласын жариялады, мемлекетте **қазақстандықтардың ой-санасын модернизациялау шаралары** басталып кетті [4].

Осы орайда қоғамдық сананы жетілдіру бойынша Қазақстан Республикасының үкіметі дайындаған мемлекеттік бағдарламалар маңызды рөл атқара алады, себебі XXI ғасыр прагматизмді талап етеді. Адами капиталды, креативті потенциалды дамыту үшін «Сандық Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарлама үкіметтің №827 қаулысымен қабылданды [5]. Осы бағдарламаның басты назары еліміздің барлық саласын электронды форматқа көшіру болып табылады. **Сандық формат білім саласын, оның ішінде гуманитарлық бағыттағы пәндердің креативті идеялармен жеңіл әрі арзан түрде толықтырып отыруға мүмкіндік береді**.

Алтай мен Атырауға дейінгі сайын даладағы 7 ұлы өзгерістің – адамзат тарихында қалай әсер етті деген сұрақтың жауабын ұлт көшбасшысының мақаласынан табамыз. Соңғы бір жарым жылда Қазақ елінің басшысы қоғамды толғандырған, зиялы қауымды ойландырған 2 мақаласын еліміздің басты баспасөзі саналатын Егемен Қазақстан газетінде жариялады. Осы бағдарламалық мақалалардағы көтеріліп жүрген мәселелердің басты арнасы патриотизм екені жұртшылыққа аян. Патриот – грек сөзі, Отан сүйгіш деген мағынаны білдіреді [6]. Ал патриотты, яғни ұлтжанды азаматты тәрбиелеудің басты құралы – ел мен жер тарихы. Қазба байлыққа толы Отанымыздың жерін сақтауға сақ-үйсін кезеңінен бері, ерлік көрсеткен, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап қалған ата-бабаларымыздың айбынды асқақ рухы екені белгілі.

**Еуразия далаларында темір дәуірінен бастау алған көшпенділер дәуірі сақ тайпаларымен тығыз байланысты.** Сақ тайпаларының қорғандары солтүстік Қазақстан территориясында да жиі кездеседі [7, 10-б.]. Сақ заманынан мұра болып қалған ата-баба ерлігі, қазақ жерінің, оны мекендеген тайпалық одақтардың, халықтардың аттарын хатқа түсуіне түрткі болды. Дүниежүзі тарихы беттерінде жазылған, Парсы державасының билеушісі Кирдің шабуылдарын тоқтатқан, Томирис патшайымның қолбасшылық дарыны, көшпелі әскери тактиканың жарқын көрінісі тарих атасы Геродоттың еңбегінен біздің заманымызға дейін жетті [8, 35-б.]. Пергамент беттеріне жазылған бұл қақтығыс, екі мемлекеттің шайқасы ретінде сипатталды. Жастайынан ата-мекен жер үшін жан пида деп өскен көшпелілердің бостандыққа ұмтылған психологиясы кейін Ширақ (Шырақ) жауынгердің ерлігінен көрініс тапты. Дарийдің жер қайысқан қалың қолын шөл далаға адастырып апару, кейін жау қолынан қаза табу елге деген отансүйгіштік сезімді сипаттайды. Жазушы Болат Жандарбеков бұл оқиғаны 1989 жылы «Томирис» атты романында, кейін «Сақтар» атты дилогиясында сипаттап жазды. Осындай оқиғалар әлем тарихында жиі кездеседі. Ресей тарихында мұндай батылдық орын алып, кейін орыс композиторы М.И. Глинка «Иван Сусанин» атты операсын жазды [9]. Ресей мәдени қоғамына бұл опера үлкен әсерін тигізді.

Қазіргі уақытта Томирис патшайымға арналған сурет туындылары Қазақстан мәдениетінің алтын жауһарлары саналады. Астана қаласындағы М.Горький атындағы Мемлекетттік академиялық орыс драма театры «Томирис – царица сакская» атты спектакльді қойды. Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмасы бойынша Қазақстанның белгілі режиссері Ақан Сатаев «Томирис» атты кинофильмін түсірді [10]. Қазақстан Республикасында авторлық құқықтар сақталатынын ескерсек, кинотуынды сандық форматқа көшіріледі. Бұл өз кезегінде ұлттық тарихымызды насихаттауға септігін тигізетіні даусыз.

**Тарихта «Халықтардың Ұлы қоныс аударуы» деп атқа енген, үлкен миграциялық процесстер Еуразияның бет-бейнесін өзгертті.** Ғұн державасының билеушісі Аттиланың шабуылы кейін Рим имериясының құлауына себепкер болып, әлем елдерінің тарихына ортағасырлар кезеңі енді. Қазақстан тарихында бұл түрік кезеңімен тұспа-тұс келді. Шығысында Корей түбегімен, батысында Дунай өзенімен шектескен түркі әлемі өмір сүрді. Кең байтақ Еуразия даласындағы көшпенділер мемлекеттері Ұлы жібек жолын бақылауда ұстады. Шығыстағы Қытай экспанциясымен, батысындағы араб жаулап алушылармен күрескен түркі мемлекеттерінің билеушілері ішінен жауынгерлік айбынымен тарихта қалғаны Сұлу қаған еді. Барлық өмірін сыртқы жауларымен күреске жұмсаған Сұлу қағанды арабтар Абу Музаһим (Сүзеген) деп атады [11, 97-б.]. Түрік дәуірінен мемлекет пен баспасөздің жиі атайтын тұлғаларына Күлтегін мен Білге қағандар, ал Түрік қа-

ғанаты мен өркениетінің негізін қалаушы Бумын мен қытайлар мен арабтардан елін, жерін қорғаған Сұлу қағанның қолбасшылық дарыны, дипломатиялық саясаты мемлекет тарапынан жеткілікті дәрежеде насихатталмай отыр. **Қоғамның сұранысын өтеу үшін түрік дәуірінің тұлғаларын, кемеңгерлерін насихаттау осы олқылықтың орнын толтырады**.

Қазақстан тарихында ортағасырлар кезеңі өте маңызды уақыт болып саналады. Осы кезеңнің жарқын көрінісі Отырар қаласы болып табылады. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы маңызды туристік жоба ретінде Отырар қаласын атауы бекерден емес. Археолог ғалым Карл Байпақовтың пікірінше, *VIII-IX ғасырларда араб жаулап алушылары Орталық Азия территориясына жаңа дінмен қатар, шығысқа тән араб мәдениетін, араб графикасын, араб мемлекеттік тілін алып келді. Отырардың Орта Азия тарихында, әлем тарихында алар орны ерекше, себебі қытай, еуропа, шығыс өркениеттері мен мәдениеттерінің, зороастризм, христиан, исламның тоғысқан жері болып табылды* [12, 205-б.]. Аристотельден кейін екінші ұстаз, шығыс ғұламасы атанған Әбу Насыр әл-Фараби, арабтар Фараб деп атау берген Отырар қаласында туды, кейін білім қуып, Дамашық, Бағдат қалаларына атанды. Әбу Насыр әл-Фараби ғылыми ізденіс жолын таңдап, мұсылман мәдениетінің дамудың жоғары дәрежесіне жетуіне септігін тигізген шығыс шайыры атанды.

Өркениеттердің тоғысқан жерінде мәдени ескерткіштердің болуы әбден заңды. Осы орайда Отырар кітапханасы жөнінде археолог Кемел Ақышев: *«аңыздарға қарағанда, Отырарда кітап саны жағынан тек Александриядағы кітапханадан кейінгі орынды алатын кітапхана болған»*,– деп жазып кеткен болатын [13, 328-б.].

Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың экономикалық өрлеуіне, сауда қатынастарының жаңа сатыға көтерілуі, халифат аймақтары арасында экономикалық, мәдени байланыстардың өрістеуі әсер етті. Оңтүстік Қазақстан территориясында қалалардың қарқынды өсуі байқалды. Бұл өз кезегінде Оңтүстік Қазақстан аймағының материалдық және рухани ілгерілеп дамуына түрткі болды. Ғылымда бұл мұсылман ренессансы деп аталатын кезеңде көптеген ғұламалар дүниеге келіп, атап айтқанда Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи сияқты шығыс шайырлары, мұсылман ғылымы мен философиясын дамытуға еңбегін сіңірді.

**1206 жылдан бері Батысқа шабуылға шығуды жоспарлаған Шыңғыс хан моңғол империясының астына киіз туырлықты халықтарды жинаймын деп жоспар қойды**. Шыңғыс хан Отырар апатынан кейін Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алу соғысын жүргізеді. Хорезм мемлекетіне кірген Отырардың билеушісі Қайырхан бастаған жауынгерлер мен тұрғындар 5 ай бойы қаланы қорғайды [14, 443-б.]. Кеңес Одағы кезінде маркстік-лениндік идеология моңғол әскерін шапқыншы, Шыңғыс ханды қатыгез жаулап алушы, қарақшы деп ұғынды және осыған қазақ қоғамын сендіруге тырысты. Отырар қаласын қорғаушылардың ерлігін әдебиетте қалдыру үшін кейін ақын Мұхтар Шаханов *«Отырар қаһармандығы немесе жеңілген жеңімпаз туралы дастан»* атты еңбегін жазады. Ел егемендігі нығая бастаған кезде, 1992 жылы моңғол жаулап алушыларына қарсы күрес туралы режиссер Ардақ Әмірқұлов «Отырардың күйреуі» атты кинофильмін түсірді. Қазақ хандығы құрылып, нығайған кезде Отырар қаласы қазақ көшпенді тайпаларына, хандықтың экономикасына, саяси дамуына үлкен әсер етті. Сондықтан Отырар қаласының тарихы әдебиетімізде, кино өнерінде, тарихта алар орны ерекше. Қазіргі уақытта Отырар қалашығы орнында жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары көне тарихтың ақтаңдақ беттерін ашуға септігін тигізіп жатыр. Аспан асты музейі атты жоба жүзеге асырылып жатыр.

**Еуразия даласындағы мемлекеттер мен халықтардың өмірі сан ғасырлар бойы қызу қайнап жатты.** Халық мүддесін бәрінен жоғары қойған қалың бұқарадан шыққан айбынды жауынгерлер, ел тәуелсіздігін қорғаған кемел саясатшы қағандар мен хандар, білім іздеп шығыстың мәдени орталықтарын бағындырған ғұламалардың өмір жолын, өркениет орталығын насихаттау мемлекет пен қоғамдық ғылымдардың мүдделерінің тоғысқан жері. Үшінші мыңжылдықта жаңа ұлттық сана қалыптастыруда, жаңа қазақстандық патриотизмді нығайтуда ерлікке толы ата-баба жолы өнеге болары даусыз.


## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается герои, правители государств, ученые, памятники, исторические события отразившиеся в истории Казахстана. Данная статья преследует цель популиризация ярких страниц истории Казахстана, пропаганда которых станет брендом Республики Казахстан.

## RESUME

The article deals with heroes, rulers of states, scientists, monuments, historical events reflected in the history of Kazakhstan. This article aims to popularize the bright pages of the history of Kazakhstan, the promotion of which will become the brand of the Republic of Kazakhstan.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Назарбаев Н.** «Ұлы даланың жеті қыры» // Егемен Қазақстан. – 2018. – №223. 1-2 б.

2.**Қойгелдиев М.** «Келер ұрпаққа керек дүние» // Егемен Қазақстан. – 2018. – №224. 5 б.

3.**Жүнісова Г.** «Ұлы дала генетикасын зерттеу керек» // JAS QAZAQ. – 2018. – №45. 1 б.

4.**Назарбаев Н.** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. – 2017. – №70. 1-2 б.

5.«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Премьер-министрінің ресми сайты. https://primeminister.kz/kz/page/view/tsifrlik_kazakstan_memlekettik_bagdarlamasi

6.Қазақстан ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2004. – 400 б.

7.**Абуев К.К.** Кокшетау Исторические очерки. – Кокшетау: типография Кокшетауского государственного университета, 2005. – 256 б.

8.**Кузембайулы А., Абиль Е.** История Казахстана.– Санкт-Петербург: Соларт. 2004.– 415 б.

9.https://www.mariinsky.ru/playbill/repertoire/opera/susanin

10.Ұлт. Тәуелсіз интернет басылым www.ult.kz

11.**Абусеитова М.Х., Абылхожин Ж.Б., Кляшторный С.Г., Масанов Н.Э., Султанов Т.И., Хазанов А.М.** История Казахстана и Центральной Азии. – Алматы: Білім. 2001. – 611 б.

12.**Байпаков К.М., Воякин Д.А.** Выдающиеся археологические памятники Казахстана. – Алматы: Асыл сөз. 2014. – 500 б.

13.Отырар алқабындағы қасиетті орындар. – Алматы: Аспантау. 2017. – 557 б.

14.Қазақстан тарихы. 1 том. – Алматы: Атамұра. 2010. – 539 б.

# ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ

*(1991 – 2018 жылдар аралығы)*

**Ботагөз БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**
**Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының магистранты**

Міне, еліміз жиырма жеті жылдың ішінде тұтастай ғасырға татырлық оқиғаларды қамтитын кезеңді бастан өткеруде. Қазақстанды егемен мемлекет ретінде қалыптастыру тарихында тәуелсіздік жылдарында серпінді өсу мен қоғам өмірінің жүйелі түрде жаңаруы жүруде. 1991 жылдан бастап дамыған елдердің тәжірибесін және ұлттық сипаттамаларын ескере отырып, жаңа экономикалық, саяси және құқықтық жүйені қалыптастыру, нарықтық қатынастарды және демократиялық институттарды қалыптастыру бойынша қарқынды жұмыс жасалды. Осы жылдар ішінде халықтар арасындағы ауыз бірлік пен ынтымақтастықты жоғалтпастан, Қазақстан халқы демократиялық басымдықтарға негізделген жоғары экономикалық және әлеуметтік прогреске қол жеткізуде.

**Павлодар – Солтүстік Қазақстанның ең ірі көлік торабы.** Оған: Астана-Барнаул Оңтүстік-Сібір темір жол магистралі, Омбы мен Семейді қосатын Солтүстік және Оңтүстік автомобиль магистралі кіреді. Сонымен қатар, Ертіс өзенінен батысқа қарай Екібастұз-Баянауыл бағыты бойынша магистраль жұмыс істейді. Қаладан оңтүстік-шығыс бағытта 6-7 км қашықтықта орналасқан әуежай, Ертіс өзені бойынша кеме қатынасы ұйымдастырылған өзен порты бар. Қазіргі уақытта Павлодар өнеркәсіп пен мәдениетті дамыту орталығы болып табылады. Болашақта Павлодар өнеркәсіптік және мәдени әлеуетке ие бола отырып, тек Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар Орта Азияның жетекші орталығы бола алады [3, 10]

**Қазіргі уақытта Қазақстанда қалыптасқан демографиялық ахуал халықты көбейтудің жоғары қарқындылығымен сипатталады.** Бұл бірінші кезекте халықтың динамикасына әсер ететіні анық. Республика халқының нарықтық экономиканың қазіргі кезеңінде көбеюіндегі өзгерістердің жоғары қарқыны, өз кезегінде, табиғи өсімнің төмендеуі, өлімнің жоғары деңгейі, денсаулықтың нашарлауы және соның салдарынан өмір сүру ұзақтығының азаюы және халықтың жалпы санының өзгеруіне айтарлықтай әсер ететін көші-қон ағынын айтарлықтай төмендетумен сипатталады.

**Соңғы екі санақ деректері бойынша Қазақстандағы демографиялық жағдай күрт нашарлаған:** 1989 жылмен салыстырғанда 1999 жылы 7,7%-ға азайып, 1999 жылғы 25 ақпанда 14953,1 мың адамды құраған. Әр аймақтағы халық санының өзгеруі түрлі факторларға байланысты болды. Осылайша, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының халық санының көбеюі халықтың табиғи өсімі есебінен анықталды. Алматы облысында және Астана мен Алматы қалаларында халықтың жалпы оң өсуі көші-қонның оң өзгерісімен байланысты болды. Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында табиғи шығындарға байланысты халық санының азаюы байқалды. Ақмола және Жамбыл облыстарында халықтың ішкі көші-қон ағымы есебінен халық саны төмендеді.

**Тұрақты табиғи өсім еліміздің тоғыз өңірінде байқалды.** Оның ішінде Оңтүстік Қазақстан (8,5%), Қызылорда (3,8%), Атырау (3,7%) және Астана (13,5%) және Алматы (5,5% 4%). Бұл облыстардың арқасында республикада туу жоғары деңгейде сақталды.

**1991-2002 жылдары Қазақстанда демографиялық ахуалдың нашарлау себептерінің бірі –** Кеңес Одағының ыдырауы және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы дағдарыстық құбылыстар. КСРО-ның құлдырауы өткен кезеңнің қиындықтарымен, жаңа процестер мен жаңа қиындықтардың нәтижесі болды. 1982 жылы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудегі қиындықтар азық-түлік бағдарламасының пайда болуына себеп болды [2].

**1985-1989 жылдары дұрыс қабылданбаған қайта ұйымдастыру туралы шешімдер қаражаттың негізсіз шығындарына әкеліп соқтырды** (мысалы, кең ауқымды тақырыптардың бірегейі «Дала» эпопеясының құрылуы). Сондай-ақ әр түрлі республикалардың заңдарының алшақтығы, шаруа және экономикалық байланыстардың бұзылуы, мемлекеттік кәсіпорындардың қаражаттарын жеке тұлғалардың қалталарына аудару, халықты қажетті минимум тауарлармен қамтамасыз ету үшін тарату жүйесін енгізу (талон), үмітсіздік және көпшіліктің наразылығына ұшырады. Бұл қиындықтар бұрынғы КСРО республикалары арасындағы экономикалық және әлеуметтік байланыстардың әлсіреуіне және қоғамның әлеуметтік-экономикалық негіздерін қайта құру аймақтың әлеуетін төмендеткен еді. 1989-1999 жылдары халық саны 14,4%-ға азайып, 806,983 адамды құрады. Эмиграцияға байланысты немістер 54%, еврейлер 52,8%, цыган 50,6%, латыш 33,5%-ға қысқарды. Абсолютті көрсеткіштер бойынша орыстар 89,7 мың, немістер 51,5 мың, украин 24 мың эмиграцияға ұшырады. Қазақ халқының өсуі 16,1%-ды құрады, сөйтіп жалпы 38,6%-ға өсті. 1990-жылдардың басынан бастап Республика мен аймақта экономикалық реформалар және нарықтық экономиканы құру шешімі қабылданды. Реформалардың бірінші кезеңі экономикалық либерализациямен сипатталды (1991 – 1994 жж.). Реформа еркін бағалар саясатымен басталды, бұл рубльдың құнсыздануы мен гиперинфляцияға әкеліп соқтырды. 1992-1994 жылдары тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағасы 10-30 есе өсті. Экономиканың барлық салаларында өндіріс көлемінің айтарлықтай төмендеуі байқалды. Колхоз және совхоздардың жойылуы, барлық мәселелерді тек фермердің ғана шешуге мәжбүрлігі аймақтың өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз етуін қиындатты. Фермер қауымдастықтарының, фермерлік шаруашылықтардың құрылуы оңды болды. Олар қайта өңдеу шикізатын жердегі дайын өнімге айналдырды. Жасалған шағын ет өңдейтін зауыттар, шағын наубайханалар, қарақұмықтарды тазарту, күнбағыс тұ-

қымын өңдеу және т.б. құрылды. Жабдықтар шетелдерден сатып алынды. Тек 1995 жылы облыста 26 шағын диірмен, 2 сүт өңдеу зауыты, 5 макарон дайындау, 4 қой терісін, 7 шұжық, 16 қарақұмық өңдеу, 13 күнбағыс майы өндірісі басталды [13, 198-б.]. Кәсіпорындардың бірқатар жетекшілері шаруа қожалықтарын дамытуды қамтамасыз ету үшін жаңа жағдайда даму жолын тапты. Олар: Поляков В.П., Остапенко М.Т., Мельник В.И., Хашитов Е.Х., Ведикер В.И., Дубровицкий Ю.И., Жалбыров Б.С., Руди В.К. және басқалар.

**Алайда ауыл шаруашылық тұтастай алғанда құлдыраудан құтыла алмады.** 1990 жылдардың ортасына қарай 1200 дербес шаруашылық аймақтың жер ресурстарының тек 5%-на ғана ие болды және тіпті оларды толығымен себе алмады. Барлық меншік нысанындағы 155 шаруашылықтың 77-і пайдасыз еді [13, 209-210-б.]. 1991-1994 жылдары ауыл шаруашылы-ғында егістік 13% -дан астам, ал мал басы 16,3%-ға, т.б. Инфляция кәсіпорындардың айналым қаражаты құнсызданды, соның нәтижесінде ақысыз дағдарысқа, халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуіне және нақты жалақының төмендеуіне әкелді. Тауар-ақша қатынастарын дамытуға жәрдемдесу бағаларды ырықтандыру өндіріс, қызметтерді дамытуда кедергілердің бірі болды. 1997 жылы облыс Қазақстанның еңбек ресурстарының 6%-ы ішкі жалпы өнімінің 10%-ын, көмірдің 70% -ын, электр энергиясының 42%-ын қамтамасыз етті [10, 55-б.]. 1995–2002 жылдары реформалардың екінші кезеңі басталды: қайта құру структурасы кәсіпорындардың меншік нысандарын өзгерту және де олардың көпшілігі дағдарыс жағдайларында болды. Ірі кәсіпорындарды сенімгерлік басқаруға беру инвестициялау мәселесін шеше алмады (акционерлік капиталға қатыспастан, сенімгерлік компаниялар өз капиталын инвестициялауға мүдделі емес). Сондықтан қауымдастықтардың қысқартуы жүргізілді. Тау-кен металлургиялық, энергетикалық кәсіпорындардың мемлекеттік акциялары шетелдік инвесторларға сатылды, жаппай жекешелендіру жүргізілді. 2001 жылдың басында кәсіпорынның 78,9%-ы жекеменшік, 20,8% -ы мемлекет, 0,3%-ы шетелдік меншікте болды. Ауыл шаруашылығында колхоздық шаруашылықтар қайта құрылды, совхоздар жекешелендірілді. 2000 жылдың соңында облыста 3,2 мыңнан астам шаруа қожалығы, оның ішінде 3,2 мыңнан астам ауыл шаруашылығы бірліктері болды. Реформалар өндірістің одан әрі төмендеуімен, әлеуметтік проблемалардың өсуімен бірге жүрді.

2001 жылдың басында облыста 3050 шаруа қожалығы, 35 мемлекеттік кәсіпорын, 138 шаруашылық серіктестік және акционерлік қоғам, 12 ауыл шаруашылығы кооперативтері бар. Жалпы бидай 523 мың тонна, ет 34,3 мың тонна алынды, 245 мың тонна сүт, 93,3 миллион дана жұмыртқа өндірілді [1, 18-б.]. Өндірістік қысқартулар, қаржылық қиындықтар тұрақты емес жалақыға, жұмыссыздыққа және өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелді. 1998 жылдан бері өндірісті кезең-кезеңмен тұрақтандыру, экспорттық өнімнің көлемін ұлғайту, өнеркәсіп өндірісіне салынған инвестициялардың өсуі 18%-ға артып, шамамен 11%-ға өсті, ауыл шаруашылығы өндірісі, мал шаруашылығы, құс еті 30%, сыртқы сауда айналымының көлеміне өсті. Экономикалық саладағы оң үрдістер әлеуметтік жағынан жауап берді. Облыста халықтың өсуі біршама өсті, эмиграция азайып, жұмыссыздық деңгейі төмендеді. 2000 жылға қарай Қазақстан Республикасының барлық ірі партиясы осы өңірде жұмыс істеді. Олар: «Отан», «Қазақстан халық партиясы», «Қазақстанның азаматтық партиясы», «Аграрлық партия», «Қазақстанның коммунистік партиясы», «Қазақстанның демократиялық партиясы», «Азамат», «Қазақстанның халықтық-кооперативтік партиясы» және т.б. Әр түрлі «Аналар», «Солярис», «Пайдаланушылар қауымдастығы», «Ардагерлер кеңесі» сынды қоғамдық бірлестіктер құрыла бастады.

**1980 жылдардың екінші жартысында мемлекет діни конфессияларға жағдай жасады.** 1995 жылдың ортасында аймақта «Кришна санасы», «Иисус Христос шіркеуі», «Жаңа өмір» сияқты діни ағымдар пайда болды. Олар 57 қауымдастықтарда біріктірілген. 23 мешіт болды, ал 1990 жылы Павлодар қаласында бір ғана мешіт болған. 2000-2001 жылдар аралығында Павлодар қаласында бас мешіттің және православие шіркеуінің құрылысы жоспарланған. Бұқаралық ақпарат құралдарында өмір туралы, проблемалар, құндылықтар, діндердің негізгі ережелері, діни бірлестіктер тұрақты болып келеді. Діни білім мен ағартушылықты жандандыру үшін қадамдар жасалды.

**Сыртқа кетушілер ішінде ТМД елдері бойынша Ресейге кеткендердің үлес салмағы басым (96,7%).** Сырттан келушілер ішінде ТМД елдері бойынша Ресейдің үлесіне 64,9%-ды, Өзбекстаннан көшіп келгендер 13,6%-ды құрайды. Дүние жүзінің басқа елдерінен көшіп келгендер ішінде Моңғолиядан келгендер басым (91.9%). Германиядан көшіп келгендер 7,8%-ды құрайды (2011). 1991 жылы 31 шілдеде Монғолиядан көшкен 30 отбасы арнайы әуе рейстерімен Павлодар облысына келді. Облыстық көші-қон және демография басқармасының жанынан құрылған штаб көшіп келгендер үшін Успен ауданында және Ақсу қаласының ауылдық аумағында үйлер сатып алып, оларға жер, мал, жұмыс, жәрдемақы бөлу жөніндегі мәселелерді шешті. 2001 жылы 19 қазанда Павлодар қаласында алғашқы оралмандардың тарихи отанына оралуының 10 жылдығына және елдегі бірінші «Керуен сарайы» атты оралмандардың бейімделу орталығының салтанатты ашылуына арналған облыс жұртшылығының салтанатты жиналысы өтті. Онда облыстық мемлекеттік мұрағаттың құжаттары негізінде «Ата жұрт – алтын бесігім» атты фотоқұжаттық көрме ұйымдастырылды.

XX ғасырдағы аймақтың тарихы аймақтың жалпы өркениет процесіне араласуының қиын жолын көрсетеді. Қаншама қиын кезеңдерді басынан өткізсе де, қазіргі таңда даму, өркендеу үстінде деп ойлаймын. Облыста осыған орай болашақта даму перспективасын көруге болады. Мәселен, дәстүрлері, рухани құндылықтары мол, білімді халқы, экономикалық кешені мен қолайлы экспорттық әлеуетінен анық көруге болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. История Павлодарского Прииртышья. А.Л.Захаренко, Б.К.Косаяков, В.К. Мерц.2003г.

2. http://www.demoscope.ru/weekly/2004/0183/analit03.php

3. http://pavlodar.gov.kz/o-demograficheskoj-situacii-v-pavlodarskoj-oblasti-za-janvar-mart-2018-goda/

4. Демографические показатели Павлодарской области. /Статистический сборник/ 2012. — 120 с.

5. Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия./Бас ред. Б.Ө.Жақып.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013.-776 б.

# СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ МАЛЫХ ГОРОДОВ КАЗАХСТАНА

**Ляззат КОЖАКЕЕВА,**
**доктор исторических наук, и.о.профессора КазгосЖенПУ**

**Становление и развитие малых городов в Казахстане происходило под решающим воздействием специфики формирования базовых отраслей промышленности.** Под влиянием промышленного освоения регионов Республики исторически сложилась структура городских поселений, преимущественно состоявшая из малых городов. Можно утверждать, что ускоренный рост числа таких городов в Казахстане был обусловлен интенсивными темпами промышленного и целинного освоения территорий. В этих городах был высок удельный вес в развитии отраслей промышленности, особенно черной и цветной металлургии, топливной, химической и нефтехимической, электроэнергетики. Однако, с распадом Союза малые города республики пришли в упадок и находились практически на грани исчезновения.

**Возникновение малых городов в Казахстане происходило различными путями.** Так, центры добычи полезных ископаемых в ходе своего развития обычно обрастали предприятиями обрабатывающей промышленности, в результате чего некоторые из них превратились в малые города, определенная часть которых в дальнейшем начала играть определенную роль в общественном разделении труда.

**Однако, во многих городах Казахстана уровень развития экономической структуры не отвечал требованиям, предъявляемым к городам,** ибо главный градообразующий элемент – промышленность – не получила должного развития или характеризовалась монопроизводством. К разряду таких городов также можно отнести города Юго-Западного Казахстана – Аральск и Казалинск. Узость сферы приложения труда в них усугублялась тем, что все они расположены в территориальной зоне с экстремальными природно-экологическими условиями (суровый климат, ограниченность питьевой воды, загрязнение окружающей среды в результате необдуманного освоения нефтегазовых месторождений, высыхание Аральского моря и др.). Поэтому первоочередной задачей считалось создание в малых городах основ различных отраслей промышленности и других градообразующих элементов, но по объективным причинам республика не могла решить социальные и экономические проблемы, стоящие перед малыми городами.

Крупная промышленность республики в основном размещалась в больших городах Казахстана, где было сосредоточено 2/3 предприятий, находящихся на самостоятельном балансе, и основные производственные фонды. Города, в первую очередь крупнейшие, являлись важнейшими пунктами размещения производства и расселения. В 1990 г. только в двух из них - Алма-Ате и Караганде с населением, соответственно, 1171 и 609 тыс. чел. было сосредоточено более 1/3 всех предприятий, которые производили 33 % товарной продукции, выпускаемой во всех больших городах республики: это Алма-Атинский завод тяжелого машиностроения (АЗТМ), хлопчатобумажный комбинат (АХБК), Карагандинские угольный комбинат, Объединение по производству горно-шахтного оборудования и другие, продукция которых экспортировалась за пределы республики. Вместе с тем развитию малых и средних городов в условиях плановой экономики не уделялось должного внимания. Так, во второй половине 1980-х гг., из 231-го предприятия, включенного в перечень важнейших строек производственного назначения, 147, несмотря на ограничительные меры, было размещено в 21 крупном городе. В то время как на долю 63 малых и средних городов, 212 рабочих поселков и 222 районов пришлось всего 84 промышленных объекта [1].

Поэтому, в середине 1980-х гг. одной из важнейших приоритетных задач экономического развития Казахстана становится преодоление моноструктуры промышленности в малых городов и развитие в них не только предприятий группы «А», но группы «Б». Так, в проекте плана на I981-I985 годы в республике предусматривалось ввод в действие 332 новых промышленных предприятий и цехов и расширение 130 действующих предприятий. Строительство этих предприятий предусматривалось осуществлять в 111 городах и поселках городского типа, в том числе во всех 18 крупных, 12 средних и 32 малых городах из 55 по республике, 49 поселках городского типа из 200 [2].

Решение задачи развития малых и средних городов для Казахстана особенно актуально, поскольку на современном этапе развития его экономики характерна наибольшая концентрация промышленных предприятий в больших и крупных городах. В тоже время в республике имелось довольно большое количество «экономически перспективных» малых и средних городов, возникших в период 1960-1980-х гг. в силу интенсивного освоения природных ресурсов и дальнейшего ускорения индустриального и аграрного развития республики. Для этого этапа развития экономики Казахстана была характерна концентрация промышленности в больших и крупных городах. Дальнейшее развитие экономики в уже сложившихся промышленных центрах ограничено, в связи с отсутствием свободных трудовых ресурсов для крупных производств.

В целях дальнейшего совершенствования размещения производительных сил республики важное значение приобретало ограничение роста больших городов и развитие экономически перспективных райцентров, малых и средних городов республики с учетом рационального использования местных трудовых, сырьевых, водных, земельных и других ресурсов и размещением в них главным образом небольших предприятий, филиалов и специализированных цехов действующих объединений, фабрик и заводов. В 1985 г. в 17 малых и средних городах имелись филиалы крупных действующих предприятий и в 7 городах действовали их цеха [3]. Это были – филиал Алма-Атинского трикотажного объединения в г.г. Текели и Талгар; объединение “Джамбулкожобувь” в г.Каратау, Алма-Атинской трикотажной фабрики в г.Текели; Кентауской швейно-трикотажной фабрики в г. Туркестане; Чимкентского объединения “Эластик” в г.Ленгер, молочный цех в г.Талгар.

Поскольку существующие предприятия не обеспечивали потребности в трудоустройстве населения малых городов, в 1980-х гг. предусматривался ввод

в действие новых промышленных предприятий. Так, намечалось создание 11 филиалов и цехов: в 1983 году предполагалось ввести в действие цех Алма-Атинской фабрики головных уборов, Кентауской швейной фабрики в г.Туркестане, намечалось расширение филиала объединения “Джетысу” в Талды-Кургане [4].

**Предлагалось построить 23 цеха, предприятия с объемом валовой продукции свыше 240,0 млн. руб. и численностью почти 7,0 тыс. человек** [5]. Надо отметить, что, как это было характерно для плановой экономики в последние десятилетия её существования в бывшем СССР, многие из перечисленных выше планов и проектов так и остались только на бумаге или были реализованы лишь частично. Предполагаемые прогнозные мероприятия не были осуществлены также в связи с распадом Союза.

**Таковым было в общем состояние экономической инфраструктуры малых городов на конец 1980-х гг.** В дальнейшем, вследствие распада единого экономического пространства бывшего Союза, начавшихся рыночных преобразований, большинство малых городов пришло в упадок, была полностью разрушена их производственная база, закрыты и объявлены банкротами прежние градообразующие предприятия.

**За годы реформ во многих малых городах было свернуто или сведено до минимума промышленное производство.** Особенно это касается городов добывающего профиля, положение которых значительно ухудшилось вследствие спада производства из-за истощения запасов полезных ископаемых, снижения спроса на, продукцию. В результате из общего числа МГ выделяются депрессивные малые города, имеющие наихудшие показатели социально-экономического развития. К таковым относятся: Аральск (Кызылординская область).

**Характерной проблемой многих МГ является несоответствие структуры производственно-хозяйственной базы требованиям рыночной экономики.** Технологическая отсталость и изношенность основных производственных фондов большинства предприятий МГ, нарастающий дефицит кадров, их депрофессионализация тормозят дальнейшее развитие малых городов. Развитие городов промышленного направления связано с совершенствованием структуры экономики путем диверсификации и расширением состава их функциональной специализации, В городах с добывающей отраслью промышленности, где добыча сырья уже неэффективна, целесообразно развивать новые производства, которые компенсировали бы сокращение рабочих мест в основном производстве.

**Усложняются требования современного промпроизводства к технологии, оборудованию, наличию квалифицированной рабочей силы, инфраструктуре**. В связи с этим малые города с обрабатывающей промышленностью, как правило, не располагают условиями для организации крупного современного промпредприятия. В этих городах необходимо развивать небольшие предприятия с высоким уровнем подетальной и технологической специализации. В них могут производиться стандартные узлы и детали, трикотажные и швейные изделия, стройматериалы из местного сырья, товары народного потребления.

**Таблица 1. Показатели социально-экономического развития малых городов в 2002 г. [6].**

| Область, город | Численность населения на начало года, тыс. чел. | Объем промышленной продукции на душу населения, тыс. тенге. | Средний уровень безработицы за 2000-2002 годы, % | Среднемесячная номинальная заработная плата одного работника, тенге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Республика Казахстан | 14820,9 | 154,6 | 11,1 | 20305 |
| Алматинская | 1558,2 | 65,9 | 11,2 | 14226 |
| Есик | 31,4 | 61,1 | 5,6 | 19074 |
| Жаркент | 32,7 | 59,0 | 8,6 | 10643 |
| Капшагай | 32,4 | 44,2 | 11,4 | 20893 |
| Каскелен | 35,8 | 98,0 | 11,8 | 16242 |
| Сарканд | 15,0 | 6,7 | 10,1 | 9535 |
| Талгар | 43,2 | 34,7 | 21,3 | 11686 |
| Текели | 23,6 | 61,9 | 14,4 | 18524 |
| Ушарал | 15,4 | 6,5 | 11,1 | 10694 |
| Уштобе | 22,0 | 28,3 | 11,7 | 10307 |
| Жамбылская | 980,6 | 41,5 | 13,1 | 13548 |
| Жанатас | 25,0 | 36,6 | 12,5 | 15658 |
| Каратау | 27,1 | 10,5 | 15,6 | 14586 |
| Шу | 33,9 | 39,3 | 10,5 | 15946 |
| Кызылординская | 606,6 | 189,1 | 13,6 | 17081 |
| Аральск | 29,9 | 4,3 | 10,5 | 13821 |
| Казалинск | 5,8 | 83,4 | 13,3 | 15901 |
| Южно-Казахстанская | 2045,4 | 56,6 | 11,7 | 13605 |
| Арыс | 33,4 | 33,0 | 6,9 | 14564 |
| Жетысай | 30,8 | 143,0 | 9,5 | 10274 |
| Ленгер | 17,8 | 30,3 | 13,1 | 12031 |
| Сарыагаш | 25,5 | 107,0 | 7,0 | 9471 |
| Шардара | 26,1 | 26,8 | 7,2 | 13774 |

Промышленное производство в малых городах характеризуется выраженной специализацией на одной-двух отраслях, а другие отрасли развиты незначительно, либо промышленные предприятия вообще отсутствуют. Снижение объема производства или остановка градообразующих предприятий приводит к общему ухудшению социально-экономической ситуации в городе. Наименьшие объемы промышленного производства на душу населения имеют города – центры сельскохозяйственных районов (Сарканд, Уштобе, Жаркент, Есик, и другие).

Однако, несмотря на негативные последствия, малые города играли определенную, причем довольно весомую роль в экономике Казахстана, поскольку большинство из них сформировалось именно для промышленного освоения минеральных ресурсов республики и ее индустриального развития. И в дальнейшем, при активной государственной поддержке малые города способны найти свою нишу в экономической структуре республики и будут играть заметную роль в социально-экономическом развитии Казахстана.

## СПИСОК ИСТОЧНИКОВ


1. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 5936, Л.11.
2. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6483, Л.34.
3. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6234, Л.25.
4. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6489, Л.64.
5. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6657, Л.57.
6. Государственная программа по развитию малых городов РК на 2004-2006 гг.
7. Там же.

*Қазақстан-Ресей медициналық университеті Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасынан биыл 16 профессор-оқытушы «Қазақ тарихы» журналына бір жылға толық жазылыпты. Бұл істі ұйымдастырған – кафедраны екі жылдан астам басқарып келе жатқан тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлжанар Шуланбекова. Төменде аталған кафедраның іс-тәжірибесі мен білім беру, маман даярлау саласындағы жетістіктері оқырман назарына ұсынылып отыр.*

*P.S. Редакция үш-төрт жылдан бері мақаланы бұрынғыдай бастан-аяқ өңдемей, көзге ұратын қателерді ғана түзететіні мәлім. Өйткені авторларға өз мақаласында цитат бар болса, ашық курсивке (св. курсив) айналдырып, екі жағына тырнақшасын қойып, мән беретін тұстарын қарайтып, сөз тіркестерінің байланысуына, қиысуына мән беріп, сілтемелерін орысшадан [6, с не стр.-63] былайша [6, 63-б.] қазақша тәртіпке түсіріп, бәрін дұрыстап салуы керектігі ескертілген болатын. Дәл осы Қазақстан тарихы кафедрасынан өңдеуге ақы алмағандықтан, сөз саптауда, сөйлем құрылымында қателер кездессе, автордың өзі жауапты екенін ескертеді.*

# ЖАСТАР ЖЫЛЫ –

## *бағдары айқын бастамаларды жасау жылы*

**Гүлжанар ШУЛАНБЕКОВА,**
**тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан-Ресей медициналық университеті Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі**

Ел тәуелсіздігінің 27 жылында қол жеткізген табыстарымыздың барлығы – көп этносты еліміздің ынтымағының, қоғамдық келісімнің, барша қазақстандықтардың жұмыла еңсеруінің нәтижесі. **Әлемдік қоғамдастық азаматтық қоғамның тиімді үлгісі ретінде таныған еліміздегі саяси тұрақтылық пен этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі негізінде «Әралуандықтан біртектілікке» қағидаты бекітілді**. Бұл принцип өмірдің барлық саласында қолданылады: әлемдік саясатта (көп векторлық), экономикада (жаңа технологияларды пайдалану және экспортқа бағдарланған индустрияландыру), әлеуметтік және ішкі саясатта (халықтың кірістерінің өсуі және өмір сүру сапасын қоғамдық келісім және төзімділік қағидаттарымен жақсарту). Бағзы замандардан бері толеранттылық пен этносаралық татулық Ұлы Даланың негізгі қағидасы болып табылатындығын атап өту керек. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ортағасырлық қалаларда түрлі діни ғимараттар – мешіттер, шіркеулер, храмдар, синагогалар, буддистердің ғибадатханалары салынды. Тек олардың биіктіктері мешіттен аспауы керек болған.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының, сондай-ақ Жолдаудың мазмұны бәрімізді өзара қарым-қатынастар, қазақстандық мемлекеттіліктің болашағы үшін серіктестік, жеке бастамалар мен жауапкершілік жүйесіне сапалы өзгерістер жасауға шақырады. Бұндай ірі ауқымды бастамаларға бейжай қарай алмайтын Қазақстан-Ресей медицина университетінің студенттері де «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын өзіндік талқығa салды. Тағылымды мақалада ұлт тарихының бастаулары, Ұлы Дала өркениеті, түркі әлемінің генезисі, түркілердің адамзат тарихына қосқан сүбелі үлесі сияқты маңызды тақырыптармен бірге оларды жүзеге асырудың да нақты жолдары көрсетілгенін баяндады. «Рухани жаңғыру арқылы ұлттық кодымызды танып, әлемге өзімізді таныта білсек, «Ұлы даланың жеті қыры» арқылы біз айқындалу жолын нақты белгілеп алдық. Біздің халық – ғұндар мен сақтардың, түркі этностар тобының мұрагері. Біз кім екенімізді айқындап қана қоймай, бүкіл әлемге де белгі бердік. «*Елбасы мақаласын әлемдік өркениет көшіне лайықтап ұлттық сипатты сақтап ілестіру – сендердің міндеттерің, ол үшін – Отанға деген ұлы патриоттық сезімдерің сөнбеуі керек*» – деген ұстаздардың ұлағатты сөздері айтылды. Осындай игі бастамаға атсалысып, дөңгелек үстел ұйымдастырған Қазақстан-Ресей медицина университетінің Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының майталман мамандары **«Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Атқа міну мәдениеті», «Ұлы даладағы ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны»** жайлы тың әрі қызықты мәліметтермен жан-жақты түсіндіріп, студенттерге арнайы дәріс оқыды. Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі – Тәуелсіздік. Тәуелсіз ел болғандығымыздың арқасында ғана Қазақстанның сөзі мен ісін бүкіл әлем таныды. Дүниенің бір бұрышында қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын өресі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді.

Осы уақытқа дейін қол жеткізілген барлық табыстар бір төбе болғанда, кешегі өркениеттің көшбасшысы атанып жүрген еуропалық елдердің аймақтық қауіпсіздікті сақтау үшін құрған ЕҚЫҰ-ға мүше болып табылатын барлық 56 мемлекеттің басшылары саммитінің Астанада өткізілгендігі жеке-дара бір төбе

табыс болды. Оның қаншалықты маңызды екендігінің тереңіне кәрі тарих қана бойлап, бағасын бермек.

Студенттердің өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекетіміздің рәміздерін қастерлеуге, ұлттық сананы бойына сіңіріп, оны жалғастырушы болып өсуге тәрбиелеу, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ел арасында сақталып келе жатқан халық мұрасы бойынша студенттеді имандылыққа, қайырымдылыққа, бірлікке тәрбиелеу, адамгершілік сезімін арттыруға, желтоқсандықтарға әрдайым құрмет көрсетуге, әділеттілікке, ел мен жердің қадір қасиетін ұғынуға тәрбиелеу мақсатында да университетіміздің ұстаздары «Тұғыры мығым, туы биік» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Қоғам болып жүйелі жүзеге асыра білсек, бұл ұлан-ғайыр Жолдау тармақтары – әлем өрісті цифрлы технологияға нық қадам басқан бүгінгі дәуірде дамудың көкейкесті шешім түйіндері табылуға тиісті арналардың жолын ашатын маңызды құжат. Өзгесін айтпағанда, әлем өркениетінің тәжірибелеріне сүйенсек, Президенттің ел экономикасын табысты арнаға бұруда туризмді дамыту саласына айрықша назар аударуы тегін емес. Рухани жаңғыруымыз бүгінгі және келер ұрпақтың кемел болашағы үшін керек. Осы тұста Президент Жолдауда «Өз жеріңді танып біл» жаңа бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту керек», деп атап көрсетті. Байтақ еліміздің өңірлерінде қаншама танымдық тарихи-шежірелі маңызды мәдени объекті, мұражай, қорық, демалып саяхаттайтын суы шипалы, айналасы көк желекті өзен-көл. Иә, еліміз тарихы терең мекендерге өте бай. Қазақтың байтақ даласы жерасты байлығымен ғана емес, шежіреге толы мазарларымен, тарихи көне жәдігерлерімен де құнды. Өзгесін айтпағанның өзінде мәдениетіміздің мәйегі Семей өңіріндегі, яғни Абай ауданындағы тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық Жидебай қорығының өзі ішкі туризм үшін маңызды нысан. Ондағы классикалық әдебиетіміздің алтын діңгектері – Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезовтің мұражайлары, Сарыкөл, Қоңыр әулие үңгірлері, Еңлік-Кебек ескерткіші сияқты кешендер, еліміздің өзге өңірлеріндегі тарихи ескерткіштер мен мұражайларды тамашалауға білім ұйымдары көшпелі ақылы туризмдер ұйымдастыруы керек. *«Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін»* дегендегі өзіңді сыйлау – өзіңді ғана емес, еліңді, жұртыңды, мәдениетіңді танып-білу, рухани биік болу деген кеңейтілген мағынада да қолдануға болады. Ол үшін туған жердің дастан-тарихын оқу, білу, үйрену, ұлылар еліне, қасиетті жерлерге барып табан тіреп, тәу етіп саяхаттау керек.

**Мемлекетіміздің ең басты құндылығы – адам тағдыры мен оның кемел келешегі.** Елбасы 2019 жылды «Жастар жылы» деп бекітті. Қазақстанның жастары – елдің басты байлығы. Еліміздің болашағы да жастар, сондықтан оларға үлкен үміт артылып отыр. Тәуелсіздік жылдарында көп жетістікке қол жеткіздік. Мемлекетіміздің нығая түсуіне бұрынғыдан да мол үлес қосу үшін жастар енді бұрынғыдан да белсенді болуы керек. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан алған әсерден соң, Қазақстан-Ресей медицина университетінің студенттері осы жыл аясында біраз шаралар жасауды ұсынды. Бұл ұсыныстар Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстандағы Президент институтының құрылуы мен даму ерекшелігі» атты патриотты-тәрбиелік, мерекелік іс-шарарда айтылды. Жас буын дәрігерлер өздерінің идеялары мен бастамаларын жүзеге асыруға, білім мен ғылымды дамытуға, бәсекеге қабілетті жаңа қоғам құруға атсалысуға бар күш-жігерлерін салатынын мәлімдеді. Жиын соңында: *«Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауы – біз үшін қуантарлық жағдай екенін айтып, мемлекет тарапынан жастарға ерекше назар аударылып, жағдай жасалғалы отырғандықтан, осы күнге дейін шетелде және Қазақстанда алған біліміміз бен тәжірибемізді елімізге арнауға дайынбыз. Елімізде сендер сияқты жастардың креативті, жаңаша ойлай білетін жаңа толқыны өсіп келе жатқанына өте сенімдімін»,* – деп қуанышты сезімімді білдірдім.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің: «*Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсіне білетін, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жирене қарайтын, табиғатынан әділеттілік пен әділдікті сүйіп, жақындарына да, жат адамдарға да әділ, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек*»,– дегеніндей, ұстаздық шеберлік, мұғалімнің өз пәнін жетік білуі, ойын студентке жете түсіндіре алуы, олардың танымдық қызығушылықтарын арттыра алуымен өлшенеді.

Осындай игі шаралардан соң студенттеріміз: жаңаша ойлауға, өзіндік танымын өрістетуге, ғылым әлеміне ой бұруы үшін өз бетінше білім алу, өзін-өзі дамыту өзін-өзі жетілдіруге ықылас танытты. Ішкі әлеуетін ашып, шығармашылықтың шыңына шығу үшін жоғарыда айтылған заман талаптарына сай жаңа тұрпаттағы ізденімпаз, жан-жақты жетілген, өз ісін шынайы сүйетін тұлға болуымыз керек деп ойтілектерін жеткізді. **Шындығында, әрбіріміз үнемі ізденісте болсақ, жаңаны оңай меңгеріп, жан-жақты кәсіби жетіле аламыз.**

Ұлттық жаңғырудың басты әлеуеті – білім. Қазіргі ғылым мен технология заманында қазақ ұлтының білімді болуы – оның табиғи міндеті. Ұлт көшбасшысының бастамасымен жасалған, жасалып жатқан әр түрлі бағдарламалар осы бағыттағы үлкен істердің көрінісі. Патриоттық тәрбие, білімге ұмтылысты арттыру, көпшіліктің ой-өрісін кеңейтуді көздеген бастама-бағыттардың негізі жастарға арналады. Білім алып жатқан жастардың қандай мамандыққа болмасын жедел бейімделуіне, жан-жақты болуына, әсіресе, қазақстандық білім берудегі ерекшеліктер, инновациялар игі ықпал етеді. Сондай-ақ, өзінің руханиятын толықтайтын, ұлтына, еліне қызмет ететін нағыз отансүйгіш-патриот азаматтарды тәрбиелеу осы мәселелелрмен тығыз байланысты. Өз тарихын білмей өскен ұрпақ ұлттық құндылықтардың қадірін біле ме? Сондықтан да санамызда ұлттық менталитетті қалыптастыру, төл тарихымызды жаңғырту, сол арқылы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу басты міндетіміз деп білеміз.

**Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында:** «*Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлт-*

*тық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай»,–* деп рухани жаңғырудың басты шартын айқындап берген болатын. Жақында жарияланған қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған, халқымыздың мүддесімен үндес келген Үндеуінде де Қазақстанның даму жолының тағы бір ерекше қырына назар аударды.

Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, студент жастардың жатақханамен қамтамасыз етілуі мәселесін де жолға қою тапсырылды. Енді білім саласының барлық қызметкерлері мен студент жастар Тәуелсіз Қазақстанды өркендету мен нығайту жолында күш-жігерін мейлінше жұмсай отырып, өз үлестерін аянбай қосары анық.

**XXI ғасырда мемлекеттің тұрақты дамуының негізі ретінде адам әлеуетінің рөлі артып отыр.** Қоғамға адамның зияткерлік қабілеті, оның білімділігі, жаңа білімді жинақтау мүмкіндігі қажет. Бүгінгі таңда инновацияларды жедел игеретін, өмірдің серпінді сұраныстары мен талаптарына тез бейімделетін тұлға ғана жеңіске жетеді. Елдің даму үрдісінде адами құндылықтардың өркендеуі стратегиялық маңызды мақсат болып саналады. Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесінің көркеюі адам капиталының рөлін бағалауға, тең білім алу мүмкіндіктерін туғызуға, жоғары білім беру стандартына қол жеткізуге көңіл бөле отырып жүргізуді қарастырады. Бүгінгі әлемде оқытудың инновациялық технологияларын меңгермей жан-жақты сауатты, іскер маман-ұстаздың өзіне жаңа тұрпатты студент, болашақ маманды дайындау қиынға соғады. Жаңа тұрпатты заманауи педагогтың өзі құндылық құралдардың бүкіл әлеуетін меңгерген, инновациялық технологиямен қаруланған, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылып отыратын, рухани дамыған, шығармашыл, креативті, интеллектуалды білікті маман болуы шарт.

Біздің жастарымыз рухани, ғылыми ізденістерге белсене қатысуда қызығушылық танытып жүр. Елбасы жоспарлап берген болашақтың бағдарын алып жүрер, елдің рухани жаңғыруына үлес қосар, атсалысар да осындай жастар екеніне сенімім мол.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Назарбаев Н.Ә.** «Ұлы даланың жеті қыры». https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html

2.**Назарбаев Н.Ә.** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

# МҰСТАФА ШОҚАЙ ЭМИГРАЦИЯ ЖЫЛДАРЫНДА

**Арайлым БАЙГӨБЕКОВА (Байгубекова),**
**Қазақстан-Ресей медициналық университетінің оқытушысы**

**Ғасырлар бойы жеке шаңырақ көтеріп, өз алдымызға еркіндік, азаттық алуды армандаған халқымыз өз арман-тілегіне де жетті.** Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болып, ұмытыла бастаған салт-санамызға, мәдениетіміз бен тарихымызға жаңа леппен ден қоя бастады.

Қаншама ғасырлар күткен тәуелсіздіктің тұғырлы туы еркін желбіреген сайын, соншама рет біз еліміз деп еңіреген ерлердің аруақтары алдында бас иеміз. Солардың бірі *«Жаманды заман билемек, замана оны илемек»* дәуірде өмір сүріп, тар жол, тайғақ кешулерден өтіп, тәуелсіздік үшін күрескен Алаш ардақтыларын құрметпен еске ала отырып, халқымыздың ардақты ұлы, қоғам қайраткері, саясаткер, қазақтан шыққан тұңғыш эмигрант Мұстафа Шоқайдың қазақ елінің бақыты, тіпті исі түркі халықтарының болашағы жолындағы еңбектері ұшан теңіз.

Өзімізге белгілі кешегі тоталитаризм заманында бостандықты, азаматтықты, теңдікті аңсаған, сол үшін жан аямай күрескен ата-бабаларымыздың тарихы Ресей тарихнамасының ықпалында болып, отаршыл идеологияның темір құрсауында бұрмаланып жазылды. Қаншама ұлт зиялыларымыз халық жаулары деген айдармен айыпталып тұтқынға түсті, қудаланды, атылды. **Осындай жолға түскісі келмеген қандастарымыз Кеңес өкіметінің саясатына келіспей шетелге мұғажырлыққа (эмиграцияға) кетуге мәжбүр болды.** Ал олардың шетелдегі қоғамдық-саяси қызметі туралы айту түгіл оларды еске алуға да рұқсат етілмеді. Сондықтан Еуропадағы эмигранттардың өмірі тарихымыз түгенделіп, “ақтаңдақтардан” ажыратылып, шынайы жазыла бастағанда ғана қолға алынды. *«Мұстафа Шоқай да осы шетелге кеткен мұғажырлардың қатарында болып, Ресейге жеңіске жеткен большевиктердің ұлт мәселесіне қарсы саясатын сол жақта жүріп, барынша әшкерелеуге тырысты. Исі түркі халықтарының азаттығы жолында күрес жүргізе отырып, тұтас Түркістан идеясының басты қолдаушылары болды»* [1].

**Мұстафа Шоқай өзінің эмиграциялық жылдарында көптеген қиыншылықтарды басынан кешірді.** Бірақ құдай қосқан жары Марина Горина қиынқыстау кезде орасан зор медеу бола білді. Мысалы, Парижге орналасқаннан кейін, көп ұзамай олардың күнкөріс қаражаттары таусылады.

Сонда жары Мәрия күнкөрістің көзін тауып, үйде босқындарға тамақ дайындаумен қатар, театрда жұмыс істеп, түстен кейін Малчевский атындағы орыс хорына барып, ән салатын. Хормен бірге Париждің «Альгамбра», «Олимпия» және басқа театр сахналарына шыққан Мария үйіне келе салысымен ертеңгі күннің тамақ әзірліктеріне кірісетін. Мұстафа көкөніс тазалап, үстел мәзірін дайындап, жұбайының ауыр жүгін жеңілдетуге тырысатын. Сонымен қатар Мұстафаның баспасөзге жазған мақалалары үшін алған қаламақылары да үйдің кірісіне үлес қосатын. Бұл кезде М.Шоқай француз тілін де үйренуге күш жұмсады [2].

**1923 жылдан бастап Париждегі орыс босқындарының баспасөзіне мақала жазуын жыл сайын арттыра түсуінің екі маңызды себебі бар еді. Біріншісі –** қаламақысы, екіншісі – Түркістан мәселесін әлем жұртшылығына, әсіресе, Кеңестер

Одағының халықтарына жеткізуді мақсат тұтуы. Оның мақалалары көбіне Кеңестердің жүргізіп отырған саясатының Түркістанның жергілікті халқының мүддесіне қайшы екенін көрсетуге бағытталды. Түркістандықтардың мемлекеттік басқару орындарында екінші дәрежелі билікке ие екеніне назар аударып, олардың басқарудың әр сатысында белсенді қызмет атқару қажеттігін баса көрсететін еді. Ол Кеңес өкіметін осы тұрғыдан қатаң сынға алатын. Сондықтан да М.Шоқай Кеңестік Орта Азияда болып жатқан әлеуметтік және саяси өзгерістерге ашық қарсылық көрсеткен дара қайраткер ретінде ерекшеленеді.

**М.Шоқайдың эмиграциялық өмірінің алғашқы екі-үш жылы «өмір үшін күрес» және Франциядағы қалыптасу кезеңі болғанға ұқсайды.** Мысалы, «*1923 жылы Германияда орын алған ауыр экономикалық дағдарыс уақытында ондағы инфляцияны пайдаланған М.Шоқай Мария Яковқызы екеуі алты ай Германияда тұрып, ақшаларын үнемдеуге мәжбүр болады»* [3]. Тек қана 1923 жылдан бастап олар Ногот (Ножан) қаласында тұрған. Күнкөріс қамымен М.Шоқай Керенскийдің «Дни» және Милюковтың *«Последние новости» басылымдарына корректор болып қызмет істеді. Мария Шоқайдың және басқа да зерттеушілердің айтуына қарағанда, 1923 жылдан бастап М.Шоқай «орыс демократиясынан мүлдем теріс айналып, орыс баспасөзінен де қол үзген».*

**Біріншіден,** шынайы түркістандық мүддені білдіретін мақалаларын бұл басылымдар баса қоймаған. Өйткені, эмиграциядағы орыс «демократтары» Ресей империясының ішіндегі Түркістан мен орыс емес халықтарды мойындағысы келмейтін. **Екіншіден,** кезінде Түркістан ұлттық өкіметінің басшысы болған, өзі түрікшіл, тұтас Түркістан идеясын насихаттаушы тұлғаның өзге ұлттардың табиғи құқығына күле қарайтын орыс басылымдарында жұмыс істеуі оның саяси беделіне зор нұсқан келтіретін және өзіне деген сенімсіздік тудыратын. **Үшіншіден,** М.Шоқай сол кездің өзінде тәуелсіз Түркістан баспасөзін ұйымдастыруды ойға алып, оның жолында белін бекем буғанға ұқсайды.

**М.Шоқай Түркістаннан Батыс Еуропаға келген бірқатар түрік саяси эмигранттармен бірге түрік халықтарының азаттығы жолында күрес жүргізді.** Ол Кеңестік Ресейдің қол астында болған Түркістан мәселесін халықаралық конференцияда көтеруге және әлем жұртшылығының назарын аударуға тырысқан. Мысалы, Швейцарияның Лозанна қаласында жиналған Түркияның тағдыры жөніндегі Халықаралық конференцияға Түркістан және жалпы түрік әлемі жөнінде М.Шоқай, А.Ысқақи, С.Мақсұди, Ф.Тоқтарлармен бірге өз талаптары мен көзқарастарын білдірген үндеу жіберген [4].

*«Жоғарыда атап көрсетілген мақсаттарға орай, Франция астанасы Парижде тұрып, М.Шоқай Ыстанбұлда Зәки Уәлидидің бас редакторлығымен «Жаңа Түркістан» («Иени Түркістан») журналын ұйымдастырды»* [5]. Ол 1927 жылдың маусым айынан 1931 жылдың қыркүйек айына дейін «Жаңа Түркістан» журналына ат салысып, аса құнды мақалалар жазды [6].

**Өзімізге белгілі М.Шоқайға Германия Үкіметі тарапынан «Франция мен Англияның шпионы» деген айып тағылған болатын.** Бұндай айыптың толық негізсіздігіне Германия басшылығы тез арада көз жеткізді. Бірақ арандатушыларға (Вали Каюм болуы әбден мүмкін) ешқандай шара қолданылмады. Ал Кеңестік насихат машинасы М.Шоқайға «Түркістан регионын құрушы», «Германияға сатылған опасыз» деген айыптар тақты. Ал шын мәнінде, М.Шоқай «Түркістан легионын» құруға қарсы болып, ауру мен аштықтан, адам айтқысыз айуандық қатынастың салдарынан қырылып жатқан түркістандықтарды өлімнен арашалап алу үшін оларды жұмысқа орналастыруға тырысқан. М.Шоқай тұтқындардың өте нашар жағдайы туралы әкімшілік орындарға жолдаған хатында: *«Сіздер, немістер, өздеріңізді Еуропадағы ең мәдениетті адамдармыз деп санайсыз. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргендерім болса, онда мен сіздерге де тұтқындардың шеккен азабын көрулеріңізді тілеймін»* [5],– деп жазған. Әрине, бұл сөздердің барлығы Мұстафа Шоқайдың қан жылаған жүрегінен шыққаны белгілі. Және де өз елінен жырақта жүрсе де оның еліне, жеріне, ұлтына деген құрметі шексіз жанашыр екенін тағы да дәлелдеп отыр.

**Мұстафа Шоқай өмірінің соңына дейін қазақ халқының, жалпы исі түркі халықтарынң бостандығын, тәуелсіздігін аңсаған асыл азамат.** Оның артында бай мұра қалды. Атап айтсақ, 1917 жылы Ташкентте «Ұлұғ Түркістан», Қоқанда «Жаңа Түркістан», 1919 жылы Тбилисиде «Вольные горцы», «На рубеже», 1921 жылы Стамбұлда «Шөбнәме газетасы» газеттерін; сондай-ақ «Жаңа дүние» (1920), «Жаңа Түркістан» (1927-1931), «Түркістан» (1935), «Орта Азия» (1928) секілді француз, түрік, орыс тілдерінде кітаптар, «Жас Түркістан» журналын т.б. көптеген еңбектерін бастырып шығарды [5]. Шығарған барлық дүниелерінің бір ғана мақсаты – өз елінің тәуелсіздігі болатын.

**Қазіргі біз өмір сүріп отырған тәуелсіз мемлекетті Мұстафа Шоқай сол заманда аңсап кеткен.** Сол тәуелсіздік жолына бүкіл саналы ғұмырын арнады. Сондықтан да Мұстафа Шоқайұлы жөнінде әлі арнайы еңбектер жазылады деген үміттеміз. Ол нақты деректерге, мұрағат мәліметтеріне сүйене жазылуға тиіс. Басты мақсат – туған халқының мүддесі үшін тар жол, тайғақ кешуден өткен Мұстафа Шоқайдың шынайы бейнесін көрсету, әділ бағасын беру, орынсыз жаладан арашалау, ол туралы ащы шындықты боямасыз халыққа жеткізу парызымыз деп білеміз.

Отаннан жырақта жүріп өзінің елі, туған жері, сол жердегі халықтың бостандығы, теңдігі туралы бүкіл дүние жүзіне жар салған Мұстафа Шоқайдың еңбектерін, мұраларын жинау, оларды зерделеп, оның қоғамдық-саяси қызметінің барлығы да қазақ халқының, әсіресе, тұтас Түркістанның тәуелсіздігі болғандығын зерттеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі екендігін мойындауымыз қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Шілдебай С.** Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс.// Алматы, 2002, 164 б.

2.**Абдуақап Қара.** Мұстафа Шоқай. // Алматы, 2004, 154 б.

3.**Шоқай М., Шоқай М.** Естеліктер. // Ыстанбұл, 1997 ж., 271 б.

4.**Оқтай А.** Мұстафа Шоқай және түрікшілдік. // Түркістан, 1997. 26 наурыз.

5.**Оралтай Х.** Мұстафа Шоқай және оның шетелдегі ізбасарлары. // Қазақ тарихы, 1997. №2, 9 б.

6.**Бапыш Ж.** Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ диаспорасы жайында. // Жас Түркістан, 2001, №2, 85 б.

# ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Диана ҚҰНДЫЗБАЙ,**
**Қазақстан-Ресей медициналық**
**университетінің аға оқытушысы**

Қазақ халқында әйел мәселесі – әрқашан да өзекті мәселелердің бірі. Қазақ – әйелді, ананы құрметтеген, бірақ осыған байланысты көптеген орыс зерттеушілері олардың жағдайы ауыр болды деп жазған. Оны шариғи және ұлттық салт-дәстүрге негізделген ру-тайпалық қатынастардың сақталуымен түсіндіреді, ер адам барлық артықшылыққа ие болғандығына назар аударды. Олардың еңбектерінде: *«әйелдерде өздерінің таңдауы болмаған, тек құл ретінде ауыр жұмысқа ғана ұстаған»* деген бір жақты пікірлер айтылған. Орыс зерттеушілерінің мұндай теріс пайымдауларымен келісе алмайтынымызды білдіре отыра, қазақ әйелдерінің жағдайы негізінен шығыстық отырықшы елдердегі әйелдерге қарағанда әлдеқайда жақсы болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, өзбектерде, тәжіктерде, түріктерде әйелдер қамауда ұсталып, тек өздеріне бөлінген орында ғана тірлік кешті. Ол шариғат талаптарымен орнықтырылды. Академик Б.Пальванованың айтуынша молдалар мен ишандар, құран сөздерін өздерінше түсіндіріп, адамның денесі (адам деп тек ерлер саналған ғой) 12 мүшеден тұрады, соған сай сонша әйел алуға рұқсат етіледі деп көп әйел алушылықты орнықтыруға ұмтылып отырған [1,17-б.].

Көшпелі халықтарда, оның ішінде қазақтарда, әйелді мүлде шеттеткен жағдайдағы қоятын шариғаттың барлық осы талаптары сақтала бермеген. Ал, Кеңес заманындағы зерттеулерде тоталитарлық жүйеге байланысты бірқатар көптеген мәселелер жасырын қалдырылып немесе бұрмаланып жазылған. XX ғасырдың басында қазақ зиялылары әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялап отырған. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл мәселе бойынша бірнеше диссертациялар (А.К.Балтабаева [2], О.Қазиев [3], Әбішева [4]) қорғалып, мақалалар жариялануда. Бірақ та тарихнамалық тұрғыда аталмыш мәселенің зерттелмегендігіне көз жеткіземіз.

Түркі дәуірінде Ю.А.Зуевтің пікірінше, көне түркілерде жоғары өкімет құқығына тек қана қаған емес сонымен бірге оның әйелі де ие болған. Бұл, сондай-ақ, олардың руларының қағандық және қатуандық болып бөлінуіне алып келді [5, 63, 81-82-бб.]. Күлтегін кешенінде қағанның мүсінімен қатар оның әйеліне арналған балбалдың да болғандығын дерек көздері атап өтеді [6, 58-б]. Семей облысында Таңсық өзеніне таяу орналасқан Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу ескерткішінің ішіндегі төрт тас балбалдың үшеуінің әйелді бейнелейтіндігі жайында А.Левшин жазған болатын. IX-XI ғасырларға тән бұл ескерткіш қазақтардың XIX ғасырда да дәстүрлі тәу етер жері болған [7, 107-б.]. Оңтүстік орыс далаларын мекен еткен қыпшақтардың қойған тас балбалдарының ішінде әйел мүсіндерінің көп болғандығы және оның әйел – тәңірге табыну дәстүрімен байланыстығы жайында Г.Федоров-Давыдов та атап өткен [8, 191-б.]. Түріктер әйелдерді сал-серілердей әдейі қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін, әуелі шешесіне иіліп тағзым еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында, оларға ажал қаупі төнгенде, Күлтегіннің оны жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланғандығы туралы Л.Гумилев өз еңбегінде атап өткен. Сонымен бірге, әйелді әменгерлікпен алу және полигамия – көп әйел алушылық байқалады, бірақ соның өзі түркі әйелін құқықсыз қалдырмаған. Л.Гумилев өз еңбегінде VI-VII ғасырларда әйелдер қорлық жағдайда болды деген мәселені жоққа шығарады. Оның айтуынша: «*көшпелілер әлеміндегі әйел құқығын шектеу кейінірек пайда болған құбылыс, бәлкім, ол моңғол кезеңінен кейін Орта Азияға келіп жеткен жалпы құлау-құлдырау халіне байланысты құбылыс болса керек*» [9, 7-б.].

Тарихшы Е.Б.Бекмаханов, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамына талдау жасай келе, «*патриархалдық-рулық тұрмыстың көптеген институттары бастапқы қалпын сақтау арқылы феодалдық езгінің құралына айналды*» деп жазады [10,38-б.].

Төңкеріске дейінгі Қазақстанда патриархалдық-рулық қатынастардың күйреуі барысында патриархалдық салт-дәстүрлері түпкілікті жойылып кете қоймаған кезде қазақ әйелдері отбасында, тұрмыста, қоғамда ерікті болмады. Қоғамдық-саяси өмірінің барлық саласында оның еркі аяққа басылды. Ол тек еріне ғана тәуелді болды. Өйткені ол өз мүлкіне иелік ете алмады. Әдет бойынша да қыз бала отбасындағы мұрагерлік құқығына ие болмады. Себебі, қазақ ұлды ғана мұрагер деп есептеді. Ұл балаға қатысты осындай көзқарас қазіргі қазақы қоғамда сақталып отыр.

Қазақ қоғамындағы әйел-ананың орны туралы алғашқылардың бірі болып орыс зерттеушісі А.И.Левшин жазған болатын. Ғалым: «*Қазақ әйелдердің атқа отыру өнері олардың гимнастикалық артықшылығы,* дей келе, – *атқа отыруда әйелдердің ерлерінен қалыспай, кейбір жағдайда озып та отырғандығын*» айтады. Қазақ әйелдерінің киімі ерлерінен аса көп ерекшеленбегенін, «*көйлектері ұзын және кең, беліне дейін түйме тағылған. Олар қолдарын сақиналармен, білезіктермен сәндесе, құлақтарына сырғалар және киімдеріне әр түрлі сәндік бұйымдарды тағып отырған. Қазақ әйелдерінің тұрмыстағы бүкіл жұмысты атқаруы, олардың ерлерінің жалқаулығына алып келді. Қазақ әйелдері өздерінің еңбекқорлығымен ерлерінен озып отырған. Олардың мойнында үй шаруасы, мал қарау, балалар мен өздеріне киім тігу және ерлеріне керектің бәрін жасап отырған, кей жағдайда ер адамдарына мінетін аттарына дейін дайындап отырған. Күйеулері басшысы болса, әйелдері құлдары секілді болған. Қырғыз-қазақ әйелдерінің еңбекқорлығы олардың мейірімді, жан ашығыш ретінде көрсетеді*» деп жазады [7, 303-331-б.].

А.И.Левшиннің еңбегінен қазақ әйелдерінің сол XIX ғасырдағы жағдайын айқын байқауға болады. Бірақ қазақ әйелінің жағдайы араб елдерімен салыстырғанда әлдеқайда жақсы болғанын көреміз. Оған қазақ әйелдерінің беттерін ашық ұстап, көшпелі ойын сауықтарға еркін араласқанын, сонымен қатар басқа ойын-са-

уықтарды былай қойғанда, «Қыз қуу» сияқты көпшілік бас қосқан жердегі ат ойындарының халық арасында күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпағандығын айтсақ та жеткілікті.

Қазақ әйелінің XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қоғамдық орнын зерттеген кезде, әйелдің орны туралы қағидалар жазылған әдеттік және шариғаттық құқық нормаларын қарастырған дұрыс.

Кеңестік дәуір кезеңінде әйел бостандығы туралы қазақ халқының айтулы тұлғалары С.Сейфуллин, С.Меңдешев, Н.Нұрмақов, Б.Майлин, М.Әуезов қалам тартып, әйел тақырыбына арналған маңызды мақалалар мен еңбектер жазды.

Әйелдердің отбасындағы жағдайы туралы Халел Арғынбаев зерттеген. Ол өз еңбегін XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің пікірлеріне қосылатын жерде қосылып, кейбір жағдайда қарсы шығып отырған. Сол заманда әйелдердің ерлерінен төмен болғандығын қарапайым әйел құны ерлер құнының жартысына ғана тең екендігін көреміз. Ал, енді үй ішінің тағдырына әр қазақ белсене қатысып отыруға міндетті. Үй ішінің көптеген тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүреді. Сондықтан олар өздерін еркін ұстайтын да өз бетімен жұмыстарын атқарып, ерлерінің нағыз көмекшісі болған. Х.Арғынбаев төңкеріске дейіңгі көптеген әдебиеттерде «*қазақ әйелді сыйламайды, ұрып-соғып, күңдікте ұстайды*» деген жаңсақ, біржақты айтылған пікірлер болғанын жазса, неміс ғалымы Р.Каружц, қазақ ерлері мен әйелдерінің арасындағы қатынас қожа мен күңнің арасындағы қатынасқа мүлдем ұқсамайтындығын, көбінесе бірінбірі құрмет тұтып, сыйлауға негізделгендігін, қазақ әйелдері өздерін әрдайым еркін ұстағандығын атап өткен [11, 35-43-бб.]

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін Отан тарихының түрлі салалары бойынша зерттеу жұмыстарының қарқынды түрде жүріп жатқаны баршамызға аян. Соған қарамастан әлі де болса кең көлемді зерттелмеген тақырыптар бар. Соның ішінде қазақ қоғамындағы әйел мәселесінің тарихнамалық тұрғыдан талдау жасаған еңбектер жоқтың қасы деуге болады. Қазақ әйелінің өткен уақыттардағы тағдыры жайлы біліміміз тарихтың «ақтаңдақ» беттері деуге болады. Әлі күнге дейін біздің еліміздің тарихында қазақ әйелдері туралы еңбектер өте аз. Соңғы онжылдықтарда қазіргі әйелдердің әр түрлі жағдайдағы тұрмысындағы, қалалық іс-шара салаларындағы, сондай-ақ қоғамдық дамудың әр сатысындағы орны мен рөлін көрсететін біршама этнографиялық-археологиялық және әлеуметтанулық зерттеулер пайда болды. Егемендік алғаннан кейін әйел міселесі бойынша газет, журнал беттеріне мақалалар жарияланып, бірнеше диссертациялар қорғалды. Солардың ішінде Мәскеуде қорғалған А.Балтабаеваның еңбегі XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әйелдерінің мемлекеттік қызмет саласына тартылуына арналған. Алайда, автор XIX ғасыр қазақ әйелдерінің әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік мәртебесіне бір тарау арнап, оны ескі көзқарас тұрғысынан түсіндіріп қазақ қоғамындағы қазақ әйелінің беделін төмендетіп көрсеткен. Сондай-ақ, еңбекте ұжымдастыру тұсындағы әйелдердің жағдайы терең зерделенбей «қазақ әйелдері кеңестік құрылысты белсене насихаттады» деген қате пікір айтылды [2].

Ж.Әбішеваның еңбегінде 1926-41 жылдардағы қазақ әйелдерінің арасындағы қоғамдық-саяси жұмыстарға байланысты, «*Кеңестік тоталитарлық қоғам қазақтың қыз-келіншектерінің табиғатына тән ерекшеліктерін дамытудың орнына сол қасиеттерін жоғалтатындай жағдайды қалыптастырды*»,– деген тұжырым жасалды [12,91-94-бб.].

**Түркі әйелдерінің бейнесі туралы А.И.Кенжина өзінің мақаласында түркі халықтарының ертегілеріндегі әйел әр түрлі қызмет атқаратындығын атап өткен.** Түркі қоғамында әйелдердің рөлі тек ана болумен шектелмейді, олар қоғамдық өмірде де маңызды рөл атқарып, тіптен патшалық тақта да, атақты батырлар арасында да көптеген табыстарға жете білген. Мысалы, оғыз түріктерінің әйгілі «Қорқыт ата кітабы» эпосы көшпелі және жартылай көшпелі түрік халықтарының арасындағы гендерлік қарым-қатынастарға сәуле түсіреді. Эпоста үлкен орынды әйел бейнелері – ана, жұбай бейнесі және олардың қоғамдағы рөлі алады. Эпоста ана символы қасиетті саналады. *«Ана құқығы құдай құқығы!»* [13, 185-187-бб.].

**Жоғарыда келтірілген аз ғана зерттеуледің өзінен көшпелілер қоғамында әйел затының ер адамдармен қатар тұрғанын, сонымен қатар әлеуметтік өмірде де шет қалмай беделге ие болғандығын көреміз**. Осылайша, әйелдердің қоғамдағы орны патриархалдық-рулық қатынастарға, ислам дінінің әсеріне байланысты болған. Ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрдің негізінде әйелдердің қоғамдағы рөлі айқындалып, беки түскен. Әйел-анаға қатысты әдет ғұрыптар оның болмысына, тәрбиесіне ықпал етіп, рухани тазалықтың биігінен көрінуге бағытталған. Осыған орай ақылдылығымен, тапқырлығымен, адалдығымен, көріктілігімен еркекке бергісіз әйелдер өмір сүріп аттары аңызға айналған. Дәстүрлі шаруашылықта әйелдер маңызды рөл атқарып, отбасы мен қоғамның негізгі ұйытқысы болған деген қорытындыға келдік.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Палванова Б.П.** Октябрь және Түрікменстан әйелдері. – Ашхабад, 1967.

2.**Балтабаева А.К.** «Вовлечение казахских женщин в сферу государственного управления Казахстана» (20-30 гг. XX в.): Дис. канд. ист. наук. – М;1995.

3.**Қазиев О.** «Көшпелі қазақ өркениетіндегі әйел құқығының мәртебесі» (XVIII-XIX ғғ. бас кезеңі) Заң ғыл. канд. дис. - А; 2005.

4.**Әбішева Ж.Р.** «1926-1941 жылдардағы қазақ әйелдерінің арасындағы қоғамдық-саяси жұмыс». Тарих ғыл. канд. дис. – Алматы, 2003.

5.**Зуев Ю.А.** О формах этносоциальной организации кочевых народов Центральной Азии в древности и средневековье: пестрая орда, сотня.-Военное искусство кочевников Центральной Азии и Казахстана. (Эпоха древности и средневековья). – Алматы, 1998.

6.**Кляшторный С.Г.** «Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.1964.

7.**Левшин А.И.** «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996.

8.**Федоров Г.А.** Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – М.1996.

9.**Гумилев Л.** «Көне түріктер». – Алматы, 1994.

10.**Бекмаханов Е.** «Қазақстанның Россияға қосылуы» М; 1957.

11.**Арғынбаев Х.** Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы, 2005.

12.**Әбішева Ж.** Әйелдердің кеңестік құрылысқа тарту жұмыстары. (1920-1930 жж.) // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы, 1999. №2.

13.**Кенжина А.И.** Түркі фольклор деректеріндегі әйел бейнесі. ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, №4 (47). 2007.

# «АФИНА МЕКТЕБІ»

**Тайыржан ОРАЗХАН,**
**Қазақстан-Ресей медициналық университетінің аға оқытушысы**

Әдебиетке өткен ғасырдың алпысыншы жылдары өлеңдеріндегі жаңа бояу, тың үн, тосын мінезімен «*жаңбыр болып құйып, нөсер болып төгіліп келген*», *«жүрек жалынының қызуы, ынта-жігері, қызу қандылығы, дүниені өзінше қиялында көру мен поэтикалық жинақтауы сияқты қасиеттерімен*» [1] табиғаттағы да өмірдегі сұлулықты, сонымен бірге адам жанына қаяу салатын елеусіз жағдайлар мен көріністердің өзін көзі шалып, өлеңге қосқан **ақын Өтежан Нұрғалиев** шығармашылығының үшінші кезеңінде әлемдік философия, жалпыадамзаттық құндылықтар туралы толғана келіп, олардың қазаққа да жат еместігін түсінеді. **Себебі бұрынғы қазақ ойшыл келетін. Ауыз әдебиеті мен фольклор халықтық таным негіздерін бойға сіңіру арқылы әрбір адамның өмір жайлы ұшқыр қиялдарға беріліп, дүние болмысы туралы дербес ойлай алатын қабілеттерін дамытқан. Халықтың көшпелі өмір салтына негізделген тұрмыс-тіршілігі де дархан ойдың кемелдігіне жағдай жасаған.** Осыны пайымдаған ақын халқымыздың ой-танымының бағзы замандардан бері-ақ Шығыстың даналары мен гректің ойшыл жұртының дүние, болмыс жайлы таным-түсініктері, ой-толғамдарымен байланысып, сабақтасып жатқанын бағамдайды.

Осы негізде қаламгер өзін, өмірді, әлеуметтік өзгерістердің мәнін түсіну, қоғам дамуының бағдарын болжау мақсатында заманауи мәдениет пен қоғам дамуының жағдайын жаңаша бағамдауға талпыныс жасаған «Афина мектебі» өлеңдер жинағын жазып шығады. Туынды баспа күтіп ұзақ жылдар бойы суырмада жатып, 1996 жылы ғана 1000 дана таралыммен жарық көреді.

**Ақынның 2008 жылы сәуірде «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында:** «*– Мамандығыңыз бойынша жұмыс атқардыңыз ба? – деген журналист сауалына, – Қазақ теледидарында комментатор болдым. Низами, Фирдоуси сияқты Шығыс жұлдыздары хақында әдеби хабарлар жасадым. Одан соң «Афина мектебі» деген жобам дүниеге келді. Осы аттас кітабым шықты. Онда «Мен неге Сократқа бардым?», «Сократ деген кім?», «Оның қазаққа қандай қажеті бар?» деген сауалдарға жауап іздеп, өлеңмен жазып шықтым*» [2, 265-б.],– деп жауап бергеніне қарағанда, ақын бұл туындысын жазуды ертеректе ойға алғанымен, ол ойының нақты пісіп жетілген кезі, қаламгердің Қазақстан телеарнасының балалар бағдарламасында комментатор болып қызмет еткен, Низами, Фирдоуси сияқты Шығыс жұлдыздары мен грек даналары хақында әдеби хабарлар жасап, жеткіншектерге арналған «Даналық әліппесі» деген 50 дәріс өткізетін 1988-1990 жылдардың айналасы болып шығады.

**Туынды шығыстың нәзиралық үлгісінде он бес буынды екі тармақтан тұратын өлең жолдарымен өрілген.** Ақын бұл үлгіні философияның өз болмысына тән, ырғақ пен үйлесіміне сай өте сәтті таңдап алған. Нәзира үлгісі деп, Шығыс поэзиясындағы барша оқырман қауымға бұрыннан мәлім белгілі бір сюжетті бірнеше ақын өзара жарысып, шеберлік сынасып жырлай беретін дәстүрді айтады. Осы сияқты Өтежан Нұрғалиевтің де әлемдік философияға арналған шығармасы философия тарихында мыңдаған жылдар бойы айтылып, жазылып келе жатқан тақырыптарды өз замандастары мен жас жеткіншектерге осы заманғы құндылықтар мен халықтық таным негізінде жаңаша қырынан танытуды көздейді.

Төрт бөлімнен тұратын шығармасын ақын Ежелгі Шығыс, соның ішінде Үндінің философиялық мұрасы, Будда ілімінен, ондағы төрт хақиқатты – төрт анық деп алып, Шығыс даналығындағы «бар мен жоқ», «болмыс пен бейболмыс», «өнегелілік пен адамгершілік» мәселелерін өлең сөзбен өрнектеумен бастайды. Туындының атауы «Афина мектебі» болғанда, неге Үндіден бастады десеңіз, ақын алғы философиялық ойдың Шығыстан туып, Кіші Азия түбегіндегі Милет топырағынан Батыс әлеміне жеткенін ескеріп, ең алғашқы философиялық ойдың қалай пайда болғанын зерделейді. **Яғни басқа емес, дәл сол кезде Карл Ясперс «Кіндік кезең» деп атаған б.д.д. 800-200 жылдары Үнді мен Қытай және олардан кейін Грек жерінде адамзат ақыл-ойының дамуы мифологиялық кезеңнен – рухани ояну, рух сілкінісінің нәтижесінде өзінің ғақли, ғылыми-философиялық жаңа дәуіріне аяқ басқан еді.** Бұл адам баласының дүние жаратылысы, адам өмірінің мәні, қоғам мәселелеріне байланысты мифологиядағы мен діни танымға негізделген түсініктерге бас шұлғи бермей, адам рухының еркіндігі жарқырай түсіп, дүние болмысына рационалдық тұрғыдан жаңаша карауға бетбұрыс жасауы болатын.

Ақын осы бетбұрыстың нәтижесінде Шығыс мәдениетіндегі дүниенің шынайы болмысы көзге көрінетін заттар әлемінде емес, Платон танымындағыдай, ақыл-ой арқылы ғана танылатын идеалдылық әлемінде екенін пайымдаған философияның пайда болғанын көрсетеді. Сондай-ақ ақын философиялық әдебиеттердегідей байырғы грек философиясын бірден бастап кетпейді. Ол өзінің философияға келудегі мақсатын, бұл туындысын жазуға ненің түрткі болғанын, жалпы философияға келудің, философиялау дегеннің мәні неде екенін кітаптың бірінші бөлімінде «Дүниенің үш бағын ажырату», «Кір дүкенге, кілт мынау: ой кедейлігі – ең жаман кедейлік», «Архимедті тірілту», «Жан досымның сыбағасы», «Өмір жыры», «Ұйықтап өткендерді ояту», «Асқар таудың өлеңі» атты өлеңдерінде баяндайды.

Яғни «Төрт анық туралы. Будда мен Шәкәрім» атты бірінші өлеңінде ақын «Философия дегеніміз не?», «Ол қашан және не үшін пайда болды?» деген сауалдарға жауап іздесе, «Дүниенің үш бағын ажырату» [3, 20-б.] атты өлеңінде, экзистенциализмнің бастауында тұрған дат философы Серен Киеркегордың (1813-1855) адам ғұмырын **эстетикалық, этикалық және діни** деп үш сатыға бөлгені сияқты, адам баласының ғұмырын да дүниенің үш бағына теңейді. Яғни бірінші бағы – Жастығы дейді. Бұл Киеркегордың эстетикалық адамына сәйкес келеді. Ол адамның сұлулықты жақсы көретін, бірақ ертеңгі күнін ойламайтын албырт жастық шағы. Екінші бағы, дүниені танып, сұлулықты игеріп, ақыл жаққа баруы. Ол дат ойшылының этикалық адамын еске түсіреді. Бұл шақ адамның ес тоқтатып, ақылға жүгінетін кезі. Үшінші, Ақыл бағы – Киеркегордың дін адамының сұлбасын көз алдыңа әкеледі. Себебі, Киеркегордың эстетикалық адамы –

сезімнің, этикалық адамы – ақылдың, ал дін адамы – сенім биігіне шыққан кемел адам. Дегенмен Өтежан Нұрғалиевтің ақыл-ойы кемел, парасаты толысқан адамын дат философының дін адамымен салыстыруға әбден болады деп есептейміз. Себебі, ақын кеңес заманында өмір сүрді. Діндар болған жоқ. Бірақ ол үшін діндар, тақуа, иманды адам болу деген сөз, парасатты да, кемел ақыл-ойдың иесі болумен тең болатын. **Ақын осы үш бақты да аралап, соңында «философияға» келеді. Келгенде де жай емес, қиын сынақ, ұзақ ізденістерден кейін осы жолға бел буады.** Бұл үш бақты ақынның лирикасы, эпикасы және осы «Афина мектебіндегі» философиясымен де салыстыруға болады. Киеркегордағы адам ғұмырының үш сатысынан барлық адамдар өте бермейді. Біреу эстетикалық сатыда қалуы мүмкін, екінші біреу этикаға жетіп жығылады, тек ең білімді, жігерлі, қайсар адам ғана сенім биігіне шыға алады.

*«Кір дүкенге, кілт мынау: ой кедейлігі – ең жаман кедейлік»* атты өлеңінде ақын өзінің саудасы жоқ дүкен ашқанын айтады. Ол дүкеннен адам, егер ниеті болса, аздаған уақытын бөле алса, жан дүниесіне керектіні тегін ала алады. Ақын бұл дүкендегі адамдарға ұсынбақ дүниесін өзінің де сол Ұлылардан тегін алғанын жазады. Ал «Архимедті тірілту», «Жан досымның сыбағасы», «Өмір жыры», «Ұйықтап өткендерді ояту», «Асқар таудың өлеңі» атты өлеңдерінде қаламгер ауылдастары Көшер, Жайлыбай, Жұмабай, Сағындық қария сияқты «Соғыстың соңғы жазындағы» кейіпкерлерді еске түсіре отырып, өзінің философияға келуінің себебін, грек философиясына арналған туындысын жазудағы мақсатын жырлайды. Атап айтқанда, «Архимедті тірілту» атты өлеңінде ақын ғылыми жаңалықтарын ғана емес, ел басына күн туған шақта Отанға деген адалдығын да дәлелдеп, жау қолынан қаза тапқан гректің ұлы математигі Архимедтің ерлігін жырлай келіп, өзінің де өлең жолында, яғни шындықты айтуда, ештеңеден тайсалмауға бекінгенін айтады. «Жан досымның сыбағасы» атты туындыдан ақынның философияға келуінің басты себебі өмірдің қасіреті болғанын анық көреміз. Шығармада баяндалғандай, бір жылы ақын елге келгенде үлкен қайғылы оқиға болады. Машинамен түлкі қуған екі жігіт көліктерімен қоса Жем өзеніне құлап мерт болады. Осы екі досының қазасына байланысты қайғының соңы терең философиялық толғанысқа ұласқан. Өмірде талай-талай қайғылы оқиғалар орын алып жатады. Сондай жағдайларда ажалы келді деп адам өзін-өзі жұбатады. Бірақ соларды болдырмаудың да жолдары бар еді ғой деген өкініш те жанға тыныштық бермейді. Қаза болған жігіттердің бірі әкесіз өскен. Қартаң анасы бар. Кештеу үйленген. Келіншегі, балалары қалады. Ақынды толғандырған сауал сол жігіттердің оқу оқымай, науқан кезінде болмаса, тұрақты жұмыстары жоқтықтан арасында ащы судан татып, әр нені бір ермек етіп жүріп мезілсіз қыршындарынан қиылуы еді. Және де ақынды мұндай жағдайдың себебі ғана емес, мүмкін салдары да алаңдатады. «*Бүгінгінің жайдақтығы Атқа мінер ертеңгі күн, Осыны ойлап, Өзегімде өртенеді көркем гүлім*» [3, 46-б.],– дейді ақын.

Ал «Өмір жырында» ақын осы туындыны жазғанға дейінгі ғұмырын еске алады. Жалғыз ұлы Саяттың мезгілсіз қазасынан елуге жетпей қайғыдан қаусаған ақын, аспанын бұлт торлап, дүниеге қап-қараңғы көз әйнекпен қарағандай жан-жағы түнек күндерінде, көз алдынан сонау бала күнінде көрген әжесі айырмен қуалап жүретін Жайлыбай бар, соғыстан қашып келіпті дейтін Сарыбай жүр, жылқышы Жұмабай екен дейді, соңында Бальзак пен Уитмен келеді, Көк базардың ортасында жанып тұрған алаудан шашлығын алып Ғабдол мен Төлеужан келіп тұрады... Асты үстіне, үсті астына келген он бөлек дүние Сағындықтың шығырындай зулап жатқан дөңгелек боп елестеген небір көріністер тізбектеліп өтіп жатады. Қайғымен бірге адамның санасында осындай шым-шытырық көріністер мен сан салалы ойлардың кіріп-шығып жүретінін «Өмір жыры» дейді ақын. Бұл Серен Киеркегордың эстет адамының этикалық адамға, соңғысының діни сатыдағы жай ғана емес, өмірдің осындай ауыр сынақтарында көрмегенді көріп, соңында түңіліп барып, бір сатыдан келесі сатыға өтетінін еске түсіреді.

«Ұйықтап өткендерді ояту» және «Асқар таудың өлеңінде» ақын шығармалардың тақырыптары да айтып тұрғандай, алғашқысында адамның мына дүниеде көріп, шындық екен деп жүргендерінің бәрі жалған, өткінші нәрселер екеніне көзі жетеді. Асығы алшысынан түсіп, ауылдың белді бір қызметкері болған Иланбай күндердің бір күнінде жауапкершілігіндегі жанармай құятын бактардың бірінің аузы ашық қалып, бір-ақ күнде ойламаған жерден қарызға белшесінен батып, борышкер болып шыға келеді. Содан бастап қиюы кеткен тірлігі бір оңалмаған Иланбай күйініп жүріп ақыры дүниеден озады. Бұл өлеңдегі Иланбай образы, сыртқа еш сыр бермеуге тырысатын, бірақ шындығында бүгінгісін ғана ойлап, ертеңіне қам жемеген, қолындағы дүниесі мен аздаған табысын мәңгілік деп ойлап, дүниеге байланған, одан айырылғанын әсте көтере алмайтын өмірдегі адамдардың бейнесін көз алдыңа әкеледі. Себебі, Платон айтқандай, ақиқат сезім арқылы қабылданатын дүние заттарында да, әсем бұйымдар да, өмірдің қызығында да емес, ақыл-оймен ғана тануға болатын шынайы болмыс – идеялар әлемінде. «Асқар таудың өлеңінде» ақын философияның биігіне шығып, Платон жазған аңыздағы үңгірде отырып заттардың өзін емес, көлеңкелерін көріп, оларды хақиқатқа балаған адамдардың арасынан қашып шығып, шынайы дүниені көретін философ тәрізді хақиқатты танығысы келеді.

**Қорыта айтқанда, Өтежан Нұрғалиев «Афина мектебі» өлеңдер жинағында әлемдік философия мен антика дәуірінің даналығын қазақ оқырмандарына өзінің ұлттық болмысына сай поэзия тілінде жаңа қырынан ашып береді.** Бұл тәсілді ақын әлемдік әдебиет пен философия, сол уақытта орыс тілінде жарық көрген шығыс мәдениеті мен әдебиеті, ұлттық руханият, түркілік дәстүр, халық даналығына ерекше ден қою арқылы қол жеткізеді. Мәдениеттанушы Әуезхан Қодар сол кезде орыс тілінде жарық көрген «Қорқыт ата кітабының» Өтежан Нұрғалиевті ерекше қызықтырып, ондағы халық даналығы, Қорқыт философиясының мәні мен мазмұны, аңыздар желісіндегі ізгілік, зұлымдық, адамгершілік мәселелерін өздерінің ұзақ уақыт талқылайтыны жайында және оның кәсіби, академиялық философ болмағанымен, философия саласында ұзақ ізденіп, мол тер төккенін, сөйтіп «Афина мектебінде» Батыс пен Шығысты синтездеп, антикалық философияны қазақтың ұлттық болмысы, рухани дүниетанымымен сабақтастықта поэзия тілінде жырлағанын айтады.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1.ҚР ОМА 1778 қор, 1 тізбе, №309 іс. – 6 б.

2.Көне соқпақтар, соны сұхбаттар. Мақалалар, сұхбат-толғамдар. – Алматы: Республикалық оқулық баспа орталығы, 2012. – 496 б.

3.**Нұрғалиев Ө.** Афина мектебі. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1996. – 360 б.

# ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ БАҚ-ТЫҢ РӨЛІ

**Шаяхмет ӘБУХАНОВ,**
**Қазақстан-Ресей медициналық университетінің аға оқытушысы**

Бүгінде Қазақстан Республикасы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құру жолына түсті. **Азаматтық қоғам материалдық, қоғамдық, саяси және мәдени тұрғыда жоғары дәрежеде дамыған кезде құқықтық мемлекетке айналады.** Құқықтық мемлекет мәселелері ғылыми әдебиеттерде әлі жете зерттелмеген саяси ғылымның көкейтесті проблемаларының бірі. Құқықтық мемлекет бұл мемлекеттік билік қызметінің ұйымдасу нысаны мен құқық нормаларын қалыптастыру және сол арқылы қоғамдық тәртіпті реттеу болып табылады. Жалпы мұндай мемлекеттегі қоғамда құқықтың рөлі артады. Сонымен қатар құқықтық мемлекет идеясы бұл қоғамда, мемлекетті басқару идеясынан шығып отыр. Сондықтан біз құқықтық мемлекет ұғымының мәнін қарастырмастан бұрын алдымен «мемлекет» түсінігінің мәнін айқындап алуымыз қажет.

**Мемлекет – белгілі бір аумақ шеңберіндегі адамдардың, әлеуметтік топтардың, таптар мен бірлестіктердің саяси билікті пайдалану негізінде біріккен іс-әрекеттері мен қатынастарын ұйымдастыратын, бағыттайтын және бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты.**

Мемлекет адам қоғамы дамуының белгілі бір сатысында пайда болған. Адамдардың ең алғашқы ұйымдасуы рулық қоғам түрінде пайда болды. Рулық қоғам оның мүшелерінің қандас туыстығы негізінде, еңбекті қауымдасып ұйымдастыру және ортақ меншіктілік негізінде қалыптасты**.**

Әскери демократияның дамуы қоғамда саяси ұйымның – мемлекеттің пайда болуына әкелді. Мемлекет, бір жағынан, әскери демократияның жаңа негізде қайта құрылуы нәтижесінде, ал, екінші жағынан, жаңа басқару органдарының пайда болуының әсерінен құрылды. Мемлекет – адам баласы бірлестігінің жаңа ұйымы. **Ол рулық қауымнан мынадай белгілермен өзгешеленеді:**

-мемлекеттің тәуелсіздігі болады. Мұның мәнісі – мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатын өзге мемлекеттерден тәуелсіз қалыптастырып, дербес жүзеге асырады;

-мемлекеттің халқы әкімшілік-аумақтық аймақтарға бөлінеді, бұл жерде адамдардың рулық белгілері ескерілмейді;

-мемлекетте қоғамды басқаратын өкімет билігінің белгілі бір дәрежеде дамыған жүйесі болады. Оларда адамдардың өзгеше бір тобы – шен иелері немесе мемлекеттік қызметкерлер жұмыс істейді;

-қоғамның өмір сүріп, тіршілік етуі үшін мемлекет заңдар, нормативтік актілер шығарып, солар арқылы қоғамдық қатынастарды реттеп отырады, белгілі бір қоғамдық тәртіпті қалыптастырады.

Құл иеленушілік дәуірде мемлекет құл иеленушілердің мүддесін қорғады, сондықтан ол құл иеленушілер мемлекеті деп аталады, феодализм дәуірінде ол феодалдардың мүддесін қорғады. Феодализмнің орнына капитализм келді. Капиталистік мемлекет капиталистердің қолындағы қару болып табылады. Марксизм мемлекетті тек бір ғана таптың – үстем таптың мүддесін қорғау үшін жаратылған саяси ұйым ретінде сипаттайды.

Мемлекет билік өкілеттіктерін өз қолына жинақтайды және жүзеге асырады, қоғамдық процестерді басқарады және құқықтық нормалар негізінде құқықтық жүйені қалыптастырады. Мемлекет қоғамдық құрылымда бірқатар ішкі және сыртқы қызметтер жүйесін атқарады. **Мемлекеттің құқықтық саладағы қызметіне төмендегілер кіреді:**

-құқықтық нормаларды жасау және бекіту;

-заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;

-қоғамдық қатынастарды және азаматтардың тәртібін реттеу;

-қоғамдық құрылымдарды экстремизм, сепаратизм, терроризм сияқты жағымсыз құбылыстардан қорғау;

-қылмысқа қарсы күресуге, әкімшілік зорлыққа жол бермеуге т.с.с. басшылық ету.

**Осылайша, мемлекет – көпғасырлық тарихы бар және әрдайым дамып отыратын күрделі әрі көпқырлы организм. Ол қоғамдағы сан алуан қарым-қатынастарды реттеуші, сондай-ақ, құқық пен заңдардың іске асырылуын, бүкіл саяси жүйенің қызмет жасауын қамтамасыз етуші билік тұтқасына ие іргелі құрылым болып табылады**.

Құқықтық мемлекет өзінің мыңдаған жылдарға созылған даму үдерісінде ойшылдар тарапынан түрліше бағаланып келеді. Оның пайда болуы және оның мәні жөніндегі ***мәселелер көптеген жылдар бойына ұзақ талқыланып, нәтижесінде, әртүрлі теориялар мен гипотезалар жасалынды.***

Сократ (б.з.д. 469-399 жж.) моральдық және саяси-құқықтық мәселелердің теориялық негіздерін қалады. Ежелгі Грекияда Сократ принципті түрде заңдылықты жақтай отырып, мемлекеттің әділ заңы болуы керек деген идеяны көтерді. Бұл Сократтың көзқарасындағы басты идея еді. Әртүрлі формадағы мемлекеттік құрылымдарды жіктеп, сипаттауда негізгі өлшем ретінде әділ заң принципін қолданды. Ол өзінің саяси этикасында *«әділетті нәрсенің бәрі заңды»,* – деген қағидаға сүйенді.

Сократ мемлекетті тек білгірлер басқаруы тиіс деп ұйғарым жасап, *«Патшалар мен билеушілер: скипетр киген, танымал адамдармен сайланған, жребия немесе алдап-арбаумен, күштің көмегімен билікке келген адамдар емес, басқара алатын адамдар есептеледі»,* – дейді. Осылайша, ойшыл *«басқарудың негізі – білгірлік»* деп санаған [1, 27-б.].

**Қоғам өміріндегі құқықтың үстемдік етуі мен заңның үстемдігі тұжырымдамалары жөнінде ежелгі грек ойшылы Платон (б.з.д. 427-347 жж.) да өз пікірін айтқан болатын.** Ол еңбегінде: *«заңның күші жоқ және ол (заң) біреудің құзырында (билігінде) болатын мемлекеттің таяу арада құрып бітетіндігін байқаймын (көріп тұрмын). Заң басқарушыларға әмір жүргізетін, ал олар – оның құлдары болатын болса, мемлекетті және мемлекетке құдай сыйға тартқан оның барлық игіліктерінің азат болатындығын көремін»,* – деп атап көрсеткен болатын [1, 39-б.].

Аристотель (б.з.д. 384-322 жж.) – Платонның шәкірті. Оның пікірінше, қала-мемлекет – қауымның дамыған түрі, адамның қатынасының жоғары формасы. Мемлекет барлық адамдар үшін заңның үстемдік етуін талап етеді. Заңдылық, заң үстем болмаған жағдайда саяси құрылымның да болуы мүмкін емес. Адам табиғатынан саяси тіршілік етуші және оның саяси табиғаты мемлекеттен көрініс табады.

Аристотель «*...мемлекеттік басқару тәртібі ...*

*мемлекеттегі жоғарғы биліктен көрінеді және жоғарғы билік міндетті түрде біреудің, не азшылықтың, не көпшіліктің қолында болады»* [2, 51-б.] деп мемлекеттік құрылысты екі белгі бойынша, яғни, билеушілер санына қарай және басқару мақсатына қарай дұрыс және бұрыс түрлерге бөледі.

Ежелгі рим философы, заңгер, мемлекет қайраткері Марк Тулий Цицерон (б.з.д. 106-43 жж.) мемлекет «жалпы құқықтық тәртіпті» білдіреді деп мемлекет мүшелерінің өзара келісімді құқықтық қарым-қатынасы туралы ой айтқан. Бұл жерде ойшыл мемлекет пен құқықтың ажырамас бірлігін көрсеткен. Сонымен қатар ол басқарушылар мен бағыныштылардың өзара қарым-қатынасында құқықтық принципті орнықтырып, *«заңды кейбір, таңдаулы адамдар ғана емес, сондай-ақ, барлық адамдар қабылдауы тиіс»,* – деген тұжырым жасады. Осылайша, ол құқықтық мемлекет теориясының негізін қалады [2, 52-б.].

Құқықтық мемлекет теориясын жасауға Дж.Локк, Ш.Л.Монтескье, Ж.Ж.Руссо, Т.Джефферсон, И.Кант, Д.Дидро, Г.Гроций, П.Гольбах, Б.Спиноза және либерализмнің басқа да өкілдері өз үлестерін қосқан болатын.

Ағылшын философы және саясаттанушысы, либерализмнің негізін салушылардың бірі Джон Локк (1632-1704 жж.) «Басқару туралы екі трактат» (1690) деген еңбегінде өзінің саяси-құқықтық ойларын тұжырымдаған. Дж. Локк *«адам, басқа да адам тәріздес әлемдегі кез келген жаратылыс, толық бостандық пен табиғи заңның барлық құқықтары мен жеңілдіктерін шексіз пайдалану құқығына ие болып туылады, және ол табиғат бойынша, өз меншігін, яғни, өз өмірін, бостандығы мен мүліктерін басқа адамдар тарапынан болатын зиянкестік пен шабуылдан қорғау билігіне ие...»*, – деп атап көрсетті.

Дж. Локк *«адамдардың мемлекетке бірігулері мен өздерін сол үкіметтің билігінің қол астына берулерінің ұлы да басты мақсаты – өз меншіктерін сақтап қалу болып табылады»,* – дей келе, құқық үстемдік құратын мемлекет, яғни, құқықтық мемлекет адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен қорғау үшін құрылған деген пікірді өрбітеді [3, 177, 201-бб.]. Осылайша, Дж. Локк тұңғыш рет жеке тұлға мүддесін қоғам мен мемлекет мұрат-мүдделерінен жоғары қояды. Ойшыл: *«адамдардың қоғамға кірулерінің негізгі мақсаты өз меншіктерін бейбіт әрі қауіпсіз пайдалануға ұмтылуы болып табылады, ал мұның негізгі құралы мен жолының қызметін сол қоғамда орнатылған заң атқарады...»*, – деп мемлекеттік құрылымдағы адамдардың еркіндігінің болуы мен оған кепілдік беру барлығына ортақ міндетті заң болып табылады деген ұйғарым жасайды [4, 205-б.].

Францияның ұлы ойшылы Ш.Л.Монтескье өзінің «Заңдар рухы туралы» еңбегінде заңдардың қоғамдағы алатын орны мен рөліне тоқтала келіп, құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарын тұжырымдады. Ол *«Құқықтық мемлекеттің құрылуын азаматтық қоғамдағы саяси бостандықтың қажеттілігі»* деп түсіндірді. Оның бұл жердегі саяси бостандық идеясы – ол азаматтық бостандық идеясымен байланысты және ол мемлекеттің азаматтарының қауіпсіздігіне байланысты екенін айта келіп, барлық адамдардың заңды бұлжытпай орындауының қажеттілігін атап көрсетеді. Монтескьенің пікірінше саяси бостандық идеясы ол заңды қауіпсіздікті сақтау деп түсінуге болады. Оған жету үшін билік жүйелерін заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне бөлу қажеттігін айтады. Міне, бұл идея Ш.Л.Монтескье теориясының саясиқұқықтық маңызын айқындайды.

Құқықтық мемлекет тұжырымдамасын дамыту тарихында неміс философы Иммануил Канттың (1724-1804 жж.) идеясының орны ерекше. Ол «құқықтық қоғам», «құқықтық мемлекет» терминін айналымға енгізіп, қолданысқа жіберді. И.Канттың саяси-құқықтық көзқарастары «Мәңгілік әлемге», «Құқық туралы ілімнің метафизикалық бастаулары» атты еңбектерінде көрсетілген. **Ойшыл құқықтық мемлекет теориясының философиялық негізін қалап, қарастыру барысында негізгі орынды адам мен тұлғаға берді.** Адамзаттың болашағын И.Кант *«бүкіл құқықтық республикалық мемлекеттің бірігуінде»* деп санады. И.Канттың құқықтық мемлекет концепциясы саяси-құқықтық тұжырымның әрі қарай дамуына және өркениетті мемлекеттің мемлекеттік-құқықтық құрылыс тәжірибесіне маңызды әсерін тигізді.

Мемлекет пен қоғамның қарым-қатынастарының құқықтық тәртібі XVIII ғасырдан бастап мемлекеттің негізгі заңына айналған Конституциямен бекітілген болатын. Яғни, құқықтық мемлекеттің негізінің дамуындағы маңызды кезең 1787 жылғы АҚШ конституциясы мен 1789 жылғы француз революциясының негізгі құжаты – «Адам мен азамат құқықтарының декларациясының» қабылдануымен сипатталады. Аталған құқықтық құжаттарда алғаш рет құқықтық мемлекеттің кейбір ережелері бекітілді. Қазақстан да өз тәуелділігін жариялағаннан бері құқықтық мемлекет идеясын қабылдады. Ол құқыққа мойынсұнып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді алдына мақсат етіп қойды.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Сапарғалиев Ғ.** Қазақстан Республикасы мемлекеті мен құқығының негіздері. – Алматы: Атамұра, 1998 ж.

2.**НазаркуловаЛ.Т**. Идей правового государства иностроения демократии в РК (Право и государство, жур.) – Алматы, 1999 г.

3.**Сарсенбаев А.** Формирование информационное политики РК – Астана: 1999 г.

4.**Иманбаев М.Ө.** Басқару туралы екі трактат (аударма) – Алматы, 2004 ж.


# ҚАЛА ЖӘНЕ АУЫЛДЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ:

## *(ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстан)*


**Асхат СҮМЕСІНОВ (Сумесинов),**
**Қазақстан-Ресей медициналық**
**университетінің аға оқытушысы**


**Кеңес өкіметі кезінде халықтың қалаларға шоғырлануы, іргелі мәдени орталықтарға жинақталуы баяу жүрді**. Өйткені, бұл табиғи жолмен жүргеннен гөрі сыртқы күштерге тәуелді еді. Әсіресе, 1926 жылдан арғы демографиялық даму процессіне ұжымдастыру, саяси репрессия, тың жерлерді игеру кері әсерін тигізді. 1939 жылға дейін қала халқы 50 мыңнан асатын қалалар саны арта түскен.

Қалалардың жоғары қарқынмен өскенін мынадай мысалдан көруге болады. Аягөз қаласында 1937 жылы 18 мың жұмысшы мен темір жол қызметкері тұрса, 1939 жылы оның халқы 21 мыңға жетеді, ал Балқашта 1932 жылы 5 мың адам тұрса, 1937 жылы 39 мыңға өскен. Риддер поселкісінің халқы 1926 жылы 9 мың болса, 1934 жылы Лениногорск қаласы аталғанда 64 мыңға жеткен. Алматы қаласының тұрғындары 1926 жылға қарағанда 176 мың тұрғынға артып, 1936 жылы халық саны 222 мыңға дейін жеткен (1).

**Қазақстандағы қала халқының деңгейі өндіріс деңгейінің артуына байланысты саны еселеніп отырды.** 1926 жылмен салыстырғанда 1939 жылы Қарағанды қаласының халқы 4,2 есеге артады. Осы кезде қала халқы емес, ауыл халқының көпшілігін қазақтар құраған. Олар халқының 61% -ның 19,6 % еді. 1926 жылы ауыл халқы қала халқының 10,7 есе көп болса, 1939 жылы 2,6 есе өскен. 1939 жылы қала тұрғындарының барлық халқының 27,7% құрайды. 1926 жылы қала тұрғындарының ішінде қазақтар 14,1% болса, орыстардың жалпы үлес салмағы 19,7% болады (2).

Қалада тұратын орыстардың 132,4 мыңын ерлер құраған. 1926 жылы қалада тұратын қазақтардың 42,5 мыңы ерлер, 31,3 мыңы әйелдер болса, 1939 жылы ерлер 207,8 мың, әйелдер 166,7 мыңға жеткен. Санақ бойынша одақтың бүкіл халқы 16% өскен. Яғни, 1926-1939 жылдар аралығында Республикада бұрын болып көрмеген ұлт арасында өзгерістер болды. 30-жылдардағы ауыл шаруашылығындағы қызыл террор қалаларға арзан қара жұмыс күшін әкелуін көбейтті. Сондықтан қалада тұратын ер адамдар әйелдерден 19,4% жоғары болған (3).

Бүкілодақтық атқару комитетінің мәліметі бойынша 1928 жылы Қазақстанда 25 қалалық мекен болды. Осы халықтардың саны табиғи өсімімен 10,7 мың, көшіп келгендер мен 23 мың жаңадан қалыптасқан қала тұрғындары есебінен 5 мыңға көбейген. Қалаларда 1928-1936 жылдары халық саны мың адамға шаққанда 45,8 адамға өсім берсе, 25,9 адамға кеміп, үш жылдың әр жылында 19,9 адамға өсім беріп отырған. 1929 жылдың желтоқсанында Республикада 6 млн. 667 мың 400 адам мекендеп, олардың 601,4 мыңы қалалық жерлерде, 6 миллион 66 мыңы ауыл-селоларда тұрды. Республиканың 10 ірі қалаларында 347 мың 100 адам тұрды (4).

Ауыл-село халқының саны табиғи өсіммен 148,6 мың адамға көбейді. Алайда 1928 жылдың 27 тамызындағы Қазақ АКСР Орталық атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің "Байлардың шаруашылықтарын кәмпескелу туралы" декреттің қабылданып, жүзеге асырыла бастауының және ауылдық жерлерден халықтың қалаларға көшиуінің нәтижесінде ауыл-село халқы 42,2 мың адамға азайған. Қазақ елінің өткен тарихында қара жазумен жазылған қаралы кезең: бұл жылдары Алтай мен Аралдың, Алатау мен Атыраудың арасындағы кең сахарада көшіп қонып жүрген қазақ халқының ауыл-аймақтарын түгелдей құлақ естіп көз көрмеген сұрапыл аштық жайлады. Бұл қазақ халқының демографиялық құрамын түгел қамтыған (5).

Торғай мен Батпаққара аудандарында саны 1929-1930-жылдары 50400 адам болса, содан 1933 жылы қараша айында апаттан тірі калғаны 15900 адам, ал аудан орталығында күн сайын 5-20 адам аштан өліп отырған.

Қарағандыда көктемде 1932 жылы аштық пен індеттен 1,500 қазақ қырылған. Ақтөбеде халық саны 1012500 адам болса, 1932 жылы шілдеге дейін содан 725 800 адам қалған. Қызылорда аудандарында жергілікті халықтың 15-20 пайызі аман қалған. Балқаш ауданындағы 60 мың халықтың 36 мыңы қаза тапқан, 12 мыңы қоныс аударылған делінеді. Аштық апаттың салдарынан ауа көшкен қазақтардың соның ішінде балалардың денсаулығы, азық-түлікпен қамтамасыз ету, баспана беру, жайғастыру туралы 1933 жылы 13 наурызда РСФСР халық комиссарларының қаулысы қабылданды. Арнайы комиссия құрылып, оның төрағасы Т.Рысқұлов болды. Осындай комиссиялар барлық өлкелерде құрылды (6).

1929-1934 жылдар ішінде 1610 мың қазақ қырылды, ал 1935-1938 жылдар аралығында әлеуметтік саяси репресияның салдарынан 135 мың адам жойылды.

Сондықтан да тарихшы-демографтардын айтуынша, 1930-1933 жылдардағы ауыл халқы санының кеміп кетуі негізінен мал шаруашылығымен айналысып тек. 8,6 пайызі ғана қалаларда тұрғанын ескертсек, бұл кемшіліктің негізінде қазақтарға қатысты екенін мойындауға тура келеді. **Осыған сәйкес ашаршылық жылдары қазақтан 2 милионға жуық адам, немесе олардың 49 пайызі құрбан болды деп жобалап, немесе демографтардың 2 миллион 22 мың деп айтқанына қосыла отырып, аштық жылы құрбан болған қазақтардын саны 3 миллион деп есептейміз** (7).

1930 жылдың соңында Рсспубликадағы 6 миллион 707 мың халықтың 732,7 мыңы қалада, 5 миллион 974.5 мыңы ауыл-селоларда, қала тұрғындары өткен жылдармен салыстырғанда 131,3 мың адамға көбейген. Ауыл-село халқының табиғи өсімі 151,6 мың адам болғанымен, қалаға 121.9 мың, республикадан тыс 121.2 мың адам қоныс аударуына байланысты олардың саны 243,1 мыңға кеміген. Осы жылғы ұжымдастыру барысында 34977 қожалық Республикадан тыс жерге көшіп кетуге мәжбүр болған. 1930 жылы сыртқа 174,8 мың адам кетіп, барлығы 417,9 мың адамға азайған (8).

**Мұндай шешімге келуімізге бірқатар пікірлер себеп бола алады. Мысалы, Р.Конвест 44 мың қазақ жанұялары Түркіменстанға кетіп, көпшілігі басмашылар қатарын толықтырды дейді.** Қала халкының табиғи өсімі 9,5 мың механикалық өсімі 329,9 мың адам болып, халық саны 1 миллион 72 мың адамға жеткен. Осы жылы ауыл тұрғындары 4263,6 адам болып, 1930 жылмен салыстырғанда 1 миллион 710 мың адамға азайған. Ауыл тұрғындарының осынша азаюының бірнеше себептері бар еді. 1930 жылдың көктеміне қарай жаппай босулар шығыс және оңтүстік аудандарын қамтыған. 1932 жылдың аяғында республика халқы 4 миллион 786 мың адам болған. Осы жылғы республика тұрғындарының 3 миллион 367,5 мыңы ауыл-селоларды мекендеген. Ауыл-село тұрғындарының табиғи өсімі 89,3 мың адамға өссе механикалық шығымы 589,2 мың адам болды. Қоныс аударған 228,2 мың адам мекендеріне қайтарылғанымен, ауыл халқы 1931 жылмен салыстырғанда 696,1 мың адамға азайған. Қала халқы 1935 жилы 1437,6 мың адам, ауыл-село тұрғындары 212,4 мың адам болып. Республика халқының саны 5 миллион 650 мың адамға жетеді. Осы жылы мың адамға шаққанда 35.4 сәби дүниеге келсе, 15,3 адам қайтыс болды.

**Осы өлшем бойынша Республика халқы 5 миллион 748 мың / басқа деректерде 4 миллион 487 мың адам болды.** Олардың – 4 пайызы – қалалық жерде, 76 пайызы ауыл-селоларда мекендеген. Осы жылы дүниеге келген сәбилердің саны 199433 болып, 1935 жылмен салыстырғанда 23 пайызға көбейді. **Сәбилердің құрамын ұлттық жағынан қарастырсақ:** орыстар 42,6 пайыз, қазақтар 32,2 пайыз, өзге ұлт өкілдері 19.2 пайыз екен. Жыныстық құрамында: қазақтардың ер балалары бүкіл ер балалардың 39,9 пайызы, бүкіл қыздардың 38,1 пайызын құрағанда, басқа ұлт өкілдерінің қыздары ер балалармен салыстырғанда 0,1 пайыздан көп туылған. Қалалық жерде туылған сәбилердің арасында қазақтар 28,9, орыстар 87,2 пайыз, басқа ұлт өкілдері 13,4 пайыз болып қазақтарда ер балалар саны көп болған. Ауыл-селоларда қазақтар – 42,1, орыстар 32,8, қалғандары 21.1 пайыз болып, бұларда да қазақтардың ер балалары басым болған. Қалалықтар мен ауыл-село тұрғындары арасында да табиғи шығынды көп бергендер 4 жастағы сәбилер 58,5 пайыз екен. **Олардың ұлттық құрамы:** қазақтар 44,6 пайыз, орыстар 40.58, украиндар 7,9, өзге ұлт өкілдері 2,2–0,4 пайыз арасында болды. Республика ауыл-селоларында 3 миллион 842 мың 958 адам мекендеген. Бұлар республика халқының 75,1 пайызы еді. Ауыл-село тұрғындарының 50,5 пайызы ерлер, 49,5 пайызы әйелдер екен. Олардың ұлттық құрамы туралы мәлімет берілмесе де тұрғындар негізінен қазақтар мен басқа да түркі тілдес халықтардың өкілдері құрады деп есептейміз (9).

**ӘДЕБИЕТТЕР**


1.**Омарбеков Т.** 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы, 1999. – 309 б.

2.**Айымбетов С.** 1926-1939 жылдардағы Қазақстан халқының этнодемографиялық ахуалы. Алматы, 1999. Автореферат. – 51 б.

3.Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Очерк. – Алматы, 1994. – 421 б.

4.**Бижанов К.** Кіші Қазанның кесапты//Халық кеңесі. 1992. 28 мамыр.

5.**Жұмалиев Ж.** Тарихи деректерге жүгінсек//Ақиқат. 1992. - №8. – 52

6.**Абланова Э.** Маңғыстау қазақтарының демографиялық даму көрсеткіші // Ізденіс. 1997. - №5. – 84 б.

7.**Елекейұлы Б.** Қасіретті жылдар. //Алматы ақшамы. 1992. 29 мамыр.

8.**Омарбеков Т.** 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы 1999. - 51 б.

9.**Тәтімов М.** Ауылдағы демографиялық ахуал. – Алматы, 1990. – 60 б.


# ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ


**Асан СҮЛЕЙМЕНОВ,**
**Қазақстан-Ресей медициналық университетінің аға оқытушысы**
**Әлия МАМЫТБАЕВА,**
**Л.Толстой атындағы орта мектептің кітапханашысы**


Тәуелсіз Қазақстанның іргетасы елімізде өмір сүретін барлық этностарға ортақ мәдени және рухани құндылықтармен негізделген. Адамзат тарихында қоғам дамуының берік тетіктерінің бірі ретіндегі фундаменті феноменнің қалыптасуы адам факторы мен оның рухани құндылықтары рөлінің күшеюімен тығыз байланысты. Қоғамның дамуы үшін адамның ішкі рухани күштерін жұмылдырудың өмірлік тәжірибе арқылы қалыптасқан ережелер жиынтығы, т.б. Ол адамның үміті, мақсат-мүддесіне негізделеді.

Адамзат тарихы қоғам дамуына жасаған күшті ықпалы жөнінде әлемдік болсын немесе жекелеген елдегі болсын тәжірибесіне куә. **Қоғамдық санаға ықпалы жөнінен өте маңызды ресурс болып саналады. Оған мысал ретінде Конфуций, Монро және т.б. айтуға болады.**

Соның ішіндегі маңызды міндеттердің бірі ретінде Қазақстан қоғамның дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын Ұлт бірлігі. **Осыған сәйкес Президент Н.Назарбаев Ұлттық рухани жаңғыру дайындауды тапсыра отырып, оның негізгі ұстанымдары ел дамуының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарына енуі тиіс деп атап көрсетті [1, 64-б.].**

Айқындалған мақсатқа сәйкес Ұлттық рухани жаңғыру бір жағынан, бүгінгі күнге дейінгі жинақталған тәжірибені қорыту болса, екінші жағынан, ол жаңғыруға, мемлекеттік саясатты жүргізудің орта және ұзақ мерзімді стратегиясына, елдегі саяси тұрақтылықты, бірлік пен келісімді нығайтуға негізі болмақ.

**Қазақстанның ұлт бірлігі идеологиясын жасау мен оны қабылдау процесі бірқатар мәселелерді айқындайды:**

*- біріншіден, ол қоғамдық маңызға ие идеологиялық құжат болып саналады;*

*- екіншіден, бұл құжат этносаралық қатынастардың қоғамдық-саяси маңызы жоғары екенін және оған ерекше назар аударылып отырғандығын көрсетті;*

*- үшіншіден, елімізде саяси шешімді талқылау мен қабылдаудағы демократиялық мәдениеттің жаңа деңгейін көрсетті. Өйткені, демократиялық қоғамның көрсеткіші саяси шешімдер мен құжаттардың мәнінде ғана емес, оны талқылау, қабылдау жолдарының мазмұнымен де өлшенетіні белгілі;*

*- төртіншіден, ұлттық рухани жаңғыруды талқылау мен қабылдау кезінде жинақталған оң тәжірибе мүдделі топтар арасындағы келіссөздердің, кеңестердің маңыздылығын көрсетіп береді;*

*- бесіншіден, қоғамның толеранттылық мүмкіндігі жоғары екендігін көрсетеді;*

*- алтыншыдан, Ұлттық рухани жаңғыру Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдық қорытындысымен тұспа-тұс келді. Себебі қоғамның алдында: 20 жылдық белестен бейбітшілік пен жасампаздық арқылы өттік, ал алда не күтіп тұр? Деген сұрақтың қойылуы заңды еді. Оған жауап берілді:*

*тәуелсіз Қазақстанның болашағы «Бір ел-бір тағдыр»; «Тегі басқа – теңдігі бір»; «Ұлт рухының дамуы» қағидаларына негізделеді [2, 298-б.].*

Біздің таңдауымыз терең дара сипатта, осы таңдау – біздің барлығымызды отандастар етеді. Себебі біздің ортақ еліміз, ортақ отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Тарихи тағдырымыздың ортақтығын түсіну және осы таңдауды түсіне білу – елдің барша азаматын біріктіретін ең басты негіз.

Бір мемлекетте тұрып, өзге елдің заңына бағынып өмір сүру, азаматтың барлық құқығына ие бола отырып, бірақ оның міндеттерін орындамау мүмкін емес. Құқықтар мен міндеттердің мұндай бірлігі біздің тағдырымызды да, болашағымызды да бір арнаға қосады.

Сондықтан біз, бәріміз, бір Отанның ұлдары мен қыздары екендігімізді, ал біздің Тәуелсіздігіміз сан ұрпақтың орындалған арманы, халқымыздың ерен еңбегінің, ерлігінің және ерік-жігерінің жемісі екендігін әрқайсымыз түсінуге тиіспіз. Тәуелсіздік пен байырғы қазақ жерінде құрылған мемлекеттілігімізді дамыту – біздің басты құндылығымыз.

Жаңа тарихи кезеңде мемлекетіміз Қазақстанға өзінің асқақ есімін берген қазақ халқының алдында ұлтты ұйыстырудың алтын діңгегіне айналу жөнінде жаңа тарихи миссия тұр. Жаңа тарихи жағдайда қазақ халқының алдында жаңа тарихи парыз тұр.

*«Біздің ұлы мақсатымыз – этникалық шығу тегімізге қарамай бірігіп, Даңқты Ұлтқа айналу және қолымызда тұрған ең бағалы құндылық – егемен, тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа аманат ету...»* деп, атап көрсетіледі. **«Тегі басқа – теңдігі бір»** деп аталған екінші тараудағы басқа қағидат – этникалық, болмаса басқа да шыққан тегіне, діни ұстанымына және әлеуметтік жағдайына қарамай барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру. **Бұл қағидат былайша тұжырымдалады:** *«...Біріміздің алдында бірімізге алдын ала артықшылық берілмейді. Бұл ұстаным біздің бірлік ғимаратымызға берік іргетас болып қаланған. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясында жария етілген.*

*Бұл қағидат әрбір Қазақстан азаматы өзінің жеке артықшылығы мен шығу тегіне қарамай, қабілетіне қарай барлық мүмкіндігін жүзеге асырып, жетістіктерге жете алатынын аңғартады.*

*Теңдік қағидаты ауыл мен қала тұрғындарының, сондай-ақ қайта оралған отандастарымыздың өмір сүру дәрежесін теңестіреді, қалаға келушілердің бейімделуі мен урбанизация үдерісін басқаруды реттейді.*

*Мүмкіндіктердің теңдігі, шығу тегі мен діни ұстанымына қарамай, әркімнің қоғам мен мемлекет өмірінің барлық саласына қатысу құқығына ие бола алатынын көрсетеді. Біздің басты байлығымыз – әралуандықтың бірлігі. Сондықтан мемлекет өз халқының мәдени, рухани дәстүрлерінің ұлттық игілік ретінде сақталуына қамқорлық жасайды...»* [3.].

**Біздің Ұлттық Рухымызды көтеру үшін негізгі басымдықтар мыналар: дәстүр мен отансүйгіштік рухы, жаңғыру рухы, жарыс пен жеңіс рухы.** Ұлттық рухы халықтың өзіндік санасының бір бөлігі болып табылатын мыңдаған жылдық дәстүрге, құндылықтар мен мәдениетке, тілге сүйенеді. Осы тіл, дәстүрлі құндылықтар мен қайталанбас төл мәдениетіміз халыққа жүздеген жылдар бойы демеу болып, оны тарих жолында бөлініп кетуден сақтап қалды. Бұлар бүгін де бізді өзгелерден айырып, ерекшелейді. Әрі қайталанбас біртұтас руханиятымыздың іргетасы болып табылады. Сонымен қатар мемлекет тарапынан Қазақстанда тұрып жатқан барлық этностың мәдени, рухани және тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қамқорлық көрсетілуі тиіс.

**Қоғамның рухани негізі болып табылатын дәстүрлі құндылықтарды арқау ету (тіл мен мәдениетке құрмет, имандылық, отбасы, ұрпақтар сабақтастығы, отансүйгіштік және сыйластық) қазіргі әлемде біздің бірлігіміз бен өзіндік ерекшелігімізді нығайта түсудің сүйенішіне айналуда**.

Қазіргі әлем күн өткен сайын елдер мен ұлттарға қатал талап қойып отыр. Олардың ішінде түпкі дәстүрлері мен құндылықтарын жоғалтпаған, үнемі жаңаруға, модернизацияға, бәсекелік басымдықтарын күшейтуге ұмтылатындардың ғана дербес болашақтан үміті бар.

**Дәстүрге сүйенген модернизация мен бәсекеге қабілеттілік біздің ұлттық рухымыздың XXI ғасырдағы өркендеуіне негіз болады. Сондықтан бәсекеге қабілеттілікке бет түзеу Ұлт Рухының ең маңызды бөлігіне айналуы шарт.**

Бұл – Ұлттың алға қарыштап қадам басуының, серпіліп жаңа көкжиектерге ұмытылуының негізі мен кепілі. Қазақстанның әрбір азаматы мұны жақсылыққа, байлыққа, ақылдылыққа ұмтылыс деп танып, туған елінің гүлденуіне қолдан келгеннің бәрін істеу қажет деп сезіну керек. Әрбір адам өз бойындағы осы қасиеттерді дамытуы шарт, олар жеңіс Рухының өз ғұмырының, қоғам мен мемлекет өмірінің бір бөлшегіне айналуына бар күш-жігерін сарп етуі тиіс. Қоғамның барлық салаларын модернизациялау арқылы ғана бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге болады.

Бізге ұлт әлеуетін оятатын интеллектуалық серпіліс қажет. Білімге, ғылымға және инновацияларға көзқарасты өзгертудің өмірлік маңызы зор. *«XXI ғасырда тек интеллектуалды ұлт қана жеңіс тұғырынан көріну мүмкіндігіне ие бола алады. Тек осындай жолмен ғана, дәстүрлерге сүйеніп үнемі жетілу арқылы, биік мақсаттар қоя отырып ұлттың бірігуіне, Ұлт Рухының нығаюына қол жеткізе аламыз...»* [4.].

Қорытынды ережелерде Ұлттық рухани жаңғыру Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталған негізгі шараларға негіз бола алатындығы атап көрсетіледі. Жалпы, **Ұлттық рухани жаңғыру логикалық діңгегі:** біздің ең басты құндылығымыз – Қазақстан тәуелсіздігі, сан ұрпақтың орындалған арманы, халқымыздың ерен еңбегінің, ерлігінің және ерік-жігерінің жемісі. Біздің парызымыз – этникалық шығу тегімізге қарамай бірігіп, даңқты ұлтқа айналу және қолымызда тұрған ең бағалы құндылық – егемен, тәуелсіз Қазақстанды көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа аманат ету.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Назарбаев Н.Ә.** Тарих толқынында. – Астана: Жібек жолы, 2010. – 332 б.

2.**Г.В.Кан, Н.У.Шаяхметов.** Қазақстан тарихы. Алматы «Кітап баспасы» 2012. – 320 б.

3.**Назарбаев Н.Ә.** Тәуелсіздіктің 5 жылы. – Алматы, 1996 ж.

4.**Назарбаев Н.Ә.** Сындарлы 10 жыл. Алматы, 2003 ж.

5.Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы / Қ.С.Қаражан. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 330 б.

# ЖЕНЩИНЫ В ОБЩЕСТВЕ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ

**Раушан БАЛГОЗИНА,**
**доктор исторических наук, профессор**
**Казахстанско-Российского медицинского университета**

**На рассвете 22 июня 1941 года фашистская Германия напала на СССР.** Для большинства частей и соединений Красной Армии нападение было неожиданным. Пограничники и красноармейцы оказывали упорное сопротивление.

Политика на оккупированной Советской территории была детально разработана и ориентирована на ликвидацию государственности, экономическое ограбление, физическое истребление политических руководителей и интеллигенции, искоренение национальной культуры, реализацию расистской доктрины полного уничтожения отдельных, порабощения остальных народов многонационального Советского Союза.

**Основополагающая идея военного времени нашла свое отражение в следующих исконных словах:** «*Мы, советские женщины, хотим быть свободными, хотим разговаривать на своем родном языке, пользоваться благами своей культуры. Мы не хотим, чтобы фашистские варвары угнали наших мужей, сыновей и братьев в рабство, чтобы они истребляли наших детей, а нас самих отдали на поругание орде насильников*» [1].

**С этим заявлением выступила Раскова Марина Михайловна – командир полка пикирующих бомбардировщиков, Герой Советского Союза.** В детстве она готовилась стать музыкантом, но затем увлеклась профессией штурмана. Раскова М. заочно окончила аэронавигационный факультет Института Гражданского воздушного флота, экстерном сдала экзамен на звание летчика. С началом Великой Отечественной войны она подготовила первый в истории женский авиационный бомбардировочный полк.

**29 июня 1941 года газета «Правда» опубликовала передовую статью «Святой долг советской патриотки», в которой четко был обозначен главный политический акцент.** «*Советская женщина равноправна с мужчиной во всех областях общественной, политической, экономической жизни, - говорилось в документе, - и на равных с мужчиной правах будет она сражаться против фашизма, посягнувшего на нашу свободу, на нашу честь, на счастье наших детей*» [2].

29 июня 1941 года партийным и советским организациям прифронтовых областей была направлена секретная директива СНК СССР и ЦК ВКП (б), в которой были признаны масштабы первых военных поражений и содержалось требование перестроить всю работу на экстремальные условия.

**Женщины перешли на военный режим. Феномен XX века состоял в том, что женщины взяли в руки оружие.** Рядом с мужчинами как бойцы находились женщины. Они становились снайперами, пулеметчиками, автоматчиками, стрелочниками, зенитчиками, танкистами, кавалеристами.

Тяжелая обстановка на фронте обусловила перестройку на особый ритм деятельность политической, идеологической и экономической систем; всех звеньев государственного, партийного и хозяйственного аппарата; образа жизни всего народа, труда и быта каждого советского гражданина.

В связи с началом Великой Отечественной войны Василиса Бондарева, Валентина Шубина, Вера Евтушенко, Феодосия Никифорова, Мария Авдеева, Эмилия Шмидт, Мария Толмачева – члены женской тракторной бригады Полуденской МТС Северо-Казахстанской области выступили с обращением: «*Мужья, братья, сыновья! Мужественно бейтесь, уничтожайте врага до полной победы! Если потребуется, то и мы, женщины, с трактора, комбайна, автомашины в любую минуту пересядем на танки, бронемашины и вместе с вами будем разить гнусных врагов социалистического Отечества*» [3].

**Война вывела женщин на передний план. Мужчины уходили на фронт.** Ответственность за тыл взяли на себя женщины: не было специальности, которой бы не овладели они; непосильной работы для них так же не существовало. Женщины составляли половину 200-миллионного советского народа, в официальном обращении считались «колоссальными трудовыми резервами», «колоссальной силой».

**Советский патриотизм был неподдельным, «честно трудиться, трудиться за двоих, за троих», в этом видели женщины свой священный долг.** Великая Отечественная война стала критической точкой, своего рода «взрывным» фоном исключительного подъема женщин. По всей стране развернулось движение, уникальное по идейному содержанию и размаху, за овладение женщинами специальностей мужей, сыновей, братьев, ушедших на фронт.

**«Станки наших мужей не должны стоять и часу!», –** эти слова стали лейтмотивом военного времени. Жены шахтеров Жакен Муканова и Куляй Кульжанова стали завалоотбойщиками. Тракториста Урджарской МТС Садыкова заменила его жена. В первые месяцы войны 2000 женщин Казахстана стали железнодорожниками, на шахты Караганды пришли 500 женщин. На Семипалатинском железнодорожном узле путевыми обходчиками стали 50 женщин, стрелочниками – 9, электросварщиками – 4.

**Великая Отечественная война кардинальным образом отразилась на женском самосознании.** В час неимоверных испытаний советские женщины сумели проявить мужество и спокойствие, отвагу и хладнокровие. Советские женщины были одержимы идеей огромной ответственности перед семьей, перед Родиной.

**Важным историческим документом явился документ под названием «Нет большего врага у женщин, чем Гитлер»,** адресованный всем женщинам СССР и всем женщинам мира. Обращение подписали А.Ерошкина (многостаночница), Г.Уланова (народная артистка), Л.Сейфулина (писательница), П.Ангелина (трактористка), А.Белкина (контролер). «*Женщины, гражданки великой страны, матери, жены и сестры!– говорилось в документе. – Мы знаем, что победа будет нелегкой. Так пусть же сердце каждой из нас станет неиссякаемым источником мужества. Пусть каждая из нас, провожая на битвы любимого сына, мужа или брата, вселяет в него уверенность и спокойствие. Пусть будет им материнским благословением наша ненависть к врагу, наша воля защищать родную землю до последней капли крови. Пусть твердо знают они, что мы спокойны, бодры, неутомимы в труде так же, как и они в сраженьях*» [4]

**Все усилия направлялись на увеличение военного производства.** Первоочередная задача состояла

в том, чтобы одеть и накормить солдат на фронте, работников оборонной промышленности в тылу. Ресурсы социальной политики государства и личное потребление населения предельно ограничивались. В июле-октябре 1941 года осуществился переход к карточной системе. Нормы снабжения дифференцировались по группам населения, изыскивались средства для максимального обеспечения детей. Потребление важнейших продуктов сократилось в два-три раза по сравнению с невысоким довоенным уровнем.

**По всей стране развернулось женское пацифистское, антивоенное движение.** 7 сентября 1941 года в Москве состоялся массовый митинг, на котором был образован Антифашистский комитет советских женщин. Председателем избрали Героя Советского Союза Валентину Гризодубову. Участники митинга в письме «К женщинам всего мира» отметили: «*К вам, независимо от ваших убеждений, религиозных верований, социального положения, обращаемся мы от имени миллионов советских женщин.*

*Перед лицом общей опасности, угрожающей всему цивилизованному человечеству, мы обращаемся к вашему чувству и разуму*» [5].

Следует отметить, что в советском обществе антигуманной идеологии фашизма, идеологии расизма, геноциду в отношении порабощенных народов противопоставлялись такие общечеловеческие ценности, как национальная независимость, равноправие, солидарность.

**Женщины с первых дней войны добровольно записывались на фронт.** Массовые мобилизации женщин состоялись в марте и апреле 1942 года. Женщины были призваны в войска противовоздушной обороны, дорожные части, военно-медицинские учреждения санитарной службы. Государственный Комитет обороны провел мобилизацию 25 тыс. женщин в войска Военно-морского флота. Среди женщин-коммунисток было объявлено 5 призывов. Женщины были незаменимы в «особых» банно-прачечных отрядах.

**В годы войны благотворительность, милосердие не были преданы забвенью.** Так, в специальный фонд обороны член сельхозартели Кокжартас Аксуатского района Айдарханова сдала серьги и браслеты, пенсионерка г. Семипалатинска Боровикова внесла 6000 рублей облигаций, член сельхозартели «Комсомол» Джакишева передала 3 овец.

**Женщины всемерно содействовали восстановлению здоровья раненых бойцов и скорейшему их возвращению на фронт.** Всего в годы войны более 70 проц. раненых солдат и офицеров были возвращены в строй. В результате огромной профилактической работы, в Казахстане за годы войны не было допущено крупных эпидемий, отдельные вспышки инфекционных заболеваний быстро купировались. Летом 1941 года в Актюбинской, Северо-Казахстанской, Семипалатинской, Кустанайской, Карагандинской областях были сформированы эвакогоспитали.

**Война внесла глубокие изменения в духовное состояние общества.** Она обострила такие чувства, как вера и сомнение, воодушевление и страх, правда и ложь, открытость и замкнутость, дружба и вражда. Но поведение каждого человека стимулировалось прежде всего осознанием личной сопричастности к судьбе страны.

**Великая Отечественная война стала временем серьезных испытаний.** Женщины шли на фронт, надели армейскую форму, усвоили солдатскую дисциплину, в тылу несли непомерно тяжелые физические нагрузки, ухаживали за ранеными и стариками, растили детей. Война принесла неисчислимые страдания, лишения и бедствия. В годы войны женщины наглядно продемонстрировали свой патриотизм.

**ЛИТЕРАТУРА**

1.Прииртышская правда, 23 августа, воскресенье, 1941 года, №. 199, с.55.

2.Прииртышская правда, 1 июля, вторник, 1941 года, №. 153, с.1.

3.Прииртышская правда, 3 июля, четверг, 1941 года, № 155, с.5.

4.Прииртышская правда, 20 июля, воскресенье, 1941 года, № 170, с.25.

5.Прииртышская правда, 10 сентября, среда, 1941 года, № 214, с.79.

# ТЕОРИЯ ЛОКАЛЬНЫХ КУЛЬТУР О.ШПЕНГЛЕРА

**Гульнара ИСАТАЕВА,**
**кандидат философских наук, и.о.доцента**
**Казахстанско-Российского медицинского университета**

Теория локальных культур, противоположность культуры и цивилизации, проблема соотношения культуры и цивилизации впервые разработаны в работах О.Шпенглера (1880-1936). После него их решали другие философы, соглашаясь со Шпенглером или же критикуя его, предлагали свое решение.

**О.Шпенглера не устраивает, прежде всего, европоцентризм, историзм и линейность в истолковании исторического процесса.**. Эту мысль Шпенглер высказывает и в статье «Пессимизм ли это?» [1, с. 20]. Не существует, согласно ему, единой всемирной истории, а существуют лишь локальные истории отдельных культур, которые возникают и исчезают, не преследуя никаких универсальных целей, не подчиняясь логике всемирного прогресса. Схема «*Древний мир – средние века – Новый мир*», считает Шпенглер, применима, но лишь в узких границах: *«наши знания о человеке позволяют выделить в его существовании два великих периода. Первый начинается эпохой оледенения (ледниковый период) и длится до третьего тысячелетия до нашей эры. С третьего тысячелетия до новой эры начинается второй период, когда вырастают высокие (или высшие) культуры*» [2, с. 20].

**Первый период, отмечает Шпенглер, можно назвать периодом примитивной культуры**. Первобытные племена жили небольшими обособленными группами на просторах бесконечного ландшафта, редко сталкиваясь между собой. Изменения стали происходить по мере увеличения численности народонаселения, что имело наиболее значительные последствия “для истории человеческой души”.

**Хотя конкретная культура и возникает из примитивной культуры, однако между ними возникает некое образование, существующее на протяжении примерно одного тысячелетия. Шпенглер называет это новообразование “предкультурой”.** Насколько

можно судить, к этой предкультуре Шпенглер относит земледельческие поселения и земледельческий образ жизни. Человек предкультуры – это крестьянин. Высокие культуры возникают, согласно Шпенглеру, примерно в 3000 г. до н.э. в тот момент, когда на смену деревне приходит город. Сельский и городской человек – это, считает Шпенглер, принципиально различные люди. Но самое главное в том, утверждает он, что город отличается от деревни не своими размерами (он всегда больше деревни), а тем, что у него есть душа, тогда как у деревни ее нет. Следовательно, предкультура – это существование души лишь в ее непроявленной форме. С городом также появляется дух. Шпенглер так и пишет: "*Город – это дух". Большой город – это "свободный дух*" [2, с. 99].

**Даже понятие "народ" Шпенглер связывает с единством духа. Первой фазой развития культуры Шпенглер считает архитектуру, которая непосредственно связана с ландшафтом.** Она является вместе с тем и первой формой искусства, символизируя основное переживание души, кроме того исследователь считает, что архитектура теснейшим образом связана с формой государственного устройства. С переходом культуры в зрелый возраст в ней происходит отодвигание архитектуры на второй план и постановка на ее место какого-либо из изобразительных искусств. Любопытно, что Шпенглер к числу изобразительных искусств относит и музыку. "*Даже музыка,– пишет он,– относится к ним…"* [3, с. 388].

У большой (высокой) культуры свой большой стиль. **При этом в искусстве воплощается стиль всей культуры, а он у культуры, согласно Шпенглеру, может быть только один.**

Когда культура вступает в зрелый возраст, она становится духом больших городов, теснящих в данном ландшафте деревни и господствующих в нем. Когда культура полностью реализует заложенные в ее душе возможности и ее идея реализована и завершена, в культуре происходит надлом, ее силы иссякают, она, как выражается Шпенглер, коченеет и вступает в свою завершающую фазу – цивилизацию, *«неизбежную судьбу культуры»* [2, с. 163]. Поскольку каждая культура самобытная, постольку, согласно Шпенглеру, *«у каждой культуры есть своя собственная цивилизация»* [2, с. 163]. Цивилизация завершает самобытный культурный организм; после нее – уже небытие. **Все ушедшие великие культуры достигают своей цивилизации.** Период цивилизации начинается с «переоценки» всех традиционных для данной культуры ценностей. В Европе таким «переоценщиком», по мнению Шпенглера, выступил Ф.Ницше. Уже в XIX веке западная культура превратилась в цивилизацию. Европа вступила в фазу цивилизации, следовательно, начался ее закат.

В социально-философской и особенно в культурологической литературе отклик получила мысль О.Шпенглера, в которой он обращает внимание на общий вектор социальной активности личности: «*У культурного человека энергия обращена во внутрь, у цивилизованного – во вне*» [3, с. 170]. Другими словами, для культуры в целом характерна высокая духовность, побуждающая людей к самопожертвованию ради возвышенных целей и идей. **Цивилизация же означает своего рода деградацию духа, его «приземление».** Воплощением цивилизации является, по Шпенглеру, мировой город. У городского человека, отмечает Шпенглер, формируется специфическое мышление – денежное мышление. В свете этого "*цивилизация означает такую степень культуры, на которой традиция и личность утратила свое непосредственное значение, и всякая идея, чтобы реализоваться, должна быть вначале переосмыслена в деньгах"* [2, с. 515]. Конечно, эти слова однозначно применимы лишь к цивилизации Запада. Но это касается лишь масштаба; логика же цивилизации, согласно Шпенглеру, одна и та же.

**Еще одним атрибутом цивилизации является, по Шпенглеру, положение в ней техники, машины.** И здесь опять же, для большей четкости, Шпенглер говорит о европейской цивилизации. Задолго до социальных экологов он писал о том, что техника настолько развилась, что человек стал не в состоянии контролировать и даже улавливать последствия воздействия техники на окружающую природу. "*Меняется,– писал он в 1918 г.,– образ земли со всеми ее растениями, животными и людьми.*

*Все органическое подлежит тотальной организации, искусственный мир пронизывает и отравляет мир естественный. Сама цивилизация стала машиной, которая все делает или желает делать по образу машины*" [4, с. 487-488].

Цивилизации как последнему слову культуры, отмечает Шпенглер, присущ империализм [3, с. 170]. Империя, центром которой стал мировой город, стремится к постоянной экспансии вовне, к покорению и подчинению все больших территорий для присоединения их к своей провинции. Отсюда – колониальная экспансионистская политика империализма.

**О.Шпенглер выделяет восемь мощных самобытных культур – египетскую, индийскую, вавилонскую, китайскую, «аполлоновскую» (греко-римскую), «магическую» (византийско-арабскую), «фаустовскую» (западноевропейскую) и культуру майя**. Он также полагает, что в будущем ожидается рождение девятой культуры, которую он назвал русско-сибирской. Многие из них сошли с исторической арены, другие, как «фаустовская», существуют, третьи («русско-сибирская») только зарождаются. О.Шпенглер придерживается идеи жесткого предопределения. Он пишет: "*Ни одна культура не вольна выбирать путь и осанку своего мышления; но здесь впервые культура может предусмотреть, какой именно путь установила ей судьба*" [3, с. 321], то есть культура лишена свободы.

Идея предопределения проявляется и в том, что Шпенглер жестко фиксирует сроки существования высоких культур – тысячу лет. Кроме того, поскольку все культуры, согласно Шпенглеру, живые организмы и все проходят одни и те же стадии своего развития, постольку, далее, на каждом из этапов во всех культурах формируются и развиваются одни и те же феномены, постольку эти этапы принципиально сопоставимы друг с другом. В связи с этим Шпенглер вводит особое понятие "одновременность", но при это не хронологическая одновременности. Это одновременность качественная и функциональная: в каждой культуре, в какое бы хронологическое время она ни существовала, в течение отмеренных ей тысячи лет появляются и существуют одни и те же по своей сути явления. В этом смысле, по Шпенглеру, одновременно существуют Пифагор и Р.Декарт, Архит и П.С.Лаплас, Архимед и К.Ф.Гаусс.

Однако все культуры, согласно Шпенглеру, уникальны, нисколько не похожи друг на друга. "*Эти культуры,– пишет он,– растут независимо друг от друга и одна за другой сдвигаются с Юга к Северу*" [2, с. 481]. Каждой принадлежит своя собственная душа, которая и определяет собой культуру во всех своих проявлениях. Из выделенных им восьми культур, он называет души лишь трех: **античной культуре присуща аполлоническая душа, арабской – магическая, западной – фаустовская**. В основании каждой культуры лежит прасимвол, который конкретизируется в целом наборе символов, которые

определяют собой все области культуры – религию, мораль, политику, право, познание (науку) и т.д. Античный прасимвол, по Шпенглеру, тело, арабский – пещера, западный – бесконечное пространство. Поэтому у каждой культуры все свое и только свое. Поэтому не существует единых для всех культур истин, норм, принципов. У каждой культуры своя математика, своя философия, свое право, свое искусство и т.д. Поэтому, согласно Шпенглеру, не существует и не может существовать единой истории искусства, философии и т.д. Даже феномен истории, исторического взгляда на мир, считает Шпенглер, – особенность западной фаустовской культуры: *"Всемирная история" – это наша картина мира, а не картина "человечества"* [3, с. 143-144].

**Этим, считает Шпенглер, объясняется то, что культуры не способны понять друг друга**. "*Никаким органическим единством группа высоких культур,– отмечает он,– не является*" [2, с. 39]. В то же время Шпенглер не отрицает наличия связей между культурами, но это поверхностные связи. Такая «морфология истории», в частности для западноевропейской культуры, согласно Шпенглеру, дает возможность современной культуре трезво смотреть в глаза судьбы. Дело в том, что он изображает культуры как возникающие, проходящие возрастные стадии и умирающие.

Шпенглер, несмотря все критические замечания, убежден в собственной правоте. Он, действительно, внес много ценного в философию истории и философию культуры. Как отмечалось выше, О.Шпенглер отрицает европоцентризм. **Одной из важных и по тем временам во многом новой – является идея, согласно которой каждый большой культуре присущи специфические для них формы искусства, религии, познания и т.д. Эта идея впоследствии развилась в культурно-исторический подход.** Но у самого Шпенглера эта идея вместе с тем искажена: согласно ему специфическая форма искусства, познания и т.д. присуща ей и исключительно ей и умирает вместе с культурой. Шпенглер отрицает какую бы то ни было преемственность идей, знаний, художественных стилей и их развитие. Шпенглер здесь впадает в заблуждение, и основанием этого, как и других, заблуждения коренится в его органицистском методе, в перенесении на культуру и историю биологических законов. Да и они, по сути дела, трактуются им неверно, ибо в живой природе действуют законы эволюции.

Если обратиться к логике исторического процесса, то и здесь О.Шпенглер заблуждается. Человечество – отнюдь не зоологическое понятие. Существует общая сущность человека, которая в своем существовании принимает самые различные (этнокультурные, национальные и иные) формы. История действительно начинается с локальных этнокультурных образований. Однако – и это вряд ли возможно отрицать – в ходе истории преобладает тенденции сближения этих образований, взаимодействие и взаимообогащение культур.

### ЛИТЕРАТУРА

1. **Шпенглер О.** Пессимизм? – М., 2003. - 297 с.
2. **Шпенглер О.** Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории. 2.Всемирно-исторические перспективы. – М., 1998.- 607 с.
3. **Шпенглер О.** Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории. 1. Гештальт и действительность. – М., 1993. – 667 с.
4. **Шпенглер О.** Человек и техника // Культурология. XX век. Антология. М.: Юристъ, 1995. - С.454-494.

# ПОЛИТИКО-ПРАВОВОЕ ЗНАЧЕНИЕ СВОДА ЗАКОНОВ «ЖЕТІ ЖАРҒЫ»

**Камшат АЛПЫСБАЕВА,**
**ст.преподаватель Казахстанко-Российского медицинского университета**

**Как свидетельствует исторические источники, после смерти хана Жангира власть перешла к его сыну Тауке хану, который правил в 1680-1715 годах XVII – XVIII века**. Время правления Тауке хана приходится на один из самых трудных периодов истории казахского народа. На западе ханства шла война с Аштарханидами за господство над присырдарьинскими городами, на юго-востоке продолжалась изнурительная борьба с джунгарами из-за обладания семиреченскими кочевьями. По мере распространения экспансии джунгарских феодалов на казахские земли, казахи потеряли к 70-м годам XVII века значительную часть своих кочевий в Семиречье и на северо-востоке страны. Это вызвало внутренние неурядицы, и, прежде всего, борьбу за пастбища среди самих казахов. Возникшая междоусобица вела к нарушению традиционных обычаев, права, подрыву норм общественной и государственной жизни [1]. Для того чтобы мобилизовать все силы для общей обороны от сильного внешнего врага, необходимо было законодательно урегулировать расшатавшиеся общественные устои. С целью укрепления внутриполитического единства казахов, создания казахского централизованного государства, для выработки единых правовых основ казахского общества, отвечающих требованиям времени был разработан свод законов обычного права казахов «Жеті - Жарғы».

Термин «жарғы» происходит от древнетюркского слова «жар», означающего вынос решения по спорному вопросу [2].

Согласно одной версии, при создании «Жеті Жарғы» хан Тауке, собрал для совета трех биев – Толе би, Казбек би, Айтеке би – и, обсудив с ними случавшиеся между казахами частые ссоры, составил и утвердил некоторые законоположения. По другой версии, Тауке - хан собрал в урочище Куль-Тобе семь биев, и они соединили старые обычаи ханов Касыма и Есима в новые обычаи, названные «Жеті-жарғы» [1]. В некоторых литературах свод законов «Жеті-жарғы» известен как «Семь уложений или установлений» Тауке хана.

**«Жеті Жарғы» включал в себя следующие основные разделы:**

*1. Земельный Закон (Жер дауы), в котором обговаривалось решение споров о пастбищах и водопоях.*

*2. Семейно-брачный закон, где устанавливался порядок заключения и расторжения брака, права и обязанности супругов, имущественные права членов семьи.*

*3. Военный закон, регламентирующий отправление воинской повинности, формирование подразделений и выборов военачальников.*

*4. Положение о судебном процессе, обговаривающее порядок судебного разбирательства.*

*5. Уголовный закон, устанавливающий наказания за различные виды преступлений кроме убийства.*

*6. Закон о куне, устанавливающий наказания за убийства и тяжкие телесныеповреждения.*

*7. Закон о вдовах (жесір дауы), регламентирующий имущественные и личные права вдов и сирот, а также обязательства по отношению к ним общины и родственников умершего [3].*

**Споры, возникающие по поводу земли, то есть «жер дауы» разрешались земельным законом.** Согласно этому закону, хан был единственным властителем всех родовых объединений, и только он имел право на владение всеми землями Казахского ханства. Решение хана при дележе земель, при перераспределении земель между родами являлся окончательным решением.

**По семейно-брачному закону вступление в брак разрешалось с 13-летнего возраста.** Не разрешалось вступление в брак кровным родственникам до семи поколений. В случае смерти жены разрешалось жениться на ее сестре. А в случае смерти мужа, жена умершего переходила к брату мужа. Этот обычай назывался аменгерство. Если у покойного не было братьев, то по решению совета аксакалов вдову сватали за кого-нибудь из дальних родственников. Таким образом, родственники покойного мужа становились для вдовы ее покровителями. При кочевом образе жизни, уклонившиеся от аменгерства женщины, были редкостью. В случае, если вдова уклонялась от аменгерства, то ее дети, имущество и хозяйство оставались у родичей покойного мужа, уходила одна вдова. При сочетании новым браком приглашалась родня жены для благословения. Если засватанная девушка выходила замуж за другого джигита, то ее родственники были обязаны полностью вернуть калым (приданое) первому жениху, заплатив вдобавок к этому в порядке компенсации штраф.

**По военному закону хану принадлежало право объявления войны и заключения мира, он являлся верховным командующим войсками.** Только хану принадлежало  право ведения переговоров с другими государствами.

Судопроизводство было основано на обычном праве - адате и мусульманском праве – шариате. По судебному процессу, верховная власть, по «Жеті жарғы», была сосредоточена в руках хана. Судя по отдельным статьям законов, хан был верховным судьей, он судил и наказывал за преступления и проступки, разбирал иски, издавал порядок налогообложения. А судебная функция была в руках биев – родоправителей. Особо сложные дела рассматривались съездом биев. В разбирательстве некоторых дел принимали участие султаны и хан. За разбор дел бии, султаны и хан получали вознаграждение – бийлик, ханлык, а также различные подарки. Если ответчик уклонялся от суда или исполнения его решения, то истец имел право произвести барымту (насильственный угон скота).

***По уголовному закону в перечень преступных действий входили:*** *убийство, увечье, изнасилование, побои, оскорбление, несоблюдение правил сыновней почтительности, воровство, прелюбодеяние, кровосмешение, мятеж, причинение телесных повреждений, кража женщины, оскорбление Всевышнего. За эти преступления предусматривались наказания: кун (откуп), смерть, конфискация имущества, остракизм (изгнание), предание публичному позору. В целях предотвращения беспорядков внутри страны, лицам, совершившим тяжкие преступления, хан имел право выносить смертные приговоры [3].*

**К правовой ответственности привлекали с 13 лет.** Хотя по «Жеті Жарғы» уголовная ответственность обычно распространялась лишь на непосредственного виновника, однако сохранялся и принцип коллективной ответственности родственной группы за своего члена. Если, ответчик к суду не являлся или не мог заплатить положенного куна, то пеня взыскивалась с его родственников или с его «ауыла». Смертная казнь была двух видов: удавление, побивание камнями (за богохульство)

**По закону о куне, самым распространенным видом наказания был кун** (имущественное вознаграждение, возмещение). Уплатой куна даже убийца с согласия истцов мог сохранить себе жизнь. Размер куна зависел от социальной принадлежности преступника и потерпевшего [3].

Закон о вдовах (Жесір дауы), регламентировал имущественные и личные права вдов и сирот, а также обязательства по отношению к ним общины и родственников умершего. После смерти отдельно проживавшего бездетного сына его имущество поступало к отцу. После смерти родителей малолетние дети отдавались в опеку ближайшим родственникам, а в случае их отсутствия – «посторонним надежным людям».

**Как указано в вышеуказанных разделах, наиболее государственно важные вопросы решались лично ханом.** Личная свобода, которой обладала основная масса казахского общества, не всегда представляла собой юридическое полноправие. Например, женщины, как слуги и рабы, не могли выступать в суде в качестве свидетелей. Полноправным юридическим лицом был только свободный, «могущий носить оружие» мужчина – хозяин дом, глава семьи. Права, которыми обладал или которых лишался каждый свободный мужчина, устанавливались в прямой зависимости от его социального статуса в обществе.

**Согласно «Жеті Жарғы», в обязанность всем главам родов и племен вменялась ежегодная явка в осеннее время в назначенное место на народное собрание.** При этом все они должны были являться на народные собрания с оружием. Это требование было настолько строгим, что люди, явившиеся без оружия, на совет не допускались, а также они лишались права голоса.

**Первое серьезное изменение Тауке внес в систему властных отношений.** Пытаясь установить равновесие между различными группировками, Тауке предоставил бийским советам властные дополнительные полномочия, в частности: 1. Принятие важных государственных и политических решений; 2. Исполнение судебных функций; 3. Осуществление дипломатических и миротворческих инициатив. В совокупности бийские советы исполняли военные, политические и идеологические функции. Одновременно данная мера была направлена на ограничение политического влияния чингизидов. Как правило, Тауке хан проводил ежегодные консультации с биями по актуальным вопросам политики и хозяйства в местечке Култобе [1].

**Тауке хан усилил ханскую власть,** осуществлял меры, направленные на прекращение междоусобиц и распрей между степными аристократами, расправляясь с непокорными его власти султанами и предводителями родов и племен. Он стремился покончить с раздробленностью страны, создать сильное централизованное государство. Он проводил реформу, направленную на укрепление ханской власти. В целях укрепления своей власти он стал опираться на биев, чем

ослабил роль султанов. Он придавал особое значение поднятию авторитета ханского совета и совета биев. Судебной властью были облечены только хан и бии. В совете при хане решающий голос принадлежал биям. Бии повсеместно превратились в исполнительную власть. При поддержке биев хан Тауке вел борьбу со степной аристократией.

**Таким образом, в свод законов вошли правила, обычаи и традиции казахского народа, передававшиеся испокон веков из поколения в поколение.** Они были понятны и доступны народным массам, отвечали понятиям социальной, правовой справедливости казахского общества XVII века. Поэтому основанный на них свод законов «Жеті Жарғы» хана Тауке способствовал политическому объединению казахского народа. Принятие «Жеті Жарғы» значительно ослабило распри между родами и племенами, а также разногласия между тремя жузами. Усиление ханской власти на законодательной основе привело к сохранению единства народа. Таким образом, Казахское ханство превратилось в независимое, чисто национальное государство с общим языком и общей территорией.

**ЛИТЕРАТУРА**

1. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 2. Алма-Ата, Наука, 1979 г. С.256, 260.

2. Жаргы //Казахстан. Национальная энциклопедия. А., Қазақ энциклопедиясы, 2005 г. Т.2. с.156.

3. **Абиль Еркин.** История государства и права Казахстана.-2005 г., Караганда.3-е изд. с.112, 115.



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## *және оны шешудегі саясаттың ерекшеліктері*

**Ерғали ОМАРҒАЗЫ,**
**Қазақстан-Ресей медициналық университеті доцентінің міндетін атқарушы,**
**саяси ғылымдардың кандидаты**

**Қазақстандағы денсаулық сақтау саясаты – кез келген мемлекеттегі сияқты әрбір азамат үшін қажетті әрі маңызы өте зор сала.** Оның тиімді жұмыс атқарып, өзінің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін дұрыс орындауына мемлекет қана емес, барлығымыз да мүдделі екендігіміз рас.

Қазіргі әлемдегі дамыған елдердің өзінде денсаулық сақтау саласындағы саясат қашанда бірінші орында тұрған мәселе. Жыл сайын, тіпті күн сайын, сағат сайын деп айтсақ та болады, жер жаһанның түкпір-түкпірінде денсаулық сақтау саласы бойынша түрлі реформалар жасалуда. Ол реформалардың барлығының дерлік мақсаты – заманға сай сапалы жүйені қалыптастыру мен оны ары қарай дамыту. Тіпті әлемдегі ең мықты медициналық қызмет пен денсаулық сақтаудың озық үлгілерінің бірі саналатын АҚШ-тың өзінде, бұл салаға қатысты жаңашылдықтар мен өзге елдердің тиімді тәжірибелеріне деген мұқтаждықты мойындап отыратындығын да естіп қаламыз.

Осы тұрғыдан алғанда отандық денсаулық сақтау мен медицина салаларының да интенсивті өзгерістерге ұшырап отырғандығын бақылап жүрміз. **Қазақстанда Конституцияға сай әр азамат денсаулығын сақтауға құқығы бар** [1, 29-бап, 1-тармақ]. Мемлекет басшысы өзінің әрбір Жолдауында денсаулық сақтау саласын басты назарында ұстайды. 2018 жылдың 5 қазанындағы Қазақстан Халқына Жолдауында да Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «*Медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып саналады. Ең алдымен, әсіресе, ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметкерлерді ынталандыру үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауруларды емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен 20 пайызға көбейтуді тапсырамын. Осы мақсаттарға келесі жылы 5 миллиард теңге бөлінеді. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшуге тиіс... Ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы*»,– деп атап көрсеткен болатын [2]. Бұдан аталмыш саланы кемшіліктерден арылтып, заманға сай кәсіби жұмыс атқаратын толыққанды салаға айналдыру – ҚР Президентінің ұстанатын саясатының басым бағыты болып табылатынын аңдасақ болады.

Елбасы тапсырмасына орай, қазақстандық медицина саласын қол жетімді әрі сапалы етуге қомақты қаржылар жұмсалатындығы қуанышты жәйт. Сонымен қатар, **Жолдау аясында 2019 жылдан бастап Астанада кардиологиялық және нейрохирургиялық кластерлердің тәжірибелеріне сүйене отырып Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың құрылысын бастау тапсырылғандығы да еліміз үшін қажетті бастама болғандығы айқын**. Байқап қарасақ, мемлекетімізде денсаулық сақтау саласына аз көңіл бөлінбейді. Оған қаржы бөлу жағы да, жаңаша мәнердегі үлгі қалыптастыруға деген ұмтылыстар да жоқ емес. **Тіпті 2019 жылдың қаңтар айының басындағы жаңалықтарда да:** «*Денсаулық сақтау мәселелері бойынша Заңға» да өзгерістер енгізіліп, оған Елбасының өзі қол қойғандығы жөніндегі ақпарлар тарады. Ондағы басты өзгерістер денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қолдауды көтеру, жаңа дәрі-дәрмектерді сынауда таңдау бойынша еріктілердің оған қатыса алуы, ТМКKК-нің (тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің) жаңа моделін енгізу қарастырылған»* [3],– делінген.

Бірақ, осы сияқты денсаулық сақтау саласын қолдауға бағытталған мемлекеттік саясатқа қарамастан, еліміздегі денсаулық сақтау жүйесі қарыштап дамып жатыр деп тағы айта алмаймыз. Тіпті дәуірімізге сай болмақ түгілі, өкінішке орай онда ол саланы білмейтін

адамның өзіне де анық көрінетін айқын кемшіліктер де баршылық. Мұның себебіне, біріншіден, бүгінгі таңдағы кейбір адамдардың өз денсаулықтарына немқұрайды қарауы мен салауатты өмір салтын ұстанбауын айтқанның өзінде, екінші жағынан мемлекеттің аталмыш саладағы бірқатар тиімсіз реформаларының да, медицина мамандарын даярлау ісіндегі де күнде өзгерістерге ұшырап аяғына жетпей жататын білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялар енгізудегі олқылықтардың да сапаның төмендеуіне себепкер болып отырғаны жасырын емес.

**Денсаулық сақтау саясатының басты әрі ажырамас компонентінің бірі, әрине, ол – медицина саласы. Медицинаның мемлекеттегі деңгейіне қарап, тіпті сол мемлекеттің денсаулық сақтау саясатының қаншалықты тиімді екендігіне баға беруге болады**. Себебі, денсаулық сақтаудың құрамдас бөліктері саналатын – салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты күтудің заманауи жолдары мен әдістерін насихаттау, қауіпсіз азық-түлік тұтынуға үгіттеу және т.с.с сияқты тәсілдер кешені өте маңызды болғанымен де, медицинаның, яғни емдеу ісінің бұл мәселедегі басты, жетекші буын екені мәлім. Осыларды ескергендіктен де, біздің мемлекетте жоғарыда айтқанымыздай аталмыш салаға аса зор мән беріледі. Әр жылы қаржы көлемі ұлғайтылып, отандық медицинамызды эффективті ету үшін түрлі заң жобалары қарастырылып, зерттеулер жасалып, жаңаша реформалар енгізілуде. Бірақ соның өзінде, өкінішке орай, денсаулық сақтау саласы бойынша толассыз реформалардың енгізілуі – оның сапасын арттыруда деу әлі де ертерек секілді. Реформалардың қабылдануы мен оның орындалуы арасындағы алшақтық, қоғамдағы қалыптасқан негативті детерминанттар мен реалийлер, оны дұрыс түсініп, тиімді етіп жүзеге асырушы білікті мамандарға деген дефициттер, кейде жаңа өзгертулер болғанға дейінгі медицинамыздың деңгейін, жарамды тұстарын бұзып қана қоймай, оны көптеген кері нәтижелерге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл реформалардың барлығы да мемлекет тарапынан түбегейлі сапалық нәтижеге негізделген қатаң бақылауда болғаны жөн деп есептейміз. Ол бақылаулар жаңа реформалар қабылданғанда да өз күшін жойып аяғына жетпей қалмауы керек. Кез келген реформаның түпкілікті мақсаты жай ғана жаңашылдық әкелу емес, керісінше тиімді жұмыс жасап отырған әдістерді жоймай, солардың негізінде сапалық тұрғыдан жаңа дүниені енгізу болмақ.

Сонымен, біздің пікірімізше, отандық медицина саласындағы сапалық өзгерістерді қажет етеді деген ең ірі кемшіліктер қатарына келесілерді жатқызуға болады деп есептейміз.

**Білікті медициналық кадрлар даярлаудағы білім беру мен оқытудың олқылықтары** – **бұл, тек бір себептерден тұрмайды, мұнда кешенді мәселелер толып тұр**. Мысалға тек бірнешеуін ғана келтірсек: мамандарды даярлауда қағазбастылықтың көпшілігі, оқу процессінде қажеті аз болса да неше түрлі қағаздарды көбейту, әралуан есеп қағаздары, электронды журналдың күрделілігі аздай, сонымен бірге дубль-көшірмесі ретінде қағаз журналдардың болуы оның әр бетіне алуан түрлі бағалануының түрлерін қойғызу (мұндайда оқытушыда жұмыстан ләззат алу, нәтижеге жұмыс істеуге қауқар қалмайды, ал білім алушыларда ынта болмайды, үйренуге емес, тек статистикалық жоғары бағалар алып, оқу көрсеткішін ресми көтеруге ғана ұмтылыс болуына алып келеді).

**Болашақ дәрігерлердің практикасының аздығы** (кейбір медициналық колледждерді айтпағанда, кей медициналық университеттердің жоғары курс студенттерінің өзі, әліге дейін тіпті жамбасқа инъекция жасап көрмегендігін айтып отырады). Енді жоғарыда айтылғандарды ескере отырып оқытушы профессорлар құрамының алатын еңбекақысымен істейтін жұмысы арасындағы пропорцияның алшақтығын ескерсеңіз, бұл саладағы нәтиженің сапасының қандай болатындығын шамамен болжап, кадрлар даярлаушы буынға кінә артудың өзі қиянат сияқты. Бұдан бөлек, болашақ дәрігерлер даярлау ісінде де, білім берудің кез келген саласындағыдай күн сайынғы аяғына жетпей өзгере беретін реформалардың көптігі, оқытушыны да, білім алушыны да әбден шатастырып бітетіндігі де негативті нәтижелерге алып келеді. Бұндай «жанама жұмысы» көп, уақытты тиімсіз қолдануға бағытталған білім беру жүйесі сапалы маман даярлай алады дегенге сенім аз.

**Келесі бір осы саладағы үлкен кемшіліктің бірі ол қоғамдағы – дәрігерге деген сенімсіздік**. Ол да көбіне білімнің төмендігіне, білім алу үдерісінің дұрыс болмауына тікелей байланысты және де кейбір жоғары білімді дипломы бар дәрігердің жауапкершілікті дұрыс ұқпағанынан да болуы мүмкін. Маманның салғырттығынан, көптеген науқастарға дер кезінде дұрыс диагноз қойылмауы, операция жасалғаннан кейін кейбірінің салақтығынан «таза жасалмауы» немесе дәкенің, құралдың, т.б. «адам ағзасы ішінде қалып қалуы» сияқты «дәрігерлердің кесірінен» болатын деректердің жиілеуі өкінішті себептерге, кейде тіпті адам өліміне апаруда. Кейбір ақпараттарға сүйенсек, «адам өлімі» қазақстандағы «дәрігерлік қателіктердің» ішіндегі ең жиі қайталанатыны екен. 2018 жылғы көктемдегі Central Asia Monitor басылымының редакциясының жетекшілігімен өткізілген «Дәрігерлік қателіктердің салдарының қандай түрлерімен кездестіңіз?» деген сауалнама нәтижелеріне назар аударсақ:

*Науқас өлімі – 87 (51,18%);*

*Денсаулыққа үлкен залал келуі және емделу құны мен мерзімдерінің айтарлықтай ұлғаюы – 42 (24,71%);*

*Мен және менің жақындарым ешқандай дәрігерлік қателіктер жайында білмейміз – 28 (16,74);*

*Науқастың мүгедектігі – 13 (7,65%)* [4].

**Медицина саласындағы тағы бір үлкен кемшіліктердің бірі – посткеңестік ел ретіндегі тегін кепілдендірілген медициналық көмектен, ақылы емдеуге, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне көшу мәселесімен байланысты**. Бұрынғы саяси тарихымызда болмаған жаңа нарықтық қатынастарды меңгеру шарттарында міндетті сақтандырудың енді мемлекет қана емес, жеке азаматтың өзінің кез-кезеңмен үлесін қосып, жауапкершілік алуы қазіргі қоғамымыз үшін аталмыш саладағы ең күрделі реформалардың біріне айналып отырғандығы көпшілікті алаңдатады. Бұл сақтандыруды алу үшін жұмыс істейтін азаматтарға жұмыс берушімен келісіп ай сайынғы жарна аудару мүмкін жеңілірек болса, халықтың жұмыс істемейтін тобы үшін оны не тұрақты жұмысы, не тұрақты жалақысы жоқ азаматтарға төлеу өте қиынға соғуда. Егер де жұмыс істемейтін тұлға ауырып қалса, МӘМС болмаса, міндетті кепілдендірілген медициналық көмектің аясына кірмейтін тіпті, қарапайымғы қызметке мұқтаж болса, оны кім және қалай атқармақ? Әлде азаматымыз барлық көмек түрінен мақрұм қалып, қоғам үшін «керексіз адам» күйін кешуі керек пе? Бұндай реформаның кемшіл тұсы да сол, ол азаматтарымызға (кез келген қазақстандыққа) мемлекет Конституцияда көрсетілген жағдай жасау және «әлеуметтік мемлекеттілік» орнықтырушылық функциясы тұрғысынан сәйкессіздік туындатады. Осы тәріздес сұрақтар қазақстанда қабылданған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне көшу мәселесінде қарама-қайшылықтар тудыруда.

Қаржылық трансферттерді игеру бойынша ҚР ДСМ

Жобалық басқару департаментінің директоры Тимур Сұлтанғазиев келесідей мағлұматтар таратты: «*Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын икемдеу мен оны жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік шығындарының жалпы қаржылай көлемі 70%-ға жуық қаржыларды құрайды. Жалпы, жобаның шығындарының құрылымы келесідей болып отыр: 12,5% – халықаралық технологиялар мен стратегиялық әріптестік трансферті, 33,7% – денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық құралдармен жеткіліксіздіктерін жабдықтау, денсаулық сақтау мамандарының әлеуетін көтеру, оқыту – 8,7%, жобаны басқаруға операциялық шығындар – 0,6%* » [5].

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мемлекетімізде әсіресе медицина саласына талап өте қатаң, жауапкершілігі қазіргіден де жоғары болуы керек деген тұжырым жасауға болады. Оны бұзған жағдайда шен мен шекпенге, тек пен дәрежесіне қарамай қатал жазалау механизмдерін енгізу оны сапалық жаңа деңгейге көтерудің кепілі болады деген пікірімізді жеткізгіміз келеді. **Денсаулықты сақтау мен оның ең үлкен байлық пен құндылық екенін дұрыс ұғыну парыз**. Соны сақтаудың мәдениетін дұрыс жолға қойған кезде ғана өздеріміздің ғана емес мемлекетіміздегі денсаулық сақтау саясатының жақсаруына қосқан үлкен үлесіміз болатындығын әрдайым жадымызда ұстағанымыз абзал.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. - Алматы:«Жеті Жарғы» баспасы, 1996 жыл. 29-бап, 1-тармақ.

2.Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру (Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы), EGEMEN QAZAQSTAN газеті, 190(29421), 6-қазан, 2018 жыл. 1-3 беттер.

3.Назарбаев подписал поправки в закон по вопросам здравоохранения - https://news.mail.ru/politics/ 35886331/

4.**Юлия Кисткина.** Должны ли медики отвечать за свои ошибки? / Сетевое издание «Central Asia Monitor» 09.04.2018, 11:02-https://camonitor.kz/30954-dolzhny-li-mediki-otvechat-za-svoi-oshibki.html

5.На что потратят 90 млн долларов, выделенных на ОСМС, рассказали в Минздраве / Информационное агентство «Tobolinfo» 26 февраля 2018 - http://tobolinfo.kz/na-chto-potratjat-90-mln-dollarov-vydelen/


# «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ


**Қанағат ЕРМЕКБАЙ,**
**Қазақстан-Ресей медициналық университетінің оқытушысы**


Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік Ел» [1] идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялап отыр. «Мәңгілік Ел» идеясы ауқымды. Ол: елдің ішкі, сыртқы саясатын, экономикасын, ғылымы мен білімін, жас ұрпақ тәрбиесін, т.б. салаларын қамтиды. Мәселен, Парламент сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев: *«Мәңгілік Ел» – Қазақстанның ұлттық идеясы және мемлекеттік идеологиясы»* [2] десе, Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулин *«Мәңгілік Ел» – ұлттық идеяның берік негізі»* [3] дейді. Еліміздің белгілі ғалымы, академик Сейіт Қасқабасов «Бабалар сөзінің» (фольклорының) 100 томының жарыққа шығуына байланысты *«Мәңгілік Елдің» Мәңгілік фольклоры»* [4] дейді.

Саясаттанушы Құбаш Сағидоллаұлының пікірінше, **«Мәңгілік ел» идеясы қай заманда да даңқты тарихы бар ұлы көшпенділер империясын әлемдік өркениетпен байланыстырған көпір болып келді.** Ол Ұлы Жібек жолында, ізгілік, кең пейілділік пен мейірбандық, береке-бірлік сынды жалпы адамдық қасиеттерге ие көшпенді өркениеттің даму жолында жүзеге асты. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда ерекше назар аударатын мәселе – ұлттық тәрбие. Тәрбие тал бесіктен басталады десек, ұлттық тәрбие отбасынан бастау алуы керек. Отбасылық тәрбие мәдениетті тұлғаларды қалыптастыруды басты мақсат ретінде ұстануы керек. Бұл жолда үлкенді құрметтеу мен ата-ананы сыйлауды, ар, намыс, ұят сынды құндылықтарды жастар санасына сіңдіруді басты идеологиялық ұстанымға айналдырудың маңызы зор. Қазақ болашағы тектілік пен кісілікті, бірлік пен татулықты, білім мен адамгершілікті ұштастыру негізінде жүруі тиіс. Отбасы мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет. Отбасы болашақ жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелей отырып, олардың санасына патриоттық сезім ұялатуы тиіс. Сонымен бірге, әйел-ананы қорғау, құрметтеу, жетім мен жесірін қорғау қоғамның ұлы жолдағы басты құндылығы ретінде мойындалуы тиіс.

**«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын бүгінгі жастар екені белгілі.** Жастар осы ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз Отанын сүйетін ұлтжанды, патриот болулары керек. **Патриотизм біздің қазақстандық жастар үшін этностарды бөлшектейтін, жіктейтін, бір-біріне қарсы қоятын күш емес, керісінше, біріктіретін күш ретінде мойындалуы тиіс және олардың ментальдық болмысында қағида ретінде қалыптасуы қажет.** Ел мәртебесі, оның асқақтығы мен биіктігі, тұтастығы мен мызғымастығы тек әділеттілік пен өзара ынтымақтастық пен сыйластық негізінде қол жеткізілуі тиіс. Сондықтан, бүгінгі қазақстандық жастарды осы аталған позитивті бағытта тәрбиелеудің маңызы зор [3].

**Бүгінгі жаһандану дәуірінде, «Мәңгілік Ел» идеясы біздің көне түркілік дүниетанымымызды – болмысымызды, көшпенділер өркениетінің негіздерін заманға лайық қайта жаңғыртудың, еліміздің алдыңғы қатарлы қуатты мемлекет ретінде өркендеуінің кепілі болып табылады.** Тәуелсіздіктің келуімен еліміз тарихи тұрғыда осы идеяны жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болды. Бұл татулық көршілестікке, бейбітшілікке ұмтылған мемлекет ретінде әлем қауымдастығына танымал Тәуелсіз Қазақстанның әзірге ешкім бағаламаған және игерілмеген аса зор әлеуетке ие екендігін білдіреді. Ал бұл «Мәңгілік Ел» идеясы – біздің ұлттық кодымыздың кілті»,– деген ойды білдіреді. «Мәңгілік Ел» халық арасында жылдар бойы қалыптасқан идея деуге болады. Өйткені бұл идеяның түп-төркіні ұлттық және рухани мәдениетті сақтауына, ұлтты ұлт ретінде сақтауға негізделеді. Ұлт дегеніміз – басқаларға тәуелді болмаған және өзінің бірыңғай мүддесі бар халықтар жиынтығын айтады. Рухы биік, намысы мықты ұлт қана тілін, дінің, мәдениетін, дәстүрін дамыта алады. Ал, рухы төмен халық тілінен айырылып, діннен

безіп, өзге діни идеологиясына ұшыраса, онда тобырғаайналып өзінен күшті басқа халықтың құрамына сіңіп кетеді. Алайда, жері жоқ, мемлекеті жоқ ұлттар да өмір сүре береді, бірақ тілі мен діні сақталмаған ұлт өз болмысын сақтай алмайды. Осы жаһандану дәуіріндегі қазақ халқының болашағы қандай болмақ және сыртқы күштерге қарсы қоятын рухани ауызбірлігіміз қандай деңгейде? Толығырақ айтқанда қазақ идеясы қандай болу керек деген сұрақ соңғы кезде ойландыруда. Бүкіл адамзатты дін тәрбиелейді, одан асқан тәрбие құралы ойлап табылу мүмкін емес. Ешбір дін – ұлттық мүдде мен мәдениетті жоққа шығармайды және олардың орнын алмастыра даалмайды. Қандай дін болмасын ұлт игілігіне, ел бірлігіне қызмет етеді [4].

**«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қазақ елінің жарқын болашағын білдіре отырып, Қазақстанның дамыған елдермен қатарласуына мүмкіндік беретіндігін білдіруде.** Бұл – ұлттық бірлік пен бейбітшілік, экономиканың нығаюы, халықты әлеуметтік қорғау, ұлттық қауіпсіздік, мәдениеттің, тілдің дамуы негізге алынатын Қазақстан жолының жаңа кезеңі. Ел дамуының бүгінгі жағдайында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – болашаққа сенімді қадам. Ол барша қазақстандықтардың ынта-жігерін қоғам алдында тұрған маңызды міндеттерді шешуге жұмылдыруы тиіс. «Мәңгілік Ел» идеясы Қазақстанды ел ретінде ғана емес, біртұтас ұлт ретінде танытады. Біз экономикалық тұрғыда ғана емес, рухани да дамуымыз керек. Қалыптасқан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының барша Қазақстан халқы үшін маңыздылығы келесі ғылыми-әдіснамалық қағидалар арқылы айқындалады. **«Ұлттық идея» ұғымының мәні бойынша көптеген зерттеулерде төмендегі жайттар атап өтіледі:**

- ұлттық идея қандай да бір халықтың, этностың немесе ұлттың өмір сүру мәнін айқындайды. Өз болашағын құрайтын кез келген мемлекет немесе қоғам осы жағынан өз ұлттық идеясына сүйенуі қажет. Өз ұлттық идеясын мансұқ еткен қоғам құриды, міндетті түрде өз жолынан таяды. Сол себепті ол дұрыс бағыт алса, онда ұлт үшін шешуші, тарихи және жасампаз фактор болады;

- нағыз ұлттық идея – бұл жетілу, әсіресе, халықтың бүкіл рухани жетілу идеясы. Бұл идея – ерекше әмбебап идея. Осы тұрғыда ұлттық идея ұғымын халық өмірін орнықтыру қағидасы ретінде қарастыруға болады. Бұл халық ақылына, парасаты жанына сәйкес келетін өмірді орнықтыру қағидасы. Бұл қазіргі күні жеткіліксіз өнімді іске асып жатқан өмірді орнықтыру қағидасы. Бұл қазіргі буынның болашақ туралы сындарлы да айқын арманы және бұл ой-арман алдыңғы ұрпақ өкілдерінің болашақ туралы армандарымен астасып жатыр. Бұл халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету принципі ретінде туған Жер, байлығын ұқыпты пайдаланумен байланысты;

- ұлттық идея халықты ұйыстыруға бағытталған дүниетанымдық сипаттағы бағыттардың, құндылықтар мен мұраттардың кешені, қоғамның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайту болып табылады. Ұлттық идеяны жай ғана ойдан жасауға болмайды. Оның бөліктері ұлттың болмыс келбетін білдіретін ұлттық сана-сезімнің терең қатпарында жатыр, оның мағынасы философияда, тарихта, ғылымда, поэзияда, әдебиетте, музыкада, бейнелеу өнерінде, биде, халық тілінде;

- тарих ұлттық идеясы мен идеологиясы бар мемлекеттің идеологияландырылмаған мемлекеттен анағұрлым күшті екендігін растайды. Идея жетістік стратегиясы ретінде әсер етеді. Шығыс даналығы айтқандай: *«егер қайда жүзеріңді білмесең, онда саған ешқандай ілеспе жел көмектесе алмайды»*. Осының бәрі айқын көрсеткендей, **ұлттық идея ұлттық сана-сезімнің ерекше түрі бола отырып, қоғамның рухани өмірінің бөлігі ретінде мағына құрушы, этнос қалыптастырушы, құнды бағыт беруші және қоғамдық ұйыстырушы қызметтерін атқарады.** Оның негізінде ұлттың руханилығы, өз халқының тарихи келбеті мен шығармашылық актісіне сүйіспеншілік, оның рухани қуатына сенім, оның рухани қабілеттілігі, халықтың өзіндік ерекше мәдениеті мен рухани міндетін, қоғамдық даму тереңдігі мен болашағын ұғынуы, тарихи жады мен болашақ бейнесінің бірлігі жатыр.

Ұлттық идея ұғымымен ұлттық мұрат ұғымы тығыз байланысты. Жоғары үлгі ретіндегі, адамның өзінің өмірлік стратегиясын құруындағы негізі ретіндегі ұлттық мұрат ұғымын И.Кант ойластырған болатын. Ол *«идея ережелерді береді де, мұрат оған жаппай еліктеулердің бастапқы бейнесі ретінде қызмет етеді»*,– деп нақтылаған еді. И.Кант мақсат-мұраттардың шын мәніндегі күш-қуатын: *«біз өзімізді мұратпен салыстырамыз, бағалаймыз да жақсарамыз, алайда ешқашан да онымен бір деңгейде бола алмайтын жағдайдамыз»*,– деп атап кеткен.

Жалпы «Мәңгілік Ел» идеясы таза беттен басталып отырмағанын, оның арғы тегіміз Түркі дәуірінен бастау алатынын, Тоныкөк-Күлтегін жырларындағы: *«Түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым»*,– деген жолдардан анық көруге болады. Осы жыр жолдары арқылы «ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» қазіргі кең байтақ жерімізді «жан алып, жан берісіп» қорғаған ата-бабаларымыздың тарихынан бастау алатынын көреміз. Түркі дәуірінен кейінгі «Дешті Қыпшақ» атанған кезіндегі түркі тайпаларының осы ұлан-байтақ жерді қол астына бағындырып көршілес елдермен терезесін тең ұстауы, Керей мен Жәнібектің Қозыбасыға тіккен алғашқы Қазақ хандығының туы, кейіннен осы жерлерді Ресей империясының отарлауынан азат ету үшін күрескен Исатай мен Махамбет, Сырым мен хан Кене, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, *«Ақ болсын, қызыл болсын, маған бәрібір. Мен қазақ мүддесін көздейтін үкіметті ғана жақтаймын»*,– деген Ахметтің жақтастары, Алаштың ардақтылары... міне, осының бәрі – ата-бабамыздың бізге жеткен тарихы.

«Мәңгілік Ел» идеясы жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Ер Түркілер дәуірінен бастау алып, Қазақ хандығы мен Алаш мемлекеті кездерімен жалғасып, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекеті кезінде тағы бір мәрте жаңғырып отыр [5].

Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын теориялық-философиялық тұрғыдан негіздеген әйгілі ойшыл, философ Әбу Насыр әл-Фараби болды. Ол ежелгі грек философиясы мен Шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесіне сәйкес «Мәңгілік Ел» идеясының саяси философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Әл-Фараби мемлекеттің мақсатын және оның ішкі-сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Мемлекеттің сыртқы міндетіне қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастыру жүктеледі. Ал мемлекеттің ішкі міндеті әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оны керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату болып табылады.

Қазақстан өзінің алдына қойған стратегиялық, конституциялық міндеттері, яғни *«Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»* деген қағидаға сәйкес, ортағасырлық ойшыл Ж.Баласағұн еңбегіндегі **елдегі заңдардың бүкіл халыққа қызмет етуі идеясы және орта таптың мемлекеттің әлеуметтік тірегіне айналуы** бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін өте маңызды. Бұл бағыт – қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде жариялап отырған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың да ұстанып отырған стратегиялық саясаты [6]. Қорыта айтқанда, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазірде тарихи сабақтастықты бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр.


**ӘДЕБИЕТТЕР**

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011 ж. 02 ақпандағы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

2.«Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы». Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы №70-IV Заңы.

3.«Мәңгілік Ел». Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ. , 2016. - 26 сәуір.

4.«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 2014. – 17 қаңтар.

5.«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. – 2014. – 11 қараша.

6.Н.А.Назарбаев – основатель казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия / Под общ. ред. Ж.Алиева. – Алматы: Жеті жарғы. – 2005. – 212 б.


# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ:

## *қалыптасу тарихы мен даму жолдары*


**Жанар ТҰРНИЯЗОВА,**
**Қазақстан-Ресей медициналық университетінің аға оқытушысы, педагогика және психология ғылымдарының магистрі**


Қазіргі кезде еліміздің егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның **патриоттық құндылықтарын дамыту** арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы ҚР Президентінің республика халқына жолдауларында, мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Қазақстан – 2030», «Әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің санатына ену», «Зияткерлік ұлт қалыптастыру» бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады. Н.Назарбаевтың «Қазақстанның дамуы – қоғамның идеялық бірлігінде», «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында» және кейіннен шыққан «Ел бірлігі» ұлттық доктринасының жобасында көрсетілген. Қазақстандық саясаттану ғылымында ұлттық бірегейленудің негізін құрайтын этникалық және саяси-азаматтық ұлт қалыптастырудың негіздемелері – ұлттық идея мен жалпыұлттық идеяның бүгінгі қазақстандық қоғамдағы идеялық және идеологиялық негіздемесі және ұлттық патриотизм аспектілері жөнінде қазақстандық ғалымдар – А.Әбсаттаров, Б.Әбдіғалиев, Н.Садықов, Б.Аяған, К.Бұрханов, Ж.Жүнісова, Г.Ибраева, Р.Нұртазина, К.Қалиев, С.Борбасов, Р.Қадыржанов, Ә.Нысанбаев, А.Сейдімбек, Ә.Ғали, А.Шәріп, І.Ерғали, т.б. еңбектерінде қарастырылған. **Қазақстанның Білім және ғылым қызметкерлерінің ІІ съезінде еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев:** *«Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы»*,– деген сөзі арқылы болашақ маман біздерге үлкен сенім артады [1].

«Қазақстан Республикасының жастарына үздіксіз тәлім-тәрбие беру тұжырымдамасында» тәрбиенің негізгі мақсаты **дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, иманды, ақылды, парасатты, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, талғамы жоғары және бойында тағы да басқа ізгі қасиеттері бар азаматты тәрбиелеу** деп белгіленген. Қазақ халқы, яғни біздің ата-бабаларымыз, тәрбиенің негізгі мақсаты сегіз қырлы, бір сырлы, жетілген адамды тәрбиелеу деп санаған. Тәрбенің негізгі міндеттерінің (бағыттарының) ішінде патриоттық (елжандылық, ұлтжандылық) тәрбие ерекше орын алады. **Патриотизм ұғымына енетіндер:** - Адамның туған жерін сүйіп, өз халқының тілін құрметтеуі, Отанының мүддесін қорғауы; - Өткен тарихын, халқының әдет-ғұрыптарын және салт-дәстүрлерін сыйлауы. М.Шахановтың сөзімен айтсақ: *«Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала, Әр адамның өз анасынан басқа, Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада, Болуы керек құдіретті төрт ана: Туған жері – түп қазығы айбыны, Туған тілі – сатылмайтын байлығы, Туған дәстүр, салт-санасы тірегі, Қадамына, шуақ шашар үнемі»*. Жаңа заманға жігер керек, талаптылық керек, басқа халықтан үйрену керек, ал ең керегі – **ұлттық сана** қалыптастырып, ұлттық намысы, ұлттық рухы жоғары, ұлтының тарихи-мәдени құндылықтарын бағалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеу керек. Біз ата дәстүріне сүйене отырып, халқымыздың өркениетті елдер қатарына жетуін армандаймыз. Ұлттық сезім мен ұлттық намысты, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білеміз. Қазіргі кезеңде "қазақстандық отансүйгіштік" ұғымына зор мән берілуде. Көп ұлтты Қазақстан халқының **отансүйгіштік** сезімін қалыпастыратын – азаматтық келісім, **ұлттық бірлік**. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдыра алмайды. Олар сөзсіз адам көкірегінде жылылық, жақындық, туыстық сезімдерді ұялатып жатады. Бір сөзбен айтқанда, отансүйгіштік қасиетті ұғым.

Қазақстандық отансүйгіштікке келсек, ол тек қазақ-

тардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендейтін бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние. Бұл сезімнің мағынасы терең, аумағы кең, құдіреті күшті. Ол өз мазмұны, өз аясы бар, құдіретті күшке кездейсоқтықтан айналмайды, бұл сезімнің оянып, бірте-бірте күш алып, саналы өзіндік мәні, өлшемі, мағынасы бар біртұтас сезімге ұласуы обьективтік шарттылықтарды қажет етеді. Отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп, қадір-қасиетін ұққанда, тарихын, өткен жолын, рухын, тар жол, тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, жанымен сезе білгенде, елдің басын біріктірген жат жұрттықтардан жерін, суын, даласын, тауын қанын төгіп қайсарлықпен қорғап алған ерліктерін сезіп білгенде ғана, соған деген мақтаныш сезімі оянады. **Отаншылдық сезім** – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі [2].

Елбасы өзінің халыққа Жолдауында азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуды ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды. Соңғы уақыттарда басылым беттерінде **«патриоттық тәрбие»**, **«азаматтық тәрбие»** ұғымдары қатар қолданылып келеді. Біздің көзқарасымызша, «азаматтық тәрбие» мен «патриоттық тәрбие» ұғымдары бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, бірін-бірі толықтырады. «Патриоттық тәрбие», «азаматтық тәрбиенің» бір бөлігі болып табылып, оны нақтылай және тереңдете түседі, жеке тұлғаның Отанды сүю, өз халқының өткеніне сыйластықпен қарау сияқты, азаматтың адамгершілік негізін құрайтын қоғамдық мәнді қасиеттерінің қалыптасуына себептігін тигізеді. Патриоттық тәрбие ұрпақтар сабақтастығының жалғасуына ықпал тигізуде де үлкен мәнге ие. Бұл бірінші кезекте жеке тұлғаның әлеуметтенуіне көмектеседі және әлеуметтік тұрғыдағы қабілеттіктерінің дамуына да тигізер ықпалы мол [3].

Патриоттық тәрбиенің жүйелілігі, *біріншіден,* тәрбие объектісі – жеке **адамның біртұтастығынан**; *екіншіден,* отбасында, ұжымда, еңбек және әскери ұжымдарда патриоттық **тәрбиенің сабақтастығы** мен бір мәнді бағыттылығын талап ететін қоғамдық өмірдің барлық салаларының өзара байланысынан; *үшіншіден,* тәрбиенің негізгі **принциптері** мен жалпы **заңдылықтарынан** және төртіншіден, негізгі мұраты жеке адамды жарасымды және жан-жақты тәрбиелеу болып табылатын тәрбиенің неғұрлым жалпы жүйесіне патриоттық тәрбиенің ықпалдасуынан туындап жатады. Патриоттық тәрбие басқа қоғамдық жүйелермен тығыз байланыста болады. Оның жүзеге асуына **макроорта мен микроортаның әсері** мол. Яғни, патриоттық тәрбие оқшау өмір сүре алмайды. Ол күрделі, салыстырмалы түрде алғанда дербес, біртұтас, өзін-өзі басқарып отыратын, белсенді де дамушы жүйе болып табылады және тәрбиенің барлық негізгі бағыттарында жүзеге асырыла отырып, оны ұйымдастыруға кешенді тәсілді талап етеді. Кешенді тәсілдің негізгі идеясы – жеке адамның патриоттық қасиеттерінің барлық жиынтығын және патриоттық тәрбие ішінде де (мақсаттары, принциптері, бағыттары, құралдары, нысандары, әдістері және т.б.), сондай-ақ сыртқы жүйелерде де (тәрбие, экономика, саясат, идеология және т.б.) тәрбие процесінің өзара әрекеттестіктегі барлық элементтерінің нысаналы бірлігін қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады. **Б.Момышұлы:** *«Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзіңнің тәуелді екеніңді, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, жеке адамның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын барлық жағынан біріктіреді»,*– деп «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама берген [4].

**Ұлтымызды ұйыстырып, бірлігімізді сақтап тұрған патриотизм – біз үшін өте маңызды, басты мәселе.** Бірақ патриотизм жасанды болмаған жағдайда ғана өз жемісін береді. Патриотизмнің объектісі, қайнар көзі – Отан. Ал оның мазмұны, табиғаты – оның байлықтары, жері, тарихы, тілі, т.б. Сондықтан біздегі патриотизмде ұлттық мазмұн болуы шарт. Мысалға, елімізде өмір сүріп жатқан өзге диаспоралар Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбайды, Ахмет, Әлихан, Мұстафаны Отанын қорғаған батырлар ретінде тануы және өз қаһармандары ретінде қабылдаулары керек. Себебі өзге диаспоралар өмір сүріп жатқан Отан үшін құрбан болғандар, олардың да батырлары болып қабылдануы қалыпты жағдай. Өйткені оларға Отан болған жер үшін, өмір сүрулеріне жасалған жағдай үшін құрбан болғандарға құрмет көрсетуі – азаматтық парызы. Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана ол сіңімді әрі әсері мол болады. Халқымыздың ғасырлардан бергі тарихы, қалыптасқан салт-санасы бар. Патриотизм сонымен үйлескенде ғана Қазақстан жетістікке жетеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимніне *«Намысын бермеген қазағым мықты ғой»* деп өзгеріс енгізгенінен байқауға болады. *«Отан – отбасынан басталады»* дегендей отбасындағы бірлікті нығайту мен ата-анасын сүюден бастауымыз керек. Бұрынғы ата-бабаларымызға қазіргідей арнайы **патриотизм саясаты** жүргізілмесе де Отанды қорғауда жанын-тәнін аямай, патриотизмнің керемет үлгісін көрсеткен. Себеп біреу, табиғаттан, ұлттық тәрбиеден берілген табиғи, ұлттық патриотизм. Жасандылық жоқ. Тарихымызда патриотизмге үлгі тұтар мысалдар өте көп. Мысалға, жылқы үшін, яғни малмүлік үшін, әйел үшін соғыспаған ғұн бабаларымыз тек Отанын, жерін, атамекенін қорғау үшін ғана соғысқан. Патриотизм қанымызда бар. Қазақ ешқашан бір үйде құл болып қызмет етпеген. Қазақ дегеннің өзі еркін, тәуелсіз деген мағына береді. Қазақ тарихын зерделеу барысында олардың табиғаты, әлеуметтік жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты патриот халық екенін айқын аңғаруға болады. **Бұны қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі Ш.Уәлиханов жақсы зерттеген және өзінің патриоттық сезімін:** “*Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай (матрешка сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауылаймақ, ел-жұртым, руластарымды, одан соң халқымды қадірлеймін*”, – деген екен.

Отаншылдық – **елжандылық** туған отбасына, туыпөскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондықтан Отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік қасиеттер болмақ. Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады. Отаншылдықты рухани құбылыс ретінде зорлықпен, нұсқаумен биліктің басқаруымен енгізу мүмкін емес.

**Н.Назарбаев:** *«Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн»,*– дейді. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты

ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. **Ұлттық тәрбие** алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының діңгегі десек те болады. Қазақ халқының ғасырлар тұңғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады [3].

### ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Айталы А.,** Ұлттану: Оқу құралы. Алматы. «Арыс». 2000 ж., 226-б.

2.**Кішібеков Д.** Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы. «Ғылым», 1999 ж., 200-б.

3.**Сейдахметов Л.** Оқушыларда патриоттық тәрбиені қалыптастыру. «Қазақстан мектебі». 2001 ж.

4.**Буря В.И.** Воспитание у детей и подростков чувства патриотизма и гражданственности. «Практическая помощь учителю», 2005 г., № 5, стр. 21–23.

# СТУДЕНТТЕРДІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

*(«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары негізінде)*

**Арайлым ҚЫЗЫРОВА,**
**Қазақстан-Ресей медициналық университетінің оқытушысы,**
**педагогика және психология ғылымдарының магистрі**

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында мәңгілік ел ұлттық идеясын ұсынды. Ұлттық идеяның мәні – ұлттың тағдырды анықтағыш тілегі, ниеті, оны ілгері қадам басуға жұмылдырушы фактор. Елбасымыз Мәңгілік Елге бастайтын, абыройлы әрі мәртебелі жолды жалғастыратын жастарға сенім артып отыр. Өйткені, Отанымыздың болашағын баянды етіп, аға буын салып кеткен сара жолды жалғастыратын – Жастар! Сондықтан, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену жолында аянбай еңбек етіп, Қазақ Елін төрткүл дүниеге таныту – тікелей жастардың қолында! Ұлт Көшбасшысының, ел ертеңі – жастарға көбірек жүгіне сөйлеуі – осының айшықты дәлелі.

**Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы.** Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мемлекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. «Мәңгілік Ел» – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы байқуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Қазіргі таңда асу армандар ақиқатпен ұштасуда.

*«Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі»,*– дейді Елбасымыз Қазақстан Халқына Жолдауында [1].

«Мәңгілік Ел» дегеніміз не? Ол – қуатты, мықты, рухы асқақ, діні берік, салтын ұстанған, тарихы тереңде, ынтымақ пен ауызбірлігі жарасқан, ірі мемлекеттермен бәсекеге түсе алатын, ешқашан жойылмайтын ел. Ендеше, біз үшін болашағымызды бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея. **Мәңгілік Ел идеясының мақсаты – «Мәңгілік Елді» нығайту, Отанымыздың – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту! Ортақ мүддеміз – біздің баршамызға ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеуші елде өмір сүруге деген құштарлығымыз! Ортақ болашағымыз – «Мәңгілік Елдің» – біздің ортақ үйіміздің – Қазақстан Республикасының гүлденуі.** «Мәңгілік Ел» Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. «Мәңгілік Ел» мемлекетін құрудағы жастардың рөлі мен жауапкершілігін анықтай отырып, Президент оларда ұлттық санасезімдері мен тарихи сананы жанжақты қалыптастыру мәселесін өзектендірді.

**Адамгершілік тәрбиесі – ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы.** Жеткіншектерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, адамгершілік түсінікті, адамгершілік сезімді және адамгершілік мінез-құлықты, бірге тәрбиелеуден тұрады. Педагогикалық энциклопедияда «адамгершілік тәрбие» ұғымын: *«Адамгершілік – мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыру, адамгершілік сезімдерді дамыту, моральдық сананы мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру немесе мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, мінез білімдерін, моральдық қасиеттерді қалыптастыру процесі»*,– деп анықтаса, қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде: *«Адамгершілік тәрбиесі – мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі»*,– деп бастапқы анықтаманы толықтыра түседі. Адамгершілік тәрбиесі – тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырып, этикалық білімді, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы және руханилықтың басқалармен қарым-қатынаста көрініс беретін нормалары. Жалпы адамгершілік тәрбие үш түрлі функционалдық-әлеуметтік, теориялық және практикалық салада қарастырылады. Адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік қызметті жеткіншек ұрпаққа жинақталған тәжірибені жеткізуден көрінеді. Ал, оның теориялық аспектісі білім саласын теориялық жағынан дамытуды қамтамасыз етеді. Практикалық қызмет адам-

гершілік тәрбие бойынша жұмыс мазмұны мен әдістемесін жетілдіруді көздейді деп педагог Ю.Б.Мандрик адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын қажеттілігін түсіндіреді.

Қазақ Ұлттық энциклопедиясында: *«адамгершілік – адам бойындағы гуманисттік құндылық әдеп ұғымы (кісілік, ізгілік, имандылық тәрізді ұғымдармен мәндес)»*. Мұнда адам бойындағы әдептілік қасиеттерді дамытудың ретінде анықтайды [2].

Қазақ тілінің сөздігінде: *«адамгершілік тәрбиесі – ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы»*,– деп түсіндіреді. Яғни, ізгілікті, инабатты қандай жол мен сезім арқылы қалыптастырудың бағытын көрсету, ол руханилықтың бастамасы. Ғалым педагогтардың да адамгершілік тәрбиені зерттеуде зор үлес қосқаны белгілі, атап айтсақ Р.К.Төлеубекова, Ұ.О.Асанова, Г.Аңламасова, И.Н.Бодықова, С.Қ.Әбілдина, Ә.С.Әмірова, т.б. «*Адамгершілік мінез-құлқы өзінің дербестігі мен жауапкершілігін ұғынуы, екінші жағынан ынтымақтастық қарым-қатынаста болуы және өзі өмір сүріп отырған қоғам мүддесі мен жеке басының мүдесін сәйкестендіре білуі арқылы көрінуі керек»*,– деп жазады.

Адамгершілік тәрбиені зерттеп өз еңбегінде көрсеткен Л.И.Божович адамгершіліктің қалыптасуын өзіндік сапалық нормаларының жетілуіне біртіндеп айналуы деп есептейді. Адам қабілетінің сыртқы мінез-құлыққа емес, ішкі мінез-құлыққа бағдарлануы, адамгершілік дамуының ең жоғарғы деңгейі болып табылады. Бұл деңгейге жету үшін бала өзі нақты адамгершілік қатынастар мен мінез-құлықтарын тәжірибеге енгізуі қажет. Адамгершілік тәрбие:

- баланың үлкендер талабын орындау барысында,
- өзінің қатарымен қарым-қатынаста болуы деген екі кезеңін көрсетеді және ол адамгершілік тәрбиені баланың әлеуметтік аймақ талабына бой алдыруы деп түйіндейді.

**Адамгершілік тәрбиенің мәнін зерттеуге А.С.Макаренко зор үлес қосты.** *"Мектеп қай заман өзгерісі болмасын, өз ұрпағын оң шешімдер қабылдап, өз қылығын саралай білетін және басқалардан да дұрыс мінез-құлық танытуын талап ететін, белсенді қоғам мүшелерін тәрбиелеп шығаруы тиіс",* – деп адамгершілігі жоғары рухани адамды қалыптастыруда белсенді, әрекетшіл тәрбиені қолдады, тәрбиеленетін оқушының идеалын педагогикалық жұмыста тірек ету керектігін баса айтты. Оқушыларға адамгершілік тәрбие беруде теория мен практиканы бірлікте қарастыру мәселесі белгілі педагог В.А.Сухомлинскийдің еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Оның адалдық, адамгершілік сезімді тәрбиелеу процесінің негізін айқындайтын теориялық ереже ұсынғаны, адамның адамгершілігінің қайнар көзі мейірімді сезім, қайырымдылық, кішіпейілділік, адамдарға деген сүйіспеншілік, адамдарды сыйлау, адамдардың жан күйзелісін түсіне білу, сондай-ақ қуанышын бөлісе білу, т.б. адамдық көңіл-күй, сезім оқушыларға жас кезінен тәрбиеленетінін тәжірибесінде дәлелдеген. Оның: «*Адам бала кезінен-ақ эмоциялық өмір мектебінен, адамдық сезім, көңіл-күй тәрбие мектебінен өту керек*»,– деп тұжырымдауын біз өзекті мәселе деп есептедік. Себебі, бала жақсылық пен жамандықты, қаталдық пен мейірімділікті білмесе, онда ол рухани құндылықтарды бойына қалыптастырмайды.

**Рухани-адамгершілік құндылықтар адамзат пайда болған кезден бастап адам санасына еніп, дамып отырған.** Себебі рухани-адамгершілік құндылық адамның өзіне, қоршаған әлеуметтік ортаға бір-біріне деген қарым-қатынасы, өмір сүру салты, даму деңгейін бейнелейтін құрылымдық элемент. Рухани құндылықтың сапасы жан дүниесінің дамуы, сана сезімінің деңгейі білімділігі, өнерлілігі, ақылдылығы, мәдениеттілігі, т.б. көптеген сапалары арқылы өлшенетін болса, адамгершілік құндылық адамның адами қасиеті, бір-біріне деген қайырымдылық көрсетуі, мейірімділік сезімі, іс-әрекеттегі адалдығы, әділдігі, өмір сүру салтындағы туыстық, достық қарым-қатынасымен бірігу идеясымен ерекшеленеді. Ал құндылықтық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну, т.б. қамтып дүниетаным ықпалымен қалыптасып келген. Оның ішінде ең жоғарғысы – қасиеттерге табыну бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығып, кезеңге сай дамып отырды [4].

**Рухани-адамгершілік тәрбие – дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырушы құрал.** Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. *«Мен үш қасиетімді мақтан тұтам»*,– депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. *«Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең»* деген екен.

Адамгершілік тәрбиесі жан-жақты тәрбиенің аса маңызды бөлігі болуымен қатар, ол адамгершілік – қоғамдық дамудың жемісі, әрі қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып жетіліп отыратын маңызды құбылыс. **Адамгершілік тәрбиесінің өзекті міндеті – өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат-мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу.** Адамгершілік тәрбиесі күрделі де қайшылыққа толы процесс. Сондықтан, адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкен бе, кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі.

Адамгершілік тәрбие беру де жеке тұлғаның әлдебір әрекетке баруына түрткі болатын сенімді туғызатын сана мен мінез-құлық қалыптасады. Олар өз кезегінде түрлі іс-әрекеттер арқылы көрініс тауып, тұлғаның өз қызметінде тікелей басшылыққа алынып отырады. Мұндай іс-әрекеттер мен себептер әрбір тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің сапасын ашып көрсетіп отырады.

**Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі де жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру.** Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Назарбаев Н.Ә.** Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Қазақстан халқына жолдауы. Г. «Егемен Қазақстан» 29.01.2011.

2.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010 ж.

3.**Төлеубекова Р.К.** Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық әдіснамалық негізі. – Алматы, 2001. – 295 б.

4.**Өтебаева Ә.Т.** Ауыл мектебі оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Пед. ғыл. канд. дис. авторефераты. – Алматы, 2007.

# ФИЛОСОФСКИЕ АСПЕКТЫ ВИРТУАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ

**Лазиза САРСЕН,**
**КаЗНИТУ им. К.Сатпаева**

**Появление компьютеров абсолютно преобразовало наш мир, как реальный, так и виртуальный.** Стремительный рост развития информационной индустрии в кратчайшие сроки превзошел все прогнозы и ожидания. После того, как люди раскрыли возможности Интернета, произошел настоящий прорыв в развитии новых взаимосвязей в обществе. В наши дни это определяет развитие общества и всех его составляющих элементов. **Появился новый мир – мир виртуальный реальности. Он не ограничивается просторами Интернета, так как с помощью новейших цифровых устройств создаются реалии, которые не могли бы возникнуть в природе без помощи человеческого разума.**

Развитие информационных технологий, средств массовой информации и электронной коммуникации привело к глобальным изменениям, которые претерпевает современное общество на протяжении последних десятилетий. Процесс трансформации культуры, возникновение новых культурных практик, изменение информационного пространства общества приводят к формированию новой системы ценностей и установлению новых познавательных и практических приоритетов конкретного человека. Такие изменения существенно влияют на поведение человека, на развитие социальной, экономической и политической систем общества в целом. Исследование и анализ ценностных ориентиров человека, актуализированное происходящими культурными изменениями, является приоритетным направлением в современной философской науке, в частности, в философии культуры.

Философский анализ феномена виртуальной реальности является основой нетрадиционного подхода к рассмотрению множества проблем реальности: онтологии и гносеологии. **Некоторые ученые рассматривают виртуальную реальность как новый способ постижения действительности.** Виртуальная реальность расширяет границы человеческого общения и совместной деятельности. Это побуждает ученых к осмыслению сущности виртуальной реальности, и осознанию ее значения для человечества.

Идею информационного общества предложил еще в середине 40-х гг. XX в. японский исследователь Й.Масуда, и тогда эта идея не нашла особой поддержки. **Но спустя несколько десятилетий человечество стало свидетелем информационной революции, естественным итогом которой стало формирование информационного общества и информационной культуры.** Основу теории информационного общества заложили Д.Белл, З.Бжезинский, Э.Тоффлер. Именно в их фундаментальных трудах, вышедших в 70-80-е гг., были сформулированы основные черты этого общества, которое Э.Тоффлер назвал «третьей волной». Так, Д. Белл основными признаками нового общества считает превращение теоретических знаний в источник инноваций и определяющий фактор политики. Это общество, в котором господствует сервисная экономика, причем быстрее растет число сервисных работников, связанных с системой здравоохранения, образования, управления. Р.Инглегарт замечает, что в «*Соединенных Штатах, Канаде и Западной Европе значительная часть работников трудится сегодня вне фабричных стен. Большинство людей уже не живет в механистической среде, а проводит большинство своего производственного времени в общении в людьми и символами...*» [1].

Стоит сказать, что в философии термин «реальность» связан с взглядами М.Бахтина [2], С.Л.Франка и другими [3]. Их мнения пересекаются в том, что реальность не есть независимое бытие само по себе. Она не возникает сама по себе, а появляется в результате активности субъекта, в то время, когда он мыслит и творит. Данное понятие находится на границе между областями познания и другими сферами человеческой деятельности. **В современном научно-философском познании «реальностью» обозначается фрагмент универсариума, составляющего предметную область, соотносимую с понятиями – «социальная реальность», «физическая реальность», «виртуальная реальность» и другие виды реальностей.**

Понятие «виртуальная реальность» основывается на концепциях информационного общества М.Кастельса [4], Д.Белла [5], Э.Тоффлера [6]. Новейшие интерактивные технологии образуют коммуникационную систему, в которой различные реальности образуют виртуальный мир, имманентно вмещающий только образы, как выдуманные человеком, так и подобные реальным объектам мира: интернет-кафе, интернет-магазины и так далее. Понятие «образ», в этом смысле (смысле, коррелирующем с виртуальной реальностью) введено М.Кастельсом. Семантическое его наполнение сводится к тому, что образ – это любое замещение реальности, т.е. симуляция.

В последние годы развитие информационных технологий позволило создать технические и психологические феномены, которые в популярной и научной литературе получили название «виртуальной реальности» и «киберпространства». Развитие техники программирования, быстрый рост производительности полупроводниковых микросхем, разработка специальных средств передачи информации человеку, а также обратной связи – все это создало новое качество восприятия и переживаний, осознанные как виртуальные реальности.

**Внешний эффект состоял в том, что человек попадал в мир, или весьма похожий на настоящий, или предварительно задуманный, написанный программистом или получал новые возможности в плане мышления и поведения.** Наиболее впечатляющим достижением новой информационной технологии, безусловно, является возможность для человека, попавшего в виртуальный мир, не только наблюдать и переживать, но действовать самостоятельно. Главная составляющая в процессе виртуализации – система из нескольких компонент.

В первую очередь это не информационные технологии, а интеллект и воображение человека. Такие современные философы, как Нельсон Гудмэн и Ричард Рорти, считают все миры – не только мир рассказов и фильмов - возможными символическими конструктами. **Каждый мир создается из предыдущего мира (миров), и всякий процесс миротворения идет путём композиции и декомпозиции предыдущего материала, повторений или создания новых моделей, путем вычеркиваний и дополнений, организации и упорядочивания различных аспектов этого мира (миров).**

Рассматривая общество как открытую информационную систему, элементами которой являются люди, информационные процессы могут быть разделены на внутренние (мышление) и внешние (коммуникации). Виртуализация, с одной стороны, – это процесс внешний (замещение информации в любой форме образом с помощью информационных технологий, структурирование и трансформация образов при использовании коммуникационных сетей), с другой стороны, – это процесс внутренний, так как только от человека зависит восприятие полученного образа – извлечение из него информации.

Интернет, таким образом, становится местом для конструирования воображаемых идентичностей, где реальный мир сливается с виртуальным пространством. Прогрессивное увеличение масштабов внедрения виртуально-информационных технологий ведет к возрастающей виртуализации жизнедеятельности как отдельной личности, так и деятельности коллективных структур. Это совершенно новое явление для казахстанского общества. Необходимо проследить в научно-теоретическом объяснении понятия виртуальности как многогранного философского и социально-психологического феномена, не только отражающего сложнейшие общественные изменения, но и генерирующего объективные тенденции формирования нового мировоззрения и соответственно нового миропорядка. **Образование и его отражение в общественном сознании также вписываются в структуру нового мировидения.** Становящаяся мировоззренческая парадигма дает новый взгляд на изучение и освоение мира. Она не только формирует новую научную картину мира, но и обновляет стиль научного мышления, изменяет научную онтологию, задавая ориентиры ментальности миропонимания, основанного на разуме. Технические достижения в области информационных технологий и возросшие образовательные потребности человечества привели к поиску принципиально новых способов получения образования. Современный человек большую часть времени проводит наедине с гаджэтами, компьютерами позволяющими пребывать в виртуальном мире, например, получать образование, общаться, играть. Люди, погружаясь в среду виртуальности, не замечают, что она воздействует на все органы чувств, интуицию, воображение и творческие способности. Данный факт позволяет говорить о «виртуализации» общества. В современном мире некоторые элементы прекращают свое реальное существование, т.е. они виртуализируются, изменяя свой статус и соответствующую ему роль

Прорыв человека в мир виртуальной реальности можно интерпретировать как некий вызов существующей природной, социальной и технической реальности. **Но за этим мятежом стоят как положительные, так и отрицательные последствия. Потому что мир устройств и различных способов, помогающих создать человеку мир виртуальной реальности, входят в каждый дом, порой независимо от желания человека, как, например, это случилось с появлением телевизора в прошлом столетии**. Возможно, это будет деформировать духовный мир и культуру человека, его образ жизни, его мышление, как в хорошую, так и в плохую сторону. Например, очки виртуальной реальности, сейчас продаваемые, как развлечение для подростков и даже взрослых. Но никто не думает, что может скрываться за обратной стороной этого явления. Возможно, что в конечном итоге, люди превратятся в легко манипулируемых роботов, без потребности в живых чувствах, общении – произойдет переоценка моральных и духовных ценностей. Потому что все больше и больше возрастает господство мира устройств над человеком, несмотря на то, в каких целях он их использует.

**В итоге сделаем вывод о том, что проблема виртуальной реальности очень важна для человечества, инициируя философский подход к ее интерпретации.** Аргументацией этого является ее глубинная связь с истоками человеческого существования. Она фактически имманентно присутствует во всех сферах жизни, оставляя как негативный, так и позитивный след. Глубокое исследование и всестороннее изучение ее проявлений предоставит огромные возможности для применения в различных областях: одной из главных является – медицина. Технологии виртуальной реальности, созданные на ее основе, уже начинают приносить ощутимую пользу, качественно изменяя жизнь, в том числе, создавая новые конфигурации человеческого бытия.

## ЛИТЕРАТУРА


1.**Абрамов Ю.Ф.** «Информационно-виртуальная реальность» как фактор развития научно-философского знания /Ю.Ф.Абрамов, В.И.Куйбарь. – Вестник Бурятского государственного университета. 2010. № 6.

2.**Бахтин М.М.** Как философ; отв. ред. Л.А.Гоготишвили, П.С.Гуревич. – М.: Наука, 1992. – 256 с.

2.**Франк С.Л.** Реальность и человек. – М.: Республика, 1997.

3.**Кастельс М.** Становление общества сетевых структур // Новая постиндустриальная волна на Западе: Антология. – М., 1999. – 494 с.

4.**Белл Д.** Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования / Д.Белл. – М.: Academia, 1999. – 773 с.

5.**Тоффлер Э.** Третья волна / Э.Тоффлер. – М. : АСТ, 2002. – 776 с

6.**Мёдова А.А.** Учение Соловьева как образец модальной онтологии/А.А.Медова // Соловьевские исследования. – Иваново: Изд-во ИГЭУ, 2011. Вып. 2 (30). – С. 86-96.

7.**Носов Н.А.** Фома Аквинский и категория виртуальности / А.Н.Носов // Виртуальная реальность. Философские и психологические проблемы. – М.: Институт повышения квалификации государственных служащих Российской академии государственной службы при Президенте Российской Федерации, 1997.

# СУ БЭЙХАЙ ЕҢБЕГІНІҢ 1-ТОМЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № АР 05133970 «Қытай тіліндегі Қазақстан тарихына қатысты қолжазбаларды жинақтау, жүйелеу және зерттеу...» жобасы аясында қазақтанушы қытай ғалымы, профессор Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» атты төрт томдық еңбегінің 1-томы жарыққа шықты. Қолжазбаны түпнұсқасынан қазақ тіліне аударған, зерттеген, ғылыми түсініктерін, алғысөзін жазған – жоба жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынхан Қайыркен. Жобаға жалпы басшылық жасаған, ғылыми түсініктерін жазуға атсалысқан – ҚР ҰҒА Құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков. Кітаптың көлемі – 43,5 б.т. (Алматы: «Асыл кітап» баспа үйі. – 696 бет).***




Кітапқа пікір білдірген отандық және шетелдік маман тарихшылар – ҚР ҰҒА Құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор **Талас Омарбеков,** тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар **Әбдіуақап Қара** (Түркия), **Жамбыл Артықбаев.** Баспаға дайындаған – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Шығыстану кафедрасы мен «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы ғалымдары: тарих ғылымдарының докторы, профессор **Тұрсынхан Қайыркен,** тарих ғылымдарының докторы, профессор **Данагүл Махат,** қытай және ағылшын тілдерінің маманы, магистр **Айгүл Қадысқызы,** тарих магистрі, докторант **Жанар Сымаханова.**

«Қазақтың жалпы тарихы» – қытайлық тарихшы ғалым Су Бэйхайдың қазақ халқының ерте заманнан **ХХ ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі тарихын төрт үлкен кезеңге бөліп қарастырған іргелі зерттеу жұмысы (қолжазба)**. Еңбекті ҚХР-да жариялауға **тыйым салынғандықтан, жарыққа шықпаған.** Оқырманға алғаш рет ұсынылып отырған **бірінші томда:** қазақ халқының тегі және ұлт болып қалыптасуы (қазақ тарихына қатысты тарихи деректер мен әдебиеттер, қазақ халқының этникалық тегі, қазақ даласындағы алғашқы қоғам, сақ және ұлы иүзейлердің Орта Азия даласындағы қоныс аударулары, Үйсін, Қаңлы, Алан мемлекеттері қазақтың арғы аталары Ғұн, Эфталит, Түрік этностарымен және Таң мемлекеттерімен байланысы) туралы терең зерттеулер жасалған. **Автор қазақ этногенезі мен мемлекеттілігінің негізін біздің дәуірімізге дейінгі Сақ, Үйсін заманынан бастап, Түркеш қағанатын Қазақ жерін ең алғаш біріктірген қағанат (мемлекет) ретінде қарастыраған, қазақ тарихының хронологиялық шеңбері кеңейтіліп, мазмұны барынша байытылған.**

Қытай ғалымының «Қазақтың жалпы тарихы» зерттеуі қазіргі қазақ тарихнамасын шетелдерде жарияланған қазақ тарихына қатысты тарихи деректермен, әдебиеттермен, тың көзқарастармен толықтырады. **Бұл еңбек – ең алдымен ғылыми көпшіліктің сыни көзбен оқып, зерттеу жұмысында пайдалануына арналған. Қазақтанушы профессор Су Бэйхайдың** «Қазақтың жалпы тарихы» атты төрт томдық **қолжазбасының 2, 3, 4 томдары да алдағы уақытта қазақ тіліне аударылып, зерттеліп оқырманға жол тартпақ.**

**Редакция.**

ҒТАХР 14.25.09

# КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

**Гүлбаршын ҚЫРҒЫЗХАН,**
**Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Тарих» мамандығы бойынша докторанты**

*«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса,*
*үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса».*
**Ахмет Байтұрсынов.**

*«Заманауи әлемде елдің қуатты болуы ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді»,*– деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде айтып өткендей, еліміз әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру міндетін алға қойып отыр. Ел экономикасының қарқынды дамуы білім беру жүйесіне тікелей байланысты екендігін білеміз. **Міне, сондықтан критериалды бағалау жүйесін енгізудің басты мақсаты:** мектепте оқыту сапасын көтеру, оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Жаңартылған орта білім беру заңнамасын енгізу барысында білім алушылар оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі арқылы бағалайды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен бірге, критериалды бағалау жүйесін енгізу мен оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігін арттыру.

**Жаңартылған білім берудің маңыздылығы:**

Оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдері курс барысында қарастырылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі және табиғи тәсіл «өмірмен байланыс» ұғымына негізделеді [1].

**Критериалды бағалаудың маңыздылығы үш жақты қарастырылады:**

**Мұғалімдер үшін маңыздылығы:** Әрбір оқушылардың өзгешелігін ескере отырып жеке білім алу траекториясын құру. Оқушымен және оның ата-анасымен тығыз байланыста болу.

**Оқушылар үшін:** Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, өзінің және өзгенің жұмысын бағалай білу.

**Ата-аналар үшін:** Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалау.

| Қалыптастырушы бағалау (Formative – күнделікті). | Жиынтық бағалау (Summative – қорытынды). |
|---|---|
| Оқыту барысында. | Тақырыптың немесе тараудың соңында. |
| Кері байланыс береді. | Қорытынды тұжырым береді. |
| Оқушының жұмысына қажетті түзетулер жасауға көмектеседі. | Оқушылардың нені меңгергенін көрсетуге мүмкіндік береді. |
| Ұстаздың жұмысын жоспарлауда ұтымды рөл атқарады. | Меңгеріп үлгермеген тақырып бойынша жұмыс жүргізуге өте тиімді. |
| Ата-ана баланың білім деңгейіндегі нақтылыққа баса назар аудара алады. | Оқу үдерісіндегі жетістіктері мен кемшіліктерін байқауға мүмкіндік береді. |

**Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны мынадай заңнамалық және әдістемелік-нұсқаулық құжаттармен реттеледі:**

- *Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы;*
- *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;*
- *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Жалпыға міндетті орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;*
- *«2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;*
- *Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық; - Жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды жүргізудің ережесі* [2].

**Критериалды бағалау баланың бойындағы қорқынышты басады және мұнда ұстаз бағыт беруші рөлін атқарады.** Есесіне оқушы өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуы секілді жақсы қасиеттерді бойына дарыта алады. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қазіргі таңда оқушы білімінің жетістіктерін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымды жақтары дәлелденіп отыр [3]. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі оларды оқыту және тәрбиелеуде нақты алған нәтижелерді қадағалауды және оларды әрі қарай жетілдіруді көздейді.

Сабақ сайын білім алушылардың оқыту нәтижелерін бағалау оқу іс-әрекетінің деңгейіне сәйкес белгіленген баға ауқымы аясында бір сабақ ауқымында жинақталған балдардың орташа арифметикалық мәнін анықтау арқылы жүзеге асырылады. Орташа арифметикалық мәнді анықтау үшін оқу іс-әрекеті деңгейлеріне (репродуктивті, продуктивті) сәйкес әртүрлі тапсырмаларды орындағанда алған оқушылардың балдары пайдаланылады. Жалпылау, тақырыптық және қорытынды бағалауда мұғалім олардың іс-әрекеттерінің барлық деңгейлерін қарастырады.

**Критерийлік бағалау жүйесі** – қандай да бір оқу материалы қаншалықты мөлшерде меңгерілгендігін анықтайтын, іс жүзіндегі дағдылар қалыптасатын, оқу курсында бекітілген белгілі бір талаптардың ең аз көлемін меңгеру деңгейін салыстыру мүмкіндігі анықтайтын жүйе. **Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты** – мектепте білім беру сапасын көтеру, мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

**Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау –** оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына

сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды. Бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Біріншіден, оқушының қызығушылығы артады, екіншіден, мұғалімнің жұмысы да жеңілдеуі мүмкін (оқушылар бірін-бірі бағалау, топпен бағалау, топты бағалау әдістерін қолданғанда).

**Сабақ барысында тақырыптың ашылуына байланысты мына кестені толтыру түсініктің қалыптасуына тікелей әсерін тигізеді:**

| Негізгі түсінік | Тақырыпты білгенге дейін таныс болдым | Білдім | Қолдана аламын |
|---|---|---|---|

**Балдың қосылуы.** Дәстүрлі әдісте біз 5 балдық жүйе негізінде тапсырманы дұрыс орындамаған жағдайда (қате болуына байланысты) 1 балдан алынып отыратындығы үйреншікті жағдай болатын, ал критериалды бағалау жүйесінде тіпті аз мөлшерде болса да жасалған жұмысыңыз бағаланады, істеген жұмысыңыз жақсы деп бағаланады, болмаса тиісті балл мөлшері қойылады. Білім алушы тұлға, алған біліміне өзі жауапкершілік тартады және бір ескеретін жағдай, балдық мөлшер ең басында «0» деген бағадан басталады. Бұл бағалауда оқушының тұлғалық ерекшелігімен бірге, оқу үдерісіндегі қызметі жоғары бағаланады.

**Өзіңмен салыстыру жағдайы.** Критериалды бағалау жүйесінде өзіңізді басқа біреумен салыстыру мүлдем кездеспейді, есесіне «сен – мына критерий бойынша үздіксің, ал мен басқа критерий бойынша үздікпін» деп қарастырылады. Мұнде «үздік оқушы», «үшке оқушы» немесе «жақсы оқушы» секілді теңеулер болмайды. Қосымша критерий көрсеткіштері бойынша қабілетіңізді жан-жақты дамыта алуға мүмкіндік аласыз. Критериалды бағалау сандық бағалаудан мүлдем бас тартпайды, балдық жүйе негізінде нәтижеге жету сатыларын толық анықтауға септігін тигізеді. Критериалды бағалау жүйесінің тағы бір ерекшелігі – білім алушы белгілі балдық шәкілдеу жүйесі арқылы өзінің нәтижелері мен үлгерімі туралы ақпаратты біле алады.

**Төменде тарих сабағына байланысты балдық бағалануы.**

Қойылған сұрақтарға белсенділік танытуына байланысты бағалануы – 15 балл мөлшерінде қойылады:

а) оқушы белгілі оқиғаны, кезеңді факті айтқанда – 1.

б) оқушы анықтама бергенде – 2.

в) оқушы қосымша ақпараттарды пайдаланғанда – 2.

г) оқушы оқиғаның пайда болуына өз көзқарасын білдірсе және түсіндірсе – 4.

д) оқушы алдыңғы ақпаратпен салыстыра отырып, дұрыс тұжырым жасаса – 5.

1.Кесте құрастыруда, оқулықпен жұмыс жасау барысында деректермен танысуы – 5 балл. Мұнде есепке алынатын жағдай: белсенділік, маңызды оқиғаны көрсете білу, салыстыру, ойды дұрыс жинақтай алу қабілеттері ескеріледі.

2.Тарихи карта және сызбалармен жұмыс жасауы – 4 балл [4].

Формативті (қалыптастырушы) бағалау технологиясын қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс сыртқы кері байланыстан ішкі кері байланысқа ауысады, ал бұл оқушыны білім берудің субъектісі деңгейіне көтерілуіне ықпал етеді. Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Солайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бақылау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырады [5].

Сонымен қатар мұғалімдер өз тәжірибелерін, қосымша әдебиеттерді пайдаланып, өздіктерінен тапсырма сұрақтарын құра алады. Осылайша, мұғалімнің оқушылардың белгілі бір оқу нәтижелеріне жетуін қамтамасыз ететін дәстүрлі құралдарынан (әдістемелік нұсқау, т.б.) **бөлек бұл технология мынадай дәстүрлі емес ресурстарды ұсынады:** Диагностикалық бағалау – оқушының білімінің, іс-әрекетінің, дағдысы мен құзыреттілігінің қалыптасуының алғашқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдетте оқу жылының басында немесе бір тақырыпты, тарауды оқытудың алғашқы сабағында жүргізіледі .

Диагностикалық бағалаудың мақсаты пән бойынша тақырыпты немесе тарауды оқуды бастарда оқытудың мақсатына қатысты оқушының алатын орны туралы ақпарат алу болып табылады. Диагностикалық бағалау мұғалімге оқушының сұранысы бойынша оқу жоспарын өзгертуге немесе алдағы уақытта оқып-үйренуде туындайтын қиындықтарды жеңуді болжауға көмектеседі [6].

**Диагностикалық бағалаудың бірінші буыны** – оқушының бір тақырыпты, курсты оқығанға дейінгі жинақтаған білім қорына немесе дағдысы мен құзыреттілігінің деңгейіне сүйеніп, оның білім алу деңгейін алдын ала сараптау (алдын ала тест алу). Бұл жұмыс мұғалімге жаңа тақырыптың қай бөлігінде оқушыға қиындық туындайтынын анықтауға және бұл қиындықтарды болдырмау қадамдарын жоспарлауға көмектеседі.

Алдын ала тестілеу диагностикалық бағалаудың жалғыз түрі емес екенін байқаймыз. Тақырыпты оқытудың алғашқы кезеңінде сол курс бойынша ой қорыту және болжам жасау үшін рефлекстік жағдайлар туындатуға болады. Бұл кезеңде тақырыпты, бағдарламаны, оқытылып жатқан курстан не күтетінін талқылау керек.

**Диагностикалық бағалаудың екінші буыны –** жаңа тақырып бойынша оқушының білімін, іс-әрекеті мен дағдысын, құзыреттілігін тексеру болып табылады. Мұғалім тестілеуді тақырыпты оқудың соңында жүргізіп, оқушы өтілген тақырыпты қаншалықты дұрыс қабылдағанын, құзыреттіліктерді меңгеру дәрежесі туралы ақпараттар алады.

**Критерий деген** – ұсынылған талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі. Әр критерийдің дискрипторы болады, онда оқу тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дискрипторға сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатына жетуін анықтайды.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керек екендігін түсіндірмейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін ары қарай не істеу керек екендігін түсінуге мүмкіндік береді.

**Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар:** білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, жаңа технологияларды қолдану дағдылары қолданылады [7].

**Критериалды бағалау жүйесін енгізуден кейінгі**

**күтілетін нәтижелер:**

*-оқушылардың оқудағы жетістіктерін объективті бағалау;*

*-әр оқушының қабілетін ескере отырып даму траекториясын анықтау;*

*-оқытудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін оқушылардың білік дағдыларын дамытуға ынталандыру;*

*-оқыту сапасын жақсарту;*

*-оқу үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен оқу материалын сапалы меңгеруін анықтау үшін мұғалімнің, оқушы мен ата-ананың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу.*

*-оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.*

**Критериалды бағалаудың тәжірибелік маңыздылығын іске асыратын болсақ, мынадай қауіп-қатерлердің алдын алатынымыз анық:**

- Біліктілікті арттыру курстарынан өту, алған білімді іс-әрекетте қолдану.

-Оқушыларға, ата-аналарға жақсы көзқарас қалыптастыру.

-Ата-аналармен тығыз байланыста болу қажет.

-Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін сабақта жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану.

- Оқушының оқуға деген және өзін-өзі бағалауға ынтасын арттыру.

- Оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата-аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін оқушыға нақты бағалау алгоритімін белгілеу.

Қорытындылай келе, Қазақстан үшін жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушыларды оқуға ынталандыруға, қызығушылығын арттыруға, дамытуға бағытталған. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Сондықтан да Елбасымыз өзінің жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп отыр. Еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында. Ал білімді ұрпақтың тірегі – жаңашыл білімді ұстаздардың қолында [8].


### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные качества критериального оценивания. Цель исследования в обосновании применения на уроке истории технологии критериального оценивания на основе обновленной системы образования. Технология критериального оценивания в средних образовательных учреждениях помогла ученикам поверить в свои достижения и возможности в процессе образования, и дала понять что данная система направлена на цель и применения.



**Ключевые слова:** обновленная система образования, критериальное оценивание, формативное оценивание, суммативное оценивание, диогностическое оценивание.


* * *


The article discusses the main qualities of criteria evaluation. The purpose of the study is to substantiate the use of criterion assessment technology based on the updated education system in the history lesson. The technology of criterion assessment in secondary educational institutions helped pupils to believe in their achievements and opportunities in the educational process, and made it clear that this system is aimed at the goal and application.



**Key words:** updated education system, criterion assessment, formative assessment, summative assessment, diognastic evaluation.


### ӘДЕБИЕТТЕР


1.Әдістемелік нұсқаулық. «Жаңартылған білім мазмұны және оқыту әдістемесі» 2-бет, 2018.

2.Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. 2014 ж.

3.**А.Красноборова.** Критериальное оценивание как педагогическая технология. Пермь, 2010.// https://sibac.info/conf/pedagog/i/35265

4.Пособие для учителя «Инструменты формирующего оценивания в деятельности учителя-предметника». Нарва, 2012// https://www.narva.ut.ee/sites/default/files/nc/ oppevahend. pdf

5.**Heidi Andrade & Anna Valtcheva** (2009) Promoting Learning and Achievement Through Self-Assessment, Theory Into Practice, 48:1, 12-19, DOI: 10.1080/00405840802577544

6.**Ибрагимова Г.К.** Оценка качества регионального дошкольного образования в Казахстане. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. № 3(75). 2018

7.Оценивание учебных достижений учащихся. Әдістемелік нұсқаулық. / Құраст. Р.Х.Шакиров, А.А.Буркитова, О.И.Дудкина. – Б.: «Билим», 2012.

8.**Ибраева Г.Н.** Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдері. Әдіскер-методист республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. № 2 (68 ). 2018


*ӨЛКЕТАНУ – ОТАНТАНУ*

# ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ӨЛКЕТАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ


**Гүлжихан КАНЕНОВА,**
**Айгүл ЕРМАНОВА,**
**Роза ОРАЗБЕКОВА,**
**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушылары, гуманитарлық ғылымдар магистрлері**


**Мектеп оқушыларына елжандылық тәрбие беру – біздің мемлекетіміздің ұзақ мерзімді даму бағыттары шеңберіндегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ең өзекті мәселелердің бірі.** Патриоттық тәрбие берудің неғұрлым маңызды құралдарының бірі – өлкетану. Ол туған өлкенің әдебиеті мен мәдениетін, халқы мен шаруашылығын, оның өткені мен бүгінгісінің тарихын түгелдеу мақсатындағы қаракеттерден құралады. Оқушыларға өзінің туған өлкесі туралы толық, терең мазмұнды

білім беруді талап ететін, олардың туған жеріне және табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін, сондай-ақ өз халқының әдет-ғұрпына деген құрметін қамтитын аймақтық өлкетану ұстанымында өз бейнесін табады.

**2018 жылдың қыркүйек айынан бастап, бүкіл мектептерде өлкетану сабағы өтеді.** 5-7-сыныптарға арналған оқулық төрт пәнге Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, география және музыка пәндеріне қосымша ретінде оқытылады. Өлкетанудың өзге оқулықтардан ерекшелігі – мұнда белгілі бір өлкенің тарихы, әдебиеті, географиясы, табиғаты және мәдениеті жан-жақты айтылады. Оқушылар өздері өмір сүріп жатқан аймақтардың рухани байлығы мен тарихын қалыптастырған адамдардың үлгі істері жөнінде мол мәлімет алады.

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушыларға елжандылық тәрбие беруді қалыптастырудағы аймақтық өлкетану мәліметтерін пайдаланудың рөлін арттыру, аймақтық базалық білім берумен байланыстыру, педагогикалық шарттарын айқындау, аймақтық өлкетануға тән ерекшеліктерді анықтауымыз керек [1].

Аймақтық өлкетану арқылы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеуді зерттеу мақсатында орта мектептердің базистік оқу жоспарындағы «Қазақстан тарихы» пәндерінің оқу бағдарламалары мен оқулықтарына ғылыми бағытта талдау жүргізілді. Соның нәтижесінде оқушыларға патриоттық тәрбие берудің жағдайы қарастырылды. Жалпы білім беретін орта мектептердің оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызды компоненттердің бірі – патриоттық тәрбие беру. Оны әлі де жүйелеп, жетілдіру қажет. Тарихи өлкетану барысында өлкетану мәліметтерін мектептің оқу бағдарламасына кешенді түрде енгізу, сабақ барысында кіріктіру мүмкіндіктері мектеп оқушыларының отансүйгіштік қасиеттерін жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Жалпы білім беретін орта мектептерде патриоттық тәрбие берудің тиімді әдістерін жетілдіру, жаңа мазмұнда жасалған оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламалардың қажеттілігі байқалды. Яғни, мектептегі «Қазақстан тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық» пәндерінің бүгінгі оқу бағдарламаларында оқушылардың патриоттық тәрбие негізінде рухани кемелденуіне мән берілгенін көреміз [2].

**Оқушыларды өлкетану арқылы патриотизмге тәрбиелеуде мектеп әрқашан да жоғары рөл атқарады.** В.А.Сухомлинскийше айтсақ, *«төрт түрлі құрмет: Отанға құрмет, адамға құрмет, кітапқа және туған тілге құрмет салтанат құрғанда ғана мектеп мәдениеттің нағыз ошағына айналады»* [3].

**8-9-сыныптағы «Қазақстан тарихы» курсы – қазақстандық патриотизмді қалыптастырушы үлкен күш.** Оқулықта кіріспеден қосар беттегі қорытындыға дейін қазақстандық патриотизм идеясы нақты көрініс табады. Оқулыққа кең ауқымды, жан-жақты отантанушылық, өлкетанушылық білім жүйесі сыйғызылған. Бұлар патриотизмге тәрбиелеудің іргетасы болып табылады. Н.Н.Баранскийдің «Отанды сүю үшін, оны жақсы білу керек» деген кең таралған сөзі бар. Бұл сөздердің астарында қаншама мәнді мағына жатыр. 8-9-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәні арқылы алған оқушылардың білімі өз отаныңның көздеген мақсатын орындауға жол ашады деп ойлаймын.

**«Қазақстан тарихы» оқулығы сан алуан тақырыптар ұсынады.** Олар негізінен оқытудың өлкетанушылық принципіне бағытталған. Хабарламалар мен рефераттар өз облысы (қаласы) мен ауданы (ауылы) туралы білімді кеңейтудің, ауызша және жазбаша жауап беру мәдениетін қалыптастырудың, кредиттік жүйе жағдайында оқытуға даярлаудың құралдары болып табылады. Бұл жұмыстар оқушыларды қосымша білім көздерімен – аймақтық өлкетану оқулықтарымен және энциклопедиялармен, монографиялармен, жергілікті БАҚ материалдарымен, облыстық және аудандық газеттермен жұмыс істей білуге үйрету үшін арналған. Оқушылар тақырыптарға қажетті ақпаратты жылдам табу, жүйелеу, оларға талдау жасау, толықтыру және баға беру, олардың негізінде мәтін құрастыру, оны мақсатты жағдайға байланысты өзгерту сияқты өз бетінше білім алуға қажетті дағдыларды өздеріне қалыптастыруы керек [4].

**Қазір аймақтық өлкетану мәліметтерін пайдалану арқылы мектеп оқушыларының қазақстандық патриотизмін қалыптастыру үшін мынадай проблемаларға тоқталған жөн деп білеміз:**

*-Жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру материалдарын жүйелі, кешенді енгізу;*

*- «Қазақстан тарихы» пәндерін оқыту барысында аймақтық өлкетану мәліметтерін пайдалану арқылы оқушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу;*

*-Оқу-тәрбие үдерісінде патриоттық тәрбие беру мәселесін үздіксіз жүргізу:*

*-Педагогикалық үдерісте аймақтық өлкетану және туған өлке мәліметтерінің бейнесін тәрбие құралы ретінде пайдалану.*

Жалпы білім беретін орта мектептегі «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу бағдарламасына енгізілген өлкетану негізіндегі патриоттық тәрбиеге лайықталған тақырыптар оқушылардың бағдарламалық білім мазмұнын тереңдетіп, теориялық білімдерін кеңейтіп, қазақстандық патриотизм туралы түсініктерін қалыптастырып, аймақтық өлкетану арқылы қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуді жетілдіреді. Мысалы, Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісті өткенде оған осы туған өлкемізден, яғни Торғайдан қатысқан батырлардың ерлігін болашақ ұрпаққа таныстыра отырып, жас ұрпақтарды отансүйгіштікке, туған жерінің тарихын білуге тәрбиелеу.

**Ресей патшалығы қазақтың жерін, малын, байлығын алды, қазақты өз жерінен түре қуды, атты, асты, адам қатарына санамады.** Қазақ хандығының басқару құрылымдарын жойды, округтерге бөлді, қысқасы ойына не келсе соны істеді. Бұл оқиғалар тарихтан белгілі. Патшалық Ресейдің осы зорлығы мен қиянатын XX ғасырдың басында Мемлекеттік Думада уақытша өкімет басшысы А.Керенскийдің өзі де айтқан болатын. Отаршыл елдің бастан асқан осындай озбырлығына қазақ елі де, оның қаһармандары да төзе алмады. Ресей отаршыларына қарсы азаттық күрес басталды. Оны 1783-1797 жылдары Сырым Датұлы, 1806-1820 жылы Қаратай Нұралыұлы, 1826-1838 жылдары Қайыпқали Есімұлы, 1836-1838 жылдары Исатай-Махамбет, олардың ізін ала Жоламан, Есет, Кенесары батырлар бастаған еді.

**Тарихшы Е.Бекмахановтың «Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қозғалысы» атты тарихи монографиясынан мынадай мәліметтерді кездестіреміз:** *«Кенесары әскерінің ішінде қазақтың үш жүзінен аса беделді, аты жұртқа әйгілі батырлары болады. Шұбыртпалы руынан шыққан Ағыбай (Орта жүз – Қарқаралы), сүйіндік Жанайдар батыр*

*(Орта жүз – Баянауыл), қыпшақ (Орта жүз – Торғай) Иман Дулатов (Амангелді батырдың атасы), табын Жоламан Тіленшіұлы (Кіші жүз – Сырдария), Дулат Бұғыбай (Ұлы жүз – Жетісу), атығай Аңғал батыр (орта жүз – Көкшетау), қыпшақ Басығара батыр (Орта жүз – Ақмола), арғын Жеке батыр (Орта жүз), дулаттан Жәуке, Сұраншы, Байсейіт батырлар сияқты үзеңгілес жолдастары болды»* [5, 416-б.].

Осы азаттық қозғалыста Торғай өңірінен қатысқан Жәуке Назарғұлұлы (1822-1904), Иман Дулатұлы, Қошқар Дауұлы (1795-1874), Тайшығара Байғұлұлы (1826-1915) сияқты батырлардың тарихта алатын орны ерекше.

**Жәуке Назарғұлұлы (1822-1904).** Бұл танымал тұлға туралы академик Манаш Қозыбаев: *«Кенесары мен Наурызбайдың соңынан ерген ақ найзалы ерлердің қай-қайсысының аты да тарихқа алтын әріппен қашап жазуға тұрады. Төлек Жәуке батыр сол қозғалысқа бастан-аяқ қатысқан Кенесары мен Наурызбайдың жан серіктерінің бірі. Ол – тарихи тұлға»,*– деген болатын.

**Жәуке Назарғұлұлы 1822 жылы Қостанай облысы Амангелді ауданында Сарыторғай кеңшарында, Ақшығанақ аңшы елді мекенінде дүниеге келген.** Орта жүз құрамындағы Арғын тайпасының Төлек руынан шыққан. Мұсылманша сауатты, жастайынан өр мінезді, намысқой, дұшпанына қатал боп өскен. Жәуке батыр Ресей империясының отаршылдық саясаты мен озбырлығына қарсы қазақ ханы Кенесары Қасымұлының көтерілісіне 1838 жылдан кейін қосылып, соңғы сәтке дейін қасында болған [6,52-б.].

Жәуке батыр Ақмола бекінісін басып алуда ерекше көзге түскен. Ол басқарған сарбаздар бекініске алғашқылардың бірі болып кірген. Кейіннен Ақтау, Ор бекіністерін басып алған. 1842 жылы Иман мен Жәуке батырлардың табандылығы мен сенімділігі арқасында Кенесары Қасымұлы Торғай жағалауында қыстап шығады. Кейіннен Кенесары ханның ордасы осы жерге көшіріледі.

Жәуке батыр Кенесары Қасымұлының сарбаздарының отаршылдармен қақтығыстарында, Ресей үкіметінің жандайшабы Ахмет Жантөрин отрядына қарсы 1844 жылғы соғыста Ресей патшасының әскерлерімен бетпе-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Екатеринск стансасына шабуыл кезінде ерекше көзге түскен. Халық қамын ойлаған батыр қара қылды қақ жарған әділдігімен, ақыл-парасатымен де ел құрметіне бөленген.

*«Атақты Абылай хан тұсында атамыз Шақшақ Жәнібек батыр халық арасында, қоғамдық ортада қандай беделді болса, Кенесарының ақ патшаға қарсы жүргізген он жылдық соғысының тоғыз жылында қан майданда бірге болған Жәуке батыр да сондай құрметке ие болып, батырлығымен де, ақыл-ой парасатымен де зор құрметке бөленген.*

*Досқожа мен Нысанбай жырларында да, әйгілі «Наурызбай-Ханшайым» дастанында да, берісі Нұрхан Ахметбековтің «Қарға» поэмасында да Жәукенің ерлік істері айтылмай қалмайды. Атақты тарихшы ғалым Е.Бекмаханов та өзінің зерттеу еңбектерінде Жәуке есімін құрметпен атайды. Өйткені бар жоғы 16 жасында Кенесары көтерілісіне қосылған Жәуке сонау қырғыз жеріне дейін барып, бұл тарихи трагедияның тікелей куәгері болған...»* [7, 36-б.].

Төлек Жәукенің жаужүректігі, әсіресе, 1844 жылдың шілде айынан сол жылдың соңына дейінгі жорықтарда айрықша байқалады.

Торғай даласындағы уақыт шіркіннің сан ғасырлық сыр шежіресіне бөгіп жатқан жерлердің бірі – Өлкейік өзенінің солтүстігінде, Тобылдың төменгі жағында. Кезінде Ырғыз бен Торғай елі тіршілігінің бір көзі саналған бұл өзеннің о жақ, бұ жағында Толыбай, Балапан елді мекендері болған, Кенесарының атышулы шайқастары осы жерлерде – Өлкейік өзені бастау алатын Жанатай, Толыбай өзендері өңірлерінде өтеді. Бұлай дейтініміз Кенесарының қолы о шеті Ұлытау мен бұ шеті Мұғалжар тауларының арасын жалғаған жорық көші осынау аты аталған жерлерді далалық соғыс тактикасы үшін өте тиімді пайдаланған.

**Тумысынан жаужүрек Төлек Жәуке батырдың ерлігі 1844 жылғы шілде айында Ахмет Жантөриннің отрядымен болған соғыста анық байқалады.** Шайқаста қарсы келгеннің оңын оңға, солын солға түсірген Жәукенің ерен қимылы қолбасшы Кенесарының оған деген сенімін арттырады. Ақберен ұлдардың ерлігі қашаннан еліне аңыз боп тараған. Ал аңыз түбі ақиқат.

Еліміздің тәуелсіздігі үшін көк найзасын көлденең ұстап, қас жауына қасқайып тұрып жан қиған хас батырларымыз Төлек, Жәуке, Бегімбет Иман, Сары Қошқар, батырлар жайында сыр шерттік. Халық ешқашан да өз батырларын ұмытпайды. Батыр қашан да батыр болып халық жадында қала береді. Тек қана сол туған өлкемізден шыққан батырлар есімдерін ардақтап, мақтан тұтуға болатынын үнемі насихаттап отыруымыз қажет.


## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены школьное образование – самая актуальная проблема национальной безопасности в рамках долгосрочного развития нашего государства. Повышение роли патриотического воспитания, обеспечение студентов всесторонним, глубоким образованием о своей родине.

* * *

School education for schoolchildren is the most urgent problem of national security within the framework of the long-term development of our state. Enhancing the role of patriotic education, providing students with comprehensive, deep education about their homeland.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1. **А.С.Әмірханов.** Оқушыларды өлкетану арқылы елжандылыққа тәрбиелеу. Қазақстан тарихы әдістемелік журналы. Алматы, 2011 ж.
2. **А.Қ.Дүйсенбаев.** Ұлт мектебіндегі жаратылыстану, гуманитарлық пәндер бағдарламаларындағы отансүйгіштік тәрбие берудің мүмкіндіктері // XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы. Республикалық ғылыми-конференция материалдары. Алматы. 2006 ж.
3. **В.А.Сухомлинский.** Как воспитать настоящего человека. Киев. 1975 г.
4. **В.Усиков, А.Усикова, Г.Зәбенова.** Анықтамалық құрал. Алматы. 2009 ж.
5. **Е.Бекмаханов.** Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында: Оқу құралы.
– Алматы: Санат, 1994. – 416 бет.
6. **Ж.Қосабаев.** Торғай-дуан // «Айқап» баспасы.- Алматы, 1995.- 52 бет.
7. **Ж.Қасымбаев.** Кенесары хан // «Қазақстан» баспасы. – Алматы, 1993.- 36 бет.

# СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Рахия ДӘРМЕНОВА,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты,**
**профессор міндетін атқарушы,**
**Әсел РАХЫМ (Рахим),**
**Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің 2-курс магистранты**

**Қазіргі жоғары білім берудің негізгі міндеті – мамандарды даярлау.** Дәстүрлі түсінікте мамандарды даярлау үшін нақты білімдерді игеру жеткіліксіз болып табылады. Қазіргі күнде білім беру мекемелерінде бірінші орынға қажетті білімнен басқа, болашақ мамандардың әдіснамалық мәдениетін қалыптастыру және шығармашылық ойлауын мақсатты түрде дамыту керек, студенттерді өздігінен білім алуға үйрету, жаңа ғылыми, техникалық бастамалы пікірлерін қалыптастыру. Мұндай мамандарды дайындаудың қиындығы білім жүйесін тереңдей меңгеру мен шығармашылық қабілеттерінің үйлесімін қалыптастырумен байланысты.

Бүгін жоғары технологияның қалыптасуы мен шығарылуына мүмкіндік туғызатын, қолданбалы ғылыми-техникалық өңдеулердің пайда болуы үшін жағдайлар жасайтын терең білімдердің ғылыми технологияларға айналу үдерісіне күш салған жөн. Өйткені жоғары оқу орнының негізгі міндеті – өзін үздіксіз дамытып және өздігінен білім алуға дайын, бәсекеге қабілетті маманды даярлау.

Жоғары оқу орнында студенттерді даярлау өздігінен үздіксіз білім алуға, ғылыми зерттеудің қазіргі әдістерімен таныстыруға және қисынды ойлау мен ойлау қызметін ширатуға сүйенеді. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына бағыттау, олардың шығармашылық белсенділігін дамыту – мамандар даярлаудағы негізгі мақсат. Ғылыми-зерттеу жұмысы болашақ мамандардың жоғары оқу орындарында алған білімін, дағдысын жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыруға, ғылыми әдістемені, зерттеу тәжірибесін меңгеруге көмектеседі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен дамытудың негізгі мақсаты жоғары кәсіби білімі бар мамандар даярлаудың деңгейін көтеру, талантты жастарды анықтау, университеттің педагогикалық кадрларын толықтыру болып есептеледі. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуын барлық оқу кезеңінде үздіксіз қамтамасыз ету өте маңызды міндеттердің бірі болып есептеледі. Мұндағы зерттеу жұмысының басты мақсаты студенттердің оқу үдерісінде зерттеу әрекеттерін біртіндеп күрделендіріп, қиындатып отыру. Мысалы, студент бірінші және екінші курстарда бүтін және негізгі жұмыстардың жиынтығы мен жалпы ғылыми дайындық жасаудағы жаңашылдықпен танысып, ғылыми жұмысты жүргізу қабілетін игеруі тиіс. Олар – рефераттық және лабораториялық жұмыстар шеңберінде орындалатын ғылыми зерттеулер. Ал үшінші курста жалпы техникалық және арнайы дайындықтар, көлемі үлкен емес өзіндік ғылыми жұмыстардың орындалуы және шығармашылық негіздегі тапсырмалар, жаңашыл ғылыми зерттеулерді негіздеу, зерттеу әдістерін тереңдету, техникалық құрал жабдықтар негізінде ғылыми зерттеулер жасау және нәтижесін шығару. Бұл деңгейде міндетті түрде оқу орнының ішінде өткізілетін конференциялар, ғылыми жұмыстар негізінде өткізілетін жарыстар, ғылыми зерттеу жұмыстарының тапсырмалары мен түрлерінің қиындауы, ауқымының кеңеюі секілді жұмыстармен қамтамасыз етілуі тиіс. Осылайша жұмыс айқындала түседі. Мазмұнды шығармашылық сипат алады. Жоғарғы курстарда білімді, дағдыны ары қарай қалыптастыру, жетілдіру, бекіту, шығармашылық ойлауды дамыту және нақты міндеттерді шешуге, өз бетінше шешім қабылдауға, жүзеге асыруға үйрену, алынған білімді тәрбиеде пайдалану, жеке тапсырмалар бойынша студенттердің өз бетінше ғылыми зерттеу жұмысы үдерісінде жүргізіледі. Сондықтан олар барлық деңгейдегі конференцияларға, байқауларға қатысу, институт қызметкерлерінің жетекшілігімен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, диплом жұмыстарының байқауына қатысуы керек [1, 155-б.].

**Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі міндеттері:**

*– ғылыми қызметке талабы бар студенттерді анықтау;*

*– ғылыми-әдістемелік зерттеулер тәжірибесінде шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай жасау;*

*– жан-жақты дамуына, өзін-өзі бағалауының қалыптасуына, өзіндік жұмыс дағдысын және шығармашылық ұжымда жұмыс істеуге, ғылыми-зерттеу әдістемесін меңгеруге көмектесу;*

*– ғылым мен техниканың түрлі саласында қолданбалы, іргелі, іздену, әдістемелік және педагогикалық ғылыми-зерттеулер жүргізуге студенттердің қатысуын қамтамасыз ету;*

*– педагогикалық және ғылыми кадрларды толықтыру үшін қабілетті, дарынды және талантты жастарды тиімді іріктеуді қамтамасыз ету;*

*– ғылым мен техниканың түрлі саласындағы ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге арналған әлеуетін біріктіру.*

**Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыттары:**

*– пәндік жарыс пен сайыс ұйымдастыру және жүргізу;*

*– студенттердің ғылыми үйірмелерінің жұмысы;*

*– түрлі деңгейдегі ғылыми-техникалық баяндама дайындау және қатысу;*

*– республикалық және халықаралық конференцияға қатысу;*

*– студенттер жұмысымен республикалық конкурсқа қатысу;*

*– ғылыми мақала мен тезис дайындау және жариялау;*

*– курс жұмысы мен диплом жобасы сайысын ұйымдастыру және өткізу, қатысу;*

*– мемлекеттік бюджеттік және шаруашылық келісім бойынша жұмысқа тарту* [2, 45-б.].

Оқу үрдісімен қатар жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы өндірістік, тәжірибелік, зертханалық жұмыстарды, ғылыми зерттеу сипаттағы курстық және бітіру біліктілік жұмыстың орындалуын қарастырады. **Оқу мерзімінен тыс уақытта орындалатын ғылыми-зерттеу жұмысының формасы:** ғылыми семинардағы, конференциядағы жұмысы; топпен немесе жеке қатысуы; студенттік ғылыми қоғамда, конструкторлық, жоба, технологиялық зертханада және үйірмеде, ғылыми-техникалық зертхана орталығында және т.с. **Ғылыми-зерттеу жұмысының үдемелі формасы:** арнайы бағытталған өндірістік тәжірибе кезеңінде ұйымдастырылатын студенттік шығармашылық топтар, жұмыстар; курстық және бітіру жұмысын өндіріске енгізу мақсатындағы шығармашылық топтар; ғылыми үйірмелер. Онда студенттер отандық шетелдік арнайы әдебиеттер бойынша аңдатпалар мен рефераттар жасайды. Сынақ жүргізу дағдысын және алынған нәтижелерді өңдеуді меңгереді. Үйірме отырысында, кафедраның ғылыми семинарда пайдаланатын көрнекі құралдар, зертханалық құрылғылар және оқытудың техникалық құралдарын жобалайды және дайындайды.

**Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ширатуда мынадай іс-шаралар мен мәселелер өте маңызды:**

*-жыл сайынғы өткізілетін студенттік ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасауы;*

*- ғылыми шығармашылық көрмесі;*

*- студентті ең жақсы ғылыми-зерттеу жұмысы сыйлығын алуға ұсыну;*

*- ғылыми зерттеудің нәтижелі, сәтті аяқталуы;*

*- баяндамасының нәтижесін талқылағаннан кейін орындалған жұмыстың жан-жақты бағасын, жетістіктері мен кемшіліктерін айқындайтын ғылыми жетекшінің болуы* [3, 6-б.].

Оқу барысында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының маңызды формасы ретінде лабораториялық жұмысқа ғылыми-зерттеу элементтерін енгізу керек. Мұндай жұмыстарды орындағанда студент жұмысты орындау жоспарын өздігінен құрастырады, керекті әдебиеттерді іріктеп алады, математикалық өңдеулері мен нәтижелерін талдауды жүргізеді, есеп дайындайды. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру формалары – ғылыми зертханалар, үйірмелер, студенттік ғылыми орталықтары, жобалық және конструкторлық бюросы. Студенттік ғылыми қоғам тұлғалық танытуына, ұжыммен өзара қарым-қатынасын жасауға мүмкіндік береді, өзінің ұйымдастырушылық және лидерлік қабілеттерін көрсетуге, өзіне және қоршаған ортаға сыни қатынасының дәрежесін реттеуге, төзімділікке үйретеді [4, 87-б.].

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін оқу орындарында қалыптастыру сияқты мәселенің айқындалған жақтары келешекте білім беретін оқу орны мен мамандықтың ерекшеліктерін есепке ала отырып студенттердің, болашақ мамандардың ғылыми-зерттеу жұмысына дайындығын жүйелі жүзеге асыру, орта мектепте бейіндік оқытуда жоғары сынып оқушыларын ғылыми-зерттеу жұмысына дайындау бағытындағы мәселелерді зерттеуге негіз бола алады деп есептейміз.

**РЕЗЮМЕ**

Статья посвящена цели направления студентов к исследованиям, развитию их деятельности и подготовке будущих специалистов.

* * *

The article is devoted to the goal of directing students to research, the development of their activities and the training of future specialists.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1.**Демченко З.А.** Научно-исследовательская школа студента исследователя // Высшее образование в России, 2010. – № 12. – С. 155-158.

2. **Ибадуллаева С. Ж., Нургалиева А. А., Жусипова Г.** Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысының кешенді жүйесі. 2015. - С. 45-47.

3. **Асқаров Е.С., Балапанов Е.Қ., Қойшыбаев Б.А.** Ғылыми зерттеулердің негіздері. оқу-әдістемелік құрал Алматы 2005 ж. (5-15 бет).

4. **Бережнова Е.В., Краевский В.В.** Основы учебно-исследовательской деятельности студентов: Учебник для студ. сред. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр Академия, 2005. – 128 с.

*ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ – ОРТА МЕКТЕПТЕ*

# ҚАЗАҚТАРДЫҢ 1860-1870 ЖЫЛДАРДАҒЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

*(8-сынып)*

**Айымкүл ҚАСЫМБЕКОВА,**
**Ө.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы:** | Қазақтардың 1860-1870 жж. азаттық күресі. **Зерттеу сұрағы:** XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді? |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты** | 7.3.1.5 – халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар**:Қазақ даласындағы отаршылдық езгінің күшеюі және халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын сипаттайды. |
| **Бағалау критерийлері:** | Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын сипаттай отырып, Орал, Торғай облыстары мен Маңғыстаудағы 1860-1870 жылдардағы көтерілістердің өзіндік ерекшеліктерін анықтайды. |

<table>
<tr><td></td><td>Оқушылардың басым бөлігі: Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын сипаттай отырып, Орал, Торғай, Маңғыстау көтерілістерін бастаған тұлғаларды анықтайды.</td></tr>
<tr><td></td><td>Кейбір оқушылар: Тарихи ақпараттар мен дереккөздерге сүйене отырып Орал, Торғай облыстары мен Маңғыстаудағы 1860-1870 жылдардағы көтерілістердің өзіндік ерекшеліктерін анықтайды.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Тілдік мақсат</td><td colspan="2">Негізгі сөздер мен тіркестер: Терминология – шаңырақ салығы, әскери министр, флотилия, ру басшылары.<br>Талқылауға арналған тармақтар: 1.Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күреске шығу себебі? 2. Көтеріліс отаршылдарды неге шошындырды деп ойлайсыңдар?<br>3. Көтерілістің жеңілу себебі мен тарихи маңызы?</td></tr>
<tr><td>Құндылыққа баулу</td><td colspan="2">Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.</td></tr>
<tr><td>Пән./ар. байланыс</td><td colspan="2">География.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы білім</td><td colspan="2">XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Кезеңдері</td><td>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет.</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы:<br>2 мин<br><br>8мин<br><br>Қызығушылықты ояту<br><br>Сабақтың ортасы: 25 мин<br><br>Сабақтың соңы. 5 мин.</td><td>Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал. Сыныпты қалалардың аты жазылған парақшалар арқылы топқа бөлу. Топқа бөлу: Көтерілістің аумақтары бойынша 4 топқа бөлінеді. 1-топ «Орал». 2-топ «Маңғыстау». 3-топ «Торғай». 4-топ «Жем өзені». Үй тапсырмасын «Балық қаңқасы» әдісі бойынша сұраймын.<br>Дескриптор: 1. Оқиғаның себептерін анықтайды. 2.Оқиғаға дәлел келтіреді, қорытындылайды. Қ/Б: «Смайлик» әдісі арқылы. «Миға шабуыл» әдісі. Ортада бір оқушы күй орындайды. Оқушылардан күйдің атауы, авторы кім екенін сұрау. Күй не жайында екенін айтады. Есімдерге қарап, кіммен әлі де таныс еместігін айтып, жаңа сабақтың тақырыбын ашады.<br>Жаңа сабақ. Топтық жұмыс. 1."Орал" тобына: Топтық зерттеу. 1868-1869 жж. Орал мен Торғай облысындағы көтеріліс. 2. "Маңғыстау" тобына: Талдау, талқылау 1870 жылғы Маңғыстау облысындағы көтеріліс. 3. "Торғай" тобына: Дәйек, дәлел Ресей империясының жазалау шаралары. 4. "Жем" өзені тобына: Көрініс Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістерінің жеңілу себебі мен тарихи маңызы.<br>Дескриптор: 1.Мәтінмен танысады. 2.Мәтін бойынша талдау жүргізеді. 3.Мәтін бойынша дәйек, дәлел келтіреді. 4.Ұлт-азаттық күрестің жеңілу себебі мен тарихын айтады.<br>Бағалау: Үш шапалақ.<br>2-тапсырма, I топ-3W дабыл кестесі. «Қашан? Қайда? Қандай оқиға болды?»<br>2-топ. Тест. 1.1869-1870 жж. Орал, Торғай көтерілісін басқарды:<br>А) С.Түркебаев, Б.Оспанов; В) И.Тайманұлы, М.Өтемісұлы; С) Д.Тәжіұлы, И.Тіленбайұлы; D) Ж.Нұрмұхамедұлы, Е.Көтібарұлы; Е) Ж.Тіленшіұлы, Д.Асауұлы.<br>2.1870 жылы Маңғыстау көтерілісі кезінде жалдамалы жұмысшылар шабуыл жасаған форт: А) Қазалы- В) Пресногорковск- С) Жайық - D) Александровск- Е) Бейнеу-<br>3.1867-1868 жж. реформа бойынша Орынбор генерал-губернатылығына енген облыстар: А) Семей, Ақмола; В) Ақмола, Орал; С) Орал, Жетісу; D) Жетісу, Сырдария; Е) Орал, Торғай.<br>3-топ. «Ия», «Жоқ». 1. Орал, Торғай мен Маңғыстаудағы көтерілістерді басуға подполковник Рукин жіберілді. 2. Орал, Торғайдағы көтеріліс жеңіспен аяқталды. 3. Маңғыстаудағы көтерілісшілер тобы 10000-ға жетті. 4. Маңғыстадағы көтерілісті басу Кавказ билеушілеріне тапсырылды. 5. Маңғыстау көтерілісінен кейін 3000-ға жуық отбасы Қоқан хандығына көшіп кетті. 6.Орынбор-Ташкент шойын жолының ұзындығы 4 млн.<br>4-топ. «Семантикалық карта «Көтерілістер тарихы».<br>
<table>
<tr><td></td><td>1822-25 жж.</td><td>1856-57 жж.</td><td>1870 ж.</td><td>1773-75 жж.</td></tr>
<tr><td>Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ж.Тіленшіұлы бастаған көтеріліс</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ж.Нұрмұхамедұлының патша үкіметіне қарсы күресі</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Маңғыстаудағы көтеріліс</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор: 1.Кесте бағандарын толтыру. Бағалау: Сөзбен бағалау.<br>3-тапсырма. «Білім шыңын бағындыр». 1. Бүкіл қазақ даласын екі облысқа бөлуді ұсынған тұлғаны атаңыз (И.Бутков). 2. Дала комиссиясын басқарған (Ф.К.Гирс).<br>3. Орал мен Торғай облыстарындағы көтерілісті басқарған тұлғалар (С.Түркебайұлы, Б.Оспанұлы). 4. 1870 жылғы Маңғыстау көтерілісін басқарған тұлғалар (Д.Тәжіұлы, И.Тіленбайұлы). 5. Көтерілісті басу үшін жіберілген тұлғаның бірі, подполковник (Рукин).<br>Пікірталас: Егерде 1860-1870 жылдардағы Орал, Торғай, Маңғыстаудағы азаттық күрестерде жеңіске жеткен болса, халықтың әлеуметтік жағдайы қандай болар еді?<br>Дескриптор: 1.Сұрақтарға ашық жауап береді; 2. Өз ойларын айтады.<br>Бағалау: Сөзбен бағалау. Кері байланыс: «Мен», «Іс».<br>Бағалау. Үйге тапсырма: Көтеріліс басшылары Д.Тәжіұлы, И.Тіленбайұлы, С.Түркебаев, И.Көлұлы туралы қосымша деректермен танысу, тарихи ақпараттар қорын жинақтау.</td><td>Топтың аты жазылған парақшалар.<br><br>Интер-тақта.<br><br>«Кесте толтыру». Дәптермен жұмыс.<br><br>Интер-тақта. Кесте.<br><br>Стикер.</td></tr>
</table>

**Түркістан облысы, Отырар ауданы.**

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

**Ләззат ЖҰМАБЕКОВА,**
**№163 орта мектеп мұғалімі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері**

| | |
|---|---|
| **Зерттеу сұрағы** | Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады? |
| **Оқу мақсаты** | 6.3.1.9 – Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау;<br>6.2.3.4 – М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің маңыздылығын түсіндіру. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлығы:** Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарын түсіндіреді. **Басым бөлігі:** Қазақ хандығы құрылуының саяси, әлеуметтік, экономикалық жағынан тарихи маңызын анықтайды.<br>**Кейбіреуі:** М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің маңыздылығын түсіндіреді. |
| **Ойлау деңгейі** | Білу, Түсіну, Қолдану. |
| **Бағалау критерийлері** | **Білім алушы.** Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарын, себептерін, тарихи маңызын анықтайды; М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің маңыздылығын түсіндіреді. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Төрт дағды қалай көрініс табатынын сипаттап жазу:** Түрлі ақпарат көздерінен мәлімет алады, тұжырым жасайды, пікір алмасады (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдылары). Деректердің мазмұнын түсінеді, тарихи интепретация жасай алады, мінездеме жазады.<br>**Білімланд ресурстарынан мәтіндер оқиды.** «Инсерт», «ДЖИГСО» әдісі. «Салыстыру, графикалық органайзер» әдісі. «Иллюстрациялық органайзер» әдісі.<br>**Пәнге қатысты лексика мен терминология:** Халық, ұлт, хан, орда, хандық, мемлекет, сұлтан, уәзір, мемлекет, көшпелі өркениет, империя, жасақ, феодализм, аристократия. «Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы қандай?», – деген сұрақ төңірегінде талқылау. Негізгі себеп болған... Бұл оқиға /өзгеріс маңызды болды айтарлықтай, өйткені… Қорытындысында... |
| **Тарихи концеп/ік** | Интерпретация, дәлел, ұқсастық, айырмашылық, салыстыру, маңыздылық. |
| **Құндылық-тарға баулу.** | **Құндылықтар:** - патриотизм; - отансүйгіштік; - өз халқы үшін мақтаныш - көшбасшылық; - ұлттық сана-сезім; - бостандық. Өз Отанына деген мақтаныш сенімін оятады. Өзге мемлекеттермен терезесі тең қарым-қатынас ұстаған мемлекеттің саясатымен танысады. |
| **Құрал-жабдық** | Интертақта, слайд-презентация, қағаздар, жазуға, сурет салуға арналған бояу құралдар, қарындаш. |
| **Пәнаралық байланыс** | География, картамен жұмыс. Қазақ хандығының алғашқы құрылған территориясын картадан көрсете алады, көршілес мемлекеттердің территориясын анықтай алады. |
| **Алдыңғы білім** | Қазақстан территориясында құрылған алғашқы мемлекеттердің тарихынан алған білімдері, жаңа тақырыпты ашуға септігін тигізеді. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет. (Шартты белгі): (Б)** – бүкілсыныптық жұмыс; **(М) –** мұғалім түсіндірмесі; **(Д) –** дара, дербес жұмыс; **(Т) –** топтық жұмыс; **(Ж) –** жұптық жұмыс; **(Ф) –** формативті бағалаудың мүмкіндіктері. | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы.**<br><br>**(10 минут).** | **Қызығушылықты ояту.** Бастапқы стимул. Оқушылармен амандасу. Шаттық шеңбері. Б.Жұпқа, топқа біріктіру. **Мақсатым:** Үй тапсырмасын пысықтау, зейінді шоғырландыру: «Терминдермен жұмыс» әдісі. (Қолдану). | Таратпа материалдар. |
| **Сабақтың ортасы. Мағынаны тану кезеңі (15 мин). 1.«Джигсо» әдісі арқылы мәтінмен танысады, топтық жұмыс орындайды. (7 минут).** | **Сабақтың тақырыбы:** Қазақ хандығының құрылуы. Б. Интербелсенді тақтадан Қазақ хандығы туралы бейнеролик көрсетіледі. Б. Тараудың тақырыптарын меңгеруге ынталандыратын сұрақтар (диалог арқылы саралау) арқылы дарынды оқушылардың қажеттіліктері анықталады. Оқушылар жауабынан кейін сабақтың тақырыбы айқындалады, оқу мақсаты, бағалау критерийлері, дескрипторлар түсіндіріледі (2 мин). **1-тапсырма:** Т/Ж. Керей мен Жәнібек хандар туралы бейнематериал және мәтін бойынша алған біліміне сүйене отырып, Қазақ хандығының құрылуына әсер еткен факторларды анықтауға және оған дәйектер келтіруге тапсырма беріледі. Қазақ хандығының құрылуына әсер еткен себептерге маңыздылық тізбегін құруға тапсырма беріледі.<br>**Мемлекеттің құрылуына әсер еткен алғышарттар:** -Географиялық. -Діни. -Демографиялық.-Экономикалық. -Сыртқы. -Әлеуметтік-саяси.<br>**2-тапсырма:** Т/Ж. **Қазақ хандығы құрылуының себептерін анықтау:** 1.Керей мен Жәнібек сұлтандардың Қазақ хандығын құруға ұмтылуы. 2.Халық бұқарасының Әбілқайыр ханға наразылығының күшеюі. 3.Алым-салықтың көбеюі. 4.Әбілқайыр ханның ойраттардан жеңіліп қалуы. 5.Қазақ халқының құрылуы және оның жүздерінің айқындалуы. 6.Әлеуметтік қатынастардың нығаюы. **Кері байланыс:** Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай, бір жұлдызша беріледі. Жиналған барлық жұлдызшаларды санау арқылы білім алушылардың білім деңгейі бағаланады. Уәждеу, қызығушылықтарын ояту. **2-тапсырма:** Қазақ хандығының алғашқы территориясының картасы (Иллюстрациялық органайзер әдісі). Қазақ хандығының алғашқы құрылған территориясын картадан көрсете алады, көршілес мемлекеттердің территориясын анықтай алады. **ҚБ: «Шапалақ». 3-тапсырма.** «Деректермен жұмыс». Дарынды білім алушыларға тапсырма. Керей мен Жәнібектің бөлініп шығуы туралы мағлұмат беру үшін М.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінен үзінді беріледі. **Оқушылар мәтінді оқып, мына сұрақтарға жауап береді:** 1.Бұл қандай дерек түріне жатады? 2.Бұл дерек бізге қандай мағлұмат береді? 3.Деректен қандай қорытынды шығаруға болады? ҚБ:- «+», «-», «?» (Қосу. Азайту. Қосарым бар). | Бейнеролик, мәтіндер<br><br>Карта «Қазақ хандығының құрылуы». |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ соңы. 3 мин.** | Берілген мәтіндер бойынша тапсырма беріледі. | Мәтіндер |
| | **Рефлексия. Кері байланыс.** ЧЕМОДАН – ЕТТАРТҚЫШ – ҚОҚЫС СЕБЕТІ<br>Бәрі де керек мәлімет. Сараптап өзіме қажеттісін аламын. Ешқайсысы қажет емес. | |
| | **Бағалау.** Жұлдызшалар саны**:** 0-7-**сабаққа ден қою қажет;**<br>8-14-**орташа; 15-27**-**жақсы;** 28-30-**өте жақсы.** | |
| **Үйге. (2минут).** | Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады? Эссе жазып келу. | АКТ материалдары. |
| **Сабақ бойынша рефлексия.** | | |

**Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы.**

# ЕҢБЕК ШАРТЫ

**Светлана ҚИСЫМОВА,**
**Д.Нұрпейісова атындағы жалпы орта білім беретін мектептің құқық және экономика пәні мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| **Тақырыбы** | Еңбек шарты. Жұмыс және демалыс уақыты. | |
| **Мақсаты** | Еңбек қатынастары туралы білімдерін кеңейту. | |
| **Күтілетін нәтиже** | **А** Еңбек қатынастарын реттейтін еңбек шарты, олардың талаптарын біліп, түсінеді. | |
| | **В** Қызмет түріне байланысты еңбек шарты түрлерін ажыратып, ондағы талаптарды талдайды. | |
| | **С** Еңбек шартының талаптарына сәйкес күнделікті проблемаларды шешудің жолдарын таба алады. | |
| **Құрал-жабдық** | Оқулық: 10-сынып. Адам. Қоғам. Құқық. -флипчарт, маркер, стикер, бағалау, рефлексия парақтары. | |
| **Сабақ барысы** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** |
| **Кіріспе** | 1. Тұлғааралық байланысты орнату.<br>2. Сыныппен амандасу.<br>3. «Жылы – жүрек, жақсы – тілек» тренингін ұйымдастыру.<br>4. «Пазл» әдісі арқылы үш топқа топтастыру.<br>**Өткен тақырыпты тексеру.**<br>2 нұсқадан тұратын тест тапсырмасы таратылады. | мұғаліммен сәлемдесу; - кезекшілік қызметін атқару; - сабаққа зер салу. Оқушылар алдағы бірлескен жұмысқа әзірленеді және сәйкес жағдайға икемделеді. Тест тапсырмасын орындап болған соң, төмендегі критерий бойынша көршілерімен дәптер алмастыру арқылы өзара бірін-бірі бағалайды.<br>9-10 сұрақ дұрыс – «5». 6-8 сұраққа – «4».<br>5-3 сұраққа – «3». 2 сұраққа – «2». |
| **Тұсаукесер** | **Қызығушылықты ояту.** «Құпия зат» әдісі.<br>**«Жуан және жіңішке сұрақтар».** -Суреттен не байқап тұрсыңдар? -Азаматтарға жеке еңбек шарты не үшін керек деп ойлайсыздар? -Тынығу және жұмыс уақыты адамдарға не үшін керек? -Бүгінгі сабақтан не үйренгің келеді? | Әр сұрақтарға белсенділікпен қатысу керек. |
| **Негізгі бөлім** | **«Мағынаны ашу».** 1.Бейне ролик көрсету.<br>2.Оқулықпен жұмыс. 3.Топтық жұмыс. «Ойлан, топтас, пікірлес» әдісі арқылы постер қорғауға дайындалады. Оқушылар постер қорғаған кезде қосымша мәліметтермен толықтырып, қолпаштап, ынталандырып отырамын.<br>**Жағдаяттарға талдау жасау.**<br>1. Жағдаят 1-топқа. 2. Жағдаят 2-топқа. 3. Жағдаят 3-топқа. Рөлдік тапсырмалар. **1-тапсырма:** Қызметкер мен басшы арасындағы келісімді сомдау. **2-тапсырма:** Еңбек шартына сай қызметкерді жұмысқа алу. **3-тапсырма:** Жұмыс уақыты мен тынығу уақытын белгілеу. Жеке жұмыс. Топтың әр мүшесіне жеке-жеке деңгейлік тапсырмалар ұсынылады.<br>А деңгейі 159-бет. В деңгейі. 152, 168-бет.<br>С деңгейі. 147, 159-бет.Тест құрастыру. | **1-топ тапсырмасы.** Еңбек шартына сипаттама беріңдер.<br>**2-топ тапсырмасы**.<br>Жұмыс уақытының қандай түрлері бар?<br>3-топ тапсырмасы.<br>Постр шығару.<br>Жеке еңбек шарты азаматтарға не үшін керек.<br>Оқушылар мәтінді өз беттерімен оқиды.<br>Топ болып ақылдасып, біріге жұмыс істейді. Топ шешімі бойынша қорғайтын оқушылар анықталады. Екі топ жұмыстарын «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы бағалайды. Ең жақсы постер анықталады. Рөлдік тапсырмалар арқылы әрбір топ бірін-бірі «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы бағалайды. Деңгейлік тапсырмаларды жеке орындайды. Тапсырмалар критерилермен бағаланады.<br>Оқушылар «басбармақ» арқылы бағалайды. |
| **Қорытынды** | Оқушылардың қорытынды бағалары есептеліп, бағаланады. Бағалауға сыныптастары қатыстырылады. Топ басшылар өз тобын әр бөлім бойынша бағалау парағына түсіріп бағалайды. Бағаға комментарий беремін. **Кері байланыс.** Рефлексия жазу.<br>**Үйге:** §27. Тақырып бойынша «ашық», «жабық» сұрақтар дайындап келу. | Үй тапсырмасын күнделіктеріне жазады. Сабақ барысы туралы оқушылар пікірлерін жазады. |

**Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы.**

# БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨТЕРІЛІСІ

**Әлия БАЙСАҚАЛОВА,**
**тарих, экономика және құқық негіздері пәндерінің мұғалімі**

<table>
<tr><td colspan="3">Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 7.2В Отарлау және ұлт-азаттық күрес.</td></tr>
<tr><td>Сабақ тақырыбы:</td><td colspan="2">Бөкей Ордасындағы қазақтардың 1836-1838 жж. көтерілісі (2-сабақ).</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаттары</td><td colspan="2">8.3.1.5 – халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;<br>8.3.1.6 – ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td colspan="2">Барлық оқушылар: 1836-1838 жж. көтерілістің себептері, қозғаушы күші, нәтижесі, тарихи маңызы туралы түсінік алады. Махамбет пен Исатайдың өмірі мен шығармашылығына тоқталады. Басым бөлігі: Бөкей Орда тарихын тереңірек зерттеу; көтеріліс себептерін, мақсатын, маңызын қайталайды. Кейбірі: И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтерілістің мақсаты, сипаты, тарихи маңызын ашып көрсетеді.</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td colspan="2">Көтеріліс туралы біледі. Көтерілістің шығу себебін, мақсатын біледі .<br>Көтеріліс туралы деректерді талдап, қорытындылайды.</td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="2">Оқушылар: Өзіндік жұмыс жасай алады, тарихи үрдістерге қысқаша мінездеме бере отырып, дағдыға айналдырады. Пән лексикасы және терминология: Уақыт тақырыбына қатысты арнайы ресурстар. Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: Мәселенің бір (екінші) жағын қарастыратын болсақ; Жоғарыда айтылған ойымызды қорытындылайтын болсақ; Менің пікірімше.</td></tr>
<tr><td>Құндылық-тарға баулу:</td><td colspan="2">Бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы мәдени құндылықтарды қалыптастыру.<br>Өткен тарихына құрметпен қарап еліне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.</td></tr>
<tr><td>Пән/ар. байлан:</td><td colspan="2">Дүниежүзі тарихы, география, әдебиет.</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы бөлім:</td><td colspan="2">Ұлт-азаттық көтеріліс.</td></tr>
<tr><td>Сабақ кезеңдері.</td><td>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері.</td><td>Ресурстар.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы 7 мин</td><td>Ұйымдастыру кезеңі: амандасу; түгелдеу; топқа бөлу; оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру; Үй тапсырмасын сұрау: Кестенің толтырылуын тексеру, сұрақтар беру. Қызығушылықты ояту. «Кинометафора» әдісі.</td><td>Тақырыптық карта. Видео ролик.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы:<br><br>15 минут<br><br>8 минут</td><td>Тапсырма. «Ойлан. Жұптас. Бөліс» 1-қадам: мәтінмен жеке танысу. 2-қадам: жұпта талқылау. 3-қадам: топта зерттеу сұрақтарына жауап дайындау. І топ: Ақбұлақ шайқасы нәтижесі және көтерілістің жеңілiу себептері. ІІ топ: Тастөбе шайқасы нәтижесі және көтерілістің тарихи маңызы. Критериалды бағалау парақшасы – топ басшысының топ мүшелерін бағалауы.
<table>
<tr><th>Оқушының аты-жөні.</th><th>Үй тапсырмасы.</th><th>Ойлан-жұптас-бөліс.</th><th>«Жас тарихшылар көзімен»...</th><th>Тест жұмысы.</th><th>Зерттеу сұрағы: Исатай Тайман ұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
ҚБ «Бас бармақ» әдісі арқылы, мұғалім ұғу деңгейлерін тексеремін. Бас бармақ жоғарыға қарап тұрса = Мен түсіндім. Бас бармақ көлденең тұрса = Мен түсінгендеймін. Бас бармақ төмен қарап тұрса = Мен түсінбедім. Тапсырма. «Жас тарихшылар көзімен»... (топтарға проблемалық сұрақ беріледі және пікірлері тыңдалып, мұғалім толықтырады). Сұрақ:
<table>
<tr><th>І топқа</th><th>ІІ топқа</th></tr>
<tr><td>Неге патша үкіметі Еділ мен Жайық арасында Бөкей ордасының құрылуына рұқсат берді? Бөкейдің ұстанған саясаты қандай?</td><td>Неге Исатай мен Махамбет Жәңгір ханға қарсы шықты? Ханның батырлармен қарым-қатынасы басында жақсы болып келіп, не себепті шиеленісті?</td></tr>
</table>
Критериалды бағалау парақшасы – топ басшысының топ мүшелерін бағалауы.</td><td>Ватман.<br><br>Маркерлер.<br><br>Тұжырымдалық кесте қорғау.<br><br>Интербелсенді тақта.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы. 10 минут</td><td>Тест жұмысы. 1. Бөкей Ордасында болған көтерілістің мақсаты айқын көрінеді: А) Махамбеттің өлеңдерінде. В) Исатайдың старшындар съезінде сөйлеген сөзінде. С) Көтерілісшілердің патшаға жазған үндеуінде. 2. 1837 жылы хан сарайын қоршауға алғандағы көтерілісшілердің саны. А) 10 мың В) 5 мың С) 2 мың. 3. Исатай қаза тапқан шайқас: А) Тастөбе В) Ақбұлақ С) Теректіқұм. 4. Исатайдың подполковник Геке мен Жәңгірдің біріккен әскерімен шайқасы болды: А) 1836 ж. қазанда В) 1837 ж. қазанда С) 1837 ж. қарашада. 5. Исатай көтерілісін тездетіп басуға әсер еткен жағдай: А) Кенесары қозғалысының Кіші жүзді шарпуы. В) Көтерілісшілер санының көбеюі. С) Тастөбе түбіндегі көтерілісшілердің жеңілісі. 6. Патша үкіметінің Исатайды ұстап берушіге белгіленген сыйдың мөлшері: А) 2000 сом В) 1000 сом С) 500 сом. 7. 1837 жылы қазанның 15 де Исатай мен Махамбет бастаған қол Теректіқұмда кімнің ауылын ойрандады: А) Баймағамбет сұлтанның В) Жәңгір ханның С) Балқы бидің. 8. Патшаны қолдаушылардың ұйымдастыруымен М.Өтемісұлы өлтірілді. А) 1838 жылы В) 1842 жылы С) 1846 жылы. Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді? «Білім қоржыны» кері байланыс. Үйге. Жәңгір қандай саясат ұстады, еліне қайыр-шапағаты тиді ме? – деген сауалға жауап іздеп келу.</td><td>Интербелсенді тақта.<br><br>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, қоржындарға жабыстырады.</td></tr>
</table>

**Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Шабдаржап ауылы.**

# ТАЛАП СӘРСЕНҒАЛИЕВ – БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ БІЛГІРІ

**Лариса ҚОЖАХМЕТОВА,**
**Жаңақала мектеп-гимназиясының жоғары санатты тарих пәні мұғалімі**

**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасымыз Н.Назарбаев:** *«есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс»* деп атап көрсеткен.

Елімізді дамытатын бірден-бір күш – адами фактор деп айтар болсақ, ол адами ресурстың әріп танығаннан бастап білікті маман болып шығуына дейінгі аралықтағы жүретін жолы ұстаздар қауымына тікелей байланысты деген тұжырым дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома екендігіне ешкімнің таласы жоқ болар деп ойлаймын. Осы баяндамамды ауданымыздағы білім саласына еңбегі сіңген Талап Жұмақайұлы Сарсенғалиевке арнағалы отырмын.

80 жылдан астам тарихы бар ауданымыздың білім саласының өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосқан көптеген ұстаздарымыз бар.

Екі ұстазымыз кеңес одағындағы ең жоғары атақтардың бірі Ленин орденін алса олар Ғұмар Салықов пен Ізтелеу Утеуов еді. КСРО және Қазақ ССР-і «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын – 75 мұғалім алған. Ұлы Отан соғысына қатысқан ауданның 90 ұстазы борлары мен журналдарын мылтыққа алмастырған. Ұстаздарды есте қалдыру мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілді. Мысалы «Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген мұғалімі» Хабадаш Нұрымғалиевке ауданымыздың Жуалыой ауылындағы мектепке аты берілсе, кейбіріне аудан орталығынан, ауылдардан көше аттары берілген. Бұл жас ұрпақтың білімді болып өмірден өз орындарын табулары үшін өздерінің қажыр-қасиетін арнайтын ұстаздар қауымына көрсетілген құрмет деп түсіну керек деуге болады.

Жаңақалалық ұстаздардың басында тұрғандардың бірі және бірегейі Қазақ АКСР орталық атқару комитетінің төрағасы Сейітқали Меңдешевты ерекше атап өту керек. Ол Жаңақала ауданының Қамыссамар елді мекенінің қасындағы Қанөткел деген жерде дүниеге келген екен.

Сарсенғалиев Талап 1927 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы №9 Саралжын ауыл кеңесінде кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Әкесі Сарсенғали Жұмақайұлы өз еңбегімен күнелткен, көзі ашық, сауатты, өз ортасында қадірлі, танымал азамат болған. Кирциктің (Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті) алғашқы төрағасы Сейітқали Меңдешевпен араласқұралас жүрген. Талап анасы Әуестен Сейітқали туралы көп әңгімелер естіп көкірегіне құйып алған. Анасы революцияға дейін Жаңақазан селосындағы татар қыздары оқитын мектепте оқыған. Кейін жаңашада хат таныған. Сонымен бірге отбасылары Баймырза Кәрменов, Қисым Мырзағалиев тағы басқа белгілі адамдармен аралас болған. Анасынан Сейітқали Меңдешев туралы естіген әңгімелері кейіннен оның да ұстаздық жолға түсуіне өз әсерін тигізді ме деген де ой келеді. Не де болса алғашқы төрағамен ата-ананың тығыз қарым-қатынаста болуы болашақта өз балаларының ұстаздық жолды таңдауына септігін тигізуі әбден мүмкін.

1936 жылы Саралжын ауалдық кеңесі «Жаңаталап» ұжымшарындағы «Жібек» бастауыш мектебіне 1-сыныпқа қабылданып, 1946 жылы Жаңақазан селосындағы С.М.Киров атындағы орта мектепті бітірген.

1948 жылы екі жылдық мұғалімдер институтында мемлекеттік емтиханды «өте жақсы» бітірушілер қатарында облыстық «Приуральская правда» газетінде фотосуреті берілген. Онымен қатар бұл суретте осы институтты барлық пәннен өте жақсыға бітірген кейін белгілі ғалым, әдебиет шежіресі, филология ғылымдарының докторы Әбділхамит Нарынбетовте тұр. Сол кезде «Екпінді құрылыс» газетінде (1948 жыл 4 шілде) «Халық мұғалімі деген атақты абыроймен ақтаймын» деген мақаласы шыққан. Осы сөзінде тұрып мұғалімдік қызметті абыроймен атқарып шықты. 40 жыл еңбек өтілінің 23 жылы педагогикалық болса, 17 жылын партия, кеңес, кәсіподақта қызмет атқарған. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісін 1987 жылы иеленді.

1948 жылы Орал пединститутының жеті жылдық мектептері оқушыларын даярлайтын бөлімінің тарих пәні факультетін бітіріп Жаңақала ауданындағы Факеево мектебінен алғашқы еңбек жолын бастайды. 1957 жылы осы педагогикалық институттың тарих факультетін сырттай оқып бітіріп, жоғары дәрежелі тарих пәнінің мұғалімі дипломын алады. 1948-1972 жылдары Факей жеті жылдық мектебінде оқытушы, «Энгельс» атындағы жеті жылдық мектебінің директоры, Айдархан, Маштексай орта мектептерінде оқытушы болып жұмыс істейді. 1972 жылы он жыл үзілістен кейін аудан қайта құрылғанда, аудандық партия комитеті шақыруымен 1972-1978 жылдары аралығында аудандық ауыл шаруашылығы кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1978-1981 жылдары аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1981-1983 жылдары селолық кеңес төрағасы, 1983-1984 жылдары аудандық кеңес атқару комитетінде жалпы бөлім меңгерушісі, 1984-1989 жылдары аудандық оқу бөлімінде мектеп инспекторы болып істеп, зейнеткерлікке шығады. Қоғамдық жұмыстағы белсенділігі, халықпен жұмысы ескеріліп облыстық партия комитетінің, облыстық кеңес атқару комитетінің, облыстық комсомолдар комитетінің, облыстық кәсіподақ комитетінің мақтау қағазымен марапатталған. Бірнеше дүркін облыстық кәсіподақ кеңесінің, аудандық партия, кеңес орындарының мүшелігіне сайланған.

Облыстық дәрежедегі жергілікті маңызы бар зейнеткер. Қоғамдық жұмыстағы белсенді жұмыстары үшін екі рет Президентіміздің Алғыс хатымен марапатталды.

Талап атамыз сонымен бірге баспасөз беттеріне ел, жер тарихынан сыр шертіп, өз естеліктерін аудандық, облыстық деңгейдегі баспасөз беттеріне жариялап жүрген материалдары негізінде 2003 жылы Журналистер Одағының мүшесі болса, 2010 жылы ауданның дамуына ересен зор сіңірген еңбегінің өтеуіне «Жаңақала ауданының Құрметті азаматы» атанды. Кейін өзі тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды.

Сонымен бірге бірнеше жылдар бойғы жазғандарын, жинап-тергендерін жинақтап «Шежіре жылдар

сөйлейді», «Замандастар туралы сыр», «Ерлікке толы жылдар» кітапшаларын шығарды.

Тарих пәні мұғалімі болғандықтан газет беттеріне жарияланған мақалаларының көпшілігі аудан тарихы, тәлім-тәрбие бағыттарында қалам тербеген. Мысалы «РК(б)-ның Жаңақала уездік комитетінің алғашқы партия ұялары», «Ерлікке толы жылдар», «Жаңақала тың игеру жылдарында», «Жаңақалалықтар Орал-Көшім каналы құрылысында», «Тұңғыш төраға» мақалаларында ауданның тарихына байланысты мәселелер көтерілген.

80 жасқа толған мерей тойы атап өтіліп, аудан әкімі Т.Мерғалиев шапан жауып, Құттықтау хаты берілді. Аудандық білім беру бөлімі, аудандық журналистер бөлімі арқылы құттықтау хаттар табыс етілген. Жолдасы Дәмешпен екеуі екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсіріп, немере, шөбере сүйді. Балалары әр салада еңбек жасайды. Оқытушылық жолы кіші қызы Айжанда. Әке жолын қуған ол ауданымыздағы тәжірибелі, білікті бастауыш сынып мұғалімдерінің бірі болып, абыройлы жалғастыруда.

Баяндамамды қорытындылай келе ауданның дамуына өз үлесін қосқан Талап Жұмақайұлының еселі еңбегін, жүріп өткен жолын кейінгі жас ұрпаққа өнеге үлгісі ретінде көрсетіп таныстыру өзімнің негізгі мақсатым деп білемін.

**Батыс Қазақстан облысы,**
**Жаңақала ауылы,**
**Жаңақала ауданы.**

# ДАНАЛЫҚ БАЛАЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

**Самал СЕЙІЛҚЫЗЫ,**
**Жарқамыс орта мектебінің мұғалімі**

***Құрметті «Қазақ тарихы» журналының редакциясы!***

*Республика ұстаздарына арналған ай сайын жарияланып тұратын әдістемелік журналдың тұрақты оқырманымын. Әріптестерімнің мақалаларымен, әдістеме тәжірибелерімен ой бөлісіп отырамын. Ғылыми жұмыс қорғаумен жиі айналысамын. Сондай бір жұмыстарымның бірі «Ұлы адамдардың бала бейнесі» тақырыбындағы ғылыми жобамды оқушым Алпысбай Ришат қорғап, республикалық жарыстардан жүлделі орындар иеленді. «Жас Ғалым» республикалық журналында өткен байқауға қатысып жүлделі орын алды. «Жас ғалым» төсбелгісімен марапатталды. Бірнеше байқаулардан жүлделі орындар иеленген бұл жобамыз мектеп дәлізіне арнайы стенд түрінде ілінді. Ондағы мақсатымыз – даналық балалықтан бастау алатынын балалар бойына сіңіру, бала бейнені үлгі ету еді. Көп жобаларымның ішіндегі бәсі озық, өзгеге ой салар осы жобамның қысқаша мазмұнын сіздерге жолдап отырмын.*

Тарих – халықтың зердесі, ол содан қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады. Әсіресе, халқымыздың рухани байлығын зерттеу, дүниетанымын анықтау. Өз тарихынан, өз ұлыларынан, өз ақиқатынан көз жазып қалған халықтың рухани мәдениетінің дамуы баяулап қалады, қоғамдық сана, адамдардың ой санасы күңгірт тартады. Ел тарихының үлкен тарауы рухани тарих. Себебі, ұлттың мыңдаған жылдар тарихында қалыптасқан аңыздарды, бейнелерді, ұғымдарды тек шын мәніндегі халықтың рухани тарихын білу арқылы ғана тануға болады. Жалпы тарихқа, соның ішінде рухани тарихқа көңіл бөлуді күшейтуіміз керек. Себебі адамдар өткеннен бүгінгі күнге ұқсастықтар іздейді, олардан тағылым, тәлім-тәрбие алуға талпынады. Әр халықтың ұлы тұлғалары болады. Сол ұлы тұлғалар арқылы ұлтты әлем мойындайды, барша жұрт біліп жатады. Қазақ халқына мақтанарлық, таңқаларлық дара да, дана тұлғалар жетерлік. Қандай да болмасын адамзат баласы ұлы тұлғалардың өмір жолына немесе ерекше қасиеттеріне еліктеп бағады. Ондай дарын иелері болар баланың әдетімен жас шағынан-ақ елгезек, ынтазар, зерек, қайсар, көргені мен естігенін санасына түйіп өскен. Көп шежірелерде келтіретіндей олар сөзге ділмар, жезтаңдай, шешен болуға ұмтылған. Қазақ халқы туа бітті даралығымен елінің есінде қалған тұлғаларға кенде халық емес. Дегенмен де осындай тұлғаларымыздың бала шақтарына бала көзбен қарап, бала бейнесін сомдап, балалығындағы ерекше қасиеттерін үлгі етсек, бүгінгі өсіп келе жатқан буын, сол тұлғаларға еліктеу мен ұқсаудың нәтижесінде ұлылыққа қадам бастар еді. Қазір бала Абайдың бейнесін, бала Жамбыл, бала Шоқан, бала Абылайлардың немесе осы тектес ұлы тұлғалардың бала бейнелерін еш жерден кездестіре алмайсың. Біздің көз алдымызда, біздің санамызда тек қана басына сәлде киген, ұзын сақалды аталар бейнелері ғана бар. Бірақ оларда бала болды ғой. Бүгінгі бала – даналығы балалығынан бастау алған ұлылардың бала бейнесінен, бала шақтарынан біраз рухани азық алса, бұл келер ұрпақ үшін артықтық етпейді. Біздің тарих көбінесе қазақ халқының танымал тұлғаларын олардың үлкейген уақыттарын ғана суреттеп беріп жүр. Біз сонда ойлаймыз бұлар сол уақыттарында ғана танымал болған екен деп. Дара тұлғаларымыздың өмір жолдарына үңілсек олардың даналықтары бала шақтарында ғана басталған екен. Бірақ насихат аз. Әйтпесе бала Абай он бес жастан бастап Бөжейдің асын ұйымдастырса, бала Шоқан бес жасында хат танып, жеті-сегіз жасында қабілетті болып, бала Төле мен бала Қазыбек жеті жастарынан-ақ төрелік айтып, төрге озса, бала Жамбыл он төрт-он бес жастан бастап жүрегіне өлең ұялап ақындық жолға түссе, бұлардың бәрі бала шағынан данаға айналғанын тарих дәлелдеп тұр емес пе? Ендеше, жаһандану дәуірі белең алып, өзінікін өгейсітіп, өзгеге ұмтылып жатқан мына заманда төл тұлғаларымыздың балалық қасиеттерін бұғанамыз бекіп, буынымыз қатпай тұрғанда бала бойына дарыта білейік.

**Ақтөбе облысы,**
**Байғанин ауданы,**
**Жарқамыс ауылы.**

# ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

**Сәуле ҚАНАҒАТОВА,**
**К.Төгісов атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы:** | Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батысты қалай байланыстырды? |
| **Оқу мақсаттары:** | 6.4.1.2. Ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін түсіндіру. |
| **Сабақ мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** Ұлы Жібек жолының тармақтарын картада анықтайды, Ұлы Жібек жолы туралы және Батыс, Шығыс елдерінің бір-бірімен қарым-қатынасы туралы айтады. **Оқушылардың басым бөлігі:** Халықаралық саудадағы саудаланған тауар түрлерін анықтайды.Ұлы Жібек жолының маңызын анықтайды, халықаралық сауда мен саяхаттар туралы түсінеді. **Кейбір оқушылар:** Ұлы Жібек жолының мәдениет, экономика, саясатқа әсерін түсіндіреді. |
| **Бағалау критерийлері:** | Картадан Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттарын көрсетеді және басты тауарларды анықтайды. Саяхаттардың рөлін зерделейді. |
| **Тілдік мақсаттар:** | **1.«Ойлан, жұптас-бөліс»** тәсілі арқылы оқушылардың айтылым-тыңдалым дағдылары дамиды, ауызша түрде ұсына алады. Берілген тапсырма (сұрақ бойынша әрбір оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз ойын қорытып, жұп болып пікірлерімен бөліседі. Бұл бүкіл топтық талқылауға ұсынады. 2.Картадан көрсетіп анықтайды/ айтылым-оқылым дағдыларын дамыту. **Пәнге қатысты лексика мен терминология:** «Ұлы Жібек жолы», «Дала жолы», «Лазурит жолы», «Нефрит жолы». **Сыныптағы диалог жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:** Талқылауға арналған тармақтар: Қытай елі күні бүгінге дейін жібек елі деп аталды, өйткені ...Сіз неліктен ....екенін айта аласыз ба? ....неліктен ішкі саудамен қатар, сыртқы сауда да дамыды ..... **Жазылым бойынша ұсыныстар:** Дүние жүзіне әйгілі болған Ұлы Жібек жолымен...және...арқылы...елдерімен сауда жасалды. Сауда керуендері Қытайдан... артып, ұзақ қиырларға сапар шекті (карточка беріледі). |
| **Құндылық-тарға баулу** | Ұлы Жібек жолы арқылы өзге елдердің экономикалық өсуіне, мәдениетіне құрметпен қарауға баули отыра Мәңгілік елдің «Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу» құндылығына тәрбиелеу. |
| **Пән/ар. байланыс** | Қазақстан тарихы, География. |
| **Алдыңғы білім** | Мәдениет, сауда, қала, қолөнер, құрлық жолы, теңіз жолы туралы түсініктерді біледі. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері: | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы (7 мин.) 3 мин.** | **Ұйымдастыру шаралары** (сәлемдесу, оқушыларды түгендеу). Шаттық шеңбері (бір-біріне тілек айту). **Мақсаты:** сыныпта жағымды ахуал туғызу. **І-топ: Алматы. ІІ-топ: Жетісу. ІІІ-топ: Тараз.** | Парақ-шалар |
| **4 мин.** | **1-тапсырма.** Электронды оқулықтан Ұлы Жібек жолын көрсету: Бұл суреттен не көріп отырсыңдар? Көріністі сипаттаңдар? Бұл көрініс туралы бұрын білетіндерің бар ма? Сонымен бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы не туралы \деп ойлайсыңдар? Бүгінгі сабағымызда сендер не туралы білгілерің келеді? «БББ» кестесін толтыру арқылы (Критериалды бағалаудың өзгеріс пен сабақтастық аспектісі): оқушылардың алға ілгерілеуін бақылау. | Электрон-ды оқулық |
| **Сабақтың ортасы (28 мин.) 18 минут (топтық) 5 минут (жұптық).** | **2-тапсырма. Топтық жұмыс:** Оқулықтағы мәтінмен жұмыс. Концепт (маңыздылық). 1).Мәтінді жекелей оқу (3) минут **1-топ:** Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы. **2-топ.** Ұлы Жібек жолдарының тармақтары. **3-топ**. Ұлы Жібек жолының халықаралық қарым-қатынасты дамытудағы тарихи маңызы? 2).Топтағы оқушылардың «Джиксо» арқылы орындату. 3 оқушы. 4 минуттан 12 мин. 3).Топтық талқылау (2 минут). **3-тапсырма. (жұп)** Түсінгендерін «Сен маған-мен саған» арқылы бағалайды. Жұппен сұрақтарға жауап беріңдер. 1.Қытай саяхатшысы Чжэн Хэ туралы не білеміз? 2.Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалаларды ата! 3.Жібек жолы бойында орналасқан қалаларды картадан көрсет! | Таратпа қағаздар Карта Оқулық |
| ***Жекелей жұмыс* 3 мин.** | **4-тапсырма**. **1)**Оқулықтан және берілген мәтіннен 5 тірек сөздерді жазу. 2.Қытай елі күні бүгінге дейін жібек елі деп аталды, өйткені ..... 3.....неліктен ішкі саудамен қатар, сыртқы сауда да дамыды ..... | Кескін карта |
| **2 мин.** | 5.тапсырма. БББ кестесіне оралып, жауап алмаған сұрақтарын белгілейді. | |
| **Сабақтың соңы (10 мин.) 5 мин. 3 мин. 2 мин.** | **5-тапсырма.** Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын беру (критериалды бағалаудың танымдық аспектісі): 1.Кескін картаға ортағасырлық Қытайдың шекарасын салып, қай елдермен сауда қарым-қатынасын орнатқанын көрсетіңіз. 2.Ұлы Жібек жолында саудаға түскен басты тауарлардың түрлерін жіктеңіз. 3.Ұлы Жібек жолының рөлін талдаңыз. А. Шаруашылықтың дамуына тигізген әсері.-------------- В. Мәдениеттің дамуына тигізген әсері------------- С. Мемлекеттер арасындағы байланысқа тигізген әсері---------БББ кестесін толтыру, кестемен жұмыс жасау. Кері байланыс беру: «Сәуегей ағаш». -Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? -Сабақтан алған әсерлерің қандай? -Неден қиналдыңдар? Үйге тапсырма беру: 1.Оқулықпен жұмыс: Тақырыпты оқу. 2. 10 тест сұрағын дайындап әкелу. | Қалыптас-тырушы бағалау тапсыр-масының парағы. Кескін карта. |

**Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Қабанбай ауылы.**

# 1917-1924 ЖЫЛДАРЫ РЕСЕЙ ҚАНШАЛЫҚТЫ ӨЗГЕРДІ?

**Анар ЖӘКІБАЛАЕВА (Жакибалиева),**
**Д.Нұрпейісова атындағы жалпы орта білім беретін**
**мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | | 1917-1924 ж. Ресей қаншалықты өзгерді? |
| **Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | | 8.1.1.1 тарихи оқиғалардың нәтижелерін талдау арқылы әлеуметтік құрылымның өзгеруіне қазан социалистік революцияның әсерін сипаттау. |
| **Сабақтың мақсаты** | | - тарихи оқиғалардың нәтижелерін талдайды; - әлеуметтік құрылымның өзгеруіне қазан социалистік революциясының әсерін сипаттайды; - әлеуметтік құрылымның өзгеруіне қазан социалистік революциясының әсерін түсіндіреді. |
| **Бағалау критерийі** | | -1917-1924 ж. тарихи оқиғалардың нәтижелерін талдайды. -Әлеуметтік құрылымның өзгеруіне қазан социалистік революциясының әсерін сипаттап түсіндіреді. |
| **Тілдік мақсаттар** | | **Диалогке арналған тармақтар:** -тарихи оқиғалардың нәтижелерін талдай алады.<br>**Жазылымға арналған тіркестер:** -тарихи оқиғалардың нәтижелерін талдап жазады.<br>**Пәнге қатысты лексика мен терминология:** -әлеуметтік құрылым, пролетариат . |
| **Құндылыққа баулу** | | Өзге елдердің тарихына құрметпен қарауға үйрету. |
| **Пәнаралық байланыс** | | География. 7-сынып. Ресейдің экономикалық дамуы. |
| **Алдыңғы білім** | | XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы Ресей тақырыбын біледі. |
| **Сабақтың барысы** | | |
| **Сабақ кезеңдері** | **Уақыты** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** |
| **Сабақтың басы** | **3 мин.** | Амандасу сабақтың мақсатын айту. «Миға шабуыл».<br>«Революция» ұғымын білеміз бе? 1917 ж. Ресейде қандай революциялар болды?<br>**1-тапсырма:** Мәтіндегі 1917-1924 жж. Ресейдегі тарихи оқиғаларды талдап, кестені толтырыңыз.<br>**Оқыту формасы:** жұптық. Әдісі «Мәтін талдау» кестесі.<br>(кесте төменде)<br>**ҚБ.** Тапсырмадан соң «Допты лақтыру». **Саралау:** «Диалог және қолдау көрсету» оқушылардың тапсырманы орындауын қадағалап, бағыт беремін, жетелеуші сұрақтар қоямын. **Мысалы:** 1.Ақпан революциясының нәтижесі, 2. Ақпан және қазан революциясының аралығындағы қандай тарихи оқиғаны білесің? т.б.<br>(кесте төменде)<br>**2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын түсініп, «хикая картасына» түсіріңіздер**. **Оқыту формасы:жеке**. Әдісі:«хикая картасы». ҚБ «Сіз қаншалықты сенесіз?» тәсілі арқылы.<br>(кесте төменде)<br>Саралау (1 мин): белсенділігі аз оқушыларға қосымша тапсырма беремін. |
| **Сабақтың соңы** | **3 мин.** | **Кері байланыс: «Ара ұясы техникасы».** |

| | |
|---|---|
| **Мәтін не туралы?** | |
| **Оқиғаның басты ерекшелігі неде?** | |
| **Оқиға қашан және қайда болған?** | |
| **Мәтіннің басты ойы** | |
| **Оқиғаның басты кейіпкері** | |

| Бағалау | Дескриптор |
|---|---|
| **1917-1924 жж. тарихи оқиғалардың нәтижелерін талдайды.** | **-Мәтіндегі тарихи оқиғаларды айтады.<br>-Тарихи оқиғалардың басты ерекшелігін анықтайды.<br>-Тарихи оқиғаның уақытын, болған жерін біледі.<br>-Тарихи оқиғалардағы басты ойды біледі.<br>-Тарихи оқиғалардағы басты кейіпкерлерді айта алады.** |

| Бағалау критерийі | Дескриптор |
|---|---|
| **Әлеуметтік құрылымның өзгеруіне қазан социалистік революцияның әсерін сипаттап түсіндіреді** | **-Қазан революциясының әлеуметтік құрылымның өзгеруіне 4 әсерін сипаттайды. -Қазан революциясының әлеуметтік құрылымның өзгеруіне кем дегенде 4 түсінік береді.** |

**Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы.**

# ТОҚЫРАУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

*(Қорытынды аттестаттауға дайындауға арналған сабақ)*

**Қарлыға ЗАЙЫРЛИЕВА,**
**Д.Нұрпейісова атындағы жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

**Сабақтың мақсаты:** 1. 1960 жылдың ортасынан 1980 жылдың ортасына дейінгі қоғамдық-саяси өмір, елдің экономикалық жағдайы, мәдениеттің дамуы туралы білгендерін еске түсіру, қайталау. 2. Тоқырау жылдарындағы Қазақстан туралы баяндай отырып, тарихи білімдерін жетілдіру, маңызды мәліметтерді еске сақтау. 3. Топтық жұмыс жасай отырып, сөйлеу мәдениетін үйрету.

**Сабақ түрі:** Тарауды қайталау-жинақтау сабағы.

**Әдісі:** топтық жұмыс, сұрақ-жауап, тест.

**Көрнекілігі:** карта, тапсырмалар жазылған қағаздар, плакаттар, маркерлер.

**Пәнаралық байланыс:** география, әдебиет.

**Күтілетін нәтиже:** Тоқырау жылдарындағы еліміздің тарихына байланысты маңызды нақты оқиға мен фактілерді, жылдарды оқып үйренеді.

**Сабақ барысы**

| Жоспары | Мұғалімнің іс-әрекеті. | Оқушының іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру | Ынтымақтастық атмосферасын құру. | |
| Топқа бөлу | Әр түрлі фигуралар арқылы бөлу. | 3 топқа бөлінеді |
| Сабақ барысы | 1. Мәтінмен жұмыс (постер қорғау). 1) Қоғамдық-саяси дамудың қайшылықтары. 2) Экономикалық дамуы. 3) Мәдени дамуы.<br>1. Ашық тест. 2.Тарихи тұлғалар. 3. Жылдар сөйлейді. 4. Тест. **Сергіту сәті.** | Топтар берілген тақырыпқа постер қорғайды. |
| | 1. Тоқырау жылдарының қамтитын уақыты? 2. Брежнев қандай қоғам орнады деп жариялады? КСРО-ның соңғы Конституциясы қашан қабылданды? 3. Қазақ КСР жоғарғы Кеңесінің жаңа Конституциясының жобасын талқылауға ұсынған жыл?5. Целиноград оқиғасы? 6. Аталған мерзім ішінде қандай өнеркәсіп орындары іске қосылды? 7. Экологиялық дағдарыс салдары? 8. Білім беру саласында қандай өзгерістер болды? 9.Қазақ әдебиетіндегі тоқырау жылдары-ның көрінісі. 10. Өнер саласындағы өзгерістер. | |
| Қорытынды | «Азығы бір күнге жететін емес, білімі мың күнге жететін пайдамен өмір сүрейік!» | |
| Бағалау | | Бағалау парағы. |
| Үйге тапсырма | Тақырыптық ашық тест құрастыру. | |

**Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы.**

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ТІРЕГІ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

*(Тарих беттерінен калейдоскоп, интеллектуалдық ойын 10-11-сыныптар аралық)*

**Мая НҰРКЕНОВА (Нуркенова),**
**№ 12 орта мектептің тарих пәні мұғалімі**

**Мақсаты. Білімділік:** оқушылардың тарих сабағынан алған білімдерін қайталау арқылы жинақтап, танымын одан әрі арттыру. Білім шыңына экспедиция. **Дамытушылық:** өткен тақырыптар бойынша оқушылардың білім деңгейін байқауға, тез ойлауға, есте сақтауға, өз ойын жан-жақты толық жеткізе білуге қосымша іздену. **Тәрбиелілік:** достарын тыңдай білу, өзін-өзі ұстау мәдениетін қалаптастыру, пікірін дұрыс жеткізуге үйрету.

**Көрнекілігі:** карта, карточкалар, портреттер, сөзжұмбақ жазылған плакат «Жеті маңызды», суреттер, т.б.

**Сабақ түрі:** дәстүрлі емес.

**Барысы. I Ұйымдастыру кезеңі:** саяси жаңалықтар (лездеме бес минуттық); сабақтың тақырыбы, мақсаты, жоспарымен таныстару. **II Жоспар** (1.Жолға шығу. 2.Көпірден өту. 3.Тасты жартас. 4.Сарқырама. 5.Тұманнан өту. 6.Мұздық. 7.Қорытынды).

**1.Жолға шығу. а) 1-топқа:** Оппозиция, Шовинизм, Урбанизация, Лаңкестік, Экстремизм.

**2-топқа:** Декрет, Геноцид, Демократия, Индустрияландыру. ә) **«Мені түсін». 1-топ. а)** «Күйзеліс, қайыршылану» деп кімнің, қай жағдайда айтылған сөзі (В.И.Ленин азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі кеңестер елінің жағдайын осылай сипаттады). ә) «Қазақ елін билеудің екі жолы бар, бірі күшпен билеу үшін генерал-губернаторлар сияқты диктатуралрды тағайындау, не болмаса қазақ елін өзін-өзі билеу жолы бар» екенін ашық айтқан кімдер? («1920 жыл маусымның 10-ы «Түркістанның бұратана коммунистер өкілдері» Рұсқұлов, Ходжаев, Байтұрсынов).

**2-топ.** а) «Сіздерде Арал теңізде балықтың аулануы жаман емес**...** Өзінің аулаған балықтың бір бөлігін аштықтан ісінген қарттар мен қарияларға бөліңіздер» деген сөздерді кім айтқан? (В.И.Ленин 1921 жылы қазанның 7-де Арал теңізінің балықшыларына (ашаршылық кезінде).

ә) «Торғай облысында ескі үкіметтің жазалау отряадтары өздерінің зорлық-зомбылық жасап, ойран салған арам істерін осы кезге дейін жалғастырып отырып» деп Кеңестің

назарын аударған кім? (1917 мәжілісте Әліби Жангелдин).

**2.Көпірден өту. 1-топқа:** 1916 ж. шілде – 1917ж. 28 ақпан; 1924 –1924 жж.; 1925 – 1933 жж.; 1925 –1929 жж.; 1930 – 1931 жж.

**2-топқа:** 1928–1933 жж.; 1931 ж.; 1927–1931 жж.;
1921 ж.–1922 ж. 30 желтоқсан; 1930 ж.басы.

**3.Тасты жартас. 1-топ.**

а)-Әліби Тоғжанұлы Жангелдин (1884-1953).

-Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай.

ә) Қазіргі Қазақстанның оқиғаларына байланысты 5 сұрақ.

1) ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң қашан қабылданды? (1991 жыл 16 желтоқсан)

2) Желтоқсан оқиғасы болған жылды атаңдар? (1986 ж.).

3) Қай жылды Ресей елі Қазақстан еліне арнады? (2003 ж.).

4) ҚР «Ата заңы» қашан қабылданды? (1995 ж. 30 тамыз).

5/ О.Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабы қашан жарық көрді? (1975 жыл).

**2-топ**. а) Меңдешев Сейтқали (1882-1937 жж.)

Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы.

ә) Қазіргі Қазақстанның оқиғаларына байланысты 5 сұрақ:

1) Қазір дүние жүзінде қанша қазақ бар? (12 млн. астам).

2) Қазақ халқы қай нәсілге жатады? (моңғолойдтық).

3) Қазақстанда қанша қазақ тұрады? (8 млн. астам).

4) «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы қай жылы құрылды және оның көшбасшысы кім? (О.Сүлейменов, 1989 ж.).

**4. «Сарқырама» (бір-біріне сұрақ қояды).**

**1-топ сұрақтары:** 1.Қай большевик Қазақстанда Кеңес үкіметін орнату үшін күресті? (Т.Бокин).

2.1917 жылы Қос өкіметке қандай үкімет органдары кірді? (Уақытша және Жұмысшы солдат депутаттарының Кеңесі).

3.1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс Торғайда ең күшті, табанды және ұзақ болды, көтеріліске шыққан адамдар саны қанша болды? (50 мың адам).

4.Черкасск қорғаушылары кімнің әскерімен шайқасты? (Анненков әскерімен).

5.Ш.Уәлихановты әлемге әйгілі еткен қандай еңбегі? (Қашқар сапарынан туған еңбек).

6.Қазақ АКСР-ін құрған құрылтай съезі қайда және қашан шақырылды? (1920 жыл Орынборда).

7.1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Верный уезінің ханы болып сайланған кім? (Б.Әшекеев).

8.«Алаш» партиясы қашан құрылды? (1917 жылы).

9.1921 жылы жер-су реформасының негізгі мақсаты қандай болды? (Патша өкіметі тартып алған жерлерді шаруаларға қайтарып беру).

10.Патша өкіметінің 1916 жылы жарлығы бойынша қара жұмысқа кімдерді алу көзделді? (19-43 жас аралығындағы).

**«Сарқырама» 2-топ сұрақтары** (шарты тез жауап қайтару):

1.ЖЭС жылдары Ембі мұнайын өңдеуден түскен пайданың қанша пайызы қазақ өлкелік бюджетіне түсті? (5%).

2.Орал майданы қашан жойылды ? (1920 ж. қаңтар).

3.Азамат соғысы жылдарында Атбасар үйезіндегі партизан қозғалысының ірі орталығын атаңыз? (Маринск селосы).

4.Жангелдиннің экспедициясы Қазақстандағы қай майданға қару-жарақ әкелді? (Ақтөбе майданына).

5.Азамат соғысы жылдарында қаза тапқан адамдар саны қанша? (8 млн.).

6.Семей қаласында 1927 жылы шілдеде ашық сот процесінде қай атаман жазаға тартылды? (Атаман Анненков).

7.Черкаск қорғанысының Қазақстандағы Азамат соғысында қандай рөлі болды? (Сібір контрреволюциясына жол бермеді).

8.1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісінде Торғайда Сардарбек болып кім сайланды? (А.Иманов).

9.Жаңа экономикалық саясат неге рұқсат берді? (Азық-түлік салығы, кооперацияны дамыту, жалдамалы жұмысты пайдалану, жалға жер алу, беру).

10.Атаман Дутов пен Анненков казактарының ерекше қатыгездігі мен жауыздығы туралы қандай газетке жазылды ? («Омский вестник» газеті).

**5.Тұманнан өту: «Тұлғаларды тану».** Маңызды жеті сұрақ.

**1.Математика.** Әл-Фараби 870 жылы туып, 950 жылы қайтыс болды. Ол қазір неше жаста, неше жыл өмір сүрді? (1129 жаста, 77 жыл өмір сүрді).

**2.Қазақ тілі.** Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қандай тіл? Ол Констуцияның нешінші бабымен бекітілген? Конституциясының деген сөз қай септікте тұр? (Қазақ тілі, 7-бабымен, ілік септікте).

**3.География.** Қазақстан территориясының көлемі дүние жүзі бойынша нешінші орында? Онда неше облыс бар? Қазақстан немен шұғылданады? (9-шы орын, 14 облыс бар, ауыл шаруашылығы және саудамен айналысады).

**4.Биология.** Қазақстанда қандай қорықтар бар? Қандай аңдар мен құстар мекендейді? (Барса-келмес, Алматы, Баянауыл, Қорғалжын, Ерейментау, Арқар, елік, ақбөкен, аю, қасқыр, аққу, қаршыға, қырғи, қарлығаш).

**5.Әдебиет.** Ғабит Мүсірепов кім? Оның жазушылығымен қатар тағы қандай қырын білесіңдер? Еңбектерін атаңдар.(Ол жазушы. Ол аудармашы, драматург, «Ананың арашасы», «Қазақ солдаты»).

**6.Музыка.** Қазақстанның қандай әнші-композиторларын білесіңдер? «Менің Қазақстаным» әнінің авторы кім? (Ш.Қалдаяқов.) Ән, өлең оқу.

**7.Тарих.** Қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ жазушыларын ата. (А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Сейфулин, Б.Майлин, І.Жансүгіров).

**6.Мұздық** (шарты: сөзжұмбақ шешу).

Жасырын сөзі «жаңа экономикалық саясат».

1.1921 ж. 20-31 қаңтарда қазақ және қырғыз кедейлеріне қандай әлеуметтік реформа жүргізілді? (жер-су).

2.Істен шыққан зауыттардың бірі (1921. Екібастұз).

3.Қазақстанда ЖЭС жүргізушілер кімдер? (кеңестер).

4.1921 ж. қаңтар-ақпан айында жер-су реформасы көптеген уездерде жүргізілді, сол уездердің бірі? (Әулиеата).

5.Қазақ АКСР-де одақтық маңызы бар трестердің бірі қалай аталды? (Эмбанефть).

6. «Қосшы» одағы кейіндері (1930) қандай атауға ие болды? (Кедей).

7. 1921 жылы құрылған кедейлер одағы қандай атауға ие болды? (Қосшы).

8. «Күйзеліс, жоқшылық, қайыршылану» деген сөздің иесі кім еді? (Ленин).

9. 1921 жылы маусым айында облыстық І партия конференциясы өткен еді, бұл конференция қай жерде өтті? (Орынбор).

10. Алтайда 1925 жылы қандай трест құрылды? (Полиметалл).

11. Ауыл шаруашылығын қалпына келтіру ісін ұйымдастыру үшін ауылшаруашылық қоғамы құрылды, ол қандай қоғам? (Несие).

12. Азық-түлік салғыртының жанама аты? (әскери коммунизм).

13. «Қосшы» одағын ұйымдастырушылардың бірі кім? (Асфендияров).

14. «Қосшы» одағының мүшесі (Сейфуллин).

15. РК(б) П-ның Х съезінде азық-түлік салғыртының орнына не енгізілді? (салық).

**7. Қорытынды:** ҚР Туы ілінеді, соңында Әнұран орындалады.

**Көкшетау қаласы.**